МҰҚАНОВТЫҢ ХАТХАНАСЫ



ПИСЬМОТЕКА МУКАНОВА

С. Мұқанов пен Ғ. Мүсірепов әдеби-мемориалдық мұражай кешені

С.Мұқановтың әдеби-мемориалдық
музей-үйіне – 40 жыл
Литературно-мемориальному
дом-музею С.Муканова – 40 лет



АҚНИЕТ

Бұл кітап «Ақниет» корпоративтік қорының
қолдауымен шығарылды
Эта книга выпускается с поддержкой
корпоративного фонда «Ақниет»

ГККП «Обьединение музеев города Алматы»
«Литературно-мемориальный музейный комплекс
С.Муканова и Г.Мусрепова»

ПИСЬМОТЕКА МУКАНОВА

(1924 -1973)

Алматы
2018

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК
«С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей кешені»

МҰҚАНОВТЫҢ ХАТХАНАСЫ

(1924 -1973)

Алматы
2018

УДК 82.1.512.122.0
ББК 83.3. (5 Қаз)
М 84

Кітапты құрастырған, алғы сөзін жазған әрі жауапты редакторы
Әділғазы Қайырбеков

Составитель, автор предисловия и ответственный редактор
Адилгазы Кайырбеков

Кітапты дайындауға қатысқандар/при подготовке книги участвовали:
Назгул Алтаева, Рашида Отарова, Гүлнар Құдабаева

М 84 **Мұқановтың хатханасы – Письмотека Муканова** / Құраст. /Сост: Ә.Қайырбеков. – Алматы: «Полиграфкомбинат», 2018. – 392 бет. / 392 стр. – Қазақша, орысша.

ISBN 978-601-06-5078-7

Бұл кітапқа қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы С.Мұқановтың 1924–1973 жылдар аралығында өзі жазған және басқалардан алған хаттарының бір бөлігі топтастырылған. Хаттардың көпшілігі бұрын еш жерде жарық көрмеген. Хронологиялық тәртіппен беріліп отыр. Хаттар шертер сыр әр алуан. Кітап парасатты, пайымды оқырмандарға, әдебиет тарихын және жазушы шеберханасын зерттеушілерге арналған.

В эту книгу вошли письма и переписки классика казахской литературы, академика-писателя С.Муканова в период 1924 – 1973 г.г. Большинство писем ранее нигде не опубликованы. Изложены в хронологическом порядке. Содержания письма разнообразны. Книга предназначена для рассудительных читателей, исследователей истории литературы и лаборатории писателя.

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-06-5078-7

© Құраст. Ә.Қайырбеков
© «Полиграфкомбинат», 2018

ХАТТАР, ЖЫЛДАР, ТАҒДЫРЛАР...

(Алғы сөз орнына)

Қазақ әдебиетінің классигі, шығармалары ең көп таралған, ең көп оқылған, халқы сүйген қаламгер, академик-жазушы Сәбит Мұқанов (1900–1973) XX ғасырда өмір сүрді, әдебиеттің барлық жанрында дерлік өзінің бағын сынап, өнімді де өнікті еңбек етіп, соңына мол әдеби мұра қалдырды. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда да С. Мұқановтың көптеген шығармалары («Сұлушаш», «Адасқандар», «Ботагөз» (орыс тілінде), «Балуан-Шолақ», «Өмір мектебі» (1,2-кітаптары), т.б. қайта басылып, XXI-ғасырдағы оқырмандарымен де қауышып жатқанына куәміз. Сондай-ақ, «Қазақтың XYIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Жарық жұлдыз», «Қазақ қауымы» қатарлы зерттеу еңбектері да араға жылдар салып қайта жарық көруде. Шығармашылығына шолу жасағанда М.Әуезов «Жолы кең жазушы» деп бағалаған, Ғ.Мүсірепов «Бір өзі бір энциклопедия» деп даралаған, М.Мақатаев «Ол — қазақтың Бальзагі» деп мәртебесін асырған Сәбит Мұқановтың эпистолярлық мұрасы да өте бай. Өмірінің соңына таман Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивіне хабарласып, өз қолымен тапсырған хаттары (1634-қор) жеке зерттеуді қажет етеді. Қазақ жазушыларының арасында өзі жолдаған хаттарының көшірмесін ұқыпты түрде жинап, өзіне келген хаттарды мұқият сақтап, оларды архивке табыстап отырғандары некен-саяқ. 1965 жылы 30 сәуірде Сәйфи Құдашқа жазған хатында: «Менің «Хаттар мен хаттасулар» деген қалың кітап жасау ниетім бар. Сізбен жазысқан хаттардың біразын соған кіргізбекпін» — деуіне қарағанда, дәл осы хаттарының жеке жинақ болып жарық көруін Сәбеңнің өзі де армандап өткені байқалады.

Бұл кітапқа енген хаттарды сол эпистолярлық мол қазынаның сұрыпталған бір бөлігі ғана деп қабылдау лазым. Халық жазушысының хаттары және оған жеткен хаттар алғаш рет хронологиялық тәртіппен, қазақ және орыс тілдерінде жазылған қалпы сақталып, оқырмандар

назарына ұсынылып отыр. Бұл хаттарда жылдардың бояу-бедері де, уақыт табының іздері де, қоғамдық-саяси өмірдің тынысы да, жеке тұлғаның қалыптасу, есею кезеңдерінің суреттері де сақталған. Кейбір хаттарды тағдырлы деп тануға тура келеді. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің «Теңіз тепкісі» («Тулаған толқында») дейтін алғашқы әңгімесі Қызылордада кітап болып шыққанда, кітаптың редакторы С.Мұқановқа 1928 жылы 18 сәуірде жазған хатындағы мына бір ойларына назар аударайықшы: «Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей, көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар әсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқитынымды білетін едің ғой: көбінесе ол, маған осы жағынан ұнайды. Қазір бет алыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім...». Ғабеңнің 26 жастағы, алғашқы әңгімесін жазған тұстағы көркемдік ұстанымы оның болашақ қаламгерлік қуатының қалай болатынынан сыр аңғартып тұрғанын байқаймыз. Жазушы мұрағатындағы құнды хаттардың бірі — осы.

1969 жылы Абайдың ізбасар інісі, ақын Шәкәрім шығармашылығын зерттеуге байланысты арнайы ғылыми-үйлестіру кеңесі құрылып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында талқылау өткізіліп жатқанда: «Менде Шәкәрімнің маған жазған хаты бар!» деп комиссия мүшелерін қайран қалдырған С.Мұқанов, әрине, алапсапыран заманда құртпай, жыртпай, өртемей сақтап қалған сол бір хаттың Шәкәрім қажының көзіндей болып, әлі күнге дейін құны арта түсетінін сезген болар деп те ойға шомасың. «1931 жыл, 3 февральда Елсіздегі Саят қорада жазылды. Ардақты Сәбит бауырым! 11/ XII да жазған хатыңызды жаңа ғана алдым. Бүгін Аягөзге жүрмек адамнан осы хатты асығыс жаздым. Қолымда барынан біраз ғана жазбамды жібердім. Олар: «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақ әңгімесі», «Қазақтың түп атасы», жиырма бес жасымда жазған — «Бозбала мен кәрілік», отыз екі жасымда жазған — «Баламен айтысып, жеңілгенім». Қолымда қаражаттық ақша жоқтығынан бұларды өзіңіз почта қаражатын төлеп алар деп доплатной қылдым. Бұрын басылған: «Қазақ айнасы», «Еңілік—Кебек», «Қалқаман—Мамыр» деген өлеңдерімді әрбірінен өз қаражатыммен 1000 (әгземпляр) дана бастырып елге таратып едім, «Қазақ, қырғыз, қалмақ, түрік шежіресін» де бір мың бастырып таратып едім. Соларды балаларға іздетіп,

шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып; бұрынғы басылғанында қате бар, әм қосылмаған сөздер бар болғандықтан көшіріп жатырмын түзетіп» — деп тұңғиық сырлар тұнып тұрған Шәкәрім қажының хатына қалай тебіренбейсіз. Бұл туралы «Шәкәрім қажының Сәбеңе жазған хаты» атты мақаламда («Егемен Қазақстан», 22.03.2006) таратыңқырап жазған болатынмын.

Сәбең 1940 жылы 7 наурызда «Петропавл қаласының тұрғындарына» деп хат жазады. Қаланың тарихын арғы-бергіден қозғап, көптеген тың деректер келтіреді. Осы хаттағы: «...Абылай орыс патшалығымен дипломатиялық қарым-қатынас жасап отырды. Қысқы театр ғимаратының жанында, одан солтүстікке қарай, қаладағы ең көне екі қабатты үй тұр, оны қазақтар «Абылайдың ақ үйі» («Белый дом Аблая») деп атаған» — деп «тайға таңба басқандай» жазып қалдырғаны кейінгі өлкетанушыларға, тарихымызды жаңғыртушыларға көп көмектесті. «Бұл жерде бекіністен басқа ештеңе болмаған» деп бұра тартатындардың көмейіне құм құйылды. Бұрынғы Қызылжар қыратының үстінде «Абылайдың ақ үйі» музейі орналасқан. Алдында Абылай ханның ескерткіші бар. Қазақстанның солтүстігінде рухымызды жаңғыртып тұрған қасиетті ғимарат.

Жазушы С.Мұқановтың хат жазысқан адамдарының арасында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, шетелдік және қазақстандық ғалымдар, ақындар, жазушылар, баспагерлар, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, мәдениет және өнер қайраткерлері, жерлестері, туыстары, әртүрлі мамандық иелері, т.б. көптеп кездеседі. Өмір жолының әртүрлі кезеңдерінде біреулерімен жиі, екіншілерімен сирек болса да хат алысып, хат жазысып тұрған. Кітап мазмұнына қарап отырып-ақ оқырманның қызығушылығы еркінен тыс ояна бастайды. Өйткені С.Мұқановтың хат жазысқан адамдарының тізімінің өзі көз сүріндіреді: А.Толстой, М.Шолохов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Д.Нұрпейісова, М.Әуезов, І.Жансүгіров, И.Сталин, Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, К.Симонов, А.Фадеев, Н.Тихонов, Л.Соболев, И.Шухов, А.Храпченко, С.Құдаш, К.Яшин, І.Омаров, Н.Бажан, Ү.Балқашев, А.Тоқмағамбетов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Нұршайықов, М.Ғабдуллин, Ж.Молдағалиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев Н.Баймұратов, К.Оразалин, Т.Әлімқұлов Ы.Уәлиханов, Н.Фазылов, Т.Нұртазин, З.Шашкин, В.Фармер, Е.Флейс, А.Бекон, И.Әлібаев, Х.Бекішев, Ғ.Малдыбаев, Ә.Шманов, Ж.Бектұров, Ә.Қоңыратбаев, Ш.Жамлиха, т.б.

Кітаптағы алғашқы оншақты хат қазақ журналистерінің алғашқы ұстаздарының бірі, философ-ғалым Үмітбай Балқашевқа арналған.

Біріншісі 1924 жылы жазылған. Жастық шақтағы жан аяспас досы болғанына хаттарды оқи отырып көз жеткізесіз. 1927 жылы былай деп сыр ашыпты: «Алпамыс батырдың Тайшұбары құлын күнінде көрген бақсыға кісенде, қолда тұрып «ол күнде қандай едім, бұл күнде қандаймын» депті деп оқитын едік. Ондай ауырлықта болмағаныммен, сен көрген дәуір мен осы күнімде көп өзгеріс болды ғой: алдымен менің қасымда сені танитын Рақима жоқ. Жаңадан алған әйелім Мәриям, Үмітбайға хат жазып отырмын десем: «ол қайдағы жігіт?» дейді. Былтырғы жылы ұлым бар деп жазатын ұлым да жоқ. Көріспегелі аз-ақ жыл болып еді, қанша өзгеріс болды. Былтыр басымнан ауыр, тұманды күндер өтті. Көрмеген қиыншылықты көрдім. Өлім деген нәрсе оңай болғанымен, Рақима сынды адамды ашырқанбай көме қою оңай да емес екен. Оның үстіне Қазақстан жігінің кесірі маған да тиіп, Кадаленко сықылды жолдастар (Рақима өлейін деп бәлнесте жатқанда, Арыстан қолымда шырылдап жылап отырғанда) маған Атбасарға қызметке барасың деп 3 рет қаулы шығартты. 6 айлық жас бала мен аз күн тәтті өмір сүрген жолдасты өлімнің құшағына беріп, тым болмаса көзін жасырмай кету қиын жүк болды. Осының бәрінде Ғабит пен сен сықылды жолдасты кісі қалай аңсамайды».

1943 жылы 27 сәуірде белгілі халық ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, керекулік Нұрлыбек Баймұратұлы саудамен айналысып жүр дегенді естіп, Сәбең оған хат жазады: «Сізден тілейтінім — бұдан былай ондай өткінші жұмысты кәсіп қылмаңызшы. Сенімен мен саудасыз да күн көрсек қайтеді. Саудаға берген уақытты творчествоға беруіміз керек қой. Анада Н.Оңдасыновқа «Төлеген Тоқтаров туралы поэма жазам» деген көрінесің. Сол поэманң қайда? Біз күтуліміз.Қазірде елуге келіп қалдың. Енді елу жыл жүрмессің. Ойлан. Адам өмірге талантты болып келгеннен кейін кәкір-шүкірмен, дүние әуесімен емес, әдебиетпен айналысқаны жөн ғой! Сәлеммен Сәбит». Өзін өмір бойы шығармашылық жұмысқа арнаған Сәбеңнің бұл көзқарасын түсінуге де болады. Шынында да Н.Баймұратұлы, осы қамшылаудың да әсері болған шығар, 1945 жылы «Ер Төлеген» дейтін поэмасын жазып, жариялатады. Оны Д.Снегин орыс тіліне аударады. Поэма мектеп оқулықтарына енеді. Жалпы, Сәбеңнің қамқорлығын, көмегін, шапағатын көргендер өте көп. Көптеген хаттарды оқып отырғанда бұған анық көз жеткізесіз.

Көбінесе әдебиеттің, көркем шығарманың тағдыры сөз болады. Жас қаламгерлерге ақыл-кеңесін аямаған ұстаз тұлғасы да осы

хаттар арқылы төбе көрсетіп қалады. Бір хатында жазушы Кәмен Оразалиннің «Қасиет» атты повесінің жақсы жақтарына, кемшін тұстарына тоқталып, егжей-тегжейлі талдайды. Содан соң: «Ең соңғы айтарым: шығармада «үлкен», «кіші» деген герой болмайды. Шығармаға кірген геройдың әрқайсысы өз орнында үлкен. Тек араларындағы айырма — біреудің ісі көбірек те, біреудікі азырақ. Осы «көп істі» адам да, «аз істі» адам да сыртқы қимылдарымен, ішкі жан-жүйесімен (сана-сезімі) айқын көрсетілуі керек. Шығармада аз істегенмен сол кісінің сол аз ісі өз мөлшерінде айқын, ашық көрінуі керек. Әйтпесе, ол әдебиеттің образы бола алмайды. Осы жағына көңіліңді көбірек бөл. Әрбір кішкене іс сол кішкене қалпында айқын дәлелденіп тұрсын. Жолдастық сәлеммен, (Сәбит Мұқанов). 29-IX-1948 жыл. Алматы» — деп ойын түйіндеген. Мұндай жанашырлық кеңесті қабылдауға болады және қажет.

1955 жылы 14 қазанда Баймағамбет Ізтөлиннің туысы Бимақанға: «Бұл хатты жазудан мақсатым мынау: 1956-жылдың февраль айында, Баймағамбеттің қайтыс болуына 30 жыл толады. Жақсы көретін жолдасты әр кезде еске түсіріп жазып жүретінімді көріп жүрген боларсың. Оның аты енді, қазақ тарихында берік сақталды. Баймағамбеттің қайтыс болуына байланысты, 30 жыл толуына, мен оның толық өмірбаянын жазып, қолымдағы барлық өлеңдерін қосып, жеке кітап қып шығарайын деп ем. Ол үшін, маған бірталай тың материал керек, соған сенің жәрдемің керек болып отыр» — дейді де 26 сауалға жауап беруін өтінеді. Жазушының жауапкершілігіне, жанкештілігіне, ұқыптылығына, керекті деректерді тірнектеп жинағанына бұл да бір дәлел.

Елдегі немере інісі Шәкен Мұстафинге жазған хаттары бір алуан. Елдің жаңалықтарын көбінесе осы інісінен алып отырған. «Сүйікті Шәкен! Аманшылық болса, мен ертең Шығыс Қазақстанға жүргелі отырмын. Одан Семей, Павлодар, Қызылжар арқылы, июльдің аяқ кезінде ауылға ораламын. Қызылжарға барғанда Мәриямды шақыртып аламын. Ол екеуміз Шұғайыпқа аз күнге барып қайтамыз да, Мәриям Алматыға кетеді, мен елге барамын. Мәриямның қайтатын себебі, биыл Жанна жоғары оқу орнына түспек. Экзамен қатты болады. Сонда Жаннаның қасында тұруға тиіс. Мен елде ұзақ болмаспын. Ауылда бірер күн қонармын да, одан кейін «Жаңа жолға» барып Шаин ағайдың (алғашқы мұғалімі.Ә.Қ.) басына тас орнатып, содан кейін Көкшетауға кетермін. Шаин ағай халыққа оқу жолында көп жылдар қызмет атқарған адам еді. Соған бір белгі қоюды

өзіме парыз көрдім. Ондай белгі қоюға балалардың күші келмейді. Тасты Москвада заказать еттім. Ол тас июльдің ортасына дейін «Жаңа жолға» жеткізілмек. Туысқандық көңілмен, Сәбит Мұқанов. 26.06.1962 ж. Алматы».

Міне, «Жол таптым бар қазақтың жүрегіне, Осы да жетті деген тілегіне!» деп өзі жазғандай, халқына қалаулы, ардақты, сүйікті болған ұлының көркем туындыларымен бірге, бұл хаттарының да, оған жазылған хаттардың да жылдар мен адамдар тағдырларынан сыр шертетін мызғымас ескерткіш болып қаларына кәміл сенеміз.

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
ақын, Алматыдағы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей кешенінің жетекшісі,
филология ғылымдарының кандидаты,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

ПИСЬМА, ГОДЫ, СУДЬБЫ...

(Вместо предисловие)

Классик казахской литературы XX века, мастер пера, любимый народом писатель-академик Сабит Муканов (1900—1973), плодотворно работая во всех литературных жанрах, оставил после себя богатое литературное наследие.

В годы Независимости многие произведения С. Муканова, такие как: «Сұлушаш», «Адасқандар», «Ботагоз» (в русском переводе), «Балуан-Шолақ», «Өмір мектебі» (1,2-книги) были несколько раз переизданы. Великие произведения писателя востребованы своим читателем и в XXI веке. Его научные исследования «Очерки истории казахской литературы XVIII-XIX веков», «Казахская литература XX века», «Лучезарная звезда», «Казахское сообщество» спустя много лет по прежнему популярны. М.Ауэзов, хорошо знакомый с творчеством Муканова, называл его «Жолы кең жазушы» (дословно «писателем широкого пути»), Г.Мусрепов отзывался о нем, как о человеке-энциклопедии, а М.Макатаев видел в нем «казахского Бальзака».

С.Муканов оставил после себя богатое эпистолярное наследие. В последние годы жизни он обратился Центральному государственному архиву, куда лично передал все письма (1634 фонд), этот фонд ждёт своего отдельного исследования. Писатель бережно хранил всю входящую и исходящую документацию, переписка архивировалась, отметим, это явление редкое в среде казахских писателей. В письме к Сайфи Кудаш от 30 апреля 1965 года Сабит Муканов писал: «У меня есть намерение создать большую книгу «Письма и переписки», туда войдет кое-что из наших писем», по-видимому, Сабит сам мечтал увидеть отдельное издание сборника своей переписки.

Письма, вошедшие в настоящую книгу, следует рассматривать только как часть богатой эпистолярной сокровищницы. Вниманию читателей впервые, будут предложены письма Муканова и письма к нему на русском, казахском языках в оригинальной версии, располо-

женные в хронологическом порядке. В этих переписках сохранились оттенки и краски прожитых лет, следы, оставленные временем, дыхание общественно-политической жизни, становление отдельной личности и картины этапов взросления. Некоторые письма можно назвать судьбоносными. К примеру, строки Г.Мусрепова от 18 ареля 1928 года, период издания его первого рассказа «Теңіз тепкісі» («Тулаған толқында») в городе Кызылорда, к редактору книги С.Муканову: «Я знаю, что каждая часть (книги) мною детально не завершена. Однако, я сам хотел дать оценку этому. То, что мне нравится в художественной литературе — это определенная неясность, недосказанность, требующая продолжения, зачастую я хочу, чтобы читатель прочувствовал основную мысль уже при чтении следующей главы. Возможно, это устаревший прием. Тем не менее, он мне нравится. Писатели часто показывают последовательность, а мне это не нравится. Ты же знал, что я люблю читать Гоголя: во многом этим он мне и нравится. Хотя я знаю, что тайных сторон должно быть меньше, но я бы все равно делал то, что нравится...» Как видите, художественная позиция, которая проявилась в первых рассказах 26 летнего Габита, дает нам понимание его будущей писательской мощи. Это одно из самых ценных писем из архива писателя.

В 1969 году, в связи с реабилитацией последователя и младшего брата Абая поэта Шакарима был создан научно-координационный совет. Во время обсуждения в Институте литературы и искусства им. М.Ауэзова Сабит удивил членов комиссии признанием, что у него есть письмо Шакарима. В те смутные времена, Муканов не стал избавляться, а наоборот сохранил письмо, как память о Шакариме кажи. Поступок писателя порождает мысль о том, что скорее всего он знал - придет день, когда письмо станет бесценным. «1931 год, 3 февраля, написано в безлюдном месте Саят кора. Дорогой брат Сабит! Письмо, написанное тобой 11/ XII, получил только сейчас. Сегодня второпях пишу тебе ответ через человека, следующего в Аягуз. Отправляю тебе некоторые рукописи, что есть у меня на руках, это: «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақ әңгімесі», «Қазақтың түп атасы», написанный в 25 лет — «Бозбала мен кәрілік», в 34 года — «Баламен айтысып, жеңілгенім». В виду отсутствия денег на руках, сделал доплатную, надеясь, что вы оплатите почтовые. Прежде напечатанные: «Қазақ айнасы», «Еңлік—Кебек», «Қалқаман—Мамыр» я издал 1000 экземпляров на свои деньги и раздал, издал тысячу экземпляров «Қазақ, қырғыз, қалмақ, түрік шежіресі» и раздал. Я

попросил детей найти эти книги, нашелся порванный вариант шежіре; в прежнем издании есть ошибки и пропущены несколько слов, оттого переписывая, исправляю», — как не растрогаться, прочитав это письмо Шакарима кажи, открывающее нам сокровенное. Об этом я писал в моей статье «Шәкәрім қажының Сәбеңе жазған хаты» («Егемен Қазақстан», 22.03.2006)».

7 марта 1940 года Сабит Муканов пишет письмо «Жителям города Петропавловска». Рассматривая историю города с разных сторон, он приводит многие неизвестные ранее сведения. В этом письме есть строки: «...Аблай поддерживал дипломатические отношения с русским царизмом. Возле здания Зимнего театра, севернее его, в городе стоит самое старое двухэтажное здание, его казахи называют «Белый дом Аблая» — написал, как запечатал, это послужило хорошим подспорьем последующим краеведам и в реконструкции нашей истории. Закрылись уста тех, кто утверждал, что кроме крепости здесь ничего не было. На месте бывшей Кызылжарской возвышенности расположился музей — «Белый дом Аблайхана». Перед ним стоит памятник Аблайхану. Сакральное здание на севере Казахстана, способствует возрождению нашего духа.

В переписке с С. Мукановым были известные государственные и общественные деятели, зарубежные и казахстанские ученые, поэты, писатели, издатели, главные редакторы СМИ, деятели культуры и искусства, земляки, родственники, люди различных профессий и др. В разные периоды жизни с одними он переписывался чаще, с другими реже, но связь поддерживал. Одно только содержание книги, может заинтересовать читателя. Потому как, поражает сам список людей, состоявших в переписке с С.Мукановым: А.Толстой, М.Шолохов, Ш.Кудайбердиев, М.Жумабаев, Д.Нурпеисова, М.Ауезов, И.Жансугуров, И.Сталин, Ж.Шаяхметов, Д.Конаев, К.Симонов, А.Фадеев, Н.Тихонов, Л.Соболев, И.Шухов, А.Храпченко, С.Кудаш, К.Яшин, И.Омаров, Н.Бажан, У.Балкашев, А.Токмагамбетов, А.Нурпеисов, А.Нуршаихов, М.Габдуллин, Ж.Мулдагалиев, С.Қирабаев, Т.Какишев Н.Баймуратов, К.Оразалин, Т.Алимкулов, И.Уалиханов, Н.Фазылов, Т.Нуртазин, З.Шашкин, В.Фармер, Е.Флейс, А.Бекон, И.Алибаев, Х.Бекишев, Г.Малдыбаев, А.Шманов, Ж.Бектуров, А.Коныратбаев, Ш.Жамлиха и др.

Около десяти писем в книге посвящены одному из первых наставников казахской журналистики, ученому-философу Умитбаю Балкашеву. Первое письмо было написано в 1924 году. Прочитывая

письма, убеждаешься, что дружили они с юности. В 1927 году он пишет: «Мы читали, как Тайшубар Алпамыс батыра сказал знахарю, который видел его жеребенком: «каким я был тогда, и какой я теперь». Сейчас я уже не в таких тяжелых обстоятельствах, с тех пор как ты меня видел, произошло много изменений: во-первых, рядом со мной нет Рахимы, которую ты знал. Новая моя жена Мариям, когда ей говорю, что пишу письмо Умитбаю, спрашивает: «Кто этот жигит?». В прошлом году писал, что есть сын, теперь его нет. Вроде не так давно виделись, а произошло так много изменений. Хотя смерть и проста, но похоронить такого родного человека как Рахима, оказывается не так просто. Кроме того, мне досталось из-за Казахстанского раскола, от таких «товарищей», как Кадаленко (когда Рахима лежала при смерти в больнице, а маленький Арыстан плакал у меня на руках) он три раза издал указ, по которому я обязан был ехать служить в Атбасар. Для меня стало тяжелым испытанием уехать, передав в лоно смерти 6-ти месячного ребенка и жену, с которой прожил считанные счастливые дни, даже не получив возможность их похоронить. В этот момент, я сожалею о том, что рядом со мной не было таких настоящих друзей, как ты и Габит».

Услышав о том, что известный народный поэт, заслуженный деятель искусств Нурлыбек Баймуратов занимается торговлей, 27 апреля 1943 года Сабит пишет ему письмо: «Прошу вас — не делайте это преходящее дело своим ремеслом. Ты и я, можем обойтись без торговли. Время, отданное торговле, мы должны посвятить творчеству. Тогда ты обещал Н.Ондасынову «напишу поэму о Толегене Тохтарове». Где эта поэма? Мы в ожидании. Тебе скоро пятьдесят. Еще пятьдесят не будет. Задумайся. Если человек пришел в этот мир с талантом, он должен заниматься не чем попало, не житейскими делами, нужно заниматься литературой! С приветом Сабит». Можно понять Муканова, который всю свою жизнь самоотверженно посвятил творчеству. Возможно, это хлесткое высказывание повлияло на Н.Баймуратова, в 1945 году он написал и опубликовал свою поэму «Ер Төлеген». На русский язык поэму перевёл Д.Снегин. Поэма вошла в курс школьной программы.

Многие познали заботу, помощь, заступничество Сабита. В этом убеждаешься прочитывая его многочисленные письма. Чаще всего в них обсуждается судьба литературы, художественных произведений. Письма проявляют и личность учителя, наставляющего молодых писателей. В одном из писем он подробно разбирает повесть «Қасиет»

Камена Оразалина, отмечая её хорошие и плохие стороны. «Мое последнее слово: в произведении не может быть «больших» и «малых» героев. Каждый герой произведения имеет своё, особое значение. Одно отличие между ними — у одного больше дел, у другого меньше. Это «большое дело» и «небольшое дело» - человек должен проявлять своими внешними действиями, своим внутреним миром (сознанием). Даже если в произведении герой мало действовал, это малое на его уровне должно быть показано полно и доступно. Иначе, он не литературный образ. Нужно уделять больше времени этому. Каждое малое дело в его малой форме должно быть ясно аргументировано. С дружеским приветом, (Сабит Муканов). 29-IX-1948 год. Алматы» — заканчивает он.

«Цель написания моего письма следующая: в феврале 1956 года исполнится 30 лет со дня смерти Баймагамбета, — писал он 14 октября 1955 года в письме Бимакану родственнику Баймаганбета Изтолиниа, — ты видишь, что я всегда вспоминаю своего хорошего друга и пишу о нем. Его имя теперь прочно вошло в казахскую историю. Я хотел к 30 летию кончины Баймагамбета, написав его полную биографию, и привоскупив к ней имеющиеся у меня стихи, издать отдельную книгу. Мне нужно много нового материала, для чего и требуется твоя помощь», — после чего он просит Бимакана ответить на 26 вопросов. Это одно из свидетельств ответственного, скурпулёзного и преданного отношения писателя к своему делу.

Своеобразны письма на племяннику Шакену Мустафину. От него Сабит получал известия о родине. «Любимый Шакен! Если все будет хорошо, я завтра собираюсь выехать в Восточный Казахстан. После, через Семипалатинск, Павлодар, Кызылжар в конце июля вернусь в аул. Когда приеду в Кызылжар вызову Мариям. Мы вдвоем на несколько дней съездим к Шуғайыпу, Мариям вернется в Алма-Ату, а я вернусь в аул. Мариям вернется, потому что в этом году Жанна будет поступать в ВУЗ. Экзамены будут сложные, надо быть рядом с Жанной. Я долго на родине наверно не буду. Переночую несколько дней, после съездив в «Жаңа жол», установив памятник на могиле Шаин ага (первый учитель. А.К.), уеду в Кокчетав. Шаин ага — человек, который много лет служил народу в сфере образования. Оставить знак памяти о нем, посчитал своим долгом. Установить надгробие его дети не смогут. Памятник закажу в Москве. Этот памятник должен быть доставлен в середине июля в «Жаңа жол». С родственным приветом, Сабит Муканов. 26.06.1962г. Алматы».

Вот так, как он сам писал: «Жол таптым бар қазақтың жүрегіне, Осы да жетті деген тілегіне!», дословно нашел путь к сердцам всех казахов, этим достиг своих желаний. Его художественные творения, собственные письма и письма к нему, открывающие тайны времен и судеб людей, уверен, станут нерушимым памятником любимому, желанному и почетному сыну своего народа.

Адилгазы КАЙЫРБЕКОВ,
поэт, Руководитель Литературно-мемориального
музейного комплекса С.Муканова и Г.Мусрепова
в Алматы, кандидат филологических наук,
лауреат Международной литературной премий «Алаш».

1924 - 1938

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

Үмітбай!

Екі көңілді бір орыннан нендей реттерде болса да бірге шығару тұрмыс тәжірибасында ірі, ауыр жұмыс. Мақтаншақтық өзіне басқа, мен осы аз ғана жасымда талайлармен жолдас болып көрдім ғой, сол жолдастықтардың ішінде, жолдас болған жолдастарымның ішінде ілуде біреу болмаса, бір жерінен жарықшақ шықпай қалғаны болған емес, бұл тәжірибамен дәлелденген жұмыс. Шынында жарықшақтықта екі түрлі мәніс бар. Мұның бірі – саяси жақтан негізгі жолы бір болған адамдардың тұрмыс құбылысында қайшы келетін реттері көп болады. Талассыз мәселе негізді болмайды деген біздің партияның хадисі ғой. Бұл жағынан қарағанда түпкілікті жасайтын жұмыстардың жарықшақпен барып бүтінделуі өте қажет, сондықтан бұл жарықшақ ықтиярсыз керек етілінеді. Бірақ саяси жарықшақ жалпылықтың ортасында талқыланады. Екі личностьтің бұл талқыға қол сұғуға хақы жоқ.

Екінші жағынан – екі кісінің (личность) арасында болатын жарықшақтық бар. Бұл жарықшақтық екі адамды не балдай тату, не тұздай ащы қылады. Мұның негізі – екі кісі бірін-бірі «осының маған осы жері ұнамайды-ау» дегеннен шығады. Бұған дәлелге екеуміздің личный тұрмысымызды алайық. Көзбе-көз отырып мен саған шын доспын деу әрі ағаттық қой, біреудің біреу достығын көзбе-көз отырып білмейді, өмірдің мың түрлі харакаттарына қарай біледі. Сондықтан да екеуміз де жүздесіп отырып доспыз десіп көргеміз жоқ. Шынында бұлай деу балалық. Әйткенмен, бірге жасасқан аз ғана күндердің ішіндегі істерімізге қарағанда, менің ойым, Үмітбай екеуміздің жүрегіміз бір жерден шығады – деп ойлайтын едім, тұрмыстың негізгі жұмыстарында бұлай болғанымызбен, болмашы істерде екеуміздің

арамызда әлі де түсінбеген мәселе бар көрінеді. Бұған сенің жазған хатың дәлел. Сен «сағыну, сағынбау» деген екі сөзді жазасың да мені әкеліп соңғыға тіркейсің. Мұның ағаттығың емес, неге десең сенде солай-ау деген фікірдің әлі барлығы. Үмітбай!.. Ұжданым деген сөзді ауызға алуға ұжданы бар кісіге өте қиын сөз ғой, өзіңше дұрыс болғанмен, маған соңғы сөзді тіркеуің менің түсінісіме хаталығың. Бірақ өзіңе хата демеймін, неге десең сенде — «әй, солай-ау» деген фікір бар.

Үмітбай! Фальсафаны былай қоя тұрғанда сөзіңнің бәрі алтын. «Айтулы достың жаны бір» деген бұрынғының бір мақалы бар. Бұл сөз өте терең сөз һәм мысқылданып шыққан сөз. «Екі кісі шын дос болса, екеуінің жаны қосылады» деген сөз шығады. Екі жан бірге қосылса екі адам көріністе екі басқа болғанмен шынында бір адам. Жаны қосылмаған адамда достық болмайды. Сенің мені сағынғаның маған шын достығың екен. Мен өзім де солай едім. Мендегі жалғыз хаталық болмашы жұмысымды сенен іріккендік, мұным хат жазбағаным. Бұл жағынан кіна сенде емес, менде. Бірақ сағынғанда кісі шын досты ғана сағынады, адам баласының өмірінде досынан басқа жақыны жоғы тәжрибамен бекіген іс. Сенің хат жазып отырғандағы қандай халда отырғаның менің көз алдымда тұр. Бұл жағынан мен мақтануға хақым бар, неге десең ақын жаны суретшіл жан. Ал менің қандай настроенияда отырғанымды сенің қалай суреттейтініңе көзім еркін жетпейді. Әйткенмен шамалауымша өзім ойлағандай болуыңа керек. Бұл сөз осымен бітсін. Енді істеген бір приступлениями келейін: Сейітқасымды менің түрмеден шығартқанымды естіген шығарсың. Біздің қыстайғы сөзімізде оған рахымшылық істейтін жеріміз жоқ еді ғой. Сейітқасым түрмеге кіргенше мен сол фікірден ауғам жоқ. Бір күні түрмені көрейін деген фікірмен жаныма бір кісі ертіп түрмедегілерді араладым. Әй, Үмітбай-ай! Басы жұмыр пендеміз ғой, түрме айтуға оңай көрінеді, саналы кісіге түрме қайғылы қара тұманды ой береді екен. Нансаң төрт сағат аралағанда мен ойламаған ой қалған жоқ шығар Бір кезде арт жағымнан біреу «Сәбит!..» деп айғай салды. Жаныма еріп камераларды ашып жүрген солдат дауыстағанға ақырып тастады. Айналып отырып әлгі камераға келсек айқайлаған Сейітқасым Әмрин екен. Біз камераның ішіне кіргенде түсі сұп-сұр болып үндеместен қалшиып қатты да қалды. Жалғыз-ақ қолында ұстап отырған кітабы дірілдеп, көзі мөлдіреп кетті. Басқа ой ой ма?!. Өткен күндер еске түсті. Өзіміздің бірге жататын күндеріміз. Әсіресе Рабфактың кең залын-

да бір түні Байтұрсыновтың турасында Сейітқасымның Сүгіровпен төбелесе жаздағаны. Оның мұғалімдік күні, өзімізге еркелейтін уақыттары һәм аяғында мынадай түрмеге ілігіп, кешегі жолдасы төре болып түрме аралап жүргенде оның иығы салбырап жыламсырап отырғаны,.. осының бәрі көз алдымнан тізбектеліп өтті. Тап сол минутта Қасымның жан сыры менің қолымда сықылды еді. Сонан басқа камераларды көрмей, қалғанын ашқызбастан түрмеден тайып отырдым. Ұзын сөзді қысқартып айтқанда, Сейітқасымды шығартып жібергенге дәлелім осы. Рас приступлениялары қарағанда бұлай істеуге мүмкіндігі жоқ, бірақ ісімнің дұрыс, хатасына көзім жетпейді, әйтеуір менің Қасымға арнаған ойымды бірінші жағынан түрме, екінші жағынан бес күнгі жақын жолдастығы жеңіп кетті. Бұл араға қанша батырлық қылайын десем де болмады. Бұны да бітірдім.

Өзім елге кетіп бара жатырмын. Елде июльдің 5-іне шейін болам. «Ғи» туралы өздеріңнен айрылған соң ойланғам да жоқ. Хош.

Сәбит.
13/VI – 1924 жыл.

P.S. Біріне бірі жалғаса басылып отырған менің бұл он хатымды, жақын арада маған Үмітбай Балқашевтың өзі әкеліп сыйлады. Хаттың сөздері өзгеріссіз басылды.

Сәбит Мұқанов
23-II-1960 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК – 1-ЖА, 139-б.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

Үмітбай! (Балқашев)

Жақын жүрген адамдар бірінің бірі жазған хатын түрінен-ақ айырып оқиды. Жазудың кескініне қарап жіберіп, қолын көрмей-ақ мынаны пәленше жазған екен дейді. Бір кезде біз де сол сықылды едік. Бірақ біраздан бері ізіміз суысып, ұмытуға да айналдық білем. Мен

өзім адалымды айтқанда сенің адресіңді білмедім. Қызылордада жалғыз Оспанда ғана бар екен, ол да жоғалтып алыпты. Кеше Шәукер келіп еді. Содан ғана жөніңді сұрадым. Өзім 4-5 күннен бері тымауратып ауырып жатыр едім. Төсектен басымды көтере сала хат жазып отырмын. Мүмкін ауру жеңгендіктен көп сөзімнің үйлесімі болмауы. Сағынысқан хат болғандықтан әліме қарай ұзақ жазам. Сағыну дегенді әлденеше түрлі ұғуға болады: жаннан шықпауды тілейтін бір сағыну бар. Ол біздің заманымызға, тілегімізге жанаспайтын сағыныс. Екінші сағыну — адамның тілектес, жолдас адамын аңсауы, бірге жүрген, тұрған күндерді еске түсіруі. Алпамыс батырдың Тайшұбары құлын күнінде көрген бақсыға кісенде, қолда тұрып «ол күнде қандай едім, бұл күнде қандаймын» депті деп оқитын едік. Ондай ауырлықта болмағаныммен сен көрген дәуір мен осы күнімде көп өзгеріс болды ғой: алдымен менің қасымда сені танитын Рақима жоқ. Жаңадан алған әйелім Мәриям, Үмітбайға хат жазып отырмын десем «ол қайдағы жігіт» дейді. Былтырғы жылы ұлым бар деп жазатын ұлым да жоқ. Көріспегелі аз-ақ жыл болып еді, қанша өзгеріс болды. Былтыр басымнан ауыр, тұманды күндер өтті. Көрмеген қиыншылықты көрдім. Өлім деген нәрсе оңай болғанымен Рақима сынды адамды ашырқанбай көме қою оңай да емес екен. Оның үстіне Қазақстан жігінің кесірі маған да тиіп, Кадаленко сықылды жолдастар (Рақима өлейін деп бәлнесте жатқанда, Арыстан қолымда шырылдап жылап отырғанда) маған Атбасарға қызметке барасың деп 3 рет қаулы шығартты. 6 айлық жас бала мен аз күн тәтті өмір сүрген жолдасты өлімнің құшағына беріп, тым болмаса көзін жасырмай кету қиын жүк болды. Осының бәрінде Ғабит пен сен сықылды жолдасты кісі қалай аңсамайды. Мәселенің тетігі өліп біткенге шейін ғой. Өлген артынан өлмейді де. Тіршілік етіп қайтадан әйелдендім. Бұл адамым да көңіліме тиерлік. Бірақ өткеннің өкініші кетпейді екен. Бұл әңгімелердің бәрін де жөнін білген жолдастарға кезінде айтып жаздым. Көп ойламайын деген әңгімем еді, есіме сен түскен соң саған да іштегі шерімді бір ақтарып өткім келді.

Қызылордаға июльдің басында келдім. Елге жөнді тоқтағаным жоқ. Кім екенін ұмыттым, сенен бір запеске хат келді. «Мәскеуге бара жатырмын» депсің. Бірақ адресің жоқ. Оқуыңды бітіріп Мәскеуге аялдағаныңа қуандым. Мен оқымай қалдым ғой. Былтырғы жылы Қызылжарда қалғанымда қалуыма ақыл берушінің біреуі өзің едің. «Байғұстың аузы асқа тисе мұрны қанайды» дегендейін менің өмірім өзінше бір қызық өмір ғой. Зады мен өле қалсам Ғабиттан басқа

кісі менің не істегенімді, қалай өскенімді білмес те еді. Оқудан кешеулегеніме қатты ренжимін. «Оқимын» деген сөзді осы күні алпыстағы кісіге шейін айтады. Менің де оқығым келеді. Бірақ әзірге саған не дейін. Өзіңе мәлім, мен өлең дегенмен әуре болып жүрген адаммын ғой. Бұл жағын қатты ескеріп, соныма көмектес болатын білімді оқымай жүргемін жоқ. Адам өскен сайын ойы, санасы бірге өсетін көрінеді. Саналанған сайын білімге сусау да күшейетін. Бірақ арман дегенде шет бар ма?!

Өлеңді осы күні көп жазып жүрмін. 3-4 күрделі поэма жаздым. Оларымның аттары «Жетім қыз күйі», «Алтай», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы», «Тұрмыс тұлпары». Бұлар бітіргендерім. Мәскеудегі өлеңдерімді Нәзір қайтарып жіберіпті. Сонымен бәрін қосып осында басамыз деп отыр. Осы күні әдебиет туралы қызу айтыс болып жатыр. «Еңбекші қазақ»-ты алсаң оқитын шығарсың. «Жыл құсы» деген әдебиет журналын шығаруға үйғардық. Коллегиясында: Абдырақман, Сәкен, Сара, Бейімбет, мен — бесеуміз бармыз. Журналдың толғағы жақындады. Енді шығар деймін. Алашордашыл жазушылар да бізбен таласып жүр. Бірақ еңбекшілер үстемдігі болған соң, түптегенде біз әкетеміз ғой.

Қызылордада жаңалықтар шамалы. Ысмағұлды орнынан алды. Сен коммунистсің ғой, саған айтайын: Орталық Алмата деген қалаға көшпек болыпты. Бұл мәселе әзірге жарыққа шыққан жоқ.

Ғабиттан хат алам. Денсаулығы онша емес екен. Құсни осы мартта босанса керек. Елден де хат келіп тұрады. Аманшылық. Шәкен Алматада. Аман.

Өзім елге майдың аяғын ала қайтам. Хатты ұзақтау жаздым білем. Әлі де айтатындарым көп еді, бірақ шаршап қалдым. Қалғанын екіншіде жазармын.

Жолдасың: Сәбит.
5/III.-1927 жыл.
Адресім:
г.Қзыл-Орда. Муратбаевская 19.
Муканову.

СМҒМӘММК — 1-ЖА, 391-бет.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

Сәбит. Қызылордадан.
Адрес бұрынғы.
23/X-27-ж.

Үмітбай! (Балқашев)

Жолдастардан келген, әсіресе, жақын жолдастардан келген хатты сары майдай сақтап жүретін едім. Сенің былтырғы жазған хатың мен басқа керекті хаттарымды тігіп жүрген папкем елде қала беріпті. Содан адресіңді жаңылып қалып, көпке шейін таба алмай жүріп едім, кеше хатыңды алдым. Хат жазғанда бұрын алдымызға ұстайтынымыз жалғыз «аманшылық» еді ғой. Мен қазір «аманшылыққа» екінші баға беріп, жолдастарға жазған хатымды көбінесе пікір алысу ретінде жазып жүрмін. Тегінде бұдан былай осылай істеуіміз жөн болар деймін.

Мәскеу жастарының ұйымдаса бастағаны жарайды екен. Қазақстан ілгерілеп бара жатқандығы, өнер-білімге жұмылғандығы кімге де болса көрініп отыр. Қала-қалада жүздеп оқығандарымыз бар. Бірақ сол «бар»-дың көбі күдікті «бар» ғой. Алашорданың жастары анығында коммунист тілегіндегі жастардан (сан жағынан) көп болмаса аз оқып жүрген жоқ. Алдағы күнде пікір майданында олар коммунист тонын жамылып өз пікірлерін өткізуге әрине тырыспақ. Бұлай болған күнде кеңес тілегіндегі оқығандар да қатарын молайтып, келешегіне оқып жүргендер де көпір сала беруі керек. Жалғыз бұл ғана емес, қазақ еңбекшілері шаруа, салт-сана, тағы басқа жағынан көтеріліп келеді. Оларға енді білім тәрбиясы (духовное воспитание) керек. Міне осы жағдайларды еске алғанда ұйымдасуларың, журнал шығарам деулерің өте керекті нәрсе. Бірақ (осы күні «бірақ» деген сөзді қоспай болмайды) ұйым таза, коммунистік бағытқа көшуді қарастырса болады ғой.

Ұйымға қатынасам дегеніңді жаңа естіп қуанып отырмын. Бұрын саған «бұл қалай?» деген сұрау қойып жүр едім. Осы күні жолдастардың көбі «оқу оқып жүргенде қоғам жұмысы не керек, оқып болған соң біржолата кірісерміз, алдымен оқуды біліп алайық» дейді. Бұл менімше өте залалды пікір. Бұл жетісіп отырған елдің айтатын

пікірі. Қазақтың еңбекші табын іші сүйіп, шын жүрегімен қызмет ететін бізде қанша кісі, кіміміз бар? Кәзіргі дәуірдегі оқып жүрген коммунист жастардың міндеті бір жағынан оқыса, екінші жағынан қоғам тұрмысын түзесуге ат салысу. Бұл — ұлы міндет. Бұл жағына келгенде сенде салақтық бар. Қаламың бас біледі, әр мәселеге баға беруге әлің келеді, тұрмыспен таныссың, сөйте тұра жалғыз оқуыңды ғана біле бересің. Менімше мұның дұрыс емес. Былтырдан бері әдебиет айтысы болды. Сонда оқып жүрген Алашорданың Байтасов, Ысқақов сықылдылары оқып жүрміз деген жоқ, қатынасып-ақ кетті. Қатынасқаны былай тұрсын, «Социализм Қазақстанда болса құбақұп» деп, социализмнің өзін «болмайды» деп дәлелдеді. Мінекей, олар өз пікірін қалай жүргізе біледі. Бұлай болған күнде сен де пікір майданына түсіп жарысуың керек. Одан оқуың қалмауына мен кепіл. Мұны өзің де теріс демессің.

Ұзақ хатты тағы да жазармын, әзірге жалпы мәселені осымен тоқтатып, өз жайыма көшейін. Мен оқудан қалған кісі ғой. Әдебиетті таңдап алдым да, сонымен қалдым. Азын-аулақ кітаптарым шықты. Жуырда бір-екеуі шығады, соларды қосып саған өз кітаптарымды түгел жіберем. Бірақ адресің ауысса білдір. Арыстан деген баламыз бар. Жігіт боп келеді. Мәриямды сен көрген жоқсың ғой, аман. Шәкен биыл елде шаруа бағып қалды. Ғаббастың өлуі үлкен күйзелушілік келтірді. Менде де, Ғаббаста да жөнді шаруа болмайтын ғой. Айналасы екі бұзаулы сиыр, бір ат болатын, Үй жоққа жақын да, тігуге жарамайтын. Ғаббас өлген соң шулап жетім бала, жесір қатын қалды. Күн көретін мал жоқ. Асырайтын адам жоқ. Шәкенді тастамай реті келмеді. Сонан соң азын-аулақ мал сатып әперіп, Үйін бүтіндеп бердім. Менің мұныма Ғабит ренжіп, «мүлік иесі» болды деп жүрсе керек. Демогогияны былай қойғанда осы қызметтерде менен шаруасы нашары жоққа жақын шығар. Менде өзімдікі деген тышқақ лақ жоқ болатын. Оны сен де білесің. Биыл Шәкенге мал әпергенде, баю емес, ойлағаным Шәкенді жалшылыққа салмау еді. Шәкен жалшы бола да алмайды ғой. Бұл туралы сен не дейсің? Тағы да хат жазысып тұрайық. Хош.

23-10-1927 ж.

СМҒМӘММК –1-ЖА, 396-б.

* * *

С. МҰҚАНОВ – І. ЖАНСҮГІРОВКЕ

Ілияс!

Жіберген кітаптарыңды да, жазған открыткаларыңды да алдым. «Сағанақтың» корректурасына сен кеткен соң Сара ие шыққан. «Маған тапсырып еді, мен қарайын» деді. Сараға сендік те саған жібермедік. Артынан азын-аулақ қателер кеткен екен, Оспанға түзеттім. Бүлінерлігі жоқ. Саған айтқан үлкен уәдем қағаз еді, баспада бар жақсы қағаздарды таңдап жүріп, ең оңдысына бастыртты. Жалғыз кемшілік жері облошкесіне сурет салуды өзіңмен келісіп қалмай, не салуды білмей дағдарып қалдым. Сөйтіп жүргенде (бір жұманың ішінде) кітап шығып қалды. Облошкеге сонымен ұятты болдым. Жақын арада тиісті кітаптарыңды жібертем. Ақшаңды да кешіктірмеспіз.

Ленин туралы айтатыным: Қазгиз хабар жазғаннан бері губернегубернеден, жер-жерден материалдар көп түсті. Олар менің қолымда. Қорытып жатырмын. Сенің қолыңдағылар жалғыз Жетісудікі ғой. Егер қисаң Қазгизге жібер. Бөлшектенгенше Ленин туралы сөздер бір кітапқа басылсын. Кітапты арзандатамыз деп қаламақы дегенді атымен құртқан едік. Онымызға қарай жұрт жарықтық жіберіп жатыр. Сен оқушы адамсың ғой. Қаражат жағы бар ғой дейтін болсаң шартыңды айт, настайвает еткен күніңде аздап шамалап құр қалдырмаспыз. «Аздапқа» қай шамада көнесің оныңды айт. Бірақ материалың марттың (разы болған күніңде) бірінен қалмасын. Мен өз тарапымнан қолыңдағы материалдарды алып қалмағаныңды мақұл көрем. Мұндағыларды саған жіберіп, сен жинады қылуға бәрі даярланып қалып еді. Алысымен хат жазуыңды өтінем.

Сәбит.
Москва қаласы.
14 ақпан 1928 жыл.

ҚР ОММ. 1368 қ.
Қолжазбаның түпнұсқасы араб әрпінде.

* * *

Ғ. МҮСІРЕПОВ – С. МҰҚАНОВҚА

СӘБИТ МҰҚАНОВҚА ХАТ

Сәбит! Бүгін сенің хатыңды алдым. Әңгіме менің «Теңіз тепкісі» жайында болғасын, мен де сол туралы жазбақпын. Негізінде оны қысқартып, яки түзегеніңе алғыс айтпасам ренжімеймін ғой. Бара салысымен басу жағын қарастырғаның, мені ілгері сүйремесе, кейін кетірмес. Біраз елігіп алғашқы екпінмен көр-жерді жазып тастауым да мүмкін. Шарт деген жағын өзгертуге құмар еместігім саған жасырын сыр болмауы керек: мен гонорары емес, еңбегімнің өзін бағалайым. Менің көбінесе көкейімді тесетін ақшасы емес, жазғанымның іске аса алғаны екендігін аңғар. Енді хатыңды бөлшектейік:

Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар әсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқитынымды білетін едің ғой: көбінесе ол, маған осы жағынан ұнайды. Қазір бет алыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім. Әрине, сендер көп. Әр жерде тексерген боларсыңдар. Бұлай болғасын көпшіліктің ауқымы үйғарды – мен риза. Одасын, көпшілік көптен бері төселіп келе жатқан, бауыры жазылғандар, мен – шикі. Сондықтан сендердің – төселген көпшіліктің бетінен алуым әлсіздігімнен басқа нені көрсетер дейсің.

Менің тағы бір ұнатпайтыным: алған теманың өзінен басқа, ешқайда бұрылмайтын әдет. Мұны мен жек көрем. Әсіресе болмысы, тұрмысы... тағы тағылардың ізі түсіп отырса екен. Осы күні (меніңше) жазушылар «саяси жақ» деп алғанда, басқа жағын ақсақ тастайды. Мен оған қарсы. Сондықтан қай күйде болса да, менің жазғандарым көлденең материалдарды көбірек қосып отырады. Бұл әдетті (әзір жүзеге асыра алмаған әдетті) түбінде жазып кете алған күнде де тастамаспын деймін. «Теңіз тепкісіне» де бірталай көлденең материал кірген себебі де сол еді.

Етістік деген бір ит қой. Өткен, қазіргі, келешек уақыттары араласып кетуі мүмкін. Алғашқы хатымда біраз беттерді көрсетіп едім

ғой. Сөйлемнің аяғы көбінесе сказуемоеға тоқтайды да, сұмдық бәле болады.

Түгел алғанда, алғашқы адым әлсіз екендігіне не күдік болсын, кейбір алып тастаған жеріңе қарсылығым болса да баспаға беріліп қалғасын, әңгіме қысқа ғой. Мысалы: «Теңіз тепкісі» мен «Тулаған толқынның» қайсысында адамгершілік, достық көп екеніне таластан кейін ғана мойын сұнар едім. Матвейдің бай екені, бір жанды жасыруға бөгеті жоқ еді. Өйткені, ол саудагер, қазақтардың барлығын алып үнемі еңбегін жейді. Байлар көбінесе, іштен жейтін әдетін ескермеген екенсің.

Қысқасы, кітапшаның басылғаны үлкен қуаныш. Түзегеніңе алғыс. Сыншылар, кемін көрсетсе тіпті жақсы.

Қайтадан сенің хатыңа келейік (басына қарай). Сенің «Ағаш қамшың» маған да тиетін секілді (кейбіреулер «бәлен жолдамын» деп, босқа компиятыны бар ғой, сол секілді болып кетпесе?). Өйткені қалам сүйген болып, «идеология» деп шатасудан құр емеспін ғой. Басқалардың неге қатынаспайтынын білмеймін, өзім туралы мынаны ғана айта алам: мен болып жатқан айтыс-тартысқа қатынаспаймын демейім. Айтысты ұнататынмын да, ешкімді сынап көрмесем де, сынауды жақсы көретін әдетім де бар. Қорықпаймын да, түсінемін де. Бірақ мен қалам сүйе бастағалы мынандай екі кесір ұшыраттым: бірі, айтыс болып жатқан жерден алыс жатқандығымнан, кезінде қол жетпей қалады. «Е.Қ.» көбіне дұрыс келмейтінін білесің ғой. Әлгі Шаймерденнің де, тағы біреулердің, Елжастың, Әзімбеттің, тағы басқалардың сынын көргенім жоқ, естідім ғана. Солар секілді нәрселердің көбі көрілместен кетеді. Кейде басын, кейде ортасын, әйтеуір бірдемесін толық оқи алмай қаласың. Солай болғасын қатынаса алу қиын.

Мен жазу ісіне қатынаса бастағалы жазатын орындардан кеудеге итеру болмаса, өзіне тарту көргем жоқ. Әрине, жазу үшін газет маңында қызмет міндет емес, Мадагаскарда жатып та жазуға болады. Бірақ газет күнбе-күн сабақ береді. Одан кейін де газетке жазып қарадым. Ең нашар дегендерімді басады да, жақсы дегендерімді баспады. Саған айтылмаған мынандай бір әңгіме болды. Былтыр «Оқшау сөз» бәйгесі кезінде Омбы оқушылары бірігіп «Е.Қ.» қа екі оқшау жібердік. Біреуі «Қалаудың өмірі», екіншісі «Май сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеміз?» деген. Оқшаудың иесі Қартқожа еді. Сөзін құраған мен едім, екі рет Омбы оқушыларының алдында оқып, сынап түзеп, жібергенбіз. Біреуі де басылмады. Өйткені

бірі (алғашқысы) Аббас туралы да, екіншісі Абдрахман туралы да. Коммунистерді түйреулеріміздің өзі бір қате болар. Бірақ біз кім екені туралы, ашық түсіндіріс бергеніміз жоқ еді. Баспады. Екінші рет, барлық оқушының қолын қойып «басылуын» сұрап жаздық. Міне осы арада бір иттік араласты. Біздің хатымызды конвертін жыртып оқыпты да, «Е. Қ.» Қызылжардағы «Б.Т.»-ға («Бостандық туы») айдап кеп қалыпты. Сыртында «Айсаринге» деген бар да. Дәлелі сол. Бірақ хат емес, мақала болғасын, мақала екенін конвертті жыртып оқып көргенсін, Айсарин неге қудырады? Міне бұл иттік. Күзідігүні «Көлеңкенің көлеңкесі» деген бір оқшау тағы жаздым. «Е. Қ.» өз кемшіліктерін айтса баспайтынын, кейде басындағы қызметкерлерінің ыңғайында кететін жақтарын айтқан едім. (Дұрысында баяғы Молдағали, Смағұлдардан бері қарай Аббасқа дейін «Е. Қ.» («Еңбекші қазақ») арқылы өз әдістерін жүргізбейді дей аласың ба?). Бұл да басылмады. «Е. Қ.» қа жазу да, таныс біреуі болмаса, мақаланды оқу да қойылды. Сөйтіп газетке қатынаспай, күнбе-күнгі хабардан, айтыстан сырт қалдым. Жаза алсам кітап жазғым келеді. Осының барлығы «Ағаш қамшы» етпей не қылады? Бір ұйымның, тілектес жолдастардың маңайында болсам, мүмкін қатынаса алған болар едім. Жөндеп жаза алмағасын, кеудеге итеру дұрыс та шығар. Бірақ өйтпес едім. Қаламынан үміті бар адамды бауырға тартар едім. Мінекей, Сәке, осындай жайлар мені күнбе-күнгі айтыс-тартыстарға қатынастырмай келді. Мені нағыз сүйетін жақтарымнан жырып тастады. Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып, ат ерттеуге жарармын.

Сен оқуға барамын дейсің бе? — Қайда? Қашан? Неге? Тоқта! Ендігі жылы бірге Литхудқа барайық! Жарай ма? Жаз! 15 майда елге келу ерте...

Сәбит! Ғабит мына хатын аяқтамай кетіп қалған екен. Почта келіп қалғасын мен беріп жібердім, қалған сөзі болса тағы жазар.

Өзіміздің бәріңізге көп-көп сәлем! Хат жазыңдар. Мен өзіме тиісті ақшаны күтіп тұрмын.

Достық сәлеммен Хүсни.
1928 жыл, 18/IV.

Ғ.Мүсірепов.
Бес томдық шығармалар жинағы.
4-том, 1975ж.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

Москва.
Плющиха, Грибоедовский 7.
Балкашеву.

Үмітбай! (Балқашев)

Хатыңды алдым. Оқуға кететінім рас. Майдың 16-17-лерінде елге кетемін де, дем алып, Қызылордаға келместен, тура Ленинградқа кетем. Елде сенімен жолығармыз. Егерде денсаулығың нашар болса, қызметті қайтесің! Елге қайтуың керек. Көрмегелі көп заман болды, биыл біздің елге келіп жатып кет, көңіл көтерейік. Сағынысқандай болдық қой. Баламыз бар, жігіт болып кетті. Әйеліммен таныс. Кел. Келмесең ренжимін. Өзім биыл қыдыруды қойып, жаздай емтиханға даярланбақпын. Ғабиттың мұнда келер-келмесі екіталай, екі кітабы басылды.

Сәбит.
13-V-1928.

Біздің адрес:
Марийнское п/о, Тонкереский ВИК, аул номер 6.
Қой, аржағын біле берерсің.

СМҒМӘММК – 3-ЖА, 56-б.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ҚАЗ. ПРОЛЕТ. ҚАРА ШАРУА ЖАЗУШЫЛАР ҰЙЫМЫНА!

Қазақстан пролетарият қара шаруа жазушылар ұйымына!

Сіздердің платформа жазу туралы ұсыныстарыңызды алғаннан кейін, платформа жазу ісіне кірістім. Сол платформаны 2-3 ай бойы кідіртіп, бүгін ғана жіберуге үлгеріп отырмын.

Әрине, платформа жазу жеңіл-желпі жұмыс емес. Тап күресіне арқа тіреп, саяси тілекпен ұйымдасқан бір ұйымның жүрер жолын салу өте қиын мәселе. Мен осы қиыншылықты, жауапкерлікті ұқтым да, платформаны жазбастан бұрын үш түрлі мәселе туралы кітаптар оқуға кірістім:

1) Ұлт мәселесі, ұлт мәдениеті туралы Маркс көзімен жазылған кітаптар. Одан оқығандарым:

а) Ленин, Энгельс, Сталин, Каутский, Бавер тағы бірнеше ұлт мәселесіне жүйріктердің басты мақалаларының жинағы.

в) 8-10-12-партия съездерінің қаулысы.

с) Коментерн программының ұлт мәселесі туралы бөлімі және 20-жылы коментерннің конгресіне ұлт мәселесі туралы жазылған тезис.

ж) Сапаровтың «Ұлт мәселесі» деген кітабы.

д) Багининің «Ұлт мәдениеті» деген кітабы.

2) Әдебиеттің тапшылдық бағытына толық түсіну үшін жалғыз әдебиет емес, жалпы идиологияға қатынасатын марксшылдық қисындарын оқыдым. Олар:

а) Энгельстің «Людавек Пейірбақ»-ы.

в) Плехановтың «Марксизм мәселелері». V-X-XX-томдарының хажетті жерлері.

с) Лениннің VIII-томының бірінші бөліміндегі Толстой туралы үш мақаласы, екінші бөліміндегі Толстой мен Горький туралы мақаласы.

ж) Бухариннің «Есмат»-ының «Идиология» деген бөлімі.

3) Қазіргі күнде Кеңестер одағында жасап отырған барлық әдебиет ұйымдарының бағыттарымен (платформа) танысу. Одан оқығандарым:

а) «Кузнец» атты пролетарият жазушылар группасының 23-жылғы декларациясы.

в) Вапп-дың 23-жылы жарияланған платформасы (біздің ұйым сол платформаны қолданып жүр). Вапп ішіндегі көркемдік платформа (художст. платформа) туралы былтырдан бергі «На посту» журналындағы айтыстар.

с) Пролетарият жазушыларының 25-жыл болған одақтық съезінің әдебиет мәселесі туралы қаулысы.

ж) Орталық партия Комитетінің 25-жыл көркем әдебиет туралы қаулысы және сол қаулы алынардағы баспасөз бөлімінде болған жауапкер қызметкерлердің мәжілісінде сөйленген сөздер.

д) 1927-жылдың күзінде менің «Пролетарият жазушысы» деген аттан «Пролетарият қара шаруа жазушысы» деген атқа көшейік деген ұсынысымды ұйым қабылдап, Вапп-дың платформасын «П.Қ.» жазушылар бағытына сәйкестеуге маған тапсырған. Мен оны орындап,

артынан жиылыста сол платформа көпшілікпен алынған. Қолымда соның черновигі бар еді. Соны мен де пайдаландым. Қысқасы платформа жазардағы менің даярлықтарым осылар. Бұдан көбірек даярлануға оқушы болғандықтан шамам келмеді.

Платформа жазу ретінде маған ақыл беріп, жоғарғы оқитын нәрселердің көбін көрсетуге себеп болған адамдар университеттің марксшіл атанып жүрген профессорлары Деснетский және Гарбашев, артынан оларға платформаның жобасын айтып, кейбір қосымша пікірлерімен негізін мақұлдады.

Платформаға төртінші бөлім қып «Сын туралы» деген бөлім кіргізбек ем, зачет алқымдап кеткендіктен оған әлім келмеді. Сондықтан оны ұйым басқа біреуге тапсырар деп ойладым.

Платформа туралы сіздерден өтінішім мынау:

Мен бұл платформаны толық деп таласпаймын. Не артық, не кем қалған жерлері көп болуы мүмкін. Платформа тегі көптің талқысына түссе мінсіз болады ғой. Сондықтан баспасөзге жариялап айтыс ашып, қажетті түзетулерді де бастыруларыңызды өтінем, баспасөз дегенде өзімнің мақұлдайтыным газет. Өйткені, газетте оқушы көп. Журналдай емес, газеттің, әсіресе «Еңбекші қазақ»-тың бармайтын бұрышы жоқ. Егер біз платформаны газетке жарияласақ: Бірінші, жалпы жазушылар (жергіліктілерін айтам) таныс боп отырады, пікірін жібереді. Екінші, жазушы емес еңбекші бұқара біздің ұйымның не істеуге бет алғанын көреді. Үшінші, жазуға жаңа жинала бастаған ауыл жастарына сабақ болады.

Съезге шейін бұл платформаны жалпы жиылыс атынан бекітпейсіздер ғой. Бірақ, басқарма менің платформамның негізіне қосылса әлгіндей газетке жариялауын тілеймін.

Сәлеммен: Сәбит
5/IV. 1929 ж. Ленинград.

P.S. Қолым тимегендіктен, өзімде түзу оригиналы қалмай, ең соңғы түзеткенімді сіздерге жіберіп отырмын. Сондықтан бұл оригиналды өзіме қалдырып, көшіріп алуларыңызды, оригиналымды Ғабит Мүсірепұлына берулеріңізді өтінем. Мен содан алармын.

Сәбит.

P.S. Кейбір өте керекті цитаттарды цифрмен нөмірлеп отырып, платформаның аяғында қай кітаптан алынғанын орысша жазумен көрсетіп қойдым.

СМҒМӘММК – 3-ЖА, 168-б.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

г. МОСКВА
Усачева 64.
Балкашеву У.М.

Үміт!

Айнала ойлап, аз да болса оқуды мақұл көрдім. Ленинград университетінің әдебиет бөлімінің 2 жылдығына түстім. Қазақстаннан 80 сом алатын болғам. Алдамас деймін. Мәриям мен балам елде қалды. Қыс ортасында алдырмақпын. Әзірге күйімді бұзып тұрған нәрсе – пәтер. Ленинградта пәтер тегін деген сөз жалған екен. Айына 40-45 сомға бөлме табалмай сорым қайнап жүр. Оқу басталды. Бөлменің азырақ бөгеті бар. Кейде іздеп таба алмағанда кейіп те қоям. Хатыңды алған соң, бұл амандық білдіргенім. Кейін ұзағырақ хат жазысармыз. Әзірге осы адреске жаза берсең де оқасы жоқ. Жаңа адресті хабарландырам ғой.

24-IX-28-ж.

СМҒМӘММК – 3-ЖА, 58-б.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

17/X. 28 ж.

Үмітбай!

Хабарласпай кеттік. Оқуға кіріп алдым. Сабақтан қол босамайды, сағынып қалыппын. Кітаптан бас алмаймын. Оның үстіне «Адасқандар» деген жазып жүрген бір үлкен романым бар еді, соны ептеп қажаймын. Мәриям елде. Келемін деп хат жазады. Қысқы каникулда келеді-ау деймін. Елге өзім барармын деп ойлаймын. Рүстемнен хат алдым. Кәнфескация бітіпті. Мұқаметқали Нұрпейісұлы үй-ішімен

түгел ілегіпті. Біздің болыстан Әлтидің бір баласы, Абылай, Көшкенің Жақыбы, Арбабайдың Әбдірі. Конфескацияны изучать етіп жүрмін. Үлкен тарихи жұмыс. Ғабит хат жазып тұрады. Менен университеттің программын сұрап алды. Даярланғысы келе ме, қалай? Өзім келе сала «төре» боп, земляшествоға мүше болдым. Кейбір жаңа мәселелерден пікірлесейін деп ойлап ем, бірақ онымды кейінге қалдыра тұрдым. Хат жазысып тұрайық. Мәскеу иек астында, жақын тұрған сықылды сезім береді. Октябрь мейрамында қатынасып алсақ қайтеді. Сен маған Қасен Нұрмағамбетұлының адресін жібере аламысың? Білсең! Жәмпейісті Қалел дейтін ұрылар, көзін ойып, құлағын кесіп, мазақтап өлтіріп кетіпті. Бейшараны аяйтын ем. Таршылық тұрмыс, оны сондай қылмысты адам қылып еді. Бұл бір үлкен роман. Айтпақшы, Шәукер не халде екен? Білдің бе? Әзірге осымен қанағаттана тұр. Тағы да жазысармыз. Ендігі хатым үлкен болады.

Жолдасың: Сәбит.
Ленинград, Центральн. район.
ул. Плеханова 42, кв.19.
Муканов Сабит

Менің адресім бұрынғыдан осылай боп өзгерген. Былтыр журнал деген пікірлерің бар еді, не қылдыңдар, біз де қолдар едік, бірігер ек. С.М.

СМҒМӘММК – 3-ЖА, 58-6.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

Үміт!

Амандық. Көптен хат жазысқамыз жоқ. Мен өзім сені ұзақ хатпен бір-ақ тойғызбақ ем. Сол тойғызам дегенімді бүгін жазғалы отырмын.

Алдымен біздің Қызылжардағы секцияның ісі туралы: бізде, өзімізше, іс оңды. 15 күнде бір рет регулярно әдебиет кружогымыз боп тұрады. Кәзір әдебиет тарихынан, қисынынан онға жақын мәселе талқыладық. Педтехникум, Казкоммуна, Совпарт сықылды мектептерде әдебиет сабағын береміз. Биылға шейін ондайлар болмаған.

Болса Мағжандар берген. Әдебиет бетіміз айында бір шығады. Қос жүре түзеліп, жүре түзеп келеміз. Әнеу күні әдебиет кешін жасап 700 сомдай ақша таптық. Көкшетаудағы жолдастар да сауық кешін қоймақ боп жатыр. Соларға «Жарыс» деген альманах шығаруға ұйғардық. Мүшелеріміздің саны 20-ға тарта бар. Жастардың ынтасы оңды. Міне, біздің секцияның ісі осы. Ал, Орталық басқарма мен келгелі алақандай қағазға бір ауыз сөз жазып, байланыс жасаған жоқ. Газетте, ұйым атынан сөйлегенде жер-көкке сиыспайды. Сол ұйымның не істейтінін білмей-ақ қойдық.

Крайкомның пленумының қаулысын оқыған шығарсың. Бізде дұрыс. Жақында ол туралы баяндама жасап, дұрыс дедік. Ғабит жазған «Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы»-ны да оқыған шығарсың («Е.Қ.»). Менімше, Ғабит қателесті. Сәкен мен менің әдебиеттегі объективный қателерімізді айтса да, біраз ұрсуына жететін еді. Тұк дәлелсіз «жікшіл» деп шыға келгені дұрыс болмады. Бейімбет пен Ільяс туралы менің көзқарасымды сен өзің де білесің. Пікір алалығын «жікшілдік» деуге болмайды ғой...

...Тегі, Ғабит соңғы кезде Бәйділдиннің белсенділігіне түсіп барады. Ол шал өзі ғана дұрыс жолда сықылды. Өзіне жақында хат жазып, боқтап, оның қате белсенділігін көрсеттім. Не дерін өзі біледі. «Менен басқа коммунист жоқ» деуі жарамайды ғой.

Ғабит мақаласында бізді істемейді деген. Анығында ұйым жұмысын менен артық істеп жүрген Ғабит жоқ. Айналып-үйіріліп келгенде, Ғабиттікі маған атақ алу үшін жолдасын «жамандай» салғысы келген бірдеме сықылды боп көрінді. Қалай деп ойлайсың, хат жаз.

Өзім жұмысбастылау боп жүрмін. Әйткенмен, Қазақстанның 10 жылдығына «100» деген бір ірі нәрсе жазып жатырмын. Майда бітірем. Басқа да ұсақ-түйектерім бар. «Қазақ әдебиеті» дегенді (сен сұратқан) жазып болуға айналдым. Енді оншақты күнде жіберем.

Алдағы қыс оқуға барам.

Ел аман. Округ жаппай колхозданып жатыр. Екпін қатты. Байлар табын жою науқаны да қызу кетіп барады.

«Жарыс»-қа сын сықылды бірдеме яки әдебиеттің теория мәселесіне бірдеме жазып жібер. «Жарыс» мартта шығады.

13.III-30-ж.

Жолдастықпен: Сәбит.

Адрес: Петропавл. Торговая 68, мне.

СМҒМӘММК – 3-ЖА,196-б.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

Үмітбай!

Ғабит сені Алмата келеді деп отырды. Амандық. Мен де сонда барам. Касен хат жазғанда «Энциклопедияда қазақ әдебиеті жоқ, бәрі қате жазылған» деп жазыпты. (Әдебиет энциклопедиясын айтам). Атты кісіден түйелі кісі бір табан құдайға жақын тұратын еді ғой, сен сол арадан өз пікіріңді жазып, жаздырып кетсейші. Әсіресе төңкеріс кезіндегіні. Мен жазам ба деп ем, болмады. Майдың онына шейін Торговая 68-ге хат жаз. Жаңалықтарыңды айтарсың.

Сәбит.
12/IV-30ж.

СМҒМӘММК – 3-ЖА, 198-б.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ү. БАЛҚАШЕВҚА

Алма-Ата,
Казиздат.
Балкашеву У.

Қайсар, Үміт, және басқа ептәшләр!

Алматыдан келе, Окружком мені перегибке жіберіп, содан жақында келдім де, бір айға (25 майдан) демалысқа кеттім. Демалысым біте барам. Сен екеуің де жаңа сәуріксің және менің начальнигімсіңдер ғой, айғырси көрмеңдер, жаным.

Әзірге амандық. Демалыс алған себебім – Алматыға барғасын демалмаймын ғой дедім.

Сонымен, содан кейін, сүйтіп тұрғанда, әлгіндей неткеннен кейін, нетіп, маған не Ғабиттің, не Қамзаның пәтерін даярлап қойыңдар.

Олар оқуға барады деп естідім. Әйтпесе басқа пәтер табыңдар. Таппасаңдар үйлеріңде қатын-баламмен жатып алам.

Сәбит
26/V-30-жыл.

СМҒМӘММК – 3-ЖА, 199-б.

* * *

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ – С. МҰҚАНОВҚА

1931 жыл, 3 февральда
Елсіздегі Саят қорада жазылды.

Ардақты Сәбит бауырым!

11/ XII да жазған хатыңызды жаңа ғана алдым. Бүгін Аягөзге жүрмек адамнан осы хатты асығыс жаздым. Қолымда барынан біраз ғана жазбамды жібердім. Олар: «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақ әңгімесі», «Қазақтың түп атасы», жиырма бес жасымда жазған – «Бозбала мен кәрілік», отыз екі жасымда жазған – «Баламен айтысып жеңілгенім». Қолымда қаражаттық ақша жоқтығынан бұларды өзіңіз почта қаражатын төлеп алар деп доплатной қылдым. Бұрын басылған: «Қазақ айнасы», «Еңілік–Кебек», «Қалқаман–Мамыр» деген өлеңдерімді әрбірінен өз қаражатыммен 1000 /эгземпляр/ дана бастырып елге таратып едім, «Қазақ, қырғыз, қалмақ, түрік шежіресін» де бір мың бастырып таратып едім. Соларды балаларға іздетіп, шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып; бұрынғы басылғанында қате бар, әм қосылмаған сөздер бар болғандықтан көшіріп жатырмын түзетіп. «Әділ, Мария» деген романымның көшірмесі Алматыдағы осынан барып қызметте тұрған Бағдәулет Құдайбердіұлында бар шығар. Оның тұрағы Алматыда, Лепсинская көшеде, №63. Сол балада: Американың Пешірстав деген әйелі жазған құлдар тұрмысы жайынан, «Том ағай балағаны» деген қазақшаға аударғаным бар шығар. Бірақ оларды бастырам деп рұқсат алып еді. Ол екеуін бір баламыз өлең де қылып еді, табылса менің сөзше жазғанымды бастырғаныңыз мақұл, өлеңшесін өзіңіз білесіз.Қолымда «Шыныбақ әңгімесі» деген пьесаға аударуға лайықты бір романым бар болса да,

басқа кісі оқый алмастық шорнабай болғандықтан, көшірмей жіберуге болмайды. Және Пушкиннің «Дубровский» деген романын қазақша өлеңге аударып ана бір жылы Семейде бастырылып еді. Ол үйде бар еді, мынау адамнан жіберуге болмады. Бұлардан басқа да аудармаларым, өлең, сөздерім бар, бірінші уақыт тығыз болып, екінші қырық бес жасымнан бергі өлең, сөздерім философия жағына салынып: об отвлеченного вопроса объективное рассуждение болғандықтан, үкімет басуға рұқсат қылмас және бұл кезде халыққа тарату да лайықсыз ба деп жібермей қалдым. Себебі: жан сыры, жаралыс сыры, дүниедегі тәмам шатақ діндер туралы жазылған. Қырықтан аса бергенімде: Жан не? Дін не? Барша әлем қалай жаралған, адамға жаратушы жағынан не өзінің ар, нысабы жағынан салынған міндет бар ма? Болса ол не? Адамда толық ерік бар ма? Жан өлген соң жоғалатын зат па? Адам бұл өмірде не ғылған жөн? деген сияқты ылғый дене сезімімен сезілмей іш жаққа: әдетіне, дініне, нанғанына, құмарына бұрылмай ойлайтын ноқтасыз — таза ақылмен ғана білетін істер туралы: дін ғалымы, ғылым ғалымы, ойшыл философтардың бұл туралы жазған кітап, айтқан сөздерін өзімше сынға алып, дұрысын алып, терісін тастап шығарған қорытындыларым еді. Мен: пәлен пайғамбар, түгілен профессор айтты дегенге тоқтап қалмаймын. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл алардық дәлел айтса, ол кім болса да бас ұрам. Мақтанып кеттім. — Мақтан емес іздегенім, тамам адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан хақыйқатты айтпай тұра алмаймын. Еріксізбін.

Міне, осыны айтып отырғанымда адамшылық арым: барша адам баласына пайдалы деп 30 жыл инемен құдық қазып тапқан хақыйқатты неге жіберіп, алдымен осыны басуын неге тіленбейсің деп еркімді билеп, "Жан сыры, Жаралыс сыры" деген қысқаша қорытындымды тағы жібердім. Әттең, дүние, осыны құры қазақша ғана басып қоймай, орысшаға да жақсы переводпен (смыслен.) переводтап, ғылымды азаматтың бірі еңбек етіп, переводын өзіме көрсетер ме еді? Қазақшасы тез басылып шығар ма еді? Тірі күнімде не қарсы айтылған дәлелді сындарын, не білімді ойшылдардың қабыл алғанын біліп өлсем армансыз болар едім. Бұл "Жан сыры", "Жаралыс сыры" басылмайтын болса, тез қайтарғаныңызды өтінемін. Лажы болса, қолжазбаларымның бәрін қайтырып отырарсыз. Тағы бір тілегім: менің қай жазбам басылса да, басылысымен баспахана харажатымен маған әрқайсысынан елу данасын жіберсеңіз екен. Балаларыма, достарыма мирас деп беру үшін. Қайсысы басылса да

Мұтылған деген атыммен басылғаны жөн болар еді. Бір сөзім: менің кейбір өлеңдерім қазақтың бұрынғы өлең, жырларының әнімен айтылмайды, әрқайсысының өзім шығарған әні (матифы) бар. Әнді хатпен ұғындыруға болмайды. Өзім барып ұғындыруға, жергілікті үкімет басындағы кейбіреулердің қараңғылығынан қолда қаражат, баста бостандық қалмай тұр. Хош! Бақытты болыңыз! Мұтылған"(1).

P.S. Бұл хаттың Шәкәрім Құдайберді ұлынікі екенін, біріншіден — аталған кітаптардан білдім, екіншіден — хатта аталған Бағдәулет деген баласы келіп айтты. Кітап беріп жібердім деген адамы әкеп берген жоқ. Почта мен салдым деген кітаптары келген жоқ, баласы қолдарындағы кітаптарын берген жоқ. Хатқа «Мұтылған» деп қана қол қойылған.

/С.Мұқанов/
Қолтаңба
5/V — 1952 ж.

ҚР ОММ, 1634 қор.
Қолжазбаның түпнұсқасы араб әрпінде.

* * *

С. МҰҚАНОВ — М. ӘУЕЗОВКЕ

Мұхтар! (Әуезұлы)

Бұдан бірер жыл бұрын біз екеуміз екі таптың жыршысы ек. Марксизм объекті мен субъектіні бірінен-бірін айырмайды. Объективно тап тартысында бір-бірімізбен майдандасқан адам болғандықтан, сені білмеймін, менің өз қара басымды алсақ, сені субъективно да ұнатпайтын ем. Сөйткен саған менің осы хатты жазуымның өзі көлденең қараған адамға ұқпайтын нәрсе сықылды көрінуі мүмкін. Өйткені тап тартысы біз майдандасатын кезден күшеймесе кеміген жоқ. Таптар біткенмен, тап өкілдерінің татулығы болу мәселесі әлі ерте. Және қарсы таппен біз татуласып жақындаспаймыз, жоямыз.

Сенің газеттерге жазған хатыңды, Жазушылар ұйымының жиылысында айтқан сөзіңді оқыған адам, марксизмге таныс адам, әрине, бұл хатты жазғанға таңданбайды. Бұл заңды хат. Адам тас емес.

Адамның дүние тануы тұнған су емес. Бүгін дұрыс деп санаған пікір ертең хата болуы, хата пікірден адамның қайтып, жаңа, дұрыс пікірге көшуі адамның адамдық қасиетіне сыпайы нәрсе. Марксизмнің идеализмнен, дөкір (грубый) материализмнен айырмасы: әр нәрсені қозғалыс түрінде (в движении) алады, ой-сананы тұрмысқа, материалды өмірге тірейді. Адам баласының өмір тану ретінде өзгермейтін ең соңғы ғылымы — марксизм болатын себебі де осы. Марксизм өмірді танудың дұрыс әдісі (метод). Сондықтан ол: барлық өмірдің өркендеуін диалектикалық материализм көзімен таныған сықылды, өзінің өркендеуін де осылай таниды. Марксизмді ленинизм өркендетуі, ленинизмді Сталиннің ілгерілетуі осы дұрыс әдіс, дұрыс ғылымнан туған нәрсе.

Олай болса, сенің хатыңды, сөзіңді көріп марксшыл адам таңданбайды. Бұл заңды, табиғи нәрсе деп табады. Бір таптың жоқшысы болып жүріп, екінші тапқа көшу тарихта бірінші рет болған нәрсе емес. Әрине, мұндай көшудің екі түрі бар:

1) Устряловшылдық.(1.) Бұндай әдіс бізде Жүсіпбекте, тағы басқаларда болды.

2) Шын ықласымен, ескі жолының қателігін танып, жаңа жолға айқын түсініп келгендер.

Біз сені қас күніңде де бағалайтын ек. Өйткені Мағжан мен сен Кеңес Үкіметіне қастықтарыңды ашып айтатын едіңдер. Сондықтан сенің пролетариат тілегіне келуіңді де адал келу деп ойлаймын. Бұл сенің көңіліңді көтеру емес, шыным. Біреулер сенің жазаға тартылғаныңа байланыстыруы мүмкін. Оған повод бар да. Өйткені Достоевский жазаға тартылғаннан кейін, төңкеріс пікірінен пышақ кескендей айрылып, барып тұрған реакционер болғаны мәлім. Күшке көнетін кісі де, көнбейтін кісі де болады. Ескі пікірінде шын қатқан тұрақты адам жазаның ауыры — өлімге бара алады. Менің өз қара басым сені қорқудан емес, ұяттан келген адам (не перед страхом, а совестью) деп ойлаймын. Олай болса, күдіктің орны болмауға тиіс. Және болуға мүмкін де емес. Үйткені әрбір адамгершілік санасы бар адамның негізгі ойы — біреуді біреу құлданбауда, адам баласы теңдес өсуде болу керек. Бұған сөз жүзінде Каутский де, Чемберлен де қарсы емес. Кәтте, «Пуанкаре-война» атын алған Пуанкаре де емес. Лига нацияны Пуанкаре құрған. Лига сөзде қару тастауды кеңес қылғалы қанша болды? Бірақ, әңгіме сөзде емес, істе. Марксизм іс пен сөзді қатар алады. Олай болса, іс жүзінде адамды адаммен теңдестіруге қандай жол дұрыс апара алады? Қай топ оны істеуге әлі келеді?

«Өндіріс құралы жеке меншікте тұрғанда, біреуді біреу құлдану қалмайды» деген Маркс. Бұл марксизмнің негізгі жолының мықты бір бұтағы. Адам — қоғамдас мақұлық. Жеке адам өзін-өзі ешуақытта асырай алмайды. Қоғам мүшесі біріне бірі көмектесіп, бірінің жоғын бірі табады. Олай болса, олардың бірлесіп жұмсайтын құралы ортақ және өндірушінің өз еріктерінде болу керек. Пролетариатқа шейінгі тап біреуді біреу құлдану негізінде құралған тап болғандықтан, бұны істе жүзеге асыра алмайды. Жүзеге асырса өзін-өзі жою керек. Өзін-өзі жою олардың қолынан келмейді.

Маркс неге пролетариатты басқа таптан таңдап алды? Қара шаруаның да біразы еңбек иелері, оларды неге алмады? Маркстің пролетариатты таңдауы — олардың өзгеше боп жаралғандығы емес, олар да адам баласы. Олардың өзге таптан өзгешелігі — жекешілдік бағыт, меншік жоқ. Оларда еңбек ортақ. Олар — ортақ тұрмысқа үйренген, сондықтан олардың ортақ қоғам жасауға әлі келеді. Энгельс: «капитализмнің бір пайдасы — өндіріс құралына ортақ, меншіксіз адамдарды өндіріске жиып, ортақ қоғам жасауға способный пролетариат жасап берді» дейді. Маркс адамға қарсы емес. Ол — адамшыл. Ол — адамды адам жеуге қарсы. Ол — қанаушыны жоюға ұран тастаушы. Осы шын мағынасындағы адамшылық өмір жасауға әлі келетін тап — пролетариат. Оған пролетариаттың тұрмысы куә. Марксtің пролетариатқа сүйенуі, марксизмнің пролетариат идеологиясы екендігі осыдан.

Маркстың еңбекші қара шаруаға сүйенбегені — онда жекешілдік бағыт күшті. Қара шаруа пролетариатпен одақтасқан күнде ғана социализмге бара алады.

Іс жүзінде адамды теңдестіру пролетариаттың қолынан ғана келсе, кім де кім пролетариатқа қарсы болса, сөзінде пәленмін дегенмен, ол адамгершілікке қарсы. Бұны түсінген адам сөз жоқ пролетариат тілегіне көшеді. Марксизм — адам баласының миллиондаған жылдар жасаған күресінің, өркендеуінің ең жоғарғы мұнарасы. Кім де кім осы мұнараға шықпаса, биік мұнарасы — коммунизмді көре алмайды. Сондықтан, сен сықылды адамдардың марксизмге келуі, ең алдымен, адамгершілдігін өтегендігі.

Сенің бұдан былайғы әдебиет, шығарма жұмыстарыңда біраз қиындықтар болуы мүмкін, өйткені, сен пролетариат тілегіне қарсы болған адамсың, сондықтан пролетариат саған біразға дейін сене алмайды. Сен «қателесем бе» деп біразға дейін жалтақтық істеуің мүмкін, «жасасын» жағын басыңқырауың мүмкін. Пролетариат әрине, сенен

оны тілемейді және ондай шарт қоймайды. Пролетариат сынды, өзара сынды жақсы көретін тап. Кемшілігін жасырмайтын тап. Ол кемшілікті ашуды тілейді. Бірақ қалай ашады? Мәселе осында. Біздің тұрмыстың жарық жағымен қатар күңгірт жағы да бар. Ол күңгірт пролетариатқа закономерный емес, ол ескі таптан қалған мұралар. Оларды ашу социалистік реализм. Бірақ ашқанда пролетариатша ашу керек.

Қазақстанның былтырдан бергі жағдайында перегип арқылы біраз қиындықтар болды. Бұл қиындық, пролетариаттың таптық тілегінен туған қиындық емес, жеке адамдардың дұрыс басқара алмағанынан туған қиындық. Осы қиындық біраз адамдардың ішіне күдік салуы, «марксизм ұсақ ұлттардың жүрер жолы бола алмайды» деген ойға келтіруі мүмкін. Әрине, ол марксизм ғылымына піспеген адамның ойы. Марксизм дұғалық емес, істің құралы. Төңкерісшіл пролетариат төмен қалған ұлттарды социализмге апара алады. Ол біздің Одақта дәлелденді де. Ал Қазақстан жайында болған перегиптерге марксшіл адам сын көзімен қараумен бірге, перегипті жоюға жәрдемдесу. Марксизм төңкерісшілдікті іс жүзінде сынайды.

Бұл сөздер әрине, үгіт емес (сен сықылды пікірі ержеткен адамды үгіттеудің өзі, бір жағынан қарағанда балалық болар еді), марксизмнің негізін айтқандық.

Мен өзім партияға өтірік кірген адам емеспін. Бірақ, басында ақылмен емес, жүрекпен кірген адаммын (бұл демагогия емес). Өйткені мен партияға кіргенде марксизмнің ғылымының негізін шала білетін адам едім. Бірақ партияға кірдім. Осының өзі странно көрінуі мүмкін. Бірақ, онда түк таңдану жоқ. Бұл марксизмнің құрғақ теория еместігіне, марксизмнің тамыры еңбекші халықтың ішінде өсетіндігіне дәлел. Марксті білмеген еңбекшілдер толып жатыр. Марксизм солардың ішінен өскен. Біреулер шен үшін партияға кірді. Біреулер күн көріске кірді. Мақтануын ішіне ала сөйлегенде, менде мұның бірі де болған жоқ. Білім кемдігінен болған хаталықты былай қойғанда, мен өз қара басымды таза пролетариаттың ісіне берілген адаммын деп санаймын. Күңгірт жақтарым болды. Бірақ, мен қоғам ісіне қатынасқалы, бір жолда келем деп тарих алдында мақтана алам. Келешек өз алдына.

Өскен сайын (ой өсуін айтам) адам, әрине, объективно бола бастайды. Мен өз қара басым тұрмысқа объективно қарай алғаным сықылды (осы күнде), Қазақстан жағдайының кәзіргі күйіне объективно қарай алам. Қазақстандағы қазіргі еңбекші таптың перегиптен көрген қиындығына іші ауырмаған адам коммунист емес, олар — баққұмар, арамтамақтар. Бірақ, құр іші ауырып қою күрестен қол

тарту болар еді. Оның арты кеңес Үкіметінен, социалды идеядан қайту болар еді. Оған өз қара басым бара алмаймын. Партияның бұл перегипті түзеуге әлі келуіне сенем. Құр сенімде ешнәрсе болмайды. Біздің мақсат — перегипті түзесуге көмектесу. Көмекке әркімнің мамандығынан құралы бар. Біздің құрал — көркем әдебиет. Сондықтан біздің мақсат көркем әдебиетпен қазақ еңбекшілерінің тұрмысын түзесуге жәрдемдесу, партияның кесіпке, колхозға ұстап отырған жолын түсіндіру.

Біз Алма-Атада көріскенде жөнді сөйлесе алғамыз жоқ. Біздің сенімен сөйлескендегі мақсатымыз, сені үгіттеу емес, түзелем деп алған бетіңе жолдастық көмек көрсету. Сол көмек кеңес ретінде осы хатты жазуға тура келді. Хатта толық пікірді айту мүмкін емес, менің бұл хаттағы міндетім, бар мәселені айтып бітіру емес, бірінші — сөзіңе сенгендігімді білдіру, екінші — пікірімді айту.

Егер сен бұрынғы Мұхтар болсаң, «қанжығада көрісерміз»-бен айдай берер ек. Кәзір ол пікірден, әрине, аулақпыз. Түзелуіңе бізден керекті жәрдем болса, қолдан келгенше аянбаймыз. Сенің міндетің — біздің алдымызда емес, пролетариаттың алдында (біз де соның ішіндеміз ғой), сөзіңді іс жүзінде ақтау.

Жолдастықпен: СӘБИТ МҰҚАНҰЛЫ.

Араб әрпімен жазылған хаттан көшірме.
С.М.

21-февраль-1933-г.
Москва

(1.) Николай Васильевич Устрялов — Кадет партиясының мүшесі, профессор, журналист, 1918-20 жылдары Қиыр шығыста, одан кейін, 1921-22 жылдары Парижда шыққан «Смена вех» («Нысаналарды ауыстыру») журналының редакторы. Оның теориясы бойынша, азамат соғысында жеңіп шыққан Совет өкіметін сырттан құлата алатын күш жоқ. Оны құлатуға мүмкіндігі бар жалғыз жол — совет қызметкері болу, мүмкіндігі бар жерде коммунист партиясына мүше болу, сөйтіп Советті де, партияны да іштен шірітуге тырысу. Бұл «теория» кейін — «Устряловщина» (Устряловшылдық) немесе «нысана өзгертушілдік» (Сменовеховщина) аталып кетті. Совет өкіметі Қазақстанда орнай бастаған шақта, қазақтың коммунистік партия байшыл-ұлтшылдары осы «Устряловшылдықтың» бір бұтағы).

* * *

С. МҰҚАНОВ – І. ЖАНСҮГІРОВКЕ

Ілияс!

Аманшылық. Оқу июльдің басында бітеді. Одан бері съезд болады ғой. Сонда көрісерміз. Қазіргі жұмыстарыңның күштісі съезге даярлық болу керек. Оны істеп жатқан шығарсыңдар. Жанайдар осында жатқан көрінеді. Бірер барып жолықтыра алмадым. Съезд кеңесінен сөйлеспек ем. Менімше съезге: сен, Сәкен, Бейімбет, Мұхтар төртеуің обязательно келулерің керек. Он мүшеден бір өкіл ғой. Мұнда аты өкіл ғана емес, жазушылық бетін көрсете алатын, барлық мәселеге сөйлеп, қазақ әдебиетін таныта алатын адамдар керек. Ғабит бар, жоғарғы төртеуің бар, сендер келмесеңдер көзге көріну көңілдегідей болмайды.

Сенен Үлкен өтініш: жинағыңның 1-томы шыққан екен, екі бөлімде хрестоматия шыққан екен, соны маған не қатынасқаннан жіберт де, не ала кел.

Жұмыстарыңды жандандыру керек. Ананипқа мұнда ұрысыңқыраған көрінеді.

Басқа кеңесті келгенде сөйлесерміз.

Адресім өзгерген.

Ж.бен: Сәбит.
Остоженка 53. ИКП
ком. 63 мне.
Москва қаласы.
19 сәуір, 1933 жыл.

ҚР ОММ, 1368 қор, 1-тізбе, 1-іс, 96-бет
Қолжазбаның түпнұсқасы араб әрпінде.

* * *

С. МУКАНОВ – М. ЖУМАБАЕВУ

МАГЖАН!

от Сабита.

На днях я случайно видел одного парня по фамилии Ауэльбеков, который жил с Вами вместе, отбыл срок заключения и едет домой.

Если он дал Ваш адрес правильно и Вы получите мое письмо, оно Вам на первый взгляд покажется странным. Вполне естественно, так как мы представители двух классов, интересы которых совершенно противоположны. Однако я не хочу Ваше тепершнее положение ставить Вам в упрек. Карательная политика нашей власти не имеет цели угнетать человека, наборот, в процессе труда помогает ему исправиться.

Вы, перед рабочим классом совершили большие грехи, шли против его идей и интересов. Большевики всегда подтверждали и подтверждают, что там, где необходимо, они применяют меры насилия, но это насилие не всегда разрушает все, что ему не нравится. С классом буржуазии рабочий класс не примиряется, а его уничтожает, как говорил Ленин. Но отдельные личности его могут переродиться. Такие случаи в истории бывали не однажды.

Вы безусловно один из великих мастеров слова нашего времени. Казахская письменная литература пока имеет трех крупных поэтов и писателей, создавших эпох: Абай — вершина феодальной литературы, Вы — вершина буржуазной литературы, Сакен — вершина советской литературы. Наша критика это положение отмечала не один раз.

Вы, правда, в 1928 году писали 2 стихотворения: «Собрание 90» и «Толгау». В этих стихотворениях были заметны попытки делать шаги в сторону советской идеологии. Должен признаться, что я допустил отдельные недооценки положительных качеств этих произведений, хотя основной сюжет понял правильно. Оттого ли, что мы этим оттолкнули Вас или имеется другая причина, Вы больше не повторяли этих шагов.

Гибель буржуазного класса и закат его культуры утверждаем не только мы, коммунисты, но и сами представители этого класса. В этом отношении характерно беседа английского буржуазного писателя Уэллс с т. Сталиным (Рекомендую Вам прочесть эту беседу, «Большевик». №17, 1934г.).

Тот кто старается восстановить разрушающуюся буржуазную культуру и служить интересам гибнущего класса, тот «льет воду на песок и ожидает урожай» как гласит казахская пословица. Поэтому вся честная интеллигенция всего мира делает резкий поворот в сторону признания растущей культуры пролетариата, изъявляет желание участвовать в ней. Эти люди, по моему, оправдывают прежде всего свой человеческий долг. Потому что человеческое общество избавится от гнета одной его части над другой только через диктатуру проле-

тариата. Мы, коммунисты, оказываем всемерную поддержку в деле перевоспитания их. Вот, например, Ауэзов Мухтар, Ваш вчерашний единомышленник сегодня признал свои ошибки, встал на советский путь и он пользуется поддержкой партии и правительства наравне с писателями-коммунистами.

Тов. Сталин в беседе с писателем Уэллс отмечает, что независимо от того, что отдельные люди субъективно не против идеи социализма, но он, не признавая насильственного низвержения буржуазной диктатуры, объективно станет его защитником.

Независимо от того, когда пролетарское государства Вам простит Ваши проступки, я ставил бы перед Вами один вопрос: кому должно служить Ваше поэтическое перо в будущем?

Надеюсь, Вы мне ответите.

За последние 2-3 года я занимался в Институте Красной Профессуры литературы. В 20-х числах ноября еду в Алма-Ату на постоянную работу. Семья пока останется в Москве. За ней я приеду в конце декабря.

С приветом – Сабит.
2/XI-1934г. Москва.
Мой адрес: Москва,21,
Остоженка 53, ком.62 (шестьдесят два)
Муканову С.

ЛММКСМГМ – 4-ЛА, 65-с.

* * *

С. МУКАНОВ – К. РЫНДИНУ

Письмо казахского поэта Сабита
Муканова тов. Рындину.

Дорогой Кузьма Васильевич!

Сегодня я выехал на Магнитогорска в Троицк, оттуда, как с Вами договорился, через Усть-Уйский и Звериноголовский районы Челябинской области поеду в Казахстан.

В своем двухмесячном пребывании в этой области кроме одного стихотворения «Тельман в Москве» на тему заводов вашей области, я почти ничего не писал. Это не потому, что у меня не накопились материалы. Я их собирал больше, чем предполагал до приезда. Вы знаете, что тов. Сталин назвал писателей инженерами души человечества. Это слово нашего любимого и родного вождя обязывает нас относиться к своим творчествам так же серьезно и вдумчиво, как инженер в технике при выработке новой конструкции — машины. Работа инженера души, мне кажется, даже сложнее,чем работа инженера техники. Делать и переделать людей, преданных делу социализма в стране, где подавляющее большинство 17 лет тому назад было частными собственниками и заражено капиталистической язвой — задача исключительно трудная. Ее могут решать только большевики, большевистские писатели. Поэтому, если кто-либо из нас на скорый спех стряпает произведение на тему таких гигантов, как заводы вашей области, о их строителях, кроме брака ничего хорошего не даст.

В беседе со мной молодые ударники ЧТЗ: Смагул Бектасов — казах, Самат Хайрутдинов — татарин мне говорили, что «Во многих отношениях мы перекрыли Америку». Я в этом не сомневался. Десять лет тому назад я проездом остановился в г. Челябинске. Тогда он выглядел из себя обыкновенной сибирской отсталой, большой деревней. Теперь его окружают такие мировые гиганты, как ЧГРЭС, ЧТЗ, Станкострой, Ферросплав, Бакалстрой и т.д.

Возвращаясь однажды на машине из «Челябугла» ночью и озирая социалистическую Челябу, утопленную в светах электрических лампочек, густых как звезды на небе при ясной погоде, я невольно вспомнил мечту великого русского мыслителя 21 века Герцена. В «Былое и думы» он мечтал, что «если отделить богатую Сибирь от крепостной России, из нее очень легко было бы делать Америку». Военно-феодальная Россия не могла осуществить эту мечту Герцена. Огромные богатство Сибири лежали веками не использованными, их сумела использовать лишь наше социалистическое отечество, где освобожденный труд.

Говоря о великих достижениях нашей родины, мы привыкли обыкновенно выражать, что «большевики творят чудеса». Маркс в «Немецкой идеологии» неоднократно подчеркивал консервативность языка. Мне кажется, что мы большевики, творим на самом деле больше, чем чудеса, наш консервативный язык не может найти новый термин этому творению. «Могамет во сне путешествовал в рай»,

«Иссус Христос воскрес» — вот что называлось чудесами в старом мире. Разве старый мир взятый с его разными этапами развития (включая даже капитализм) вместе, мог творить такое чудовище в наикратчайший срок, как Магнитогорск? Нет. Над созданием такого завода, не говоря о феодализме и другой общественной формации, сам капитализм работал десятилетиями.

Пять лет тому назад, согласно рассказа казаха-ударника Нурмухаметова, здесь была огромная, безлюдная степь. На этом месте раньше кочевал казахский род Жагалбайли, его вытеснил царизм и с того времени земля Магнитогорска лежала в полном спокойствии. Никто ее не беспокоил, не говоря о добыче руды, огромная площадь лежала не засеянной. Вот на этой земле большевики в один-два года строили мировой гигант.

В казахских народных песнях отмечалось, что «на почве Акжайк (река Урал, на которой стоит Магнитогорск-С.М.) растет и умножаются лошадей так много, что владельцы еле управляют с ними». Если взять все машины Магниторгского комбината вместе, то оказывается, их ежесуточная сила равняется силам полутора миллиона лошадей. Создание в кратчий срок такой силы, мне кажется выше всех чудес.

Бывал я в совхозах и колхозах Магниторгского округа. Повторяю — Магниторгская земля богата не только рудою, но и почвой. Жизнерадостный старик — казах Шаймухамет, член колхоза «1-й май». Верхне-Уральского района нам заявил, что в этом году он думает получить 500 пудов хлеба, хотя ему 65 лет и нет работника в семье, кроме себя. Совхоз «Магнитный» в этом году собирает с гектара в среднем 16 центнеров, количество гектаров там 14 тысяч. Какой большой сев, какая плодовитая почва!

В заводах мне объяснили, что эта машина взята из Америки, а та из Германии и т.д. Но никто не мог заявить, что тот или иной ударник, энтузиаст социалистического строительства куплен из буржуазных стран. Правда, у нас в заводах работают небольшое количество иностранных рабочих, но они, во-первых, в общем количестве рабочих составляют самое мизерное число, во-вторых, приобщаясь с рабочими страны социализма они быстро перерождаются. Ярким примером служит австрийский рабочий (фамилию забыл), который в этом году ездил на родину, видел нищету рабочих и вернувшись оттуда поместил статью в «Челябинский рабочий» и пишет, что он больше туда не поедет.

Таким образом, если в технике мы кое-что взаимствуем от капиталистических стран, конкретно говоря, отдельные машины в наших заводах являются их творчеством, то люди, работающие в наших заводах являются продуктом исключительно советского и коммунистического воспитания.

Таких строителей, как у нас, человеческая история никогда не знала и не создавала, их создают только большевики.

На самом деле, если смотришь на национальный состав рабочих Магнитостроя, то увидишь, что здесь работают люди из 36 разных национальностей. Эти люди между собой так дружны, как будто родились от одного отца. Здесь обнаруживается опять-таки консерватизм языка. Люди от одного отца могут идти по разным направлениям, а рабочие разных наций так не идут. У них один путь — социализм.

Эти социалистические люди меня, как писателя, везде встретили с родным, братским отношением. Я очень рад, Кузьма Васильевич, что приехал в эту область и буду еще больше радоваться, если сумею творить произведение, описывающее это великое строительство и эту прекрасную жизнь.

Жму с коммунистическим приветом Вашу руку —

Сабит Муканов.
20-VIII-35 г.

ЛММКСМГМ — 4-ЛА, 142-с.

* * *

М. ЖҰМАБАЕВ — С. МҰҚАНОВҚА

Құрметті жолдасым, Сәбит. Сіз менің Петрпавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Январьдың басында мені қызметімнен босату туралы мәселе қозғалғанымен де біраз уақытқа басылып қалған еді. Бірақ, январьдың соңында бұл жай тағы әңгіме болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды, жұмыссыз отырмын.

Декабрьде көркем әдебиеттердің қазақ баспасымен Толстойдың «I Петр», Некрасовтың «Декабристерін» аударуға келісімшартқа отырған едім. Содан бері одан да хабар жоқ. Ол жақтан мен өте қиын халде оралдым. Әсіресе, жұмыссыздығым жаныма жаман батады.

Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өзімнің қалам ұшыммен көрсетсем деген жалғыз тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, Сізді де бірдемеге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім итермелеп отыр. Кешіріңіз. Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан, «Степняктан» жазып отырмын.Төрт-бес күннен соң қайтамын.

Құрметпен, Магжан.
20 февраль, 1937 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.
«ҚӘ», 15 маусым 1990 ж.

* * *

С. МУКАНОВ – ДЖАМАНКУЛОВУ

СЕКРЕТНО

Тов. Джаманкулову!

Как тебе известно, что в Алма-Ата приехал Алашординский поэт Магжан Жумабаев, написал на имя Союза Писателей заявление о том, что признает антисоветские ошибки и просит помощь ему исправиться и дать ему работу. По этому поводу я на днях беседовал с тов. Мирзояном. Он мне говорил, что надо дать работу, т.е. дать на перевод на казахский язык из произведений классиков русской литературы, чтобы этим ему оказать материальную помощь. Тов. Мирзоян мне говорил, что окажите ему материальную, а потом видно будет, насколько он покажет себя, что исправляется. Прошу тебя, как члена партии и зав. КИХЛ-ом,

учесть эту мою записку и слова т. Мирзояна на перевод с выдачей аванса по договору.

С. ком. приветом Пред. ОСПК и член партии
(Муканов С).
21/IV-37 г.
гор. Алма-Ата.

«Қазақ әдебиеті», №20/2806/, 2003ж.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ХАЙРОЛЛАҒА

Жолдас, Хайролла.

26-IX-38 жылы жауап хатыңызды алдым. Хатпен қалай жазудың жолын үйрету әрине, қиын.

Сізге мен екі жол ұсынар едім:

1) Жазушылар ұйымының қасында (Алма-Ата, Пролетарская, 3) жас жазушылардың секциясы бар. Бастығы Аяп Сатыбалдин дейтін жас ақын. Соған жазғандарыңды жібересіз, текстi қарап аласыз;

2) Егер маған жібергіңіз келсе, менің адресім: Алма-Аты, Артиллерийская 31., кв. 4. Бірақ, есіңізге салатыным – январьға шейін мен Алматыда аз болам. Маған жіберген өлеңдеріңіз болса, қозғап келген ақылды айтуға болады.

Пьеса, роман, поэма сықылды ірі шығармалардан қорқудың қажеті жоқ. Адам батыл болмай жазушы болмайды. «Жығылсаң нардан» деген мақал бар. Үлгі көп. Әсіресе, орыс әдебиетінде үлгі көп.

Жолдастық сәлеммен – Сәбит.
1-X-38.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

1939-1949

* * *

С. МУКАНОВ – Н. СКВОРЦОВУ

Тов. Скворцов!

Выражаю большое товарищеское спасибо за то, что Вы прочли мою записку и обещаете принять.

Степень моих партийных ошибок, по моему, Вам ясно и я в этой записке не хочу о них повторять, загромождать Ваше внимание. Во время Вашего приема я Вам об этом расскажу подробно.

Было время, когда мне жилось очень тяжело. Это я говорю о том времени, когда старое вражеское руководство насильно отняли из моей руки мое перо и не давало мне возможности писать. После снятия вражеского руководства, на свои условия жаловаться не буду. Имею я все условия для того, чтобы нормально работать и творить соответственно моему таланту и моей способности.

На ряду с моими ошибками, я любил всегда одно — это работать. За 20 лет моей партийной жизни я немало помогал партии в деле пропагандирования идеи коммунизма среди масс.

После исключения меня из рядов партии я не переставал работать, наоборот, несмотря на то, что исключение лежало в моей душе тяжелым бременем, я усилил мою активность на литературном фронте. Я думал так: независимо от того, имею ли я в кармане партбилет или не имею, я должен быть всегда на передовой линии идеологического фронта, на который меня выдвинула сама партия, дав мне знания, воспитав в духе борца за дело коммунизма.

Не безинтересным считаю здесь привести список работ, проделанных мною за время моей трехлетней жизни вне партии:

I. По поэзии:

1. Написал десятки стихов и 2 поэмы на оборонную тему и на тему социалистической стройки. Эти стихи и поэмы вышли книжкой в 1938 году.

2. Написал поэму «Машбулак и Москва», в которой описывал поездку Джамбула в Москву на декадник казахского искусства и связанное с этим достижение казахского искусства за время революции.

3. Перевел полностью на каз. язык «Слово о полку Игореве».

4. Перевел поэму Шевченко — «Гадамаки».

II. По прозе:

1. Закончил детские рассказы под названием «Мои школы» в которых показал тяжелый быт бедняков дореволюционного аула.

2. Закончил первую книгу романа «Эсиль» в трилогии. В первой книге показываю период военного коммунизма. В дальнейших частях хочу показать рост социалистического аула и доведу конец романа до последних дней.

III. По драматургии:

Драматургией я занимаюсь с недавних времен.

1. В 1938 году писал первую пьесу «Дни борьбы». Эта пьеса получила премию на правительственном конкурсе и идет в театрах.

2. Перевел на казахский язык пьесу Шиллера «Коварство и любовь». Она ставится в театрах.

3. Пишу либретто для оперы «Золотое зерно», в котором хочу показать колхоз-миллионер, участника Всесоюзной Сельхоз выставок. В этой пьесе будет также показано посещение вождей Казахского павильона. Коллектив театра пьесу одобрил, сейчас делаю последнюю редакцию.

IV. По научно-педагогической линии

1. Мною составлена программа по истории каз. литературы XIX века для ВУЗов и она принята Наркомпросом.

2. Составил комбинированный учебник литературы для 8-го класса средней школы. Третий год его переиздает Госиздат.

3. Под моей редакцией, предисловием и комментариями вышел однотомник казахского эпоса в 1939 году.

4. Под моей развернутой вступительной статьей вышел первый том собрания сочинений классика казахской литературы Абая Кунанбаева.

5. Написал исследовательскую работу о казахском устном творчестве и о состязательных песнях. Эту работу в 1939 году напечатал журнал «Адабиет жане искусство».

6. В Москве, под редакцией А.Толстого, выпускается учебник истории литературы народов СССР, для средней школы. Мною написан на русском языке в 5 печат. листах «Очерк истории каз. литературы XIX века» для этого учебника. Работа принята редакцией.

7. Наши литературные журналы на казахском и на русском языках печатали мой доклад на 2-м Съезде писателей в 1939 году «О прозе и критике».

8. В газетах писал ряд статей об образе тов. Сталина как в казахской, так и в союзных литературах.

9. Руковожу аспирантами Каз.Пед.Института по литературе.

Вот перечень моих работ за последние три года. Все они опубликованы в печати и признаны нашей общественностью положительными.

О планах моих дальнейших работ я писать в этой записке не стану. О них я расскажу в приеме.

Повторяю — имею я все условия для нормальной творческой работы. Но, на моей душе продолжает оставаться тяжелыми камнем мое нахождение вне партии. Всю свою сознательную жизнь я проводил внутри партии. Все мои достижения в области знания, литературы относятся к ней. Поэтому, принимая активное участие на идеологическом фронте, я работаю с раненым сердцем, но в надежде, что эта рана у меня излечится.

Дал я Вам записку и просил Вашего приема для того, чтобы рассказать об этом всем Вам по душе, по товарищески. В этой записке я, конечно, излагал только основное. При встрече я, конечно, расскажу более подробно и о фактах, не изложенных здесь.

Хотел бы я рассказать Вам о состоянии нашей литературы на сегодняшний день, о ее ближайших задачах — эти вопросы потребовали бы в записке большого места, поэтому их оставим до встречи.

Прошу не откладывать на долго Ваш прием.

С тов. приветом Сабит Муканов.
14/II-1940г.

ЛММКСМГМ — 5ЛА, 256-с.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ҚАЗАҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ

Жолдас Махмұт және қызыл әскер жолдастарға!

Ардақты бауырлар!

Сіздердің 2-2-1940 жылы жазған хаттарыңызды, осы жылдың 17-февраль күні алдым. Елеп хат жазғандарыңызға туысқандық көңілден шын рахмет айтам. Сіздердің сұрауларыңыз бойынша әзірге қолда бар екі кітапты жіберіп отырмын:

1.«Жұмбақ жалау», 2. «Батырлар».

«Есіл» романы баспадан әлі шыққан жоқ.

Партияның, үкіметтің, халқымыздың жүктеген міндеті – ардақты Қызыл әскер атын майданда ақтап, аман қайтуларыңызды шын бауырмалдық жүректен тілеймін.

Жібергенкітаптардыалғандарыңыздыбілдіріп,хатжазуларыңызды, кітаптар туралы пікірлеріңізді айтуларыңызды өтінемін.

Жолдастық сәлеммен: Сәбит Мұқанов.
19//II-1940-жыл.
Адрес: Алма-Ата. Артиллерийская 31., кв. 4.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – ЖИТЕЛЬЯМ Г.ПЕТРОПАВЛОВСКА

ПИСЬМО ЖИТЕЛЯМ ГОРОДА ПЕТРОПАВЛОВСКА!

I. МЫ ЛЮБИМ РОДИНУ

В сентябре 1939 года я проезжал через Петропавловск в Москву. Ехал со мной в одном купе участник боев на озере Хасан, орденоносец. Его фамилия у меня было записана. К сожелению запись я потерял. Боец ехал в город Асбест, который по его описанию «просто большое сибирское село, хотя носит громкое название – город.

Но, — подчеркнул он, — мне этот город милее всех городов, которые существуют на земном шаре, ибо я родился там, вырос там, все мои сладкие детсткие воспоминания относятся к нему».

Интересное совпадение! До этого, однажды мы сидели в союзе писателей Казахстана. Все стали хвалить свою родину. Тогда я напомнил о том, что говорил орденоносец и в свою очеред похвалил родной мне город Петропавловск. Все смеялись и говорили: «Можно Петропавловск хвалить сколько угодно как родину, но как город он не совсем культурен».

Мне было обидно слышать слова «не совсем культурен», но однако, моя любовь к нему не ослабла ни в малейшей степени.

Первый раз я видел город Петропавловск в 1918 году. В сравнении с теми деревнями и аулами, среди которых прожил я все детские годы, Петропавловск представился мне невероятно красивым, а дома его чуть ли ни небоскребами. Петропавловск дорог для меня не потому, что я его из всех городов видел первым, он дорог, прежде всего и главным образом потому что свою общественно-политическую и литературную деятельность я начал в нем.

Против дома Связи, на площади находится братская могила, могила коммунаров погибших от рук восставших кулаков и баев против советской власти в 1921 году. Многие из этих коммунаров: т.т. Соколов, Соколова, Блянман, Муратов, Гозак, Невицкий, Этулин, Базарбаев, Маназаров, Гафтель, Трай, Негубрунер и другие по сей день живо представляются в моей памяти. Они были моими друзьями по крови, вместе с ними я боролся с белой бандой.

Из Петропавловска я уехал в 1922 году, но с тех пор не было ни одного года, когда бы я не приезжал в Петропавловск хотя бы на несколько дней.

Я желаю, чтобы Петропавловск стал красивым городом, потому что он — моя Родина!

II. ПЕТРОПАВЛОВСК ОТСТАЕТ

Передо мной лежит «Казахстанская правда» №52, от 5 марта, 1940 года. На 3-странице ее напечатана сообщение о том, что жители города Уральска взяли на себя инициативу оживить город, сделать его красивым, культурным. Прочитав это сообщение, я невольно вспомнил о Петропавловске.

Я немного знаком с историей возникновения города Петропавловска. Существует среди казахов такая легенда: «Жили-были два купца

Петр и Павел... Они приехали к хану средней казахской орды Аблаю и просили землю, равной по величине кожи быка. Аблаю неудобно было отказать в таком клочке земли. Он обещал дать ее. Купцы были хитрые. Они разрезали кожу быка на очень тонкие полоски и когда связали эти полоски, то получилась нить, которая охватила всю ту площадь, где теперь находится город. Хан не мог нарушить обещание, землю им дал и на этом месте возник Петропавловск».

Исторически он возник в 1752 году, его основал генерал Киндерман. Город был построен с целю завоевать среднюю часть казахской степи. Резиденция хана средней орды Аблая в то время находилась у подножья горы — Боровое. Аблай поддерживал с русским царизмом дипломатическую связь. Рядом с зданием зимнего театра, на его северной стороне находится одно из старинных в городе зданий в два этажа, которое среди казахов носит название «Абылайдың ақ Үйі» («Белый дом Аблая»).

ЛММКСМГМ – 9-ЛА, 67-с.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ж. ШАЯХМЕТОВКЕ

Қадырлы Жұмеке!

Мен Москвада жатырмын (гостиница «Москва», №412). Жазушылар союзының пленуміне келгем. Пленумнен кейін біраз уақыт қала тұруға тура келді.

Естіген боларсыз, жолдас Сталин пленум алдында Фадеевті, Горбатовты, Симоновты қабылдаған ғой. Мәжілісте Молотов, Жданов жолдастар болған. Жолдас Сталин әдебиеттің өркендеуі туралы пікірін айта кеп, біраз нұсқаулар берген. Фадеевтің баяндамасы осы нұсқауға сәйкес жасалды. Оны газетадан оқыған боларсыз.

Фадеев Сталин жолдастың алдына жазушылардың тұрмысы жайында біраз мәселе қойған екен, Сталин жолдас бұл жөнінде қаулы алуға уәде берген екен. Осыған байланысты жазушылар союзының секретариаты республика өкілдерімен бірнеше рет маслихат өткізіп, қай республиканың не тілегі барын анықтап алды.

Туысқан республикалардың біразының (алдыңғы қатардағыларының) жағдайларымен танысқанда біздің союздың біраз елеулі жетіспейтіндігі көрінді:

1) Бірнеше республиканың союзында жазушылардың «Дом отдыха», «Дом творчества» дегендері бар екен, бізде олар жоқ.

2) Бірнеше республикада: клубы, столовойы, кітәпханасы, физкультуралық комнаталары бар үйлер бар екен, бізде ол жоқ.

3) Грузия, Азербайжан, Украина, Белорусия, Прибалтика елдері сияқты республикалардың бірнеше қалаларында жазушылардың пәтеріне арнап жил-комбинаттар берілген екен, бізде ол жоқ.

4) Союздық тоғыз республикада әдебиет газеті, гослитиздат бар екен, бізде олар жоқ.

5) Союздық 11 республикада литфондтың бөлімі бар екен, бізде жалғыз адамдық қана өкілі бар. Союздық республиканың литфондыларында подсобное хозяйство болады екен. Мәселен, Грузиядағы литфондының 47-жылға сметасы 1,5 миллион сом, біздікі 69 мың сом.

6) Біздің союздың жылдық сметасы 650 мың сом, Өзбекстанның союзынікі 1,800,000 сом.

Ал атқарып отырған қызметтеріне қарағанда, біздің союз кеуде жерден орын алады екен. Фадеев баяндамасында солай деді.

Маслихаттарда, әрине, мен «сендерде олай, бізде былай екен» деп ешқайсысына шағым айтқам жоқ. Тек тыңдаушы боп, мәліметтерін жазып алып отырдым да, «бізге не керек?» деген кейбір хажатты тілектерімді айттым.

Кейін секретариат менің баяндамамды тыңдап, бірнеше мәселе жөнінде қаулы алды (қаулысын осы хатқа тіркеп отырмын).

Бұл қаулыға кірмеген — штат мәселесі. Біздің союзда жөнді штат жоқ қой. Көп союздарда солай екен. Солардың бәріне унифицированный штаттың проектісі жасалды. Республикалар бес категорияға бөлінгенде, біз, бірінші категория боп, Украина, Грузия, Азербайжан, Армения, Өзбекстан қатарына іліктік. Егер өкімет бекітсе, штатымыз ойдағыдай болатын.

Сталин жолдастың Фадеевке берген уәдесі РСФСР-лық министрлер советінің қаулысына айналып, жуырда келді. Төрт қаулы алынған: 1) жазушылардың үйі туралы; 2) правление ССП СССР-дың штаты туралы; 3) гонарар мәселесі туралы; 4) жазушылардан налог алу туралы.

Төрт қаулы да ойдағыдай алынған. Осы төрт мәселеден, республикалардағы союздардың правлениелерінің штаты ғана бүкіл союздық штат комиссиясында қаралады екен, өзге үш мәселе туралы

әрбір союздық республиканың министрлер советі өз қаулысын алу хажат көрінеді.

Пленумнан кейін мен үш мәселемен кідірдім:

1) Штат мәселесі. Оны біраз таласпен өткізуге тура келетін түрі бар. Мен республикалық правлениенің штатын молайтумен қатар (оны молайтпақ), бес облыста (Семей, Қызыл-Орда, Шымкент, Қарағанды, Қостанай) отделение ашуды, өзге облыстың бәрінде өкіл болуды қойдым. Союздың секретариаты қабылдады. Ендігі мәселе штаттық комиссияда. Жуырда қаралады.

2) Соңғы 2-3 жылда біз Москвада қазақ әдебиетінің декадасын өткізуді айтып жүрміз ғой. 1946 жылы біз даяр боп та қалғамыз: орыс тілінде 30-дан артық кітәбіміз шыққан, выставка әзірлегеміз. Сол кезде ЦК ВКП/б/-ның былтырғы қаулысы шықты да, ол қаулы алдымызға жаңа талаптар қойды ғой. Соған жауап берейік деп декада мәселесін уақытша доғарғамыз. Әнеукүні Москваға жүрер алдында мен Мұхамметжанмен ақылдасып, осы мәселені ССП СССР-дың алдына қоюға ризашылық алғам. Мұнда бұл мәселені қабылдап, 1948 жылдың июнінде өткізуге қаулы алды. Соның планын жасап жатырмыз, 1 август күні секретариат планды бекітеді.

3) Соңғы 4-5 жылда күрделі нәрсе жаза алмай, мен халық алдында ұятты едім ғой. Былтыр ЦК ВКП/б/-ның қаулысы шыққаннан бері, сол қаулыға жауап ретінде мен «Сыр-Дария» деген роман бастағам, мақсатым: Сыр бойында соңғы кезде қазылған каналдарды, жер суаруды, астық үшін күресті көрсетуде.

Романды Москваға жүрер алдында ғана бітіргем. Орысша аудармасы да қатар біткен (аударған Домбровский, өзіммен бірігіп аударды).

Романды мұнда жақсы қабылдады. Жазылған бірнеше отзывтың екеуін (Фадеев және Скосырев) Сізге жіберіп отырмын, таныссын деп.

Романды екі орын басады: 1) издательство «Молодая гвардия», 2) журнал «Новый мир».

Романға болған аздаған замечаниелер бар еді, соларды түзеп беріп кету керек болды.

Осы үш себеппен Москвада кідіріп жатырмын. Тегі августың бесіне шейін болармын, әйтпесе, жоғарыда аталған хажатты істеріміз шала қалатын.

Сіздің мұнда екеніңізді естідім. Бірақ демалыста жатыр деген соң, прием сұрап мазалағым келмеді.

Мына хатты істеліп жатқан істерден мәлімет берейін деп жаздым.

Уақытыңыз болса жолыққаным жақсы-ақ болар еді, ауызша айтатын да біраз жұмыстарым бар.

Жолдастық сәлеммен — (Сәбит Мұқанов).
23-VII-1947 жыл.
Москва.

СМҒМӘММК — 9-ЖА, 70-б.

* * *

С. МУКАНОВ — К. СИМОНОВУ

Председателю Иностранной
Комиссии ССП СССР
товарищу СИМОНОВУ К.М.
от Казахского писателя
Сабита Муканова

З А Я В Л Е Н И Е

За последние годы я работаю над романом-трилогией «Восхождение».

Первая часть романа посвящена гражданской войне в Казахстана и установлению советской власти. Эта часть романа закончена.

Вторая часть охватывает вопросы мирного строительства. Эта часть тоже почти закончена.

Третья часть должна охватить Отечественную войну и нашу победу над вражескими силами. Эту часть предстоит написать.

Для написания этой части нужен ряд материалов, связанный с жизнью заграницы, особенно с жизнью Германии, Югославии, Болгарии. В событиях войны на территории этих стран герои моего будущего романа принимают непосредственное участие.

Моя поездка в эти страны вызывается творческой необходимостью. Поэтому прошу Вас войти с ходатайством перед соответствующими организациями о представлении мне командировки в вышеназванные страны.

Необходимые биографические данные обо мне имеются в моем личном деле отдела кадров ССП СССР.

(С. Муканов)
12.VIII.47г.
Мой адрес: Алма-Ата,
Артиллерийская, 35, кв.4.

ЛММКСМГМ – 9-ЛА, 74-с.

* * *

С. МУКАНОВ – Ж. ШАЯХМЕТОВУ

СЕКРЕТАРЮ ЦК КП /б/К

тов. ШАЯХМЕТОВУ

В Пресногорковском районе, Кустанайской области находится колхоз «Сабит», который является моей Родиной.

Этот не большой и экономический слабый колхоз был передан из Пресновского района Северо-Казахстанской области в Пресногорковский район Кустанайской области в1936 году, вместе с колхозами «Жана-Жол», «Октябрь», Каракамысского Аулсовета.

Колхозы эти не были согласны перейти из Пресновского района в Пресногорковский район с самого начала и несколько раз обращались в Верховный Совет Каз.ССР об обратной передаче их в Пресновский район.

Они выставляли следущие мотивы:

1) Станица Пресногорковская находится от этих колхозов на расстоянии 60-70 клмтр., а станица Пресновка на расстоянии 30-40 клмтр.

2) Сельхозснаб Пресновского района находится в Пресновке, т.е. на расстоянии 30-40 клмтр., а Сельхозснаб Пресногорковского района находится в деревне Боровое, которая находится от этих колхозов на расстоянии 150 клмтр.

3) В Кустанай – центр области нельзя попасть на лошадях, ибо он от этих колхозов находится на расстоянии 250 клмтр., а машин у этих колхозов нет. По этому жителям этих колхозов приходится

ехать в Кустанай поездом, для того, чтобы попасть на поезде надо ехать через станиции Лебяжье, Челябинск и Троицк, что состовляет более1000 клмтр. с тремя пересадками.

4) Попасть в центр Северо-Казахстанской области город Петропавловск жителям этих колхозов куда проще. Они едут туда через станцию Петухово, находящуюся от них на расстояни 80 клмтр., а эта станция от города находится на расстоянии всего 80 клмтр.

Отдаленность районного и областного центра сильно мешает экономическому и культурному росту этих колхозов, поэтому их ходатайства обобратном переходе в Пресновский район являются основательными.

Жители этих колхозов просили меня проследить за их ходатайством и добиться положительного результата.

Верховный Совет Казахской ССР, считая основательные доводы этих колхозов, почему-то до сих пор откладывает разрешение этого вопроса.

Прошу дать указание об удовлетворении просьбы этих колхозов.

(Сабит Муканов)
6 сентября, 1947г.
г.Алма-Ата

ЛММКСМГМ – 9-ЛА, 51-с.

* * *

С. МУКАНОВ – Х. АЙБАСОВУ

ПРЕДСЕДАТЕЛЮ ГОРСОВЕТА
т. АЙБАСОВУ
от Председателя Призидума
Союза советских Писателей,
депутата Верховного Совета КССР
С. МУКАНОВА

ЗАЯВЛЕНИЕ

Вам хорошо известно, что начиная с 1945 г. каждый год Совет Министров КазССР и по его поручению Министерство Комму-

нального Хозяйства дают указания Горсовету о капитальном ремонте моей квартиры (по ул. Артиллерийской №35, кв.4), Горсовет в свою очередь дает указания Горжилуправлению, а последний, находя разные причины не выполняет этих указаний.

Квартира находится в хаотическом состоянии и без ремонта в этом году нельзя в ней жить.

Прошу Вашего указания Горкомхозу произвести следующий ремонт:

Переложить печи,

Произвести внутреннюю и наружную штукатурку,

Покрасить полы, потолок и железную крышу дома.

Привести в порядок сгнившую и развалившуюся веранду.

Соединить квартиру с городской канализацией, находящуюся на расстоянии 100-150 метров.

На одну стену комнаты — моей библиотеки — необходимо сделать деревянный шкаф под стекло,

Вам известно, что мною приобретена личная машина марки «Москвич», для которой Вы обещали распорядиться построить небольшой гараж из легкого лесного материала.

Прошу дать указания Горкомхозу и об этом.

Разумеется, что необходимо дать указание Горкомхозу об отпуске в достаточном количестве строительным материалом.

(С.МУКАНОВ)
15 сентября, 1947г.

ЛММКСМГМ – 9-ЛА, 50 с.

* * *

С. МУКАНОВ – Ю. ДОМБРОВСКОМУ

Милый Юрий!

Если я тебе не пишу за последние дни, то ты не думай, что забыл тебя или отношусь к тебе небрежно. Были на это причины.

Как ты знаешь, из Москвы я уехал в большой радости. Ты сам был свидетелем, как хорошо встречали там мой роман «Сыр-Дарью» в Союзе, в издательствах, журнале. Думал, что такая радость ждет

меня в Алма-Ата. Получилось наоборот. Роман который был восторженно принят Фадеевым, Симоновым и другими, здесь к моему приезду был «забракован» Есбатыровым и Барановым. Эти бараны, конечно, выполняли указание того, который тебе известен, как мой непримеримый враг. У этого подлеца не хватало элементарной человеческой справедливости.

Ты думеашь, что я легко справился с этим, явно мерзким сопротивлением?.. Увы, нет!.. Обсуждение романа продолжается и будет продолжаться до тех пор, пока тот подлец уйдет от занимаемой должности. Но ты не разочаровывайся. Он уже ушел. Мне придется все это дело начать снова. Надеюсь, что скоро я добьюсь справедливости.

И вот, Юрий, не приняв оригинал, Есбатыров, конечно не примет перевод. В этом вся задержка. Так что, ты меня не вини. Скоро, надеюсь, положем конец этому делу и ты получишь деньги. Наверняка, вслед за праздником.

Касым привез мне один экземпляр перевода. Его я еще в КазОГИЗ не сдал, да пока не к чему сдавать.

О Дроздове: от него я получил письмо, в котором он сообщил, что твой перевод им не нравится, что они хотят перевести сами. Я возражал. На днях получил от Дроздова телеграмму, в которой он сообщает о согласии редакции с моим возражением. Теперь они хотят печатать роман в твоем переводе, с некоторыми только сокращениями. Ты пожалуйста свяжись с ними!

После праздника или не позднее 20.XI. я приеду в Москву. Основное дело — роман. У меня есть новые куски к роману. Надо включить их в перевод. Да, еще, надо прочесть последнюю редакцию перевода. Все это я сделаю в Москве.

Прошу об этом звонить в «Молодую гвардию» т.Евгеньеву. Пусть он меня ждет в Москве. Об этом ставь в известность и «Новый мир», и «Детиздат». И сам ждешь меня там.

О твоем романе знаю одно — здесь о нем отзывались хорошо и такое мнение дали в Москву. Теперь все зависит от Москвы.

О делах, по моему все.

В Алма-Ате пока хорошая осень. Как ни странно, мало фруктов.

Со дня приезда я погрузился в организационную работу. Снегин был в отпуске.

На днях созвали республиканское совещание молодых писателей и скоро кончаем.

Из твоих друзей вижу очень мало людей. На днях зашла только одна женщина, передать твои просьбы.

И все, Юрька!

И так, до скорейшего свидания!

Привет твоим родственникам.

С дружеским приветом
(Сабит Муканов).
29.X.1947 г.
г. Алма-Ата.

ЛММКСМГМ – 9-ЛА, 56-с.

* * *

С. МУКАНОВ – Ж. ШАЯХМЕТОВУ

СЕКРЕТАРЮ ЦК КП/б/К тов. Шаяхметову

Дорогой ЖУМЕКЕ!

Передаю Вам заявление человека о котором я Вам говорил при личной беседе.

Надеюсь, что Вы выполните обещание данное мне Вами по этому поводу.

О результатах прошу поставить меня в известность.

Тов. ШНИБАЕВ в данное время живет в моей квартире.

С товарищеским приветом
Сабит МУКАНОВ
16 декабря, 1947 г.

ЛММКСМГМ – 9-ЛА, 51-с.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ЖАНСАЕВАҒА

Майра!

Сізден зор өтініш: мүмкін болса, мына «Сұлушашты» тез басып берсеңіз көп рахмет айтар едім. «Қазақ елі» баспақ еді, 2-3 күнде беруім керек. Ақшасын өзім қолма-қол төлермін. Тәртіп былай:

1. Бірінші бетте «Сұлушаш» өлеңмен жазылған роман» – деп қана жазылсын.

2. «Кілт» деп аталатын кіріспе өлең болмасын.

3. Бірінші бөлімнен кейін, «Екінші бөлім» жіппен тігілген, ол басылмасын. Таза жазылған (қайта жазылған – Қ.Е.) «Екінші бөлім», оған жалғас «Төртінші бөлім» басылсын. (152-212-беттер).

4. «Үшінші» және «Төртінші» бөлімдердің ішіндегі қосымша жазылған беттерді қарап отырыңыз, қалып қоймасын.

5. Әр бөлім жаңа беттен басталып басылсын.

6. Үш дана қылып басыңыз.

Сәбит.
5/V/48г.

СМҒМӘММК. Машинопись

* * *

С. МУКАНОВ – А. СЕМБАЕВУ

МИНИСТРУ ПРОСВЕЩЕНИЯ
КАЗАХСКОЙ ССР
т. СЕМБАЕВУ

Лет 35 тому назад я жил в батраках в селе Усерднем, в нынешнем Пресновском районе, Северо-Казахстанской области. Пас скот со мной в то время некто МЕТРЕЕВ Нурке. За последние годы он ослеп и вспомнив меня, на днях приехал ко мне из Усерднего получить кое-какие материальные помощи.

С этим Метреевым из Усердного приехал мальчик русский – Анатолий Сорокин, 12-ти лет, у которого согласно имеющейся у него

на руках справки нет отца, мать живет с тремя несовершеннолетними детьми и не может учить Анатолия в школе, за не имением средств (В Усерднем только школа четырехклассная).

Мать Анатолия Сорокина решила отправить сына в Алма-Ата, ко мне, в надежде, что я его устрою. Я не мог устроить мальчика, он приехал с опозданием, школы переполнены.

Мальчику надо ехать обратно домой. Но у него нет средств. Сюда он приехал продав единственную козу.

По этому прошу Вас:

1) Оплатить его расходы до Алма-Ата и обратно: суточные за 15 дней и железно-дорожные расходы.

2) Дать распоряжение Пресновскому РайОНО устроить этого мальчика в интернат средней школы, находящейся в Пресновке.

С тов. приветом
(Сабит Муканов).
11 сентября, 1948 г.

ЛММКСМГМ – 10-ЛА,163-с.

* * *

С. МҰҚАНОВ – К. ОРАЗАЛИНГЕ

Қадырлы Кәмен! (Оразалин)

Сенің «Қасиет» атты повестің маған негізінде ұнайды. Бірінші рет қалам тартқан бұл «тырнақалды» шығармаңда сен жазушыға тән бірнеше белгілеріңді көрсеткенсің. Оларың:

1. Сюжет құра білу.

2. Алған темаңа лайықты геройлар белгілеп, солардың сыртқы қимылы мен ішкі жан-дүниесін тәп-тәуір көрсете білу.

3. Табиғат бейнесін (пейзаж) көркем көрсете алу.

4. Ұлы Отан соғысына арналған шығармаңда соғыстың біраз шындығын айту.

5. Отаншылдық, туысқандық мотивін дұрыс көрсету.

6. Повестің темасына лайық біраз тіл білу.

Осы қасиеттеріне сүйене отырып, «Қасиет» повестін мен негізі қаланып болған шығарма ғой деп есептеймін.

Бірақ, бұл повесть сенің бірінші еңбегің болғандықтан, жазушылық тәжрибаң әлі аздықтан повесті әлі кемеліне жеткізіп пісіре алмаған сияқтысың. Меніңше, бұл повесть кемеліне келу үшін төмендегілерді істеп шығу қажет сияқты:

1. Жап-жақсы құрған сюжетіңде олпы-солпы боп тұратын, негізгі өрбітіп әкеле жатқан оқиғаң жанаспай, көлденең тұратын жерлер бар. Олар:

а) «Ардақ» деп аталған бірінші тарау.

б) «Ақиқат» деп аталатын тарауда Чайковскийдің семьясының қалай партизан болуы.

в) «Тілек» аталатын тарауда тылдағы колхозды кеңес қылу.

г) Және өзің ауызша айтқан бірнеше орынсыз отступлениелер.

Бұл көлденең оқиғаларды не алып тастау керек те, не повестің өрбіп келе жатқан жалпы сюжетіне тығыз байланыстыру керек.

2. Повесте сипаттап отырған геройларыңның бірнеше жеке істері қызық боп келеді де, барлық істерін тұтас алғанда толық герой жасайтын оқиғалар болмай қалады.

Мысалы:

а) Ең басты геройың Жексен бірнеше істерімен жақсы-ақ көрініп отырады да, енді бір істерінде шалағай, әлсіз көрінеді («Бала үкімі» атты тарауда айыпты әкесіне жаза қолдану, «Қауып» атты тарауда қаланы тым тез алу, «Қайрат» атты тарауда жарадан тым тез жазылу, тағы-тағылар).

б) Жексен мен Еленаның махаббаты әлсіз де, дәлелсіз де екенін ауызша толық айттым. Бұл мәселені ширатпасаң повестің драмалық жағы шықпайды, ол — повесть шықпайды деген сөз.

в) Чайковскийді де, Қадырды да, Хасановты да, Новиковті де әлі пісіре түсу керек. Қалай пісіру туралы кеңестерімді ауызша айтқам.

г) Катя, Петя, Толя, Юра сияқты адамдар бұл повестке керегі жоқ деген сөзімді әлі де қолдаймын. Олар босқа жүрген адамдар.

3. Повесте көрсетілетін соғыс бір-біріне байланысы аз эпизодтар. «Оларға тұтастық беру керек, шегіну мәселесін де, шабуыл мәселесін де Сталинград оқиғасымен тығыз байланыстырып, оқиғаларды осы мәселенің маңында өрбіту керек» деген сөзді ауызша өзіңе көп кеңес қып айтқам. Сол айтқандарды еске алуыңды өтінем.

4. Жау жағың жалаң схема боп тұр. Солардың зұлымдық істерін «қызық» қып, өзге шығармаларда, не кино-картиналарда кездеспейтін оригиналды бірдемелермен көрсету жағын қарастыр.

5. Повесте бір жерде ауылдан келген хат арқылы колхозды, бір жерде госпиталь арқылы заводты көрсетпек болғансың, солар арқылы тылдағы ерлік істерді көрсетпек болғансың. Соның екеуін де шығара алмағаныңды өзіңе айттым. Саған берер кеңесім: не оларды алып таста да, не көрсеткен сияқты ғып көрсет.

6. Тілің жалпы тәуір болғанмен, кедір-бұдыры да барлығын өзіңе айттым. Ол кемшілік әсіресе, геройларыңды сөйлеткенде байқалады. Мысалы, осы повестің ішінде өзіндік қызық тілі бар жалғыз Қадыр ғана. Өзгелерін де осылай өзінше қызық сөйлетуге тырыс.

7. Ең соңғы айтарым: шығармада «Үлкен», «кіші» деген герой болмайды. Шығармаға кірген геройдың әрқайсысы өз орнында үлкен. Тек араларындағы айырма — біреудің ісі көбірек те, біреудікі азырақ. Осы «көп істі» адам да, «аз істі» адам да сыртқы қимылдарымен, ішкі жан-жүйесімен (сана-сезімі) айқын көрсетілуі керек. Шығармада аз істегенмен сол кісінің сол аз ісі өз мөлшерінде айқын, ашық көрінуі керек. Әйтпесе, ол әдебиеттің образы бола алмайды. Осы жағына көңіліңді көбірек бөл. Әрбір кішкене іс сол кішкене қалпында айқын дәлелденіп тұрсын.

Жолдастық сәлеммен
(Сәбит Мұқанов).
29-IX-1948 жыл.
Алматы.

ЛММКСМГМ —10-ЛА, 179-с.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Ы. УАЛИХАНОВҚА

Қадірлі Ыдырыс ағай!

Хатыңызды алғанмен, біраз уақыт болғанмен, жауабын кешігіп қайтарып отырмын. Кешіріңіз!

Сәлем алдында, сізге көңіл айтқым келіп отыр: балаңыз қайтыс болыпты, хайырын берсін. Ол бала (атын ұмыттым) 45-жылы ма, 46- жылы ма, біздің үйге келіп кетіп еді. Оты бар, келешегі зор бала сияқты еді, сізге ауыр қаза болған...

Балаңыздың (бұл жерде Шот-Аман Уәлихан туралы айтып отыр. Құраст.) оқуы туралы: әрине, оқытқаныңыз жақсы. Бірақ, қайда? Сізге кешігіп хат жазуыма да осы сұраудың жауабын іздеу себеп болды... Бұл мәселені шешу үшін Сембаев керек болды, ол кісі күздей үйде тұрмай, командировкадан жуырда келді. Сөйлесіп ем, сізді сырттан біледі екен: «қарт кісінің үйренген орнынан қозғалғаны қиын ғой» — деп, бұдан орын берем демеді. Ал бала туралы айтатыны: «Алматыда оқытқысы келсе, биыл кешікті, ендігі жылы осындағы №18 қазақ мектебінің интернатына алдырайық» — деді. Қайсысын мақұлдайсыз, өзіңіз шешесіз де.

Шоқан туралы: халыққа адал атқарған еңбек өлмек емес қой, әсіресе, біздің елде. Шоқанды көбірек зерттеп жүрген адамның бірі менмін. Бірақ, о туралы әлі үлкен еңбек жаза алған жоқпын. Жазылған біраз мақалаларымды, Москвада орыс тілінде «Нить Ариадны» атты пъесамды Шоқанның зор образына лайықты киім демеймін. Бірақ олармен тынып отырған мен жоқ. Ойым — үлкен романда. Оған біраз материалдарым бар, бірақ, жеткіліксіз. Жеткізу үшін: 1) Шоқанның туып-өскен жерлерін аралауым керек. 2) Омбы архивінде біраз отыруым керек. 3) Қашқарияға барып қайтуым керек. Осы үшеуінің алғашқы екеуіне өткен жаз аттанам ба деп ем, қол тимеді. Ойым сізді де көру, кеңесу еді. Енді тіршілік болса, алдағы жазға жиналам.

Ол-пұлдарды сұрап (Шоқанға байланысты) сізді әурелегім келеді де, сұрайтындарымды хатқа сыйғыза алмаймын. Осында алдыртуды да ойлаймын. Академияға бұл жөнінде сөйлесіп те жүрмін, нәтижесін хабарлармын.

Жалпы, хатпен хабарласып тұрайық, ағай!

Інілік сәлеммен — Сәбит Мұқанов
30.10.1948 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ — И. СТАЛИНУ

Дорогой Иосиф Виссарионович!

В знак моей к Вам любви, я счел нужным преподнести Вам два моих романа:

1. «Ботагоз» — о гражданской войне в Казахстане.

2. «Сыр-Дарья» — о строительстве каналов, об орошении земли, о выращивании высокого урожая риса в долинах реки Сыр-Дарьи в годы Великой Отечественной войны и послевоенный пятилетки.

Последний роман Союзом Писателей Казахстана рекомендован в этом году на соискание премии Вашего имени.

Как все сознательные граждане нашей Родины, я хорошо знаю, что товарища Сталина не надо тревожить частными письмами, ибо я хорошо представляю себе масштаб Вашей работы.

Но, одноко, как все трудовые люди нашей Родины, я желаю, чтобы и мой скромный труд в области создания произведений на современные советские темы был известен и товарищу Сталину.

Этого я желаю еще и потому, что первый мой сборник стихов вышел в свет в 1926 году по Вашему личному указанию.

История этого случая была такова:

В начале 1925 года, будучи студентом Оренбургского Рабфака во время зимних каникул я приехал в Москву и добился приема у Вас. В беседе с Вами я жаловался на то что националисты не дают мне хода, мешают литературно-творческой работе.

Выслушав меня, по моей просьбе, Вы распорядились отдать рукопись моих стихов на рецензию некоему Тогжанову, работавшему тогда в отделе ЦК ВКП/б/ инструктором (Тогжанов впоследствии окозался врагом, поэтому я его называю «неким»).

Тогжанов быстро написал рецензию, и надо сказать — объективную, указывающую прямо как на недостатки, так и на мои успехи. Вскоре Отделом пропаганды и агитации ЦК ВКП/б/ мне было сообщено, что избранные мои стихи будут изданы и действительно они были напечатаны на казахском языке, хотя с некоторым опозданием — через два года. Эти материалы должно быть сохранились в архиве ЦК ВКП/б/.

О моей встрече с Вами в связи с Вашим 60-летием, я написал воспоминание, которое напечатано в казахском журнале в 1939 году. Вы, я думаю, не помните об этом случае, ибо у Вас, я уверен, посетителей подобных мне, бывало много, а я помню эту встречу, хорошо помню каждое Ваше слово.

С тех пор прошло 23 года. Я — тогдашний 23-летний юноша, теперь стал 48-летним, седовласым писателем.

Здесь считаю уместным написать несколько слов о себе: родился я в 1900 году в семье батрака. Семи лет я лишился родителей и до

Октябрьской революции был батраком. Неграмотность свою я ликвидировал только при советской власти, а потом в 1926 г. окончил Рабфак, а в 1935 г. окончил ИКП Литературы в Москве.

В партию вступил в 1920 году и по сей день состою ее членом.

Литературно-творческой работой занимаюсь с 1920 года. За 28 лет своей деятельности издал около 40 своих книг, в том числе семь романов. Плохо ли, хорошо ли, пишу исключительно о нашей современности.

Некоторые мои книги выходили на русском языке, из коих два романа посылаю Вам.

Я знаю, что Вы крайне заняты. Но я просил бы Вас прочесть хотя бы «Сыр-Дарью».

Об этом я прошу, потому что в связи с последними решениями ЦК ВКП/б/ по вопросам литературы, каждый из нас — советских писателей старается создать произведения на современные советские темы, которые отвечали бы требованиям партии и народа. Роман «Сыр-Дарья» написан мною с учетом этих требований.

Об этом романе много говорилось на недавно прошедшем пленуме Союза писателей СССР. Роман признан в основном удачным. Делались и существенные замечания, о которых я буду думать при подготовке повторного издания романа.

Вам известно, что в нашей советской литературе еще нет такого произведения, особенно романа, где бы героические дела наших людей по строительству социализма описывались всесторонне и полно. Все, что мы пока имеем в этой области — далеко неполноценно. Это объясняется, как Вам известно, только одной причиной — нашей слабой связью с жизнью.

Роман «Сыр-Дарья» написан мною на основе более или менее освоенных материалов. Поэтому мне хочется, чтобы этот роман прочитали и Вы, товарищ Сталин и сказали мне Ваше мнение.

С коммунистическим приветом: САБИТ МУКАНОВ)
23.XII.1948 г.
Москва.
Мой адрес: Алма-Ата,
Артиллерийская, 35, кв.4.

ЛММКСМГМ —10-ЛА, 324-с.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. БИСЕМБАЕВҚА

Қадырлы Серікбай!

Аман-сау жүріп жатырсыз ба?

Шарт бойынша жіберуге тиісті материалды кезінде жібере алмай сізге ұятты болдық.

Оған кінәлі жазушылар Одағы емес, Нұрпейісовтің өзі. Ол бала романын көбірек түзеп кетті. Әлі де түзеу үстінде.

Сондықтан оның романының орнына менің «Сыр-дариямды» беруге ұйғардық.

«Сыр-дария» 1948-жылы кітап боп жарияланды ғой. Баспасөз бетінде ол варианттың тәуір жақтарымен қатар кемшілігі де көрсетілгенін оқыған боларсыз.

Және газеттерден «Сыр-дария»-ның 1949-жылы орыс тілінде қайтадан басылып шығатынын да көрген боларсыз.

Баспаға екінші даярлануында «Сыр-дария» өткен жыл кітап боп шыққан вариантынан бірталай өзгерді. Роман бұрын тек тарауларға ғана бөлінсе, қазір үш бөлімге жүйеленді: бірінші бөлім (18 тарау) «Өрлеген өмір» деген атпен еліміздің соғысқа дейінгі тіршілігін көрсетеді; екінші бөлім (20 тарау) «Сұрапыл соққанда» деген атпен Ұлы Отан соғысының кезін көрсетеді. Үшінші бөлім (15 шақты тарау) «Бейбітшілік бақшасында» деген атпен соғыстан кейінгі өмірді көрсетеді.

Осы үш бөлімнің біріншісі мен үшіншісі тыңнан жазылды деуге болады, екінші бөлімінде бұрынғы «Сыр-дария»-ның көп материалдары сақталды.

Бірінші бөлімін (15 баспа табақтай) подстрочный переводын Бегишев деген жолдас аударып бітіруге жақын.

Қалған екі бөлімін (15-30 баспа табақтай) сізге аудартпақ болып, екінші бөлімнің тең жартысын авио-почтамен жіберіп отырмыз. Оған сіздің қарсы болмауыңызға сенеміз.

Қалған материалдарын өзім алып барам. Апрельдің басында Москваға жүрем. Оған шейін жіберілген мына жеті тарауды (369-482 беттер) талғажау қыла тұрарсыз.

Аударудың уақыты, әрине, тығыз. Москва романды 49-жылы басып шығаратын болған соң, баспаға тез берілуі керек қой.

Көркем аударушы — Москвадан декада жұмысымен келіп жатқан жазушылар бригадасының бастығы Сергей Бородин болмақ («Дмитрий Донской»-дың авторы). Оған біз романның барлық подстрочнигін апрель-майда беріп болуға тиістіміз, ол бізбен қатар аударып (бірінші бөлімді жуырда қолына алады), романның көркем аудармасын июнь айында баспаға тапсыруға тиісті.

Сондықтан, сізге біраз асығуға тура келер.

Мына жіберген тарауларды машинкаға бастыруға асығыс болды, біраз шимайланған жерлері бар, кешірерсіз.

Қалған мәселені Москвада сөйлесерміз.

Рабиғаға сәлем.

Жолдастық сәлеммен (Сәбит Мұқанов).
1949-жыл, 28-III.
Алматы.

СМҒМӘММК — 10-ЖА, 103-б.

1950-1960

* * *

С. МУКАНОВ – С. КАРПОВИЧУ

Уважаемый Сергей Карпович!

После нашего разговора, возвратившись в Алма-Ату я обдумал вместе с обоими переводчиками все вопросы связанные с переизданием «Школы жизни» в Вашем издательстве и хочу предложить Вам следующие соображения:

1) Переводчиков у меня два: Домбровский – 1-часть (Юрьев как он подписался) и Брагин – 2-часть. Все поправки добавлены и вставки сделает в обоих частях Домбровский. Они будут не очень объемными (страница, абзац, порой 2-3 фразы) но очень важны по своему содержанию.

2) Авторскую корректуру будет держать Домбровский. Он живет в Москве.

3) Самое важное – «Школа жизни» социальная и биографическая трилогия, 2 части изданы, над третьей я работаю. Если 1-часть кончилась Октябрем, вторая смертью Ленина, то третья, обнимет 12 лет и кончится периодом окончательной победы социализма в нашей стране. Этим и оканчивается социальная, политическая и сюжетная идея произведения. Поэтому я очень прошу Вас включить и эту третью часть тоже в план и рассматривать московское издание как трехтомное, независимо от его оформления.

4) Очень хотелось бы включить в это издание ряд документальных фотографий, которые ныне у меня на руках. Это придало бы книге необходимую ей историческую достоверность. Да и сами по себе эти документы и фотографии весьма любопытны и познавательный.

5) Перевод третьей части сделает писатель Домбровский Юрий Осипович. Он мой давний переводчик, кроме «Школы жизни» он перевел также и «Сыр-Дарью», он долго жил в Казахстане, общал-

ся со мной и я уверен, что с этой задачей он справится отлично. Хотелось бы, чтоб Вы вступили с ним в договорные отношения, но конечно это дело Вашего издательства.

6) Текст 3 тома вполне готовом виде будет представлен переводчиком в начале 62 года. Обещаю вам не удлинять этот срок.

В заключении разрешите пожать Вам руку, поблагодарить за все и пожелать доброго здравия.

Ваш...
1950-е годы.

ЦГА РК, ф.1725.
Автограф

* * *

С. МҰҚАНОВ – І. ОМАРОВҚА

8 ақпан, 1950 ж.
Москва қ.

Қадірлі Ілияс!

Аманшылықта жүріп жатқан жәй бар.

Осы бір сапарда көбірек жүріңкіреп қалдым. Оның бір айы демалыста өтті. Көп жылдан бері туған ауылға қысты күні барған жоқ ем, биыл әдейі көруге бардым. Ауыл тұрмысы өте жақсы екен және Челяба, Қорған облыстарымен іргелес отырған ауылдар – орыс поселкелерінде бракқа шыққан жылқыны тоқты - торымға алады екен де, семіртіп сояды екен. Биыл біздің ауылдың көпшілігі сондай жылқы сойыпты. Сонан, «қызыл тұмсық боп» дегендей, қазы мен қартаның арасында айға жақын жүрдім. Біздің жақтың күні құлақтанып тұратын қызыл шұнақ, құп- құрғақ, аязы қандай тамаша!.. Сөйтіп, тамағы тоқ, көйлегі көк ағайынның арасында айға жақын ойнап- күліп, өте әдемі демалдым.

Алматыдан декабрьдің 11-і күні шыққан кісі, Москваға 7 январьда келген едім. Ондағы мақсатым – екі «қояным» – бірі – ССП СССР-дың пленумына қатынасу, екінші «қояным» – уақытты кеңдеу ала отырып, мұнда аударылатын «Сыр- Дарияның» жұмысын біржола тыңғылықтап кету.

Пленум өтті. Оның жәйін Қайнекей айтар. Расымды айтқанда, екі себеппен пленумға үнемі араласа алмадым: бірі, «құланның қасынуына, мылтықтың басуы» дегендей,со бір кезде «грипп» деген бір пәле жабысып, үйден сирек шықтым (әрине, врачтың тыюымен); екіншісі, «ақсақ қой жатып семіреді» дегендей, врачтан жасырып, «Сыр- Дарияның» пұшпақтарын илей бердім.

«Сыр-Дария» туралы. Оның кейінгі түзеген варианттарының бір редакциясын (қазақшасының) Алматыдан аттанар алдында аяқтағам. Бұл вариант үш бөлімнен құралатын. Оның екеуінің орысша подстрочный аудармасы да даяр болған. Үшінші бөлімінің аудармасы, Москвада оқитын Бисембаев Серікбай жолдасқа тапсырылған.

Өзіңіз білесіз, «Сыр-Дарияның» бұл варианты (да и первое издание!) «аттың жолы, атанның қомында» жазылды, яғни декаданы даярлаудың, пленумді (ССПК-ның) даярлаудың, толып жатқан өзге жиналыстардың арасында жазылды. «Атүсті» жұмыста асығыстық болатыны белгілі. Асығыс істе мін де көп болады.

Осыны сезе тұра, Алматыда, қызмет үстінде, романның қолжазбасын асықпай қарауға мүмкіндігім аз болған соң, өз ойым, Москваға кеп, асықпай отырып қарау еді және мұнда аударатын Леонид Соболев бар ғой, оның да советтерін тыңдау керек қой, және роман туралы замечанияларын естігеннен кейін, бір пікірге келу керек қой. Міне, мен Москваға осы мақсатпен де келген едім. «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады» дегендей, мұнда дәл өзім білек сыбанып келген қарқынмен істей алмадым. Оған бір себеп — «грипптің» пәлесі болса, екінші себеп — осы бір кезде, Москваға қазақтың ғалымдары мен жазушылары қаптап кетіп, бәрінің де ақшасы көп «құлар», кеш болса- ақ, не өзі шақырады да, не өзіңе кеп, «сүмірейіп» отырып алады. Оларға не «кет» дей алмайсың, не «бармаймын» дей алмайсың. Ұдалын айтқанда, бұл соңғы «пәле» бірталай кешімді жеңді. Ауырған күндері, күндіз толық рабочий день жасап отырдым.

Сонымен, қазақшасын асықпай бір түзеп шықтым. Өз қарауымша, жаман болмаған сияқты.

Ендігі мәселе подстрочникте. Соңғы редакцияға кірген өзгерістерді подсрочникке де кіргізу керек. Оның өзі бірталай жұмыс екен. Оларды қазір істеп бермесең, романың биыл шығар емес. «Советский писательдің» қойған шарты: «Көркем аударманы июньде бер, бермесең биыл шықпады деп өкпелеме». Соболевтің айтатыны: «июньге аударып беруім үшін, романның подстрочнигін февральдің аяғында түгел алуым керек, әйтпесе, кінә өзіңде болады».

Айналып келгенде, «таспен ұрса да жапалақ, жапалақпен ұрса да жапалақ өліп», бар салмақ маған түсті.

Роман мерзімінде жақсы аударылып шықса, биыл октябрьде басамыз деп отыр (июль, август сандарында), массовый тиражбен Гослитиздат та басам деп отыр. Бұл, әрине, менің ғана емес, бүкіл әдебиетіміздің интересі.

Қазір жұмыс екшеленіп қалды. Өзі мөлшерімше, әрі кеткенде осы айдың аяғына дейін бітірем ғой деймін.

Мен қызмет адамымын ғой. Демалысты қоспағанда, қызметтен қол үзгеніме ай болып қалды, февральды қоссақ екі айға жақындайды. Ол да шымбайыма батып барады. Дегенмен, аяқталып қалған істі тастап кету де оңай соғып тұрған жоқ.

Сондықтан, осы хатты жазудағы мақсатым — істің жәйін баяндау болса, екінші мақсатым — кешікті деп ренжімеулеріңізді өтіну.

Москвада болған әдебиет шаруашылығының жәйін Қайнекей айтар.

Жолдастық сәлеммен —
С.Мұқанов.

ҚР ОММ. 2066. Т. 1. І. 308. П.4,5 қайырмаларымен.
Қолтаңба

* * *

Ғ. ЖҰМАБАЕВТАН — С. МҰҚАНОВҚА

Сәбит ағайға

Жас, албырт жүрегімді шаттық кернеп,
Алдыңа асқақ жырмен келдім, Аға,
Тапсырды Сізге айрықша сәлем бер деп,
Алтын Арқа, бахытты қала, дала.

Мұхиттай терең ойдың арнасына
Бұлақ боп осы азғантай ақсын жырым.
Мәңгі өшпес қасиетті Парнасыңа
Үздіксіз бахыт тілеп төксін жырым.

Шығандап шыңға өрлеп тассын даңқың,
Адам жанын тебірентіп сөзің асыл.

Сені де құрметтейді туған халқың
Мадақтап еске алады талай ғасыр.

Қызыл туға бөленген еңбегіңнің
Жемісі жылдан- жылға ассын шалқып,
Қасиетті керуені келер күннің,
Тың жылмен алға тартсын жырымды артып.

Ғаббас Жұмабаев,
Қостанайдан.
21. V- 1950 ж.

СМҒМӘММК, қолжазба.

* * *

С. МУКАНОВ – А. ФАДЕЕВУ

Дорогой Александр Александрович!

Вы обещали походатайствовать перед соответствующими инстанциями о включении романа «Солдат из Казахстана» нашего писателя Габита Мусрепова в число кандидатов на соискание Сталинской премии. Напоминаю Вам об этом потому, что окончательное решение может быть вынесено в ближайшие дни. Будет обидно, если эта книга опять останется неотмеченной. Очень прошу Вас извинить за беспокойство, но тревога за хорошую книгу вынуждает меня еще раз просить Вас об этом.

С приветом С.М.
г. Алматы.
13 сентября, 1950 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ — Л. СОБОЛЕВУ

Дорогой Леонид!

Еще и последний раз хочу побеспокоить тебя. Посылаю тебе мои последние поправки. Они целиком относятся к более точному выяснению образа Полевого.

После всех наших поправок, некоторые поправки делала Михайловская, об этом я тебе частично сообщил в письме, полностью я думаю говорила она тебе сама.

В «Октябре» в начале читал Кирпотин, его замечания были мелочные и не принципиальные.

Панферов читал после меня и авиапочтой сообщил о своих замечаниях. Их было два:

Он просит убрать «религиозные» предрассудки Сырбая.

Я долго думал над этим вопросом, просмотрел текст еще раз и пришел к заключению, что здесь ничего плохого нет.

Его «религиозность», вернее приверженность к некоторым традициям старого аула не мешает ни ему, ни другим, ни в их частной, ни в их общественной жизни. Наоборот, его делает более реальным, убери эти привычки — он стал бы чересчур «красным». Этого по моему не надо.

Поэтому при всей моей любви в Феодору Ивановичу, я не мог согласиться с его этой просьбой.

Он просит не отстранять от работы Полевого.

В этом он прав. Мне самому интуитивно чувствовалось, что в образе Полевого чего-то не хватает. Федор правильно заметил это.

Линию Полевого я проверял на протяжении всего романа, внес ряд поправок и мне кажется, что теперь Полевой получился хорошо: с одной стороны в решительных вопросах канала он играет ведущую роль, с другой занимается проектированием плотины — более сложным делом, чем каналом.

Теперь я уверен в том, что и ты, и редакция удовлетворятся этими поправками.

Прошу все это сделать, внести эти поправки во все экземпляры, которые находятся в Москве: у тебя, в «Советском писателе», гослитиздате, «Молодой гвардии».

Два экземпляра этих поправок прошу прислать мне: один для меня, другой для Литвы. (Туда буду посылать сам).

Чтобы ты не путался в том, на какой экземпляр я внес поправки напомню тебе следующее:

1. Ты сам печатал в двух экземплярах: один у тебя, другой у Михайловской.

2. Я у Бендарской напечатал в 3-х экземплярах: у меня в «Октябре» и в Литве.

Во время твоего отдыха на курорте со всеми поправками Михайловской я напечатал еще 4 экземпляра: два у меня в Алма-Ата, один в Гослитиздате, один в «Молодой гвардии».

Я внес поправки на экземпляр напечатанный третий раз.

Чтобы тебе было легче разобраться, я указываю на части и на главы куда были внесены поправки.

Часть 1.

Глава IV «Сыр-Дарья»

Заново я написал целую страницу, которая является продолжением страницы 63.

Глава X «Вражеское дело»

На страницах 149, 150, 151 есть новые вставки.

Глава XI «Радость»

На 154 стр. есть поправка

2. На 62 стр. есть поправка

Глава XIV «Стихия побеждена»

Есть вставка на стр. 194 и на обороте этой страницы.

Вот, дорогой Леонид все что я мог самым добросовестным образом внести в роман в деле более выпуклого показа образа русского инженера. Большего по моему данный сюжет не терпит.

Панферову я напишу вкратце о том, что послал тебе поправки и приложу сюда копию данного моего письма к тебе.

Думаю что Федор Иванович с этой доработкой согласится.

О твоих возможных замечаниях прошу поставить меня в известность по телеграфу.

Панферов мне обещал что он начнет печатать роман с марта м-ца с-г. стало быть он должен быть сдан в набор не позднее чем в конце января.

Ты, конечно, это учтешь.

С товарищеским приветом
С.М. (Сабит Муканов)

P.S. Извини дорогой Леонидушка, что мои поправки к тексту я не перепечатал, а просто написал карандашом. Перепечатать все это стоило бы время и я боялся что мы опоздаем.

С.М.
г. Алматы.
8 января, 1951 года.

ЦГА РК ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ – А. ПЕРВЕНЦЕВУ

Дорогой Аркадий Алексеевич!

Большое и еще раз большое спасибо за телеграмму, которая меня вдохновляет на дальнейшие подвиги на фронте литературы.

Я лично тоже так думал о статье Мунблита как думаете Вы. Однако печален тот факт, что на страницах такой авторитетной газеты, как «Литературная» проскользнула несправедливая крикливая статья. Не все же люди читали роман и не все разберутся в содержании прочитанных вещей, как Вы. Не искушенный читатель иной раз готов верить тому, что печатается на страницах авторитетной газеты.

Для того, чтобы разбить вредное мнение тенденциозного критика, требуется голос на страницах тех же авторитетных газет, мнение авторитетных в литературе людей, без такого ответа, ложные мнения всяких «мунблитов» будет иметь хождение среди читателей.

Здесь уместно привести одну казахскую поговорку, которая хотя и звучит грубовато, но справедливо: «Один овечий помет испортит масло целой посуды», это по-моему равнозначительной русской мудрой поговорке: «Ложка дегтю испортит бочку меда».

Я Вас прошу, дорогой Аркадий Алексеевич, как члена Президиума ССП СССР, как моего друга вмешаться в это дело.

Надеюсь, что свое мнение Вы скажите Александру Александровичу и другим членам Президиума и секретариата. Думаю, что секретариат обсудит эту статью и примет объективное решение.

С дружеским приветом С.М.
(Сабит Муканов).
г. Алматы
11 июня 1951 г.

ЦГА РК. ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. НҰРПЕЙІСОВКЕ

Әбдіжамил!

Соңғы хатыңды кеше алдым. Аманшылық.

Союздың салақтығын білесің, бұдан бір ай бұрын саған командировка береміз деген қаулысын (напрасно) жоғалтып апты. Енді жаңадан шығарып, осы жұмада ақша бермек.

Менің қалтамның осы кезде жұқалау жағы еді, дегенмен союздың ақшасы жеткенше талғажау бола тұрсын деп мың сом салдым. Төлеуханмен сөйлесіп ем, рукопісің әлі келмепті.

Ажарға сәлем.

Жуырда тапсырма айтып хат жазған ем, алған боларсың.

Сәлеммен – Сәбит.
Алматы қаласы
1952 жыл 21 сәуір.

ҚР ОММ. 2050 қор.
Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Н. ФАЗЫЛОВҚА

Құрметті Фазылов жолдас!

«Менің мектептерім»-ді аудару туралы жазған хатыңызды алдым. Ондай ниетке кіргеніңіз үшін сізге де, баспаға да және Жазушылар одағына да көп рахмет айтам.

«Менің мектептерім»-нің Москвада орыс тілінде шыққан вариантын мен өзім орысша аудармасынан қысқартып бергем. Ол көлемдегі қысқартылған қазақша варианты жоқ.

Әрине, қазақша шыққан кітапты да, орысша шыққан көлемге таяп қысқартуға болады. Егер оны тілесеңіздер, тез арада істеп бере алам.

Бірақ, мен сіздерге басқаша өтініш айтайын деп едім: бұл күнге шейін менің ешбір шығармам өзбек тілінде басылған емес. Сондықтан, егер, өзбек туыстарды қазақтың ақ шашты бір жазушысымен таныстырамын десеңіздер, түгел басуларыңыз мақұл болар еді.

Бұлай деуіме екінші бір себеп: 1950 жылы «Менің мектептерім» деген атпен басылған қазақша кітапқа мен соңғы уақытта көп өзгерістер кіргізіп, «Өмір мектебі» деген атпен баспаға даярлап отырмын. Егер тұтас басқыларыңыз келсе, соңғы вариантын қазақшадан бұрын өзбек тілінде шығаруға мақұл болар ем.

«Менің мектептерім»-нің көлемі сіз айтқандай 35 баспа табақ емес, бұрынғы варианты да, қазіргі варианты да ең әрі кетсе 30 баспа табақ. Сіздерге мен 25 баспа табақтың мөлшерінде ықшамдап берер ем.

Ақылдасып хабарын айтуыңызды өтінем.

Орыс тілінде басылған кітаптың сіздерге қажеті болмас.

Жолдастық сәлеммен:
(Сәбит Мұқанов)
5 май, 1952 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК.
Қолжазба.

* * *

С.МҰҚАНОВ – Н. ФАЗЫЛОВҚА

Құрметті Насыр жолдас!

Соңғы хатыңызды алдым, «Өмір мектебі»-нің балалар вариантын жасауға кірістім, осы айдың аяғына дейін болып қалам ба деймін.

Жазу жұмысын білесіз. Әр шығарма – туған балаңыз сияқты. Өз баласының кісіге міні жоқ сияқтанбай ма? «Өмір мектебі»-де

солай көрініп, бәрі әдемі сияқтанған денесін қайтадан жасау оңай болып жатқан жоқ, дегенмен, әрбір мүшесін кескенде жаным ауырған сияқтанғанмен, шамамша көзді жұмып батыл қимылдап жатырмын. Менің он екі жасар бір қызым өзіме ұқсайтын еді, сондай ғып шығарам ба деп тырысудамын. «10» ба? «15» пе? Соның шамасынан шығатын түрі бар. Одан аспас. Бірақ, қайткенде, «10», «13» баспа табаққа келтіру мақсатымен емес, кішірейткенмен түр-тұлғасы «Сәбит» боп шығу мақсатымен қысқартып жатырмын.

Қазақшадан аударғаныңыз жақсы болады ғой деймін, өйткені, басқа тілге аударылғанынан алса, оригиналдың біраз бояуы түсіп қалады ғой.

Маған Сіз жолдастық көп қызмет атқарып кеттіңіз, борыштымын, рахмет.

Алдағы күз (октябрь не ноябрь) өзбек ағайынды біраз араласам ба деп ойлаймын (мәшинемен), оны дәм біледі, биыл реті келмесе, алдағы жылдың көктемінде Бұхара, Самарқан жақтарын көргім келеді...

Жолдастарға, әсіресе Муса акама, Кияфр (Ғафур) акама, Миртемир акама (қайда ол өзі? Аты шықпай кетті ғой, жақсы жолдасым еді), басқа ака-үкаларға түгел сәлем. Қолжазбаны жіберерде тағы хат жазармын.

Сәлеммен — (Сәбит Мұқанов)
11.VII.1952 жыл.

СМҒМӘММК.
Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Ғ. БАШИРОВҚА

Құрметті Ғұмар!

Сіздің соңғы хатыңызды алғалы біраз уақыт өткенмен, «Намыстың» шығуын күтіп жауап жазбадым. Сол «Намыс» бүгін шықты. Кітаптың аудармасы да, оформлениесі де менімше жақсы, әсіресе — аудармасы. Әдетте біз Советтер Одағындағы туысқан елдердің жазушыларын орысшадан аударамыз ғой. Бұлай аударғанда, оригиналдың біраз боя-

уы дәл өз қалпындай берілмейді. Сіздің «Намысыңыз», біріншіден, татар тілін жақсы білетін, екіншіден, әдебиетті жақсы білетін кісінің аудармасы болғандықтан, оригиналыңызда не хасиет болса, соның бәрі түгел сақталған сияқты. Меніңше бұл аударма арқылы, қазақ оқушылары, жалпы кеңес жазушыларының бірі болған Башировты ғана көріп қоймайды, сонымен қатар, туысқан татар ұлтының жазушысы Башировты көреді. Сондықтан қазақ ағайындарымыздың, Сталиндік сыйлықтың лауреаттарының бірі, туысқан татар халқының бастаушы жазушыларының бірі Ғұмар Башировтың шығармасын оқумен Сізді құттықтаймын! Аудару процесінде Майра Жансаева жолдас хажетті жағдайларда ақылдасып отырды, білгенімше көмегімді аяған жоқпын. Менің Сізге жолдастық көңілден атқарған еңбегім осы ғана, аз болса да, көпке балап қабылдауыңызды өтінем!

Қазақ Баспасының татар әдебиетіне биылғы атқарған хызметінің бірі — Ғабдолла Тоқайдың таңдамалы өлеңдер жинағын шығару. Аударған — белгілі ақынымыздың бірі және татар әдебиетіне жасынан суарылған адамның бірі — Жақан (Яғқуб) Сыздықов. Бала шағымнан бері сүйіп оқитын Тоқайдың өлеңдерін қазақшаға дұрыс аударуда Жақанға қолдан келген хызметті атқарған болдым. Меніңше, кейбір ұсақ кемшіліктерімен қатар, аударуда жалпы жақсы ғой деймін. Солай деп біздің республиканың газеті «Социалистік Қазақстан» жазды да. Бір ғана кемшілік — кітаптың оформлениесі ойдағыдай болған жоқ. Оған, әрине, Баспа үшін кешірім өтінуге тура келеді.

Татар әдебиетінен енді қолға алып жатқанымыз — Кавидің «Көктемдегі желдері». Бұл шығарманы бір адам аударған екен, нашар деп қабылдамадық. Қазір екі адам аударып жатыр — бірі татар қызы Ғалия (өзі татар болғанмен күйеуі қазақ және қазақ тілін жақсы біледі) және белгілі жазушымыздың бірі Шахмет Хұсайнов. Бұл жолы аударма жақсы болуға тиісті. Кітап 1953 жылдың планымен шығады.

Шайхы Маннур «әфендінің» өлеңдер жинағын алған едім. Оның да шағындау бір жинағын 1953 жылдың планымен бастыру туралы Баспамен сөйлесіп жүрмін, ол мәселе әлі тиянағына жеткен жоқ.

Әзірге татар әдебиетіне атқарған қызметіміз осы ғана болып жатыр. Мұнымен әрине қанағаттанбаймыз, бұл жұмысты ілгері апарамыз.

Сіз соңғы хатыңызда «Менің мектептерімді» аударатын ойымыз бар депсіз. Ол инициативіңізге көп рахмет. Егер аударатын болсаңыздар, өзімде ең соңғы редакциясы бар, содан аударғандарыңыз

мақұл болар еді. Аударылмаса тағы өкпе жоқ. Тек қана өтінішім — бір-бірімізге қызметіміз сатулы болмасын немесе «ал тіліміз» болмасын. Олай деуіме, Сізге сыр қылып айтқанда, Қави «әфәндім» кінәлі. Өткен қыс, мен оған «язғы жилләрні» аударамыз деп ем, ол маған — «Өзінің «Сыр-Дарияың» да аудармасы бар иді, әлі» деді. Көптен білетін, жақсы көретін жолдасым — Қави Нажмидің бұл сөзін «ат-өтті» көріп, көңіліме ауыр алдым. Туысқан елдің шығармасын аударуда, менімше, сауда болмауға тиіс. Оған адал көңіл, шын ықлас қана керек.

«Нұрлы қазанға» (Туқай), оның жазушыларына көп сәлем. «Намысты» да, «Туқайды» да тез жіберіңіз.

Жолдастық көңілден (Сәбит Мұқанов).
16.07.1952 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры

* * *

А. ХИЖНЯК – С. МУКАНОВУ

Дорогой тов. Муканов!

Сердечно благодарим за то, что Вы приняли участие в странице нашей газеты, посвященной литературе Советского Казахстана. Посылаем Вам номер газеты с материалами о казахской литературе.

С товарищеским приветом
главный редактор «Літературної газети» А.Хижняк.
08 декабря, 1952 г.
Київ.

СМҒМӘММК. Машинопись.

* * *

С. МҰҚАНОВ – «СОВЕТТІК ҚЫРҒЫЗСТАНҒА»

Хұрметті редактор жолдас!

1951 жылдың жазында мен Фрунзе қаласына барған едім де, одан әрі Шиваза, Сыдықбеков, Жәкешев жолдастармен бірге Ыстықкөл облысын аралап қайтқан едім. Сол жолы жолдас Суерқұловпен де жолығып біраз әңгімелескен едім.

Осы сапар туралы мен «Алатау» деген очерк жаздым, көлемі 2,5 баспа табақтай. Очерк «Путевая заметка» түрінде жазылған, туысқан Қырғызстан жерінде көрген-білгендер туралы жазушының алған әсері айтылған.

Мысль Ваша о написании книги о писателях-земляках хорошая. Я, конечно, готов Вам помочь своими советами. Но для этого переписки недостаточно, надо поговорить лично.

Бюджет моего времени за этот год складывается следующим образом: скоро поеду в Москву, оттуда в Гурьев и в Алма-Ату вернусь к концу мая; затем, до сентября месяца буду работать над окончательной редакцией известного Вам романа «Степные волны»; а потом, думаю поездить по родным местам. Учтите, пожалуйста, этот бюджет и планируйте время для встречи со мной. Я охотно поговорю с Вами.

Привет всем землякам и друзьям, которые наряду с Вами приложили свои руки к документам, относящимся к «Школе жизни».

С товарищеским приветом С.М. Сабит Муканов.

г. Алматы.
19 марта, 1959 г.

ЦГА РК, ф.1634.
Автограф.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ЖАРМҰХАММЕТОВКЕ

Құрметті Жармұхамметов жолдас!

Үстіміздегі жылдың 9 апрелі күні, сіздің Семейде оқытқан балаңыз – Төкеннен хат алдым. Ол баланың айтуынша, биыл оныншы класты бітірген көрінеді де, енді Алматыдағы Қазақ университетінің журналистер факультетіне түсейін десе, қыз бала болғандықтан, алыс жерге жібергіңіз келмейтін көрінеді. Менімше, бұлай ету дұрыс болмас. Оқу, білім деген біздің заманда ұлға да, қызға да бірдей. Қайсысы білім алса да, әрі өзіне, әрі ата-анасына зор абырой. Мен сізден балаңыздың ілгері оқу ниетіне қарсы болмауыңызды, қайта оған көмектесуіңізді өтінемін.

Осы хаттың копиясын қызыңызға да жіберіп отырмын. Ол балаға ескертетінім: экзамень, әрине ауыр болады, бір орынға бірнеше адам таласады, сонда, кім экзаменді жақсы ұстаса, сол өтеді. Бұл араға ешбір қазақшылық араласа алмайды. Сондықтан, егер Төкен КазГУ-ге келемін десе, маған да, басқа ешкімге де сенбей, өзіне-өзі ғана сеніп келуі керек. Егер экзаменді жақсы ұстаса оқуға орналастыру жайын кеңесуге болады.

Туысқандық, сәлеммен Сәбит Мұқанов.
4.IV.1959 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – Н. ТИХОНОВУ

Дорогой Николай Семенович!

Я, как один из писателей, был очень рад, когда в «Известиях» от 13 февраля с.г. в числе прочих, допущенных к голосованию на Ленинскую премию художественных произведений значился и мой автобиографический роман «Школа жизни».

Еще больше удовольствия доставило мне сообщение центральных руководящих газет о том, что читательская масса принимает «Школу жизни» хорошо. К этому прибавилось множество писем, номера областных и районных газет, в которых были высказаны положительные мысли об этой книге. Я с нетерпением ждал результата голосования...

Но к моему удивлению сейчас в Алма-Ате проходят слухи (говорят, это говорил Мухтар), что якобы отдел литературы Комитета не допускает «Школу жизни» к голосованию, допускает только Погодина и Мухтара.

Я не знаю, правда ли это, если «да», то на основании чего? Мне кажется, не следовало бы объявлять в газете, что роман допускается к голосованию, коль объявили, судьбу романа должно было решать само голосование. Я не могу разобраться.

С товарищеским приветом! Сабит Муканов.
6 апреля, 1959 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ – Ю. ПАЛЕЦКИСУ

Дорогой Юстас Игнатьевич!

Шлю Вам из далекой солнечной Алма-Аты братский и писательский привет!

На III съезде писателей СССР я встречался с т.т. Венцловой и Тельвитисом и им говорил о своем намерении находиться в это лето один месяц у Вас – в Литве. Такая необходимость у меня возникла потому, что за последние годы я работаю над романом о поднятии целины в Казахстане и в нем, помимо прочих вопросов, стараюсь показать и дружбу народов. На целину в Казахстан приехала молодежь почти от всех народов нашей Родины, в том числе и литовцы. Я неоднократно встречался с ними и разговаривал.

Конечно, в роман не втиснешь представителей всех народов, а берешь наиболее характерных в этом деле. Мне одним из таких характерных показались литовцы. Я же был у Вас, – в Литве в 1955

году и в пути от Вильнюса до Каунаса проезжая на автомашине через некоторые Ваши села и деревни, видел, как мало у Вас пахотоспособных земель и с каким трудом они обрабатываются.

Во время посещения Литвы, во мне почему-то выработалась особая симпатия к этому народу, к его простоте, непосредственности и гостеприимству. За все это я остался ему обязанным. Вернувшись на Родину, на страницах казахстанской печати, на тему Литвы я опубликовал ряд мелких стихов и несколько очерков, этого оказалось мне мало и я искал случая, чтобы еще глубже выразить мою любовь к литовскому народу. Во исполнение этого желания в вышеназванном романе, я взял одним из моих значительных героев группу литовской молодежи, приехавшей на целину и в связи с этим хочу показать труд литовских земледельцев как прежде, так и теперь. Но для этого материалов у меня оказалось недостаточно, отсюда у меня возникла необходимость съездить к Вам, хотя бы на месяц, жить там, где густое крестьянское население, общаться с ними, поговорить и т. д.

Я думал поехать к Вам в конце июня, но, тут, в Алма-Ате, в жизни моей семьи случилась одна неприятность: от автомобильной катастрофы в горах была тяжело ранена моя дочь-студентка и она только теперь начинает поправляться безвредно и хорошо. В связи с этим мне приходится жить в Алма-Ате до конца июля. Врачи уверяют, что здоровье дочери до этого срока восстановится полностью, а потом, с ней надо поехать хотя бы на месяц к берегам какого-нибудь из наших морей. Я решил сочетать приятное с полезным и, если на это будет возможность, ехать в Литву и жить где-нибудь на берегу Балтийского моря, и там заниматься собиранием нужных мне материалов.

Почему я пишу об этом Вам? Пишу, во-первых, потому что Вы являетесь товарищем по перу, во-вторых, т.т. Венцлова и Тельвитис рекомендовали мне снестись по этому поводу с секретарем Литовского Союза писателей т. Межелайтисом. Я его знаю, но с ним близко не знаком, поэтому решил писать не ему, а Вам, по причине не как Председателю Президиума Верховного Совета Литовской ССР, а как к товарищу по перу.

Повторяю, — хочется жить с семьей (жена, две дочери и я) где-то на берегу моря, в окружении литовских деревень. Думаю, что таких мест у вас много.

Извините за упоминание, жить будем на свои средства, от Вас буду просить только одну легковую машину для поездок по окружающим районам и, если можно, одного консультанта.

Ответ на это письмо хотел бы получить не позднее середины июля.

С приветом товарищам по перу!
Сабит Муканов.
29/VI-1959г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ТӨКЕНГЕ

Құрметті қарағым, Төкен!

Маған жазған хатыңызды алдым. Хатта сіз жазушы болғыңыз келетінін айтасыз. Бұл, әрине, жақсы және қасиетті тілек. Осы талаптың жолында Сіздің мүмкіншілігіңіздің қандай екенін білмеймін, өйткені, ешбір шығармаңызды оқыған жоқпын. Егер, жазғандарыңызды жіберсеңіз, оқып шығып әділеттік пікірімді айтармын.

Сіз хатыңызда «жазушылық ісіне барлық өмірімді арнағым келеді», «ол үшін, тіпті, тұрмысқа да шыққым келмейді», – деп жазасыз. Менімше, тіршіліктің бұл екі мәселесін біріне-бірін қарсы қоюға болмайды. Семьялы болудың жазушылыққа ешбір бөгеті жоқ. Ал, болмаудың, бөгеттері болуы мүмкін.

Хатыңыздың соңғы жағында аяқтарыңыздың сырқаты барын жазасыз. Бірақ, қандай сырқат екенін айтпайсыз. Мүмкін ол емделумен жазылатын сырқат болар. Ата-анаңыз бар көрінеді. Мүмкін олар жәрдемдесер. Немесе мемлекет арқылы емдетудің жайын қарастырамыз. Бұл жөнде маған ашығын жазуыңызды өтінем.

Сәлеммен Сәбит Мұқанов.
23.03.1960.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – З. ШАШКИНГЕ

Зейін!

Өзің көріп жүрген тымау, кейінгі күндерде жолға жиналу, кейбір жиылыстар романыңды оқуға мұрша бермей, саған ұятты болып отырмын.

Қадағалап оқыған алғашқы 24 бетіне қарағанда, роман өте қызық басталған. Дәмештің, Қайырдың, Ораздың, екі Москвалықтың, Құрыштайдың бейнелері оқушыны ту дегеннен-ақ қызықтырып, «енді не болар екен?» дегізді.

Стилистика жағын әлі де қарайтын боларсың, ондаған ляпсустер бар сияқты.

Ісіңнің, романыңның жемісті болуына тілектеспін.

Сәлеммен Сәбит.

P.S. Сапардан оралғанша баспаға беріп қоймасаң романыңның қолжазбасын түгел оқып шығармын.

6 сәуір, 1960 жыл.

ҚР ОММ, 1725-қор, 1-тізбе, 188-іс, 1-бет.

* * *

С. МУКАНОВ – ДРУЗЬЯМ

Дорогие друзья!

Хорошо проходят дни в нашем круизе, в теплоходе «Михаил Калинин». Ни жаркие погоды, ни влажности воздуха, ни сильные штормы, словом, ни что не мешает нашему веселому настроению. Еще веселее то, что каждый из нас повседневны из нашей родины получает радиограммы, радующие нас.

Одна из таких радиограмм сегодня 19-го мая, 1960 года приносит радостную весть о том, что один из наших спутников, профессор

Алма-Атинского сельскохозяйственного института товарищ Александр Иосифович Федоров избран действительным членом сельскохозяйственных Академии наук Казахской ССР.

Этой вестью особенно радуюсь я. Это потому что т. Федорова я знаю давно, знают все казахстанцы, ибо тов. Федоров в деле подготовки кадров по части лесного хозяйства в Казахстане проделал много работ. Сын крестьянина, родившийся в 1895 году в семье сельского фельдшера, в 1917 году окончив Петербургский Лесной институт, он тут же поехал в Ташкент и устроился в САГУ и 28 лет преподавал там предмет по лесному хозяйству. После этого он по ходатайству правительство Каз ССР был переведен в Алма-Атинский с/х институт, где числитель по сей день профессором.

За 40 летнюю свою педагогическую деятельность, т. Федоров из сыновей и дочерей народов средней Азии и Казахстана подготовил тысячи специалистов лесного хозяйства: казахский народ в знак благодарности за все это дело, избрал его академиком своей Академии сельскохозяйственных наук.

Тов. Федорову сейчас 65 лет. Хоть такой возраст обычно считается значительным, мы с вами видим что т. Федоров является довольно крепким и физическим, и духовным отношениях.

Нет сомнения в том, что тов. Федоров вложит еще много труда своей родине в деле подготовки новых и новых специалистов по лесному хозяйству.

Разрешите дорогие члены нашего круиза от вашего имени поздравить Александра Иосифовича Федорова и его милую супругу Екатерину Ивановну избранием в действительного члена Академии сельскохозяйственных наук и пожелать доброго здоровья, счастья в общественной и личной жизни, еще больше плодотворных работ на благо нашей любимой родины.

Сабит Муканов.
19 мая, 1960 г.
Аравийское море.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

Х. МАХМУД – С.МУКАНОВУ

Дорогой Сабит ага!

Вот, наконец, вышла из печати моя книга о казахстанской целине. (Первая моя проза!) Спешу ее выслать Вам. Жду Вашего мнения о моем сборнике. Ведь Вы, во-первых, отлично знаете целину и много о ней писали, начиная от очерков кончая романом, во-вторых, прекрасно владеете татарским языком, у Вас много друзей среди татарских писателей и читателей. Даже Вы являетесь моим первым вдохновителем (вспомните Ваш приезд в Петропавловск в 1937 году), поэтому я свою первую прозу посылаю своему первому вдохновителю. Примите, пожалуйста, мой скромный подарок.

Я очень хочу встретиться с Вами, послушать Ваши советы, посмотреть – познакомиться с Алма-Ата.

Если приеду в августе, будете ли Вы там? Если нет у Вас времени ответить письмом, то прошу об этом телеграфировать в двух словах.

Салям всей Вашей семье. Искренно Ваш Махмуд Хусаин.

5/VII – 1960 год.
Казань, 18
ул. Мира, д.17/2. кв. 5.
Махмуду Хусаину.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ТАЛҒАТҚА

Құрметті Талғат!

Сен жіберген «Акмолинская правда» газетінің номерін алдым. Бұл номерде Сәкенге арналған бет өте мазмұнды және жақсы материалдардан құралған екен. Сенің мақаланды да оқыдым. Дұрыс мақала. Ол үшін көп рақмет.

Сәкенге Ақмолада ескерткіш қою мәселесін мен естіген жоқ едім. Ол өте жақсы хабар екен. Егер Ақмоланың өзі шешпей Алматыда шешілетін болса маған хабарларсың. Тиісті жерлермен сөйлесермін.

Сәкеннің атын тарихта қалдыру туралы 1936 жылы ҚазЦИК-тің Указы болғанын білесің. Осы Указды жаңадан іске асыру туралы мен жақын арада республикалық басқарушы ұйымдарға хат жазғамын, ол мәселенің тез арада шешілетін түрі бар. Менің ұсынысымда бірталай шаралар бар, егер Указ қайтадан бекілетін болса, баспасөзде хабар болуға тиісті. Нелер атқарылатынын сонда оқырсың.

Менің жоғарғы хатымда тыңнан көтерілген мәселелер жоқ. Енді төрт жылдан кейін — 1964 жылы Сәкеннің жасы 70-ке, жазушылық қызметі 50-ге толады. Сол датаны жақсылап өткізу үшін, осы бастан даярлана беруге тиістіміз. Оған дейін Сәкеннің алты томдық шығармалар жинағы (редакторы менмін) қазақ тілінде басылып бітеді. Мүмкін, орысшасында үлгеріп қалуымыз, ең болмағанда — бірнеше томын. Ақмоладағы ескерткішті сала берерсіңдер. Мұнда — Алматыда ескерткіш орнату мәселесін 70 жылдыққа әзірлейміз ғой деймін. Басқа шаралар да болуға тиісті, оның бәрін бұл хатта тізіп жатудың қажеті жоқ.

Жолдастық сәлеммен (Сәбит Мұқанов).
27.10.1960 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — А. НҰРТАЗИНГЕ

Солтүстік Қазақстан облысының «Халық ақыны»
жолдас Нұртазинге

Құрметті Ахметжан!

Сенің өлеңдер жазған алғашқы қалың дәптеріңді ертерек алғанымды, кезінде оқып шығуға уақытымның жоқтығын, кейінірек оқитынымды айтып хат жібергем. Ол хатты алғаныңды хабарлағансың. Алғашқы дәптеріңе ол қалпында жатқан шақта, жуырда екінші қалың дәптеріңді алдым. «Бұнда алғашқы өлеңдерімді өңдеңкіреп

көшірдім» деп хабарлапсың. Дәптеріңді оқуға бөгет, жағдай, — алпыс жылдың науқанына байланысты істер екенін хабарлағам. Сол науқанды ноябрьдің 20-сы кезінде аяқтап, енді жұмысқа кірісуге беттеген шағымда азын-аулақ сырқаттанып қалдым да, жуық арада ғана сауықтым. Содан кейін, қарындашымды қолыма ала отырып, кейінгі жіберген дәптеріңді оқып шықтым. Қай өлеңдерімді ұнатуымды, қайсыларын ұнатпауымды, кейбіреулерін қысқартып түзетуімді, дәптеріңе жасаған шимайларымнан көрерсің, осы хаттың ішінде, кейінірек тағы да жазам.

Пікір жазардың алдында айтарым: жазған хатыңыздың өзіңіздің хабарлауыңызбен, Қазақстан Жазушылар одағына барып, поэзия бөлімін басқаратын жолдас Сырбай Мәуленовтен онда ертерек жіберген өлеңдер дәптеріңіздің хал-жайын білген едім. Сырбай маған көңілімді қалдырарлық сөз айтып, «жарайтын өлең жоқ» деген еді. Осы сөзге шошынып қалған мен, үстірттік болмасын деп және сіздің көп еңбек сіңірген жұмыстарыңыз тиянақты қаралсын деп, маған жіберілген дәптердегі өлеңдеріңіздің ешбір жолын да, сөзін де тастамай және ойланып та оқыдым. Сондағы ойым: іске татырлығы болса таңдау. Бұл жұмыс маған екі жақтан оңайға түскен жоқ: біріншіден — қазіргі бір уақытта қолымның бос еместігі, екіншіден — жоғарыда айтқандай, денсаулығымның осы бір тұста жеткіліксіздігі. Дегенмен, мойынға алған іс болғасын орындап шығуды мақұл көрдім. Бұл менің сізге бұлдануым емес, расы. Енді алған әсерлеріме келейін.

Ең, алдымен ескертетінім, ойға келген пікірлерімнің бәрін адал және тура айтам. Өйткені, көркем әдебиет шығармаларын әрқайсысымыз жеке жазғанмен, баспаға жарияланғаннан кейін ол халықтың рухани мүлкіне айналады. Ондай мүлікті шамамыз жеткенше сапалы шығармауға ешбір хақымыз жоқ. Сондықтан, егер, біріміздің шығармамыздағы хаталық пен кемшілікті екіншіміз көріп тұрсақ, оны ашып айтпау, халыққа қиянат жасау болады. «Садақаны сауда бер, қисайған соң түзелмес» дегендей, әрбір шығармадағы кемшілікті, баспаға жарияланбай тұрып түзеуге тиіспіз. Өйтпеген күнде, мысалы мен сізге ымырашылық жасап, «жарайды» деген сөзбен баспаға ұсынсам, баспа орны оны бәрібір жариялamас еді.

Шығармаларыңыз туралы пікірімді айтпастан бұрын, оларды оқығаннан кейін, өзіңіз туралы алған әсерімді қысқаша айтып кетейін. Сіз дәптеріңіздің басына «халық ақыны» деген сөз қойыпсыз. Өлеңдеріңізді оригиналдық немесе аудармалық түрде жариялап жүрген баспа орындары да сізді осылай атап келді. Меніңше бұл қате

атау. «Халық ақыны» деп, біз әдетте ауыз әдебиетінің өкілдерін айтып келеміз. Ал, шығармаларыңызға қарағанда, сіз хал-қадырыңызға қарай ауыз әдебиеттік емес, жазба әдебиеттің өкілісіз. Қолдан жазған шығармаларын ауызша домбыраға қосып айтумен «халық ақыны» аталып жүргендер бізде қазір аз емес. Бұл әрине ақынның өзін де, халықты да шатастыру.

Жоғарыда мен сізді «жазба әдебиеттің ақынысыз» дедім. Егер, мен оқыған шығармаларыңызда ақындығыңыз көрініп тұрмаса, мен сізге мәймеңкелемей, «ақын емессіз» деуге ұялмас едім. «Сіз ақынсыз» деген сөзді, мен сіздің көңіліңізге қарап айтып отырған жоқпын, шығармаларыңызға қарап айтып отырмын. Біліміңіз, өреңіз жеткен тақырыпқа, тәуір жазылған бірнеше өлеңдеріңіз бар екен. Оларды дәптерлеріңіздің ішінде, түс-түсына белгілеп қойдым.

«Өре» деген сөзге қысқаша тоқтала кетейін. Жазушы я ақын болу үшін, әрине талант керек. Талант болмаса, қандай оқымысты адам болса да жазушы бола алмайды. Сонымен қатар, жазушыға қажетті дәрежедегі білімі болмаса, талаппен де ешкім ұзаққа бара алмайды: бірі — мектеп оқуы арқылы, екіншісі — өз бетімен оқу арқылы. Мәселен — Абай мен Горький. Бұл екеуінің де мектептік білімі өзіңізден төмен болмаса, жоғары емес. Бірақ, өз беттерімен оқу арқылы бұлардың екеуі де білімнің аса биік сатысына көтерілген адамдар. Хатыңызға қарағанда, сіз ауыл шаруашылық техникумын бітірген адамға ұқсайсыз. Өз бетімен білім алу үшін бұл да бірталай оқу. Ал, дәптердегі өлеңдеріңізге қарағанда, көңіліңізге қарамай айтқанда, сіз әдебиеттік біліміңізді көп көтерген адамға ұқсамайсыз. Мәдениетті, талантты ақындардан үлгіні аз алғандарға ұқсайсыз. Сондықтан да, сіздің көп өлеңдеріңіз тақырып жағынан да, не ауызша ақынға ұқсамай, не жазба ақынға ұқсамай, әрелдікте қалып қояды. Өзіңіз ауыз әдебиетінің өкілі емес, жазба әдебиеттің өкілі бола тұра, жазба поэзияның, әсіресе қазақ жазба поэзиясының, оның қазіргі Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Әбділдә Тәжібаев сияқты жақсы өкілдерінің ізімен жазған мәдениетті өлең, сіздің дәптеріңізде азғантай.

Тақырыптық жағынан алғанда, сіздің өлеңдеріңіз екі жүйеде, бірсыдырғы тәп-тәуір шығады: бірінші — салақтық, олақтық, бейғамдық сияқты әдет-ғұрып тақырыбына жазылған өлеңдер; екінші — жалған белсенділік, арақұмарлық, жалқаулық, ескілік сияқты қоғам өмірінде кездесетін кем—кетіктер. Бұл екі тақырыпта жазған сіздің бірнеше өлеңіңізді аздаған түзетумен қазірдің өзінде-ақ басуға болар

еді. Бірақ, олар сан жағынан азғантай, сондықтан кітап қып басуға келмейді, ал, газет, журналға жариялауға, — бірыңғай кемшілікті теріп жариялау ыңғайсыздау. Сіздің біраз өлеңдеріңіз, жұртқа «олай болмай, бұлай бол» деген сияқты өнеге айтуға, немесе, «Өмір мен тіршілік олай емес, бұлай болады» деп фальсафа соғуға құрылған. Мұндай өнегелік, орысша айтқанда — назидательный өлеңдер де болатыны рас, бірақ, ондай өлеңдердің де ұнайтын адамдары болады. Ал, сізге ондай өлеңдер ұнап та, қонып та тұрған жоқ, сондықтан, бірен-сараны ғана болмаса, көпшілігін мен ұнатқан жоқпын.

Сіздің өлеңдеріңізде екі түрлі нәрсе жетпей тұрған сияқты: бірінші — жетпейтін нәрсе — өмірдің, тіршіліктің көріністерінен алған әсерлеріңізді, сіз оқушыларыңыздың жан сезімін толқытарлық түрде сипаттап бере алмайсыз; екінші жетпейтін нәрсе — өмірдегі, табиғаттағы сезіміңізді қозғаған көріністерді, оқушыларыңыздың көзін қызықтырарлықтай түрде яғни көркем сурет түрінде айтып бере алмайсыз. Сіз көп жылдан бері орманшы боп қызмет істеймін дейсіз, сол орманның ішінде, жылдың әр мезгілінде неше түрлі тамаша құбылыстар, көріністер болып жатады. Осылар туралы көркем суретті нелер тамаша өлеңдер жазуға болар еді, мәселен, Абайдың «Шілдені, жазды, күзді, қысты» сипаттауы сияқты. Ал, сіздің жазға я қысқа арнаған бірен-саран өлеңіңізде жасалған сурет аз. Сондықтан жанды қозғарлық, әсерлендірерлік сезім аз.

Дәптердегі өлеңдеріңізді түгел оқығанда, сізде кездесетін және бір жалпы кемшілік: заманымыздағы тіршіліктің кем-кетіктерін яғни көлеңке жақтарын ғана суреттейсіз де, жақсы жақтарын яғни сәулелі жақтарын аз сипаттайсыз. Сіздің заманның ақын, жазушыларының басты міндеті — ең алдымен өмірдің жарқын жағындағы әдемішіліктерді, оқушылардың сезімін қозғарлықтай түрде көркем сипаттап беруде.

Жоғарыда айтқан пікірлерден жасайтын қорытындымыз не? Маған жіберген бұл екі дәптеріңізден жеке кітап болуға жарарлық шығармалар теріп алу қиын. Ондай шығармалар аз, сондықтан кітап та бола алмайды. Ендеше, не істеу керек? Осымен жазуды доғару керек пе?

Меніңше — доғармау керек. Бұл сөзді мен сіздің көңіліңізге қарап айтып отырған жоқпын. Ақиқатын айтқанда, сіз ақындық сезіміңіз бар адамсыз. Өлеңнің ырғақ, үлгісін де сіз тәп-тәуір келтіресіз. Қазақтың байырғы тіліне де өте жетік екенсіз. Шамаңыз келген тақырыптағы кейбір өлеңдеріңізден сіз суретті де кісісіз. Ендігі жетпей тұрғаны: — әдебиеттік біліміңіздің, әдебиеттің жақсы нұсқаларынан алған

үлгілеріңіздің жетпей тұруы. Бұл екеуі де шешіліп кетуге мүмкіндігі бар нәрселер. Оған сіздің жасыңыз да жеткілікті. Жағдайыңыз да жеткілікті. Ендеше, бұдан былайғы міндет, «егде тартып қалдым» демей (жасыңыз елуге ғана жетті), түр-тұрпатыңызды көрген маған, ол жас сіз үшін көп емес. Сіз әлі де біраз жыл шығармашылық еңбек жасауға күш-қуатыңыз бар адамсыз. «Ерінбеген етікші болады, ұялмаған өлеңші болады» дегендей, әдебиеттік біліміңізді көтеруге ерінбесеңіз, бұл жөнде талай жетістіктерге ие болатын түріңіз бар сияқты.

Ең алдымен өлең шеберлігіне үйрену жайында. Бұл жөнде менің сізге нақтылы ұсынысым: қазақтың қазіргі үш ақынының өлеңдер мен поэмалар жинағын алып, қарындашыңызды қолға ала отыра түгел оқып шықсаңыз: бірінші — Ғали Ормановтың жақында шыққан — «Таңдамалы өлеңдер жинағы» (мінез жағынан да, ақындық жағынан да осы Ғали сізге көбірек ұқсайтын сияқты); екінші — Әбділда Тәжібаевтың соңғы өлеңдер мен поэмалар жинағы: үшінші — Сырбай Мәуленовтің соңғы өлеңдер мен поэмалар жинағы. Өзге ақындарды оқысаңыз да қарсылығым жоқ, ал, мына үшеуінен өмірдің сәулелі жақтарын көркем сипаттауға, табиғатты көркем сипаттауда, сезім толқындарын өлеңдерінде көрсете білуде көп үлгі, өнеге алар едіңіз. Әрине, олардан алған үлгі, өнегені қайталаудың керегі жоқ. Солардан үйрене отырып өзіңше тың, соны түрде жазу керек.

Бізде қазір «Жұлдыз» атты журнал, «Қазақ әдебиеті» атты газет шығатынын білесіз. Оларды жаздырып алатын-алмайтыныңызды білмеймін. Ал, жазушы боламын, ақын боламын деген адамға оларды оқымай болмайды, өйткені олардың үйрететін оқуы, беретін сабағы, көрсететін үлгісі көп. Сізге аз да болса жәрдем болсын деп, «Қазақ әдебиеті» газетін алдымыздағы жылдың басынан, өз есебіме жіберетін болдым, сондықтан оған жазылмай-ақ қойыңыз, ал егер, «Жұлдызға» жазылсаңыз, жергілікті почта орнында тез жазылып, оқып тұрыңыз.

Ұзақтау жазған хатты қорытайын. Менімше, шын мағынасындағы жазушылық істі сіз енді ғана бастауға тиіссіз. Ең алдымен, өзіңізге қайтып отырған мына өлеңдер дәптерін түгел, ойланып отырып қарап шығыңыз да, іске жарайды-ау дегендерін теріп ап, түзетуге тиістілерін қайтадан жазыңыз. Сонымен қатар, жоғарыда айтылған жолдастық ақылдарды еске ала отырып, жаңа тақырыптарға өлеңдер жазыңыз. Оған қосымша, жоғарыда аталған ақындардың және басқалардың өлеңдерін ойланып оқып, өзіңіз де сондай үлгіде жазуға тырысыңыз.

Қайталап айтқанда: біріншіден — заманымыздың жарқын шағы туралы өлеңді көбірек жазыңыз, екіншіден — оқушыларыңыздың алдында данышпансып, ақыл айтуды қойып, өмір көріністерінің, табиғат көріністерінің әдемі, ойлы, көркем суреттерін жасауға тырысыңыз.

Осындай іске кіріссеңіз, мен сізге әруақытта жолдастық көмек беруге әзірмін.

Нақтылы айтқанда, тағы бірер жыл қызмет атқарып, жоғарыда айтылған пікірлерді еске ала отырып, өлеңдер жинағын құрастырсаңыз тағы да қарап шығуға, жарағылықты болса баспа орнына өткізуге ерінбеймін. Жақсы жазылған жеке өлеңдеріңіз болса, газет, журналға өткізуге де жәрдемдесейін.

Жолдастық сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
15.XII-1960 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

1961-1973

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. НҰРШАЙЫҚОВҚА

Жолдас Нұршайықовқа

Құрметті Әзілхан!

Ұлы Отан соғысының қанды күндерінде майданнан келіп танысқаныңды әнеукүнгі «Қызыл ту» газетінде жаздың. Араласқұраласымыз аз болғанмен, содан бері жүректің жылы түкпірінде жүретін сен, менің 60 жылдығым тұсында інілік, туысқандық, жолдастық көңілмен, тойға көп ат салыстың. Сол қызметтеріңе алғыс ретінде, 40 шақты жыл бойына әдебиет майданында атқарған күрестердің бір елесі сияқты мына «Өсу жолдарымызды» жіберіп отырмын. Бұдан бәлкім ертерек жібермек ем, өзіңе мәлім «ымшықшымшық» бөгет жасады. Кешіктіргеніме кешірім өтініп, аз сыйды көпке балап алуыңды өтінем.

Жаңа – 1961 жылың құтты болсын. Үй ішіңмен сау, өмірлі, бақытты бол.

Туысқандық, ағалық көңілден С.Мұқанов.
2-I-1961.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Қ. ФАХРИТДИНОВКЕ

Құрметті Құрмақанбет Фахритдинов жолдас!

Маған 2 январь күні жазған хатыңызды алдым. Қазақстан Көркем әдебиет баспасының айтуынша, жуық арада Мәжит Ғафуридің

таңдамалы шығармалар жинағы кітап боп жарық көрген. Аударушысы Майра Жансаева. Сіз аудармақ болған әңгіме, повестердің біразы осы жинақта бар көрінеді. Ал, «Солдат әйелі Хамида» есімді әңгімесі ол жинақта жоқ. Егер аударып қойсаңыз, аталған баспаға жіберіңіз. Өздерінің айтуынша «тым жақсы болса басуымыз мүмкін, бірақ, жуық арада Ғафуридің басқа шығармаларын баса алмаймыз» дейді. Хат жазып көріңіз.

Жолдастық сәлеммен (С. Мұқанов).
12.01.1961 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Т. УВАШЕВКЕ

Қазақстан Жеңіл өндіріс министрі жолдас
УВАШЕВ Талапқа

Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы, Пресновка станциясында тұратын, Промкомбинатта тігінші боп қызмет атқаратын Жазитова Дәмежан дейтін жолдас маған хат жазып, мамандығын өсіру жөнінде, оқуға талабы барлығын хабарлайды.

Бұл мәселе жөнінде Сізге телефон арқылы айтқамын. Хатына қарағанда, қазақша орта мектептің жетінші класын бітірген. Тігінші боп қызмет атқаруына екі жыл болған. Жасы биыл он сегізде көрінеді, кәрі әке-шешесі бар көрінеді. Бұдан басқа баласы жоқ сияқты. Сондықтан, закройщиктік білім алып, тұрған жеріне қайта барғысы келеді.

Сізден осы жолдасты закройщиктердің қысқа уақытты курсына шақырып, қажетті білім алуына жәрдемдесуіңізді өтінем.

Қазақстан Жоғарғы Советінің депутаты
және Президиумы мүшесі (С. Мұқанов).
17.01.1961 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Д. ЖАЗИТОВАҒА

Хұрметті Дәмежан

Сенің маған 1960 жылдың май айында жазған хатың жаз бойы көп уақыт жолаушылағандықтан жатып қапты. Соны жақында ғана қолға алып оқыдым да, сенің өтінішің туралы, Қазақстан Жеңіл өндіріс министрі жолдас Увашев Талаппен сөйлестім. Ол сені Алма-Атаға закройщиктердің 6 айлық, я бір жылдық курсіне шақыратын болды. Жақын арада одан хабар алуға тиістісің.

Әкең Жәзитке, шешеңе, ол маңайдағы ағайын-туғандарға сәлем айт.

Өзіңнің қажетті білім алып, жақсы адам болуыңа тілектеспін.

Туысқандық сәлеммен (С.Мұқанов).
17-I-1961 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Д. ЖАЗИТОВАҒА

Құрметті Дәмежан

Хатыңды алдым. Бұрынғы хатың бойынша Қазақстан жергілікті өндіріс министрлігі Қостанайдың Облпромсоветіне сені «Алматыда, биыл апрельде ашылатын 9 айлық закройщиктер курсына жібер» деп хат жазған. Ал, сен, қазір Қарағандыда оқып жатқан көрінесің. Егер Алматыдағы курсқа ауысқың келсе, жоғарыда аталған министрліктің министрі жолдас Увашевқа хат жазыңыз. Бірақ бұны тез істеу керек. Әйтпесе кешігесіз. Хатта жоғарғы жайларды айтып, сені Қарағандыдан бұнда шақырып алуды өтініп жазу керек.

Туысқандық сәлеммен : (Сәбит Мұқанов).
05.02.1961 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ЖӘНІБЕККЕ

Құрметті Жәнібек!

Сенің екі хатыңды да алдым. «Өсу жолдарымызға» жазған мақалаң үшін көп алғыс айтамын. Енді сенің өтініштерің туралы:

1) Мақалаларыңның жинағын және әңгіме, повестеріңнің жинағын Одақтың секцияларынан өткізіп алу қажет. Онсыз КИХЛ қабылдамайды. Секция мәжілісінде жинақтарың қаралған жағдайда баспаға ұсыну үшін, Жазушылар одағының ықпалы керек, тиісті шақта Алматыда болсам, мен, әрине, белсенді қатынасам.

2) КИХЛ-дың жаңа директоры – Ғ.Сармурзинмен сөйлесіп ем, «1961 жылдың планына енуі мүмкін емес, 1962 жылға кіру үшін де июнь, июль айларынан қалдырмай, Жазушылар одағынан өткізіп алғаны жөн» деді. Мұны ескеруің керек.

3) Жапонияға кеткен Ғабит қазір Москвада. Оның апрельдің аяғына дейін сонда болатын түрі бар. Мен Москваға 15 апрельде ұшамын да, одан әрі (20 апрельден бастап) бір айға «Европаны айналу» саяхатына кетемін. Одан июньнің бас кезінде оралуға тиістімін. Содан кейін Қазақстанның 40 жылдық тойын өткіземін де, елге барамын. Қызылжарға жолдан соғамын. Менің осы жүрістерімді есепке ала отырып, қай жерде жолығатынымызды өзің планда.

4) Целиноградқа ауысуға ойыңның барын Ғабитпен сөйлесем. Оны хатпен хабарлармын.

Достық сәлеммен Сәбит Мұқанов.
Алматы.
11.04.1961 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – В. ФАРМЕРУ

ФОНД УНИВЕРСАЛЬНОГО ЗНАНИЯ
Норд Стрит 840
САН БЕРДАРДИО, КАЛИФОРНИЯ, США.

Уважаемый мистер В.В. ФАРМЕР!

Прошу прощения за то, что на Ваше письмо от 25 мая 1961 года отвечаю с опозданием. Не мог ответить своевременно, потому что я находился в поездках. Других причин в задержке моего ответа нет.

Примите мою признательность за то, что в письме Вами поднят вопрос вопиющий для любого человечного человека, который заинтересован в благополучии людей настоящего и будущего поколений, не в меньшей мере, чем в собственном благополучии. Человечество, как мы с Вами знаем, сейчас раздельно на два лагеря: на одной стороне – агрессоры, жаждущие войны, на другой – те, кто всеми силами старается предотвратить войну. Не дай Аллах, чтобы разогрелась третья мировая война!.. Тогда исчезнет не только то, что Вы в письме называете «знанием», но может быть даже и сама жизнь на нашей планете, как это не без основания полагают некоторые ученые. Стало быть, на мой взгляд, не только мы с Вами, но и все прогрессивные интеллигенты всего мира должны сейчас думать главным образом и прежде всего о том, чтобы продукты знания, приобретенные человечеством на протяжении всей его истории, особенно продукты знаний новейших лет – атомная и водородная энергия – не служили бы средством уничтожения человечества и всего трудового на земле, а были бы основой дальнейшего развития человеческого общества, средством, как Вы выражаетесь в Вашем письме, освоения человеком не только солнечной системы, но и всего звездного мира. Поэтому я никак не могу согласиться с мнением стиха, который Вы приводите под схемой «дерева науки», гласящего:

...И день придет,
когда солнечная система едва будет
вспоминаться, подобно морям, из
которых мы вышли когда-то; и
имя земли будет редко звучать –

— разве только
в забывающейся легенде, рассказывающей
новым богом, о малом мире,
исчезнувшем в пространстве
далеко между звезд...

Если представится возможность, я готов лететь вместе с Вами на любую звезду, но не уничтожив родной земли, ее отца — солнца и сестер — планет. На кой черт мне звезды без моей родной почвы, да и возможно ли достичь их, без нее? Легко сказать, что «пусть гибнет солнечная система, а мы поедем к звездам». Так могут сказать только те идеалисты, которые не имеют никакого отношения к миру материи. Они в своем ослеплении не понимают, что материей являются они сами, то есть, они могут мыслить и приобретать знания только потому, что сами есть материя, а аппарат их мышления — мозг — тоже высокоорганизованная материя. Без мозга, являющегося материей, нет ни мыслей, ни эмоций, ни разума, ни интуиции.

Хочу еще точнее конкретизировать эту свою мысль. Что такое «знание» в моем понятии?

Знанием, как я понимаю, является продукт мышления на протяжении всей истории человечества. Наподобие того, как вода, накапливаясь образовала океаны, или атомы, соединяясь, образовали горы. Мысли и опыт людей от первобытного человека до наших современников, постепенно накапливаясь, образовали те океаны науки, последними словами которых являются такие чудесные океаны науки, последними словами которых являются такие чудесные открытия, как расщепление атома или штурм космоса. Но и это не является пределом человеческого мышления и деяния. Я уверен, что человечество пойдет дальше и выше, и я согласен с Вами вполне, что со временем человек освоит не только планеты солнечной системы и галактики, но и весь звездный мир.

Что же нам с Вами, — то есть — интеллигенции мира, — надо делать, чтобы человечество стало хозяином мира в самом широком смысле этого слова?.. Ответ на этот вопрос один и он прост: надо предотвратить угрожающую нам опустошительную и страшную третью мировую войну, и тогда все продукты знания человека, в том числе, атомная и водородная энергия будут служить на пользу человеческого общества и оно еще дальше и выше двинется по пути прогресса и постепенно, завоевав одну за другой стихии природы, все

полнее и ощутимее станет ее хозяином. Не будет конца этого пути завоеваний, как нет конца мира. Я согласен с Вами, что со временем погаснет и солнце, но жизнь человечества не погаснет, ибо человек — самое сильное в природе.

Эта все растущая и непобедимая мощь человека не должна служить средством уничтожения самого человечества, а должна стать основой его блага.

К сожалению, этого в жизни человеческого общества еще не случилось. Целые века своего существования общество разделено на два лагеря: эксплуататоров и эксплуатируемых, причем, первых — абсолютное меньшинство, а вторых — абсолютное большинство.

Мне известно, мистер Фармер, знаете ли Вы мою биографию и историю родного мне казахского народа. Разрешите рассказать Вам об этом вкратце. О себе: мои родители были батраками и умерли в нищете. Я сам (родился в 1900 году) до советского периода жизни был малограмотным, угнетенным батраком. Теперь я один из академиков Казахстана, член правительства, писатель. Имею 6 детей, трое из которых, получив высшее образование, служат народу, трое учатся и после завершения учебы пойдут работать по всей специальности. О моем народе: до Октябрьской революции, мы, казахи, были неграмотными кочевниками, теперь мы всенародно грамотны, имеем все виды школ, театры, индустрию, Академию, искусство, литературу. Наравне с другими народами СССР, мы принимаем активное участие во всех политических, хозяйственных и культурных делах. Стало быть, соглашусь ли я и согласятся ли казахи, чтобы стремительное движение нашей жизни вперед по пути прогресса пошло на попятную, покатилось назад?.. Конечно, нет! Если кто и попытается посягнуть на нашу счастливую, разумную жизнь, мы дадим решительный отпор. Так было, например, во время Отечественной войны 1941-1945 годов. В рядах Советской армии казахи были одними из самых храбрых. Поэтому Гитлер издал известный всему миру приказ, чтобы «после завоевания России не доверять оружия русским и казахам». На страже своей свободы, казахи, вместе с братскими народами, также непоколебимо будут стоять и впредь.

Вернемся к нашей теме. Мне сейчас 61 год. За свою жизнь я видел многое. И никогда я не видел, чтобы кто-либо из людей, на каком бы уровне умственного и материального положения он ни стоял, согласился на унижение или оскорбление со стороны другого. Проявляя вынужденную покорность, он безусловно будет ждать и искать

часа возмездия. Так было, есть и будет не только между отдельными людьми, но и между нациями и государствами. До тех пор, пока не будет между ними полноправия, угнетенные будут бороться и применять все средства, какие у них имеются, для достижения цели. Они ее и достигнут. Этому свидетель вся история человечества. Никогда не было, чтобы узурпатор торжествовал навеки. Явные примеры: древний Египет, древняя Греция, древний Рим, Чингисовская Монголия, Наполеоновская Франция, Гитлеровская Германия и т.д. И те, которые в силу исторических условий являются узурпаторами, падут с таким же позором, как пали их предшественники.

Каков отсюда вывод?.. Мировая прогрессивная, то есть гуманная интеллигенция, напрягая усилия к тому, чтобы предотвратить войну, не меньшие усилия должна применить к тому, чтобы остановить насилие человека над человеком, нации над нацией, государства над государством, части земли над другой ее частью. До тех пор пока мы не достигнем этого, не будет подлинного спокойствия в мире. Но спокойствие такое неизбежное и оно реально осуществимо. Об этом красноречиво говорит послереволюционная жизнь народов России.

Уважаемый мистер В.В.Фастер!

Я немного затянул свой ответ. Резюмируя все изложенное выше, я должен повторить, что я за то, чтобы знание человеческого общества увеличилось еще больше, увеличилось знание его отдельных членов, чтобы не было так, как это было и есть до сих пор, когда одним членам общества доступны знания, другим — не доступны. Я за то, чтобы все члены общества имели все возможности широко пользоваться всеми материальными и духовными благами, какие имеет человечество, чтобы знание не служило во вред другим, а чтобы оно служило на благо как человеческому обществу в целом, так и его отдельным членам, не взирая на расы, нации, пол и возраст.

Я готов быть членом любого общества, которое проповедует такой вид знания. Только такое знание может принести пользу и нашим современникам и будущим поколениям. Если Ваш фонд универсального знания хочет заниматься пропагандой именно такого знания, я готов в нем сотрудничать.

Искренне Ваш (Сабит МУКАНОВ).
СССР, г.Алма-Ата,
улица Калинина, 77, кв.11.
10 сентября, 1961 г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МУКАНОВ – В. СЕМЕНОВУ

Дорогой Владимир Васильевич!

Наши дела пока идут и хорошо, и плохо. Хорошо в том отношении, что Ваш перевод «Сказании» уже подписан к печати, и книга, очевидно, выйдет в ноябре.

Плохо потому, что ввиду крайнего финансового затруднения КИХЛ только на днях перевел Вам 500 рублей (новыми деньгами), из Ваших первых 60 процентов у них еще остается около полутора тысяч рублей, которые они обещают перевести к концу текущего месяца. Остальное, конечно, по выходу книги из печати.

В Москве я буду в начале двадцатых чисел текущего месяца. Я Вам отправляю открытку, и мы с Вами встретимся.

С дружеским приветом Сабит Муканов.
13 октября, 1961 г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ – Е. ФЛЕЙСУ

Дорогой Ефим!

Твое письмо от 3.X-61 г. получил. Очень рад, что ты жив и здоров, работаешь, создаешь и т.д.

По твоей просьбе посылаю свой фотопортрет в национальном костюме. Думаю, что для удмуртов это будет подходяще.

Если ты хочешь достать мою полную автобиографию, то посмотри на сборник, выпущенный Гослитиздатом СССР в двух томах под названием «Автобиографии ведущих советских писателей». Сборник издавался в 1960 году. Там есть написанная мною автобиография. После этого появились мои следующие работы:

1. «Сказание о современнике» – о богатой и культурной жизни сегодняшнего казахского аула. Она издается отдельной книгой на ка-

захском языке и на русском — в переводе московского поэта Владимира Васильевича Семенова. Отклики печати были положительные.

2. Вышел на казахском языке сборник моих статей о казахской советской литературе, написанные в разные времена, начиная 1922 годом и кончая сегодняшним днем. Сборник называется «Пути нашего развития». Объем 37 п.л. Отзывы печати были положительные.

3. Скоро завершаю третью книгу автобиографического романа известного тебе под названием «Школа жизни». В этой книге охватывается жизнь Казахстана с 1924 по 1936 гг.

Примите и прочь...

С братским приветом — Сабит.
1961 г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Д.А. ҚОНАЕВҚА

Құрметті Димаш Ахметұлы Қонаев жолдас!

Бүгін әлде кімнен (кім екенін өзіңізбен жолығысқанда айтам), әлде қалай, Сіздің туған және 50 жасқа толған күніңіз екенін естідім.

Бұл қуанышыңыз құтты болып, «қосағыңызбен қоса ағаруыңызға», бақытты ұзақ өмір жасауыңызға туысқандық, ағалық, жолдастық шын көңілден тілектеспін!..

Мен қазір тауда, демалыс үйінде жұмыс істеп жатырмын. Өткен жаз, Сіз «Дүйсеновке барыңыз» деген соң барып ем, өзінің қолы тимей (?!), «Сәкеңе үй салатын орын тап» деп Тәкежановты жұмсады. Ол екеуміз екі-үш орынды ұнатып едік, «үй салу мәселесін Министрлер Советімен шешу керек» деді.

Содан кейін жолдас Дәуленовке барып ем, «особняктан безіп жатқан кезде, мен Сізге особняк салып бере алмаймын» деп турасын айтты.

— Енді не істеймін? — дегенде,

— Салынып жатқан үйлердің біреуін қалаңыз, содан ішін әдемілеп төрт бөлме (?!) жасатып берейін, — деді.

Мен ондай үйді қайдан табам? Және төрт бөлме маған не болады?

Сонымен, Сізге енді айтуға ұялып, «сәті түспеген іс екен» деп жүргенімде, 8-январь күні ж. Дүйсенов «үй таптым» деп звонить етеді. Екеуміз барсақ, бұрын Дауылбаев, қазір Арыстанбеков тұратын үй екен. Әлде неше рет жамалып-жасқалған үй: потологі аласа, терезелері кішкене, бөлмелері (біреуінен басқасы) тар; жалпы площады — 100 метрдей, ол жетіп те қалатын; қорасы жақсы.

Баяғыда әйелге тарыққан біреу, «әкем өлсе, екі қатынының біреуін мен алар едім» деген екен. Сол айтқандай, үйге зарығып жүрген басым, Дауылбаевтың үйіне қызығып та қалдым. Үйге келіп Мәкеңе айтып ем, ол кісі мақұлдаудың орнына:

— Бұл не?!. Мазағы ма, қорлауы ма?!.. Білем ол үйді: әркімнен қалған барахло!.. Дұрыс үй берсе шығам да, әйтпесе осы үйде отыра берем! — деді.

Оған қарсы бола алмадым.

Реті кеп қалған соң жазып отырмын, ренжи көрмеңіз.

Басқа да біраз сөздерім бар еді, уақытыңыз болғанда Абдрашитов арқылы шақыртуыңызды өтінем!..

Жолдастық, туысқандық сәлеммен, — Сәбит МҰҚАНОВ.
12/I-1962 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — А. НҰРТАЗИНГЕ

Құрметті Ахметжан!

Сенің «Алтын бесік» атты өлеңдер жинағыңды алғаныма біраз уақыт болып қалғанмен, жауап беруге қолымды бүгін ғана тигізіп отырмын. Оған себеп, үйден кетіп, тауға барып жатып, «Өмір мектебінің» үшінші кітабын бітірумен шұғылдануымда болды. Әлі де сол еңбектің үстінде отырмын. Сондықтан, сенің қолжазбаңды тез арада оқып шыға алмайтын болғандықтан және сені менен кем білмейтін адам болғандықтан, өлеңдеріңнің қолжазбасын бүгін Сафуан Шаймерде-

новке тапсырдым. Ол сеніменен таныстығының үстіне, қазір Жазушылар одағының секретарьларының біреуі. Сондықтан қолжазбаңды тез қаратуға да, егер ұнаса, баспаға ұсынуда да мүмкіншілігі көп. Ол маған, қолжазбаны тез қаратып, саған тиісті жауабын тез берем деп уәде қылды. Мен де бұл жұмыстың іске асуын бақылап жүрермін. Ендігі хатты Сафуаннан күт.

Сәлеммен Сәбит Мұқанов.
12.02.1962 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – А. БЕКОНУ

Многоуважаемый мистер А.Е. Бекон!

Я тронут Вашим вниманием, бесконечно благодарен Вам за любезное и деловое письмо.

Охотно выполняю посильную для меня Вашу просьбу и отвечаю конкретно на Ваши вопросы:

1. Я безоговорочно стал бы одним из подписчиков библиографического журнала издаваемого Вами под названием «...» если бы знал английский язык. К сожалению, им я не владею.

2. Библиографическая справка обо мне, приложенная Вами в письме, очевидно, взята из материала, опубликованного давно, поэтому она неполная. В ней даны сведения о моих произведениях, вышедших до 1952 года. С тех пор прошло значительное время и мною опубликовано ряд вещей. Хочу Вам сообщить о них и о тех значительных моих произведениях, которые пропущены в имеющихся у Вас сведениях. Они следующие:

а) по части художественных произведения: поэма «Белый медведь» (1935г.) – о походе челюскинцев в Ледовитый океан, сборник стихов (1957г.), стихи и поэмы (1960г.), «Сказание о современнике» (1962г.), повесть «Балуан-Шолак» (1941г.), автобиографический роман в двух книгах «Школа жизни» (1949-1953г.г.), повесть «Сын пастуха» (1953г.), роман «Светлая любовь» (1959г.).

б) художественные очерки, изданные в книгах: «Путешествия по Казахстану» (1954г.), «Богатство целины» (1957г.), «Пик Адама» (1959г.) — о Цейлоне, «Шаги великана» (1960г.) — о Китае;

в) историческая трагедия «Чокан Валиханов» (1958г.).

г) историко-литературные работы: «Казахская литература XX века» (1932г.), «Казахская литература XVIII-XIX вв.» (1942г.), «Пути нашего развития» (1960г.).

1. Ваше письмо оставляю у себя на память.

2. На все вытекающие из моего письма вопросы я готов ответить.

3. На конверте Вашего письма мой адрес написан правильно.

С высоким к Вам уважением — Сабит Муканов.
1 марта, 1962 г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Х. БЕКІШЕВКЕ

Құрметті Хакім! (Бекішев) Бұл хатты жазудағы мақсатым, біріншіден, амандық білдіру, екіншіден, кейбір өтініштер айту.

Сенің үйіңнің қасында Қоқыштың Зүбәйірі бар еді ғой. Содан өткен жаз жолыққанда бір нәрсені жазып алуды ұмытып кетіппін, ол: Уәлінің Сырымбет тауына қай жақтан келуі, бәйбішесінің аты кім екендігі, бәйбішесінің балаларымен қай мекенде қалуы, Айғанымның кімнің қызы екендігі, оған үйленгенде Уәлінің неше жаста, Айғанымның неше жаста екендігі, міне, осы мәліметтер маған өте тығыз түрде керек. Сондықтан сен осы хатты алған күні Зүбәйірді тап та, білетін әрпімен (мүмкін арабша болар) табан ауызында жаздырып, бір күннен қалдырмай авиапочтаға салдыр. Міне, осы өтінішті өте тез орындауыңды сұраймын.

Құрметпен Сәбит.
16.III.1962 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Д. ШӘЙІНОВКЕ

Құрметті Дуду!

Жуық арада біздің жақтан Алматыға келген біреуден естуім бойынша, маған қадірлі аға, саған қадірлі әке — Шәйін ағай қайтыс болған. Жасы жеткен адам — арты қайырлы боп, ұрпағы — сендер аман болыңдар.

Бұл хабарды естігенде қатты ренжідім де. Сонда, Шәйін ағайдың қайтыс болуына емес, («Өзекті жанға өлім бар» жасы жеткен кісі), маған осы жайлы ешбір хабар айтпауларыңа.

Шәйін ағайдың сен — баласы болғанмен, басқа да туыстары болғанмен, ол кісімен екеуміз өте жақын көңілді адамдар болғанымыз мәлім. Егер уақытында хабар берсеңдер, мүмкіндігі болса мен барып көңіл айтатын едім, әйтпесе көңілді бұлайша кешігіп айтпай, уақытында айтар едім. Бұлай кеш қалып айтуыма, мен ең алдымен сені кінәлаймын. Өзге туыстарының хабарландыруға сана-сезімі жетпей қалуы мүмкін. Ал, сен, Шәйін ағай мен менің жақын адам екенімді біле тұра, маған хабарламадың. Бұның турасын айтқанда, не балалық та, не шалалық.

«Өмір мектебі» аталатын кітапта, Шәйін ағайдың аты тарихта мәңгілік боп қалғанын білесің, мен әлі де ол кісіге қызмет етуге даяр адаммын. Алматыдан я, Москвадан, ол кісінің атыжөні жазылған ескерткіш жасатуға ойлаймын. Ол үшін туған және қайтыс болған жылдарын білуім керек. Сен осыны маған өте тығыз түрде (авиапочтамен) тез жібер. Оған қоса «Озерной» совхозының директорының атын, әкесінің атын, фамилиясын қоса жазып жібер. Оның қажеті: мен сол директорға хат жазайын да, Шәйін ағайдың қабірінің үстіне темір шарбақ жасатуын өтінейін. Бұл қағаздарды кешіктіре көрме.

Екінші өтініш төмендегідей: біздің арада жер жаңа ғана жібіп жатуға тиісті. Жер әбден жібіп болған соң, Шәйін ағайдың қабірін шыммен жаптыру керек пе, шарбақтың ішіне өсетіндей ғып жас ағаштың шыбығын тігіңдер, қабірдің қыр арқасына шым жаппаңдар. Өйткені оған түбінде цементке отыртып тас қоямыз.

Мен елге август, сентябрь айларында соғуға ойлаймын. Ескерткіш тас соған дейін даяр болар деп шамалаймын. Соған шейін темір шарбақ орнатылып қойса жақсы болар еді. Оның ішіне көріп-шығатын есік бөлу керек.

Совхоздың директорына мен, екі жылқының біреуін саған қазына бағасымен бер деп хат жазармын. Сен сол жылқыны жаздай семіртіп, Шәйін ағайдың басын бекіткенде жұртқа сойып берерміз.

Зылиқа жеңгейге көптен көп сәлем. Шәйін ағайдың қазасы өңгеңнің бәріңнен сол кісіге қатты бататынын білем. Енді болған іске болат бол, бала-шағасының амандығын ойласын.

Ағалық көңілмен Сәбит Мұқанов.
18.04.1962 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Е. ШЫНЫБАЕВҚА

Құрметті Есеке! (Есенбай)

Бұл хатты ашып оқығанда қайран қап қалуың мүмкін. Өйткені, былтырдан бері біз екеуміз хат жазысқан жоқпыз ғой. Менің сол өкпем – әлі де өкпе. Бірақ, мен сені өкпеге қисам да өлімге қиып көрген емеспін. (Ал, сен мені – өлімге қидың). Жақын арада, мен «Өмір мектебі» деген романның үшінші кітабын жазып бітірдім. Сонда саған да бірталай беттерді арнап, өміріңді жақсы түрде баяндап бердім. Кітап шыққаннан кейін, бір данасын өзіңе күздікүні жіберем. Өзің білмесең, «құдайың» білер.

Бұл хатты жазудағы мақсатым төмендегідей: мен қазір жиналған фотокарточкалардан альбом жасатып жатыр едім, соған қосу үшін, сенің менде ешбір карточкаң қалмапты. 1928 жылы Ленинградта екеуміз түскен карточкені ана жылы өзіңе бергемін. Сен маған сол карточкені авиапочтамен тез жібер. Мен оны переснимайт еттіріп алайын да, карточкені өзіңе қайтарайын.

Және, егер ұмытпасам, сенде Ғабит екеуміздің 1928 жылы түскен фотокарточкеміз болуға тиісті: Ғабит – кепкамен, мен – шляпа-

мен. Осы фотоны да қоса жібер. Оны да переснимайт еттіріп өзіңе қайтарам.

Күлсараға, балаларға, ағайын-туғанға сәлем.

Жолдастық сәлеммен: Сәбит Мұқанов.
18.04.1962 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – Л. ЧЕРЕПАНОВУ

Директору зерносовхоза «Озерный», Пресногорьковского р-на,
Кустанайской области тов. Черепанову Л.Н.
товарищеское письмо

Дорогой Леонид Николаевич!

Мы с Вами, кажется, не знакомы. Тем не менее я решил написать это письмо и имею в нем одну большую просьбу.

В ауле «Жана-Жол», который подчиняется Вашему совхозу, в марте текущего года, на 81 году скончался старейший учитель казахского народа – Шаин Тлегенов.

Его имя упоминается в моем автобиографическом романе «Школа жизни», в двух книгах, первую книгу из которых посылаю Вам в дар. Вы лучше представите, кто такой был Шаин Тлегенов, если посмотрите на 67-72 страницы этой книги. О Шаине говорится и в других местах этого романа.

Я хочу, чтобы над могилой этого замечательного сына казахского народа был поставлен памятник.

Гранитную плиту я уже заказал в алма-атинских мастерских за свой счет. На ней будут высечены памятные слова на казахском и русском языках.

Но, надо огородить могилу с памятником. Я Вас прошу:

1) В механическом цехе сделать железную изгородь размером 3х3 метра, с открывающейся дверкой, высотою 1 метра. На углах изгороди должны стоять 4 крепких железных столба и все – простые железные решетки. (Там же будет похоронена его еще живая жена).

2) Для установки плиты над могилой, нужно ее вмонтировать в бетонную основу, раэмером 20х60х100 см., которую можно сделать без особых трудностей. Думаю, что это Вас не обременит.

3) Рабочих, которые будут делать памятник, надо будет кормить. Для этого хорошо было бы если поставить на откорм одну из забракованных лошадей.

Было бы большим благородством со стороны совхоза, если бы изгородь сделали за свой счет, но в случае отсутствия средств, то конечно, за нее буду платить я. Оплата стоимости лошади (думаю, что она будет отпущена по себестоимости) буду производить я сам.

В Ваших краях я, очевидно, буду в конце июля или начале августа. Хочется, чтобы мои заказы к тому времени были готовы.

Надеюсь на Ваш скорый ответ, ибо в начале июня я поеду в длительную командировку.

С приветом Сабит Муканов.
Мой домашний адрес: г.Алма-Ата,
ул.Калинина 77, кв. 11.
8.V.1962 год.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ШҰҒАЙЫПҚА

Хұрметті Шұғайып!

Хатыңды алдық. Амандығыңа қуандық. Мағрипа байғұстың қазаға ұшырауы өкінішті екен. Өткенге амал жоқ.

Біз – өзің көрген жандар бәріміз де аманбыз. Мен бұған дейін Шығыс Қазақстанды көрген жоқ едім. Июнь айының басынан со жаққа машинамен кетіп, Семей, Павлодар арқылы, июньнің аяқ кезінде Қызылжарға оралмақпын. Мариям үйде қалады. Оны Қызылжарға келген соң шақыртып ап, саған барып қайтамыз ба деген ниетіміз бар. Аманшылық болса, бір жұмадай жатып қайтармыз. Қалық пен Задаға сәлем айт. Ол екеуі саған жасайтын тойын біз баруға әзірлей берсін. Жалғыз ғана өтініш – бір ұрттам арақ көрмейтін болайық. Барынша

қымызды ғана қанағат көреміз. Төңірегіңдегі жұртты шақырам десең, оларға қымыздың ғана сауынын айт.

Құрмаштың үйіне, ағайын-туғандарға сәлем.

Хұрметпен Сәбит.
9.05.1962 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – И. ӘЛІБАЕВКЕ

Хұрметті Игібай! (Әлібаев).

Аман-саумысың? Кәукерің, бала-шағаларың аман ба? Өмір мектебінің «Есею жылдары» деген үшінші кітабы «Жұлдыз» журналының биылғы 3-санынан бастап басылуын көріп жүрмісің? Оның бір тарауында сен де біраз мақталасың. Журнал қысқартып басып келеді. Толығы кітапта болады. Ол да биыл жаз шығады.

Саған бір қызық ұсыныс жасағалы отырмын: мен Қазақстанның өзге облыстарын көре жүре, Шығыс Қазақстанда болмаған едім. Жүруге мүмкіншілік бар кезде, соны да көруді мақсат етіп, алдымыздағы июнь айының басынан со жаққа осы Алматыдан машинамен жалғыз шыққалы отырмын. Осы жолға сені де ала шыққым келіп еді: ауылдық мектепте көп отырып, шаршаған адамсың. Біраз көңіл көтерсін деп ем. Бұған менімше Кәукер де, балалар да қарсы болмайды. Жерді көріп, көп ел көріп қайтар едің. Уақыт шамасы – бір ай. Осыдан Өскеменге жолшыбайғы елдерді аралай машинамен барамыз да, аржағында Шығыс Қазақстанның бірнеше ауданын аралап, Семей, Павлодар арқылы Қызылжарға кеп түсеміз. Сол арада Алматыдан Мариямді шақырып аламыз да, бір жұмалық уақытқа аржағындағы Шұғайыптарға барып қайтамыз. Мариям содан Алматыға қайтады да, мен туған елге барам. Маршрут осы. Егер осыған риза болсаң, (денсаулығың көтерсе, риза болуың аса хажет) маған тез телеграмма бер де, өзің Алматыға майдың аяғына дейін жет. Ауыл-ағайынға сәлем.

Жолдастық көңілден Сәбит Мұқанов.
9-V-1962 жыл.
Алматы.

Айтпақшы, домбыраңды ұмытпассың.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Аса хұрметті, сүйікті эмандас,
қадірлі жазушы жолдас
Ғалым Малдыбаевқа!

Сүйікті Ғалым!

Сенің жасыңның алпысқа, әдебиеттік қызметіңнің қырыққа толуын өзімнің атымнан, замандасың, құрбың – Мәриямның атынан, барлық балаларымның атынан, барлық немерелерімнің атынан құттықтап, ғұмыр-жасыңның ұзақ болуын, деніңнің сау болуын, әйеліңнің, балаларыңның да ғұмыры ұзақ, бақытты болуын тілеймін. Сені мен 1924 жылдан бастап білемін. Өлең жазуға кірісуің одан әрірек басталған сияқты. «Әдебиеттік қызметіңнің қырыққа толуын» деген сөзді қолданып отырған себебім сол.

Сен еңбекші семьяда туып өстің де барлық саналы өміріңді коммунистік партияның ісіне, халықтың игілікті ісіне, социализм ісіне арнап, Отаныңа сансыз көп еңбек атқардың. Осы еңбектеріңді жақсы білетіндіктен, сенің коммунист жолдасыңның бірі боп көп-көп алғыс айтамын.

Алпыс жасқа толуыңа байланысты, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған материалдарды жіберіп отырмын. Өзім мақала жазуға, өзбек әдебиетінің апталығымен қолым тимей, бірге өскен жақын жолдасыңның бірі деп, мақаланы Жақан Сыздықовқа жаздырдық. Оған ренжімессің. Газеттің санын осы хатпен бірге жіберіп отырмын.

Келінге, балаларға көп-көп сәлем.

Қаламдас досың Сәбит Мұқанов.
21.05.1962 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Хұрметті Ғалым!

Сенен төмендегідей өтінішім бар: 1931 жылдың жазында, Москвада оқып жүрген кезімде, мен Түмен облысына көшіп барған қайным Шұғайыпты іздеп барған едім. Сол арада, Сіздің арадағы Атығайдан көшіп барған біраз жүдеу үйлерді кездестіріп, орналасуына себепкерлік жасаған едім. Соның ішінде Құдайберген (немесе Тәңірберген) деген мұғалім болған еді. Аласалау арық денелі, көк көзді, қоңқақ мұрынды, аққұба жігіт болатын.

«Есею жылдарының» «Жұлдыздың» сандарында жарияланып жатқан тарауларын оқып жүрген боларсың. Журналда қысқартылып басылды. Толығы кітап боп биыл шығады. Бірнеше жерінде сен де аталасың. Әрине – жақсы жақтарыңнан.

Жоғарыдағы Құдайбергенді еске түсіріп отырған себебім, онымен Түменде кездескен жайды «Есею жылдарында» сипаттап өтетін ем. (Алтыншы тарауында). Осы Құдайбергеннің фамилиясын ұмытып қаппын. Содан кейін жолыққан жоқпын, қайда кеткенін, не істегенін білмеймін. Жасы менімен шамалас. Егер осы адамды білетін болсаң, өте тығыз түрде, авиа почта арқылы маған жіберуіңді өтінем.

Менің үй адресім:
г.Алма-Ата, Калинина 77, кв.11.
Хұрметпен Сәбит Мұқанов.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. ТАСТЕМІРОВКЕ

Хұрметті Тастеміров Әсет жолдас!
Көшірмесі: Қазақ ССР Жоғарғы Советі
Президиумының Председателі
жолдас И. Шәріповке

Сіздің Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумына, жолдас И.Шәріповтың атына менің үстімнен жазған арыз хатыңызды

Жоғарғы Советтің канцеляриясы маған көрсетіп, тиісті жауап беруді тапсырды. Сол тапсырма бойынша Сізге осы жауап хатты жазып отырмын.

Ең алдымен айтатын нәрсе — Сіздің маған «Жоғарғы Совет арқылы жібердім» деген үш хатыңыздың үшеуі де келген жоқ. Оған себеп — осы жылдың алғашқы күндерінен бастап майдың ортасына дейін менің қалада болмауым, таудың қаладан алыстағы бір мекенінде жазу жұмысымен шұғылданып жатуым болу керек. Ол хаттардың қайда жүргенін мен білмеймін.

Бірақ, мәселе онда емес, Сіздің Жоғарғы Совет атына арыз жазуыңызда. Мен бұған қатты ренжідім. Өйткен себебім, — хатыңызға қарағанда, Сіз жетіжылдық мектепте мұғалім көрінесіз, сондықтан Жоғарғы Советтің неңдей қызметтерді басқаруын білуге тиістісіз. Ешуақытта, ешбір үкіметтің басқарушысы, ешбір жазушының шығармасын «мынаны бас» деп бұйрық берген емес. Оңдай бұйрықты беру, үкіметтің де, үкіметті басқарушының да міндеті емес. Себебі — ешбір шығарма ешуақытта баспаның бетін бұйрық арқылы көрмейді, өзінің идеялық, көркемдік қасиеттерінің татымдылығымен ғана көреді. Шығарманы бастыру әкімшілік ісіне ешуақытта жатқан емес. Сондай тәртіпті біле тұра, «өлеңдерімді қарап бермеді» я «бастырмады» деп Жоғарғы Советке менің үстімнен арыз беруіңді, мен, ең алдымен, мені ғана сыйламауың емес, Жоғарғы Советті, оның Председателі жолдас И.Шәріповті сыйламауың деп ойлаймын. Сенің жіберген материалдарыңды оқу я оқымау, — менің өз қара басымның ғана ісі, бұл жөнде маған да, мен сияқты басқаларға да ешкім бұйрық бере алмайды.

Шағым хатыңда жаңағыдай ойламаулылықтан басқа, тағы да таңқаларлық екі сөз бар: 1) Хатыңызда Сіз, «менің осы өлеңімді Сәбит Мұқанов не «Оңтүстік Қазақстан», не «Қазақстан мұғалімі» газеттеріне бастырса екен» дейсіз. Өлеңдеріңіздің қолыма тимегенін жоғарыда айттым. Ал, тие қалған күннің өзінде, мен оларды оқып, Сіздің өзіңізге ғана жауап беруге тиістімін, газет-журналдарға үлестіріп жүретін, мен Сіздің атқошсыңыз емеспін. Маған осындай сөзді айтуға ұялуыңыз керек. 2) Бас-аяғы 7-8 өлең жазасыз, оны «Алғашқы жазғандарым еді» дейсіз, сөйтесіз де, «осы өлеңдерге өмірбаянымды қосып едім» дейсіз, және «осы өлеңдеріме Сәбит Мұқанов алғысөз жазса екен» дейсіз!.. Бұл сөздерді қандай жағдайда жазып отырғаныңызды мен білмеймін. Ал, бұл сияқты сөздерді қолына жаңа ғана қалам ұстаған Сіз түгіл әдебиет майданында 40 жылдан астам қызмет қып жүрген мен де жазуға ұялар едім.

Менің бұл жауап хатым Сізге ауырлау да тиюі мүмкін. Бірақ «Қатынды бастан, баланы жастан» дегендей, жас басыңыздан өрескелдік істерді қолданбауыңыз үшін, жолдастық ақылымды қатты айтқым келді. Арыз беру арқылы, басқарушы адамдарға шағым беру арқылы әдебиетші болған кісіні мен көрген де жоқпын, естіген де жоқпын. Дәукестікпен жазушы болған кісі жоқ. Жақсы шығарма жазсаңыз баспа орындары ешкімге шағым айттырмай-ақ, өз бетімен-ақ басады, егер жаман жазсаңыз, ешкім де бұйрық беріп бастыра алмайды.

Хұрметпен Сәбит Мұқанов.
23.05.1962 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – Ф. САУКУПУ

Дорогой товарищ Франтишек Саукуп!

Получил в переводе на чехословацкий язык первую книгу моего автобиографического романа «Школа жизни». Вслед за этим получил Ваше письмо от 17/V-1962 года.

И за книгу, и за письмо выражаю Вам и всем тем, которые принимали участие в переводе и издании вышеназванной моей книги большое, искреннее писательское спасибо!

Книга напечатана на хорошей бумаге, с замечательными рисунками и оформление в целом, говоря одним словом, — прекрасное. За все это остаюсь Вам вечно обязанным.

Не знаю, имеется ли вторая книга этого романа у Вас в переводе на русский язык? Если нет, мог бы выслать.

Сейчас я завершаю третью книгу этого произведения. На этом кончается роман. Книга будет издаваться на казахском и русском языках параллельно. На казахском — в текущем году, на русском в начале 1963 года. Обе книги Вам вышлю.

Признательный Вам — Сабит Муканов.
29/V-62 г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Д. ШӘЙІНОВКЕ

Хұрметті Дуду!

Саған әнеукүні хат жазып, қасына Черепановқа жазған хаттың көшірмесін қосып жіберген едім. Одан бері өзіңнен хабар жоқ. Өзім хабарлануға қолым тимей кетті.

Бұл жұмысты бастағаннан кейін аяқтауымыз қажет. Шәкеңнің зиратын қоршайтын шарбақтың қандай болу планын Арыстанға жасатып жіберіп отырмын. Шимайына қарағанда қиын сияқтылау көрінгенмен, Арыстанның айтуынша, простой материалдан оңай жасалатын нәрсе. Осы планды алғаннан кейін, сен Черепановқа бар да, сөйлес. Оған мен «Школа жизни-дің» (орысша) бірінші кітабын қосып хат жазған едім, әлі жауап жоқ. Бұған себеп – егістен қолы тимеуі болу керек. Енді босаған шығар. Осы жайды сөйлес те, қалай келіскендеріңді маған тез хабарла. Тасты осы Алматыда даярлатам ба деп ойлап едім, жақсы тас табылғанмен, істеуі ойдағыдай болмайтын сияқты. Сондықтан Москвада жасатам ба деген де ойым бар. Оны кезінде хабарлармын. Сенің міндетің, июль айының ортасына дейін темір шарбақты даярлату.

Мен Алматыдан июньнің ортасында Шығыс Қазақстанға бет-теп сапарға шығам да, со жақтан ойысып отырып, аманшылық болса июльді орталай елге барам. Соған шейін шарбақ бітіп орнатылса жақсы болар еді. Ең болмағанда, мен барғанда орнататын ғып даярлап қойыңдар. Тез хат күтемін.

Сәлеммен: Сәбит.
29.05.1962 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Д. ШӘЙІНОВКЕ

Құрметті Дуду!

Саған екінші хат жазып, әкеңнің басына қойылатын шарбақтың формасын жіберіп едім. Одан бері хабар жоқ.

Бүгін, Москвадағы Тілегенов Насихат деген жолдасқа жазған хатымның саған бір көшірмесін жіберіп отырмын. Ол хаттағы сөзді қайталамаймын.

Насихат әкеңнің ескерткіш тасын саған жіберіп өзіңе хабарласса, Пресногорьковская станциясынан (бұрынғы — «Троебратное») барып аларсың. Шарбақтың не болып жатқанын білмеймін. Ол әлі істелмесе, тастың өзін орната тұрармыз да, маңайына уақытша ағаш шарбақ істетерміз. Аманшылық болса, мен елге июльдің аяғында немесе августың басында соғам. Тасты сонда өз қолымнан орнатармын.

Сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
15.06.62 ж.
Алма-Ата.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Н. ТІЛЕГЕНОВКЕ

Құрметті Насихат!

Шәйін ағайдың ескерткішіне деп жуық арада саған 365 сомды авиапочтамен перевод жасағам: өзіңнің хабарлауыңмен — 323 сомы мрамор тасына төлеуге, 20 сом тасқа жазылатын сөзіне төлеуге, қалғаны — тасты багажбен жөнелтуге. Бұл ақшаны алған боларсың.

Бүгін осы хатпен бірге тасқа жазылатын сөздердің формасын жіберіп отырмын. Бұны — менің инженер балам — Арыстан жазды. Бірақ бұл жазудың әріптері маған онша ұнап тұрған жоқ. Менімше, қолжазба (рукопись) әріптерімен жаздырған жақсы сияқты. Сөздері — осы жіберіп отырған қағаздағы. Ойланып, қай қолайлысын жаздырарсың.

Ескерткіш тастың астына көлденең қоятын «подставканың» керегі жоқ. Оның орнына, тастың астыңғы жағынан екі тесік жасату керек, соған темір шыбық өткізіп, железобетоннан жасалатын постаментке бекіттіріп тастайды. Ана жылғы менің әкемнің ескерткішіне жасаған подставканың қажеті болмаған. Ондай подставкадан тасты ұрлап әкетуі оңай көрінеді. Бетонға темір шыбықпен байластырып тастаса қопара алмайды екен.

Тас даярланғаннан кейін, төменгі адреске багажбен жіберу керек: Южно-Уральская железная дорога, станция Пресногорьковская, Шайнову Дуду.

Тасты осы адреске жібергеннен кейін, Шайновқа төмендегі адреске хат жаз да, тастың накладнаясын бірге жібер. Шайновтың адресі: Кустанайская область. Пресногорьковский район, совхоз «Озерный», ауыл «Жаңа жол», Шайнову Дуду.

Жұмысты тездетуіңді өтінемін. Өзім июньнің 20 кезінде Шығыс Қазақстанға командировкаға кетем де туған еліме июльдің аяғында оралам. Шайн Тілегеновтің қабірі сол ауылда. Ескерткіш тастың ол ауылға июльдің аяғына дейін жеткені жақсы болар еді.

Мен қолыммен орнатып кетер едім.

Туысқандық сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
15.06.-1962 жыл.
Алма-Ата.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Т. ӘЛІМҚҰЛОВҚА

Құрметті Тәкен!

Хатыңды алдым. Көп рахмет. «Есею жылдарын» бітіріп, КИХЛ-ға беріп кеттім. Журналда қысқартылып жарияланған вариантын оқыған көрінесің. Ол туралы айтқан жылы сөздеріңе рахмет. Шығарма көпшіліктің көңілін аударатын сияқты. Оған көп санды хаттардың түсуі, көп адамдардың телефон арқылы, я ауызша айтқан пікірлері куә. Шығарманың таласты жерлері де болатын сияқты. Оны, әрине, жеңді түріп қарсы аламыз. Подстрочный переводын жасатып жатырмын. Көркем аудармасын Ванюшин деген жолдас жасауға кірісті. Оның аудармасы «Простор» журналының күзгі сандарына басылмақ. Бұл аударма Москваны қанағаттандырарын я қанағаттандырмасын білмеймін. «На всякий случай» деп, подстрочниктің бірер данасын сақтаймын. Күз барсам оны да, Ванюшиннің аударғанын да алып барармын. Сонда ақылдасармыз. Ойымша, әуелі қалың журналдардың біреуіне орналастырмақпын

да, «Советский писательге» содан кейін ұсынбақпын. Оны да бара ақылдасармыз.

Жас авторлардың мәслихаты сентябрьдің орта кезінде болса, барып қайтуға қарсы емеспін. Алматыға августтың орта тұсында ораламын. Сол кезде хабарласармыз.

Сәлеммен (Сәбит Мұқанов).
19 маусым, 1962 жыл.

ҚР ОММ, 1634-қор.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Аманшылық болса, мен ертең Шығыс Қазақстанға жүргелі отырмын. Одан Семей, Павлодар, Қызылжар арқылы, июльдің аяқ кезінде ауылға ораламын. Қызылжарға барғанда Мәриямды шақыртып аламын. Ол екеуміз Шұғайыпқа аз күнге барып қайтамыз да, Мәриям Алматыға кетеді, мен елге барамын. Мәриямның қайтатын себебі, биыл Жанна жоғарғы оқу орнына түспек. Экзамен қатты болады. Сонда Жаннаның қасында тұруға тиіс.

Мен елде ұзақ болмаспын. Ауылда бірер күн қонармын да, одан кейін «Жаңа жолға» барып Шаин ағайдың басына тас орнатып, содан кейін Көкшетауға кетермін. Шаин ағай халыққа оқу жолында көп жылдар қызмет атқарған адам еді. Соған бір белгі қоюды өзіме парыз көрдім. Ондай белгі қоюға балалардың күші келмейді. Тасты Москвада заказать еттім. Ол тас июльдің ортасына дейін «Жаңа жолға» жеткізілмек.

Мұратты уәделі уақытта келер деп күткен едім, келмеді. Одан әрі тосуға уақыт көтермеді. Мен жоқта келгенмен орналасуы қиын болады. Ендігісін ауылға бара ақылдасармыз.

Туысқандық көңілмен, Сәбит Мұқанов.
26.06.1962 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Соңғы хатыңнан кейін берген телеграмманы алған боларсың. Бұл хатта екі мәселе жайында хабарланады.

I. Жетпіс жылдықтың өткізілетін күні туралы. Ол календарда 26 апрельде еді ғой. Бұл кезде Лениннің жүз жасқа толу науқаны жүріп жататындықтан, Республикалық басқарушы ұйымдар онымен қарбалас қылмауға ұйғарды. Жүз жылдық апрельдің аяғына шейін созылатын түрі бар. Одан кейін біріне-бірі жалғасқан Май мейрамы өтеді. Соларды есептеп, менің жетпіс жылдығымды Майдың аяғында өткізуге ұйғарылды. Бірақ, бұл жолы ана жылғы алпыс жылдықтай көп қыдырыстар болмауға тиісті. Туысқан республикалардан, облыстардан Алматыға өкілдер шақырылады да, мәжіліс осында ғана өтеді. Мен өзім де елу және алпыс жылдықтардай Алматыға көп қонақтар шақыра алмаспын. Оларды күтуге қартая бастаған жеңгеңнің шамасы жетпейді. Алматыдағы мәжіліс өткеннен кейін мен өзім (мүмкін – жеңгең) аздаған адаммен туған облысқа, туған жерге аз күнге барып қайтпақпын. Алматыда болатын жиынға өзіңді және үйден босана алса – Дәкішті шақырармыз. Келулеріңді өтінеміз.

2. Ауыл жағдайы туралы. Оның жүдеу жағдайда екендігі және қалай түзеуге болатындығы туралы совхоз директоры Акименкодан, одан кейін ауылдың басқарма бастығы – Анахиннан (бұл қай Анахин? Айгожаның немересі емес пе?) хаттар алғам. Ол хаттарды республикамыздың жаңа басшысы, – Министрлер Советінің Председателі Ашимов Байкен жолдасқа көрсетіп өз тілегімді қоса айттым. Ол кісі аса ықыласпен тыңдап (тілектерін орындаймыз) деген уәде берді. Екі күннен кейін Солтүстік Қазақстан облисполкомының председателі Хусайынов Сақанмен жолығып едім, Ашимов біздің өтініштерді орындау жұмысын соған тапсырыпты. Оның айтуынша апрельдің аяғында Москва сапарынан қайтқаннан кейін қолға алмақ. Уәдесі: әуелі арнаулы адамдар жіберіп хал-жағдайларыңды көздерімен көрмек, керекті жабдықтарды анықтамақ, одан кейін облисполкомның арнаулы қаулысы алынбақ.

Хусайыновтың уәделері тұрақсыздау болушы еді. Енді оның соңынан қалмай, тағы да Ашимов арқылы түрткі салам. Өзім июньнің

басында Қызылжарға әдейі осы жұмысты тиянақтауға барам. Не шығарын уақытында көрерміз. Бірақ Ашимов уәде берген соң бұл жұмыс іске асар деп сенем.

Өзге жайды көріскенде сөйлесерміз.

Хаттағы сөз түріне қарағанда Акименко дұрыс адам сияқты. Өзінің хатына жауап қайтарам. Сен оған жолық та менің хатымның жайын айт.

«Ұятты қонақтар келіп қалса...» деген сылтаумен одан бір жастау соғым сұрап июньнің басына дейін жемге қойсаң қайтеді,.. тамырын басып байқап көрерсің. Бұл жайда Преснов ауданының председателі Аяғановқа да хат жазармын.

Амандық-саулық тілеп туысың Сәбит Мұқанов.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Т. ӘЛІМҚҰЛОВҚА

Құрметті Тәкен!

Өзіңмен көріскеннен кейін Шығыс Қазақстан жаққа кеткенімді естіген боларсың. Бұл облыстың Тарбағатай, Зайсан, Марқакөл және Күршім аудандарын (бұлардың бәрі де республиканың Қытай жақ шегінде екенін білетін боларсың) аралап, Өскеменге келдік те, одан Лениногорскийде болып, бригада мүшелері тарадық. Өзгелері қажетті жерлеріне кетті. Мен поезбен Павлодарға барып, одан Павлодардың және Көкшетаудың және Солтүстік Қазақстанның бірнеше аудандарын машинамен аралап Қызылжарға түстім. Сапарымыз өте сәтті болды, жинаған материалдарымыз көп. Оларды жеке очерк ретінде, кітап ретінде де жариялағымыз. Шет жағасы «Қазақ әдебиетінде» көрініп те жатыр, оны оқыған боларсың.

Мен Константин Фединнен екі хат алдым. Бастапқысында «Күзді күні Москвада болатын жас жазушылар мәслихатына қатынасыңыз» деп жазған екен. Оған ризалық білдіріп жауап қайтарғанмын. Енді, жуық арада ризашылық білдіргеніме рахмет айтып, өзімнің жазушылық тәжірибемнен мақала жазуды өтініпті, ол «Мәслихатқа арналатын жинаққа кіреді» депті. Сенен өтініш:

а) Мәслихаттың дәл қай айда, қай күні болуын,

б) жинақтың материалы қай кезге шейін жіберілуге болатынын, айтып, маған тез хабарла.

Мен, енді, сентябрьдің ортасына дейін осы қалада болармын.

Сәлеммен Сәбит Мұқанов.
31/VII.-1962 ж.
Алматы, Калинина 77, кв.11.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – В. ПОТАПОВУ

Дорогой Владимир Степанович!

Ваше письмо от 11.IX.-62г. получил. К моему великому сожалению, я не могу выполнить вашу просьбу по двум причинам: 1. Я сейчас работаю над воспоминанием об А.А.Фадееве и думаю, что на Ваши вопросы может ответить это воспоминание, воспоминание я пишу для сборника, который составляется издательством «Советский писатель», если Вы хотите пользоваться этой моей работой, я могу прислать к Вам один экземпляр. 2. За последний месяц мне почему-то не здоровится, поэтому написать другую работу о том же Фадееве мне непосильно.

Жду ваш ответ.

С товарищеским приветом Сабит Муканов.
21 сентября, 1962 г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – АЛАТАЙҒА

Құрметті Алатай!

Сенің жазған хатың менің қолыма кешігіңкіреп тиді, өйткені мен жолаушылап кетіп, үйге жақында оралған едім. Амандық білдіріп хат

жазғаныңа көп рахмет. Мүтілсіміңмен, балаларыңмен, бірге жүрген ағайынды қарындастарыңмен аман болуларыңа тілектеспін.

Көрмегелі көп уақыт болды. Мен қазір аппақ құдай шалмын. Бірақ қызмет атқаруға әлі қартайған жоқпын. Мариям менен әлдеқайда жасаң. Ол кәпірің күн сайын жасара беретін сияқты. Сенің бәйбішең де солай болар деп ойлаймын. Бірақ, тұқымына тартып, құшақ жетпейтін бәйбіше болды деп естимін. Тату-тәтті өскен құрбымыз, екеуіңді де көргім, құшақтап сүйгім келеді. Аманшылық болса ол да болар.

Басқа не жазайын, аманшылықпен көрісейік. Ғабит құрбың үйде, аман. Онда ұл жоқ болатын, менің үлкен төрт балам — ер де. Олардың бәрі қазір үйленіп, бөлек отау болды. Кіші екі қызым оқып жүр. Бес немерем бар. Жиі болмаса да ара-тұра амандық білдіріп қой.

Бауырлық көңілден көп-көп сәлем.

Сәбит Мұқанов.
21/IX-1962.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — БАЙНҰРАЛЫҒА

Құрметті Байнұралы!

Сенің Москвадан жазған хатыңды бүгін алдым. Үй-ішімізбен реніште отырған жағдайымыз бар еді: октябрьдің бірі күні, көптен күткен арысымыз — Шұғайып қайтыс болған, сол маңайға (Кругленкоға, шешесінің қасына) жерлеген. Бұл хабар бізге сентябрьдің 13 күні хатпен келді. Мен де ренжідім. Мәриям қатты қиналып қалды. Өзім сентябрьдің жетісінен бері тымауратып, біраз күн больницада жатып шыққанмын. Әлі де саулығым күшті емес. Дегенмен Шұғайып үйіне барып қайту қажет боп отыр. Аманшылық болса октябрьдің 27-інде поезбен Қызылжарға шығып, одан әрі машинамен бармақпыз. Бірақ көп жатпаспыз, амандық болса, осы айдың аяғына дейін Алматыға оралармыз.

Өзіңнің оқып жатуың қуанышты хабар. Аман-сау институтты бітіруіңе тілектеспіз.

Туысың Сәбит.
16/X-1962ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – К. ПЛАТОНОВОЙ

Уважаемая тов. Платонова!

Я чувствую, большое неудобство перед Вами – обещал писать воспоминание о А.А.Фадееве, но не выполнил до сих пор. В этом были причины для меня уважительные, а для Вас не интересные. Но я не отказался от своего обещания. Я пишу воспоминание и закончу его к середине декабря текущего года, потом привезу в Москву, когда приеду на пленум ССП СССР.

Сейчас (18-XI) я поеду в Гагры отдыхать. Там продолжу работу о Фадееве. Не знаю, устроит ли этот срок Вас? Если нет, сдавайте книгу в печать, я свою работу устрою в периодике. Обиды не будет. Виновен я сам. Об остальном поговорим при встрече.

С приветом, Сабит Муканов.
9 ноября, 1962г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ – В. ВАЖДЕЕВУ

Дорогой Виктор Моисеевич!

Ваш подарок «Волшебная кисть» получил. Большое спасибо. Начал читать подряд. Сказки весьма интересны. Подбор сказок наро-

дов — удачен. Прочту и потом думаю обратиться в наш КИХЛ с просьбой перевести ряд сказок из этой книги (целиком — большая) на казахский язык. О результате сообщу.

Прошу передать сердечный привет нашему чудесному другу — Людмиле Ивановне.

С дружеским приветом Сабит Муканов.
1963 г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНА

Қазақстан Жазушылар одағына

Менің 1929-30 жылдары «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (байшыл-ұлтшыл дәуір) есімді көлемді еңбек жазғанымды, ол еңбектің 1932 жылы латын әріпімен қалың кітап боп (450-беттей) басылып шыққанын білесіздер. Кітаптың өз тұсында байшыл-ұлтшылдық идеологияны әшкерелеуде бірталай роль ойнауы мәлім.

Одан бері 30 жыл уақыт өтті. Кітап қайталап басылған жоқ. Культтің белең алған кезінде, «бұл кітапта байшыл-ұлтшылдарға трибуна берілді» деп мені біреулердің кінәлағанын да білесіздер. Қазір менің осы кітапқа тағы да оралғым келеді, өйткені — елеулі кемшіліктерімен қатар, кітап қазіргі «байшыл-ұлтшыл» дегеннің не екенін жақсы білмейтін жастарға пайдалы да сияқты.

Кітапты қайта қарар алдында, Жазушылар одағының жәрдемі керек сияқты, сондықтан, осы кітаптың бұрынғы редакциясын Жазушылар одағына оқытып, оның қандай сыны және талабы барын білгім келеді. Осы мақсатпен, кітаптың машинкаға орыс әрпімен басылған бір данасын Жазушылар одағына беруді мақұл көрдім. Ендігі сөз — одақтікі.

Құрметпен Сәбит Мұқанов.
14.01.1963 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – ТРУЩЕНКО

Уважаемый тов. Трущенко!

Ваше письмо от I/II-63 года получил.

О Т.Г.Шевченко у меня собрано много материалов, на основе которых собираюсь написать что-нибудь солидное, в виде поэмы, пьесы и т.д. Но это – задача будущего времени. К юбилею я, конечно, не успею. Поэтому я вспомнил мой очерк «Форт-Шевченко», напечатанный в журнале «Вокруг света», №1, 1948г., стр. 35-40.

Этот очерк был переведен на языки ряда братских народов нашей Родины и заграницей, и напечатан.

Получив Ваше письмо, я прочитал очерк в журнале «Вокруг света» и нахожу, что он годен для напечатания и сейчас, ибо в нем дан кусок биографии Тараса Григорьевича, который в других напечатанных материалах отсутствует.

Я прошу Вас найти указанный номер «Вокруг света» и прочесть очерк. Думаю, что он будет подходящим для сборника, составляемого Вами. Если желаете, кое-что можно прибавить к концу очерка. Переводчик мой – Леонид Макеев, живет в Алма-Ате. Можете печатать без добавления (начальную аннотацию от редакции журнала, конечно, снимите).

Жду Вашего мнения.

С уважением Сабит Муканов.
12.03.1963 г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – КЕЙҚУАТҚА

Құрметті Кейқуат!

Жазған хатыңды алдым.

Қазақстан Жоғарғы Советіне депутат болған Ойрат Малеев, өздеріңнің туыстарың Қапардың баласы.

Қапар 1937 жылы «халық жауы» боп ұсталып кеткенде, (содан қайтпады ғой, бейшара!) бұл Ойрат сегізде екен. Содан шешесі Мәриям да «халық жауы» боп ұсталып, 1939 жылы лагерьде өліпті, Ойрат балалар үйіне түсіпті.

Содан Ойрат Алматыға 1953 жылы, 24 жасында келді. Қапар екеуміз бөле және дос едік қой. Ойрат соны ұмытпай, біздің үйге келіпті. Көрмеген бейнеті болмапты.

Мен оны трактористер курсына кіргіздім. Содан ол тракторист болып шығып, осы маңайдағы бір совхозда бірнеше жыл жақсы тракторист болды. Сөйтіп жүріп, орыс қызына үйленді. Қазір төрт жасар қызы бар. Аумаған шешесі Мәриям.

Кейінгі екі-үш жылда, Алматы қаласында құрылысшы болып істейтін. Сонда жұмысы жақсы болғасын депутат болды. Жақсы, салмақты, тәртіпті, ақылды жігіт боп өсті.

Хатыңды ерте алғанмен, Ойраттың жаңадан шыққан пәтерінің адресін біле алмадым. Біздің үйге кеше ғана келіп, адресін алдым.

Орыс арасында өскен, қазақ тіліне шорқақ. Хат жазсаңдар орысша жазыңдар. Адресі: г. Алма-Ата, микрорайон 2, дом 14, кв.13.

Менің адресім: г. Алма-Ата, ул. Калинина 77, кв.11

Күлішке сәлем айт. Ауыл-ағайынға сәлем айт.

Сәбит Мұқанов.
22. 03.-1963 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

Ф. КАСТРО – С. МҰҚАНОВҚА

ГАВАНА 5-го апреля 1963 г.

САБИТ МУКАНОВ
Ул. КАЛИНИНА 77, КВ. 11
Гор. АЛМА-АТА
СССР

УВАЖАЕМЫЙ ТОВАРИЩ!

По поручению нашего премьер-министра тов. ФИДЕЛЯ КАСТРО РУС, подверждаю получение Вашего любезного письма, а

также книги о герое революции БАЛУАНЕ ШОЛАК, в которой имеется Ваша фотография.

От его имени передаю Вам сердечный братский привет и благодарю за посылку. Пересылаю Вам фотографию с автографом.

Ваши симпатии к борьбе за освобождение нашего народа, Ваша поддержка в борьбе против империалистической агрессии, Ваша помощь в построении социализма в нашей стране являются великим стимулом в достижении стоящей перед нами цели. Мы хотели бы заверить Вас: КУБУ НИКОМУ НЕ СЛОМИТЬ! При поддержке братских стран социалистического лагеря, всех народов мира мы победим!

С революционным приветом,
Родина или смерть!
Мы победим!
Селия Санчес м.
Личный секретарь.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Т. ӘЛІМҚҰЛОВҚА

Құрметті Тәкен!

Өткен 1 Майдың мерекесімен құттықтаймын. Өзіңе, келінге, балаларға бақытты ұзақ өмір тілеймін.

Сенің маған жазған хатың, өзім көптен бері тауда тұратын болғандықтан, пәтерімде жатыңқырап қалыпты. Жуықта ғана қолыма түсіп, маған жазған өлеңіңді іздеп таптым. Қолжазбаң сақталған екен. Содан дәлме-дәл көшіртіп, екі данасын Сырбайға бердім, бір данасын өзіңе жіберіп отырмын. Кезінде бұл өлең үшін айтқан алғысымды қайталаймын: Өзің де алпысқа аман жет, өзің де зор табыспен жет, өзің де қосағыңмен қоса ағар, өзің де балаларыңның қызығын көріп, мен сияқты немерелер сүй. Алпыстан да әрі қарай бақытты өмір жасай бер.

Аманшылық. Бір балам үйленіп жұмыс кабинетімді үй тапқанша соған бердім де, өзім Москвадан келгелі тауда, демалыс үйінде жатырмын. «Есею жылдарын» біраз өңдеп бергем. Союз қабылдады.

Енді ҚИХЛ қарап жатыр. Менің жұмыс істемей отыра алмайтын адам екенімді білесің. Бірәздан бері ұйғырдың Жанна де Арк-кі — Жұпар-хан туралы ұзақ поэма жазып, аяқтауға жақынмын. Кезінде хабарланармын.

Ағалық көңілден Сәбит Мұқанов.
3 май, 1963 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Н. ФАЗЫЛОВҚА

Құрметті Насыр!

Аман-сау жүрсің бе? Мал-жаның аман ба?

Келе жатқан мейрамың құтты болсын. Үй ішіңмен бақытты ұзақ өмір жаса.

Мен Ғафур-үкәмнің алпыс жасқа толған тойына шақырған хат алып отырмын. Аманшылық болса, Мәкең екеуміз тойдың қарсаңында барамыз.

«Өмір мектебінің» жәйі (өзбек тіліне аударылуы туралы) не болды? Бізден қыз үстіне қыз (жер) аласыңдар да, қалың малын төлемейсіңдер. Ол қалай?!

Қалжыңын қойып шынын айтқанда, осы жолы Шараф Рашидовке кіріп, өзге азын-аулақ сөздеріммен қатар, «Өмір мектебінің» үш кітабын (үшіншісі басылып жатыр) 1964 жылдың планымен өзбек тілінде шығаруды өтінемін ғой деймін. Бұнда, бұл үш кітапты алдағы жылдың Лениндік сиына ұсынудың пікірі бар. Өзбек ағамыз қатар ұсынса теріс болмас еді.

Сенен осы мәселенің мен барғанша тамырын басып, почвасын даярлап қоюыңды өтінемін. Мәселе тыңғылықты болу үшін шарт жасасып кеткенім жақсы болар еді.

Туысқандық сәлеммен Сәбит Мұқанов.
28 май, 1963 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. ҚҰДАШҚА

Аса құрметті Сәйфи ағай!

Татарша айтқанда, мен сіздің алдыңызда «хараб булдым», себебі — сізден көп хаттар ала тұра, соңғы бір жылдың ішінде сізге жауап жазбадым. Сізді аса биік құрметтейтініме ешбір күдігіңіз болмауға тиісті. Сөйте тұра ұзақ уақыт хат жазбауыма бір ғана себеп болды, өйткені, сізбен Қостанайда ажырасқаннан кейін творчестволық бір қызметпен отырып қалдым да, содан қол жаза алмадым. Бұл айтып отырғаным, өзіңізге белгілі «Өмір мектебінің» үшінші кітабы, аты «Есею жылдары». Бұл шығарманың мемуарлық түрде жазылғанын білесіз: бірінші кітабы қазақтың және өзімнің 1900-1917 жылдардағы тіршілігіне арналған, екінші кітабы 1917-24 жылдардың арасын сипаттайды. Үшінші кітапта 1924-36 жылдарды сипаттайды. Бұл жылдарда Қазақстанда басқарушы боп істеген адамдардың бәрі культличностың әлегіне ұшырап, құрбан боп кетті. Осы адамдар туралы жазу оңайға түскен жоқ. Біріншіден — жазықсыз жаза тартқан адамдар туралы әділетін жазуға тура келді, екіншіден — ол адамдардың әйелдері, балалары, туысқандары, достары бар, олар мақтасаң ғана жақсы көреді де, сынасаң жек көреді. Міне, — осындай кедергілердің бәрінен өту оңайға соққан жоқ. Кітаптың қолжазбасы басқарушы орындарда да, Жазушылар одағында да талқыланып, ақырда, жуық арада ғана баспаға жетті. Кітап шыққан соң бір данасын сізге жіберермін.

Құрметті Сәйфи аға! Жоғарыда айтқан, қол тимеуден басқа, сізге хат жазбауыма ешбір себеп болған жоқ. Міне, енді, қолым босап, сізге хат жазып отырмын. Кешігуім үшін зор кешірім өтінемін.

Жіберген кітабыңызды алдым. Онда сипатталған адамдарды, бірсыдырғы — жақсы білемін деп ойлайтын едім. Сіздің кітабыңыз татар мен башқұрт халықтарының мәдениеті және әдебиеті туралы көп нәрселерді еске түсірді, көп жаңа мәліметтер берді. Ол үшін сізге сансыз рахмет!

Сіз бір хатыңызда, қазақ тілінде жазылған бір өлеңді «Нұржан Наушабаевтікі болу керек, соны анықтаңыз» деп жазған едіңіз. Нұржанның кітаптарында ол өлең жоқ. Нұржанды жақсы білетін, оның жақын туыстарының бірі, ақын — Мәриям Хакімжанованың айтуынша, бұл өлең Нұржандікі сияқты. Басқа анықтар мүмкіндік жоқ.

Сіз «Жастық ізімен» деген шығармаңыздың қазақшаға аударылу жайын сұраған екенсіз. Ол жайды Сейітжан Омаровпен сөйлестім. Оның айтуынша өз ұлтының тілінде кітап боп шықпаған шығарманы екінші тілге аударуға болмайды. Бұл жөнде сізге хат жаздым дейді. Кітабыңыз башқұрт тілінде шыға салысымен жіберсеңіз, ешбір плансыз басылады.

Әнеукүні, Қазақстан Ғылым Академиясында Ахмеров деген жолдас докторлық диссертация қорғады. Мен сөйлеп, қолдайтын пікір айттым. Диссертациясын мұнда қабылдады. Жақын арада Киреевтің башқұрт эпостары туралы жазған диссертациясының авторефератын алдым. Оқып шықтым. Бұл да құнды шығарма екен. Меніңше, өтуге тиісті. Өзіне хат жазамын.

Саулығыңызға, өркеніңіздің өсе беруіне тілектеспін.

Інілік және туысқандық сәлеммен
(Сәбит Мұқанов).
1/VI-63 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым!

Соңғы жазған хатыңды алдым. Материалдық тұрмысыңның ауыр екенін білемін. Сейітжан Омаровпен ол жөнінде сөйлестім. Ол «қолжазбаларын алдық, баспаға ұсыну қиын» дегенді айтады. Мен Тайыр мен екеуіне «біраз өңдеп, қысқаша болса да жинақ жасау қажет» дегенді айттым. Өзімнің бұл іске қатынасуға ниетім барлығын білдірдім. Олар ақылдаспақ болды. Жауабын тез айтуға тиісті.

Саған төмендегідей өтініш бар: үстіміздегі июнь айының 24 күні Игібай Әлібаев 60 жасқа толады екен. Соны жақсылап өткізу жайында аудандық партия комитеті қаулы алған көрінеді. Оны обком да жақтайтын сияқты. «Тың өлкесі» газеті осы жайында газеттің бір бетін бермек. Мен мақала жіберем, егер мүмкіндігің болса осы ме-

рекеге арнап сенің де өлең жібергенің жақсы болар еді. Ойланарсың. Сейітжанның қандай қорытындыға келгенін хабарлармын.

Жолдастық сәлеммен Сәбит Мұқанов.
1.06.1963 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. НҰРШАЙЫҚОВҚА

Құрметті Әзілхан!

Москваға жүрер алдында менің роман және заман туралы мақалам оқылғаннан кейін, хоштасарда сен «Өкпелеп қалған жоқсыз ба?» дедің. Мен: «Қой, ойбай, өкпелегені несі?» деп жауап бердім.

Расында да мен өкпенің емес, принциптің адамымын. Принципті жерде мен «біреу өкпелер» деп іркілген адам емесімді өзің де білуге тиістісің. Сонымнан кейде «таяқ жеп» қалатынымды да байқайтын боларсың. Сонда да принципті жерде белдесе кететінім де саған аян болуға тиісті. Сонда арқа сүйейтінім Коммунистік партияның Уставы мен Программасы. Олар коммунистен идеясына адал, ашық, белсенді болуды тілейді. Партияның осы арада жолын біле тұра, қолында бар мүмкіндікпен пайдаланып, осы жолға қайшы келетін қылық жасаушыларды да аз кездестірмейміз. Бірақ ондай қылықтардың ұзақ өрістемейтініне сан рет көзім жетті. Біреулерден уақытша «таяқ жегенмен», принципті бермей келе жатуым да содан.

«Жұлдызды» сынауға апарған да осы принцип. Әбдіжәміл барғаннан кейінгі оның жолы — «евтушенковшылдық». Оның аты — КПСС-тің тап тартысын жүргізу жылдарындағы істерін көзді жұмып, көрмей, «тапсыздықты» жырлау. Ішіне Асқар Сүлейменовтің, Оразбек Сәрсенбаевтың, Кекілбаевтың, тағы басқалардың Әбдіжәміл «дәуіріндегі» мақалаларын қоса, «Жұлдыздың» беті осылай. Бұған коммунист адам шыдауға тиіс емес. СП СССР-дің соңғы пленумы сондықтан да Евтушенко тобына ерекше көңіл бөлгенін көрдің. Соны біле тұра біздің кейбір бастықтардың (әсіресе Ғабиденнің) қазақстандық «евтушенколарды» қорғауы қайран қаларлық нәрсе...

Менің жоғарыда атаған мақалам сондай теріс беттегі жастармен оларға либерально қарайтындарға қарсы шығу еді (роман сол көп мәселенің бір бұтағы ғана). Оны басуға батылдығың жетпей, жасқаншақтық қылуыңның себебін де түсінем, ол — өзіңнен қызметі жоғары кейбіреулердің сені бұл жәйда «қысыңқырап» қоюы. Оларға қарсы бара алмауыңа өкпем жоқ. «Батырға да жан керек» деген мақалды білеміз.

Романның өзі туралы мақаланы да жазып берем, Алматыға қайта.

Астраханьға 10-XI кезінде ұшатын түрім бар. Гурьевте 15-IX кезінде болам ба деймін. Келсең — пожалуйста. Тек ескертерім: менің бұл сапарым «қой жеудің» емес, үнемі жұмыспен шұғылданудың сапары болады. Сондықтан скучный болуы мүмкін.

Астраханнан телеграмма берермін.

Ж. сәлеммен Сәбит.
7-IX.1963.
Москва.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ – С. МҰҚАНОВҚА

Қадірлі Сәбе!

Хатыңызды алдым. Ел-жұртыңызды аралап, көңілді жүргеніңізге қуаныштымын.

Алматыда бөтен жаңалық жоқ, бәрі бұрынғыша. Тәжіктерден күні бүгінге дейін еш хабар болмай тұр. Тегінде октябрьдің ортасыз ештеңе бола қоймас.

Бұдан бес күн бұрын Мәкең, Арыстан үшеуміз барып Одақтың үйін көрдік. Мәкеңе онша ұнай қоймаған секілді. Сәбеңнің өзі көрсін деп қойдық. Декабрьсіз біте қоймас.

Қош, қуанышты аралаңыз.

Берхайырға сәлем.

Жұбан Молдағалиев.
20-9-1963.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Б. АМАНШИНГЕ

Берхаир!

Аман-сау? Келін, бала аман ба?

Біз де аманбыз. Тәжікке барып, зор абыроймен қайтуға жатқанда, Х. пен Қ. төбелесіп, өте ұят болды. Соның кесірінен, Тәжік үкіметі біздің бригадаға даярлаған (кісі басына) грамотасын бермей қалды («бәріне тұтас бермеуіміз ұят болар, төбелескендерге беруге болмайды» десе керек). Ақыры, екі шайтан «Өз сорларына дәретке отырып», Алматыда партиядан да, Союздан да шығарылады.

Союз, партия ұйымының қаулысы кеше райкомда да бекітіпті. Ар жағын «алла» біледі. Өздерін де, ұйымды да тірі ұятқа қалдырды.

Сенің екі пакетіңді де алдым. Рахмет. Алшымбаев та материалын жіберді. Қазір «Адай күйі» деген очеркте отырмын. Көлемі біржарым табақтай болар. Мейрамға дейін бітірмекпін. Романға кейінірек кірісем ғой деймін. Асығыс қайтып, біраз материалдарым шалағай қалды.

Оларды толықтыру үшін Гурьев жағына тағы бір соғуым хажет. Қашан екенін «алла» біледі. Аманшылық болса, жаңа жыл басында, не көктемде соғам ба деймін. Жаңа жылға дейін «Сәкен Сейфуллинді» (пьеса) бітірмекпін. Сәті біледі. «Адай күйі» тәуір шықса (солай болар деп сенем), «Огонек»-ке жібермекпін.

Толықтыратын материалдарың болса жібере берерсің, артықшылығы болмас.

Ағалық сәлеммен Сәбит Мұқанов.
23 октябрь, 1963 жыл.
Алматы қаласы.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ИСЛӘМҒА

Құрметті Ислəм!

Хатыңды да, оған қоса жіберген ағаң Батырханның өлеңдерін де алдым. Өлеңдерді түгел оқып шықтым. Одан алған әсерлерім:

1) Бұл табиғатында өте дарынды жігіт.

2) Өлеңдерде толып тұрған отаншылдық.

3) Нәзік — лирик.

Сондай қасиеттері бола тұра, бұл өлеңдердің бірен-сараны ғана болмаса, басым көпшілігін жариялауға болмайтын сияқты, өйткені — бәрінде де тұнып тұрған зар мен мұң.

Өлеңдерінің бұлай болуына Батырханның айыбы да жоқ сияқты, өйткені жаудың (неміс фашистерінің) қолына түсіп, лагерь азабын шеккен адам, осылай мұңаймағанда қайтеді?

Бірақ, мұңаюдың мұңаюы бар. Мысалы, осы Батырханның халінде болған татар ақыны — Мұса Жәлилдің зарларында азаматтық жігер, қайрат, үміт көп. Батырхан өлеңдерінде ондайлар өте аз.

Батырханның өлеңдерін түгел оқып шыққанда адамға өте ауыр сезім қалдырады екен. Мен кей өлеңдерді оқығанда көзіме жас алғандай халде де отырдым. Халі де, тағдыры да өте аянышты адам екен. Бақытсыз адам екен де!..

Со жақтарын ойлағанда мен қазір бұл өлеңдерді баспаға ұсыну қиын, сондықтан, әзірге, туыстан қалған қымбат ескерткіш ретінде сақтауыңыз қажет қой деймін. Мүмкін, түбінде жарияланар. Сіздің сезіміңізді де түсінем. Ауыр және туысқандық сезім. Қатал тағдырға амалсыз бас июге тура келеді.

Сәлеммен Сәбит Мұқанов.
30/XI-1963 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Б. АМАНШИНГЕ

Құрметті Берқайыр!

Сенен әлденеше хат алғанмен, жауап қайтаруға мұршам келмей жүр. Сондағы «қолымды байлаған» нәрсе — «Сәкен Сейфуллин» аталатын пьеса. Жалпы тарихи адамдар туралы, олардың ішінде — өзімізбен бірге жасасқан тарихи адамдар туралы шығарма жазудың аса қиын да, жауапты да екенін білесің. Осы қиындыққа көзді жұмып

«Сәкен Сейфуллиннің» бір вариантын аса қиналу арқылы бітірдім де, жақында Жазушылар одағының драма секциясында талқыға салдым. Он үш кісі сөйледі. Бәрі де пьесаны оқып алды. Бәрінің құйылған пікірі — «пьеса бар, ендігі қажеті — салынып біткен үйдің іші-сыртын әдемілеу». Бұл жайда көптеген пайдалы пікірлерді айту. Қазір осы пайдалы пікірлерді еске ала отырып, пьесаны өңдеу үстіндемін. Бұл жұмысты январьдың ортасына дейін бітірермін деп ойлаймын. Оған дейін сенімен екеуміздің арамыздағы шығармашылық істер туралы сөйлесетін уақыт жоқ. Ренжи көрме, айналайын.

Жақындап қалған жаңа жылың құтты болсын. Өзің де, келін де, балаң да өмірлі, бақытты болыңдар.

Ағалық жүректен Сәбит Мұқанов.
23 желтоқсан, 1963 ж.

ҚР ОММ, 1634-қор.

* * *

С.МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым! (Малдыбаев).

Жаңа жылың құтты болсын. Бала-шағаңмен өмірлі-бақытты бол.

Сенен күзді күні бір хат алғанмен, әлі күнге жауап қайтармауыма кешірім өтінемін. Күзден бері «Сәкен Сейфуллин» есімді пьесаға отырдым да, (мазмұны атынан көрініп тұр), соны жуық арада ғана игердім. Кәзір соңғы редакциясында отырмын. Жұрттың пікірі жаман емес.

Сенің шаруашылық қаліңнің ауыр екенін білемін. Сол жөнде көркем әдебиет баспасымен сөйлесіп, төмендегідей тиянаққа келдік: Өзің басуға осы жарайды-ау деген ең таңдаулы поэмаларың мен өленderіңді баспадағы Тайыр Жароковқа (ол бас редактордың орынбасары) жібер. Тайыр екеуміз қарап шығып, ең жақсы дегендерін баспаға ұсынатын болдық, бірақ 1965 жылдың планына. 1964 жылдың планына енді қосуға болмайтын көрінеді. Жинақтың жалпы көлемі 4-5 баспа табақтан артық болмауға тиіс, сондықтан жіберетін шығармаларыңа қатты сын көзіңмен қара.

Әзірге айтарлық жаңалықтар осылар. Үй ішіне, ағайын-туғанға сәлем айт.

Жолдастық көңілден Сәбит Мұқанов.
29-12-1963 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым!

Жазған хатыңды алдым. Тайырмен сөйлестім. Қолжазбаң табылды. Тайыр екеуміз ҚИХЛ-дың директоры – Еркешовпен сөйлестік. 1965 жылдың жоспарына кіргізуге қарсы емес. Бірақ, 1965 жылы басылатын кітаптың авансын 1964 жылы беруге болмайды дейді. Әйіткенмен тиісті жерлермен ақылдасатын болды.

Қолжазбаңды Тайыр қарап шыққан. Бірталай редакция керек дейді. Ол жұмысты бірнеше кісі бірігіп атқаруға уәделестік. Бірақ, бұл іске февральдың аяғынсыз ешкімнің қолы тиетін емес. Амалсыз асықпауға тура келеді. Өзіңе және үй-ішіңе саулық тілеймін.

Жолдастық сәлеммен Сәбит Мұқанов.
17 январь, 1964 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

М. СЕЙТІМОВ – С. МҰҚАНОВҚА

Құрметті Сәбит аға!

Алматы облысы Талдықорған ауданының Крупское селосындағы бұрынғы Елтай сегіз жылдық мектебі Талдықорған аудандық еңбекшілер депутаттары советі мен партия комитетінің шешімі бойынша июль айында 70 жасқа толуына қарсы революционер, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы көрнекті жазушы және көрнекті

мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің есімімен аталатын болды. Осы хатты жазып отырған осы Сәкен Сейфуллин атындағы мектептің мұғалімдер қауымы мен оқушылары.

Біз Сәкеннің 70 жасқа толу мерекесін июль айында оқушылардың жазғы демалыста болатынына байланысты 5 июньде өткізуге ұйғарып отырмыз.

Сол мерекені өткізуге қалай дайындалуымыз керек, сіз қандай ақыл бересіз.

Мерекеге қарсы Сәкеннің үлкен портретін жасаттық және Сәкеннің шығармаларынан көрме ұйымдастырмақпыз. Бізде Сәкеннің кейінгі жылдары басылған шығармалары бар, ал 20-30 жылдары баспадан шыққан шығармалары жоқ. Сізден өтінетініміз сол жылдары баспадан шыққан кітаптарын немесе олардың мұқабаларының көшірмелерін жіберсеңіз екен. Сәкеннің сирек кездесетін суреттері де керек болып тұр. Совет Одағының Сәкеннің 70 жылдығын тойлау бірінші рет ұйымдастырылып отырғандықтан, Сіздердің біреулеріңіздің келулеріңіз жөн болар еді.

Ал уақытыңыз болса, Сіздің өзіңіздің келуіңіз және Сәкен Сейфуллиннің 70 жылдығын бізбен бірге өткізгеніңіз жұртшылық арасында Сәкенге деген үлкен құрмет болар еді.

Біздің адресіміз: Алматы облысы, Талдықорған ауданы
Крупское селосы, Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп
оқушылар мен мұғалімдер атынан:
мектеп директоры Мұсатай Сейтімов
9 апрель, 1964 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С.СЕЙФУЛЛИН АТ. МЕКТЕПКЕ

Талдықорған ауданындағы
Крупская селосындағы
С.Сейфуллиннің атындағы
мектептің коллективіне

Құрметті жолдастар!

Сіздердің менің атыма 9 апрель, 1964 жылы жазған хаттарыңызды алдым.

Ең алдымен, мектептеріңізді С.Сейфуллиннің атымен атауларыңызға коммунистік, азаматтық, жазушылық көңілден көп рахмет айтамын.

Сәкенге құрмет жасау — социалистік ұлы Октябрь революциясына құрмет жасау. Лениндік коммунистік партиясына құрмет жасау, қазақтың советтік әдебиетіне, Сәкенді тудырған қазақ халқына құрмет жасау. Бұл үшін Сіздер халықтан да, тарихтан да үлкен алғыс алуға тиістісіздер.

Ендігі аз сөз, Сәкеннің жетпіс жасқа толу юбилейінің қай мерзімде өтуі туралы.

Қазақстан Орталық комитетінің қаулысы бойынша, юбилей майдың аяғында өтуге тиісті. Ол егін шаруашылығының да, мал шаруашылығының да әбігер кезі, сондықтан, «Осы юбилейді күздігүн өткізсек қайтеді?» деген де пікір бар. Бірақ, бұл анықталмаған пікір, сондықтан, Орталық комитеттің қаулысын күшінде деп санаймыз, яғни — майдың екінші жартысында өтеді деп ойлаймыз.

Сіздер Сәкенге арналған кешті 5 июньде өткізбек болған екенсіздер. Егер, осы кезде, Сәкеннің туған өлкесі — Қарағанды облысына жүріп кетпесем, (онда да юбилей өткізілмек), мен өзім мәжілістеріңізге барып қайтамын.

Қарағандыға жүріп кетсем амал жоқ. Сіздерге бара қоятын басқа кісінің реті көрінбеді. Сондықтан, өз күштеріңізге сенуге тура келеді.

Юбилейдің дәл қай кезде өтуі жуық арада анықталады. Ол хабар баспа бетінде жариялануға тиісті. Соған қарай жүрерсіздер.

Жолдастық сәлеммен Сәбит Мұқанов.
15 апрель, 1964 жыл.
Алматы қаласы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ — Э. СИНКЛЕРУ

Дорогой друг!

В первой половине двадцатых годов мне как-то пришлось прочесть Ваш роман «Джимми Хиггенс» в русском переводе. Русский язык я тогда знал плохо, но содержание Вашего романа, показываю-

щего симпатию американских рабочих к Советской России, завоевало мою симпатию к Вам.

После этого я интересовался всеми Вашими произведениями и выписав двенадцатитомное собрание сочинений на русском языке, прочитал все тома. И после этого я влюбился в Вас, считая защитником трудовых людей, врагом паразитов.

И, вдруг, после Великой Отечественной войны, на страницах всесоюзной «Литературной газеты» появилась статья под страшным заголовкам «Эптон Синклер – предатель» и т.п. Мне было очень больно читать эту статью, я не мог поверить в нее, ибо кроме Ваших романов, я перед Отечественной войной, читал Вашу статью, где Вы тогдашним русским руководителям советовали – «Товарищи, вооружайтесь так, чтобы достойно ответить всем вашим врагам, если они на вас нападут». (Цитирую по смыслу).

Сейчас получаю очередной, девятнадцатый номер журнала «Огонек» от 3-го мая 1964 года и вижу на его страницах теплые слова о Вас, строки из Ваших писем Петру Чумаку о Советском Союзе, в которых вы выражаете Ваши чувства. Поверьте моей совести, я был крайне рад, и во мне с новой силой проснулась моя прежняя любовь к Вам.

Вам сейчас 85 лет. Разрешите пожелать Вам жить до Джамбульского возраста. Вы наверняка знаете этого Гомера нашего века, казаха, который жил без семи месяцев сто лет, был до конца жизни здоровым, счастливым, творчески активным, народным.

В знак моей любви к вам посылаю две книги моих вещей в русском переводе: роман «Светлая любовь» и сборник избранных поэм и стихотворений. В последнем помещена моя автобиография, ряд фотоснимков.

С приветом писатель и товарищ Сабит Муканов.
Май, 1964 г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – А. ТОҚМАҒАМБЕТОВКЕ

Асқар! (Тоқмағамбетов)

Аман-саумысыз?

Бәріміз жақсы көретін Сәкеннің республикалық тойы майдың 23-де, Алматыда болғалы жатқанын естіген шығарсың. Оған келетін де боларсың,

оған дейін Қызылорда газетінде Сәкенге арналған бет ұйымдастырғаның мақұл болар еді. «Қажет болып қалса» деп, Алматыдағы жиналыста жасайтын баяндаманың бір данасын газеттеріңнің редакторы Бағаев Ұзаққа бүгін авиамен жібердім. Онымен хабарласарсың.

Сәлеммен (Сәбит Мұқанов).
14 май, 1964 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры

* * *

С. МУКАНОВ – Е. НИКИТИНОЙ

Милая Евдокия Федоровна!

Получил Ваше приглашение на юбилей пятидесятилетия руководимого Вами Музея – «Никитинские субботники».

Не имея возможности приехать, ввиду крайней занятости в эти дни, шлю Вам поздравление от души в письменном виде, жму Вашу руку и желаю крепкого здоровья, долгую счастливую жизнь!

Вам в дар и в фонд музея, при этом прилагаю сборник своих стихов и поэм в русском переводе, в котором помещены мои фотокарточки разных лет в хронологическом порядке и моя автобиография.

С приветом Сабит Муканов.

ЦГА РК, ф.1634.
Автограф.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Б. АМАНШИНГЕ

Құрметті Берқайыр!

Жаңа жылда телеграмма бергем, сондағы сөзімді қайталаймын: денің сау болсын, бала-шағаңмен бақытты ұзақ өмір жаса!

Саған екі мәселе туралы хабарлағым келіп отыр:

1) Былтырғы «Адай күйі» деген атпен жазатын көркем очеркің не болды? Оның басылуы туралы «Жазушы»-мен келіскен едік қой. Жақында сұрасам, «хабар жоқ» дейді. Соның жазылғаны және басылғаны қажет болар еді. Осы жайда хат күтем.

2) Жақын арада Жазушылар ұйымының президиумы алдағы күзде Әбу Сәрсенбаевтың 60-жасқа толу мерекесін өткізбек боп, комиссия сайлады, председателі — менмін. Юбилейдің Алматыда қалай өтуін саған баяндамай-ақ қояйын, Әбудің туған облысы Гурьев саналады ғой. Алдағы жазда Батыс Қазақстан облыстарына Алматыдан жазушылар бригадасы бармақ, сол бригадаға Әбуді де қоспақпыз. Бригада Гурьевке де соғады. Сонда Әбуді қалай қарсы алу, оған не құрмет жасау туралы облыстық тиісті мекемелермен сөйлесіп, осы бастан ойлауларың, даярлануларың керек. Осы жәйді өздеріңде ақылдасқаннан кейін, пландарыңды айтып, маған хат жазуыңды өтінемін.

Ермекке, Берікке, келінге, басқа жолдастарға сәлем айтуыңды өтінемін.

Жолдастық сәлеммен, С.М. Сәбит Мұқанов.
22 январь, 1965 жыл.

ҚР ОММ, 1634-қор.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым! (Малдыбаев).

Бұдан гөрі бұрынырақ жазуға тиісті бұл хатты енді ғана жазып отыруыма кешірім сұраймын. Оның себебін төменде айтам.

Іске байланысты мәселелерден бұрын айтарым: жаңа жылың құтты болсын! Денің сау болсын! Келін-балалар аман болсын, олардың игілігін көр!

Іске байланысы бар мәселелер туралы жазардан бұрын есіңе салатын мәселелерім: бұл сөздерге қуануың да, ренжуің де мүмкін.

Әуелі қуаныш туралы: 1) Саған республикалық пенсия алып беру оңайға түскен жоқ. Бұл мәселе Министрлер Советінің пенсиялық

бөлімінде, ілгерірек уақытта бір рет қаралған екен де «отказ» болған екен. Шешімі бір рет солай болған мәселені екінші рет қарау өте қиын екен. Осы қиындыққа кездескеннен кейін, үлкендерден жолықпаған кісі қалдырмай, (оларды атап жазудың қажеті жоқ), ақырда мәселені қайта қараттым. Сонымен, бұл істің нәтижесінде, өткен 1964 жылдың аяғында, сенің айлық пенсияңды тоқсан сомға көтеру туралы қаулы алынды. Осы мөлшерде 1965 жылдың басынан беріліп тұруға тиісті. «Қуантам ба» деген бір мәселем осы. Одан артық бергізуге шамам келмеді.

2) Совет өкіметінің 50 жасқа толуына байланысты, биыл — 1965 жылы «Қазақ поэзиясы» деген атпен екі томды антология шықпақ. Осы кітаптарға кіретін шығармаларды таңдап келгенде, Қазақстанда Жазушылар ұйымының мүшесі саналатын, саны тоқсаннан астам ақындардан жетпіс бес шақты ғана ақынның есімі қосылатын болды. Сол «75»-ке сенің атыңды да қосу өте қиынға соқты. Өйткені, жазушылық стажың қырыққа толуға жақындап қалғанмен, көп өлеңдер, поэмалар жазғаныңмен, сенен өркендеуіміздің қазіргі талабына сай келетін шығармалар табу оңайға соққан жоқ. Бұл жөнінде қызмет атқарған комиссия «алатындары жоқ» деген қорытындыға келгенмен, «ойбайлап отырып» дегендей, жеті-сегіз өлеңіңді әрең деп қостырдым. Бұл, сенің алдыңда бағамды өсіру үшін айтқан сөзім емес, құдайға нансаң, шындығы. Сонымен «қазақ поэзиясының қаймағы» саналатын антологияға сенің фотокарточкаң, қысқаша өмірбаяның және аздап болса да өлеңдерің қосылатын болды. Бұл айтайын деген — екінші қуанышым. Осы арадан, «ренжір» деп ойласам да, бір шындықты сенен жасырмауға бекіндім. Мен сенімен соңғы екі-үш жылдың ішінде хатты жиі жазысатын болдым. Сонда, өзге мәселелермен қатар, неше хат жазсаң да маған айтарың: балашағаңның басының барлығы, бәрінің де жастығы, әйеліңнің үй шаруасынан босамауы, шаруа күйіңнің әлсіздігі, өзіңнің денсаулығыңның кемдігі, ...соның бәрін баяндай кеп айтарың қаражат жағын дұрыстауға менің жәрдем беруім, ол үшін:

1. Пенсияңды көтеруге жәрдемдесуім, (ол мәселе туралы жоғарыда айтылды).

2. Өлеңдерің мен поэмаларыңның жинағын жаңадан бастырып шығаруға жәрдемдесуім.

Сен кей хатыңда «бір дем берсең жетеді» деп жазғаныңмен, сондай «дем» беруге аянбағаныммен, түптеп келгенде расын айтқанда, ондай «демнен» ішнәрсе шығара алмадым. Бұл жөнінде менің пікір

айтуым ғана болмаса, іске асыратын орындар Жазушылар Одағы мен «Жазушы» баспасы ғой. Осы екі ұйым да сенің жіберген жинағыңды әлденеше рет қарап, «басуға болмайды» деген пікірден шыға алмай-ақ қойды.

Олар, әлі де осы пікірде. Олардың ойынша: поэмаларыңнан қазақ поэзиясының қазіргі биіктеген талабына сәйкес келетін шығарма жоқ; өлеңдеріңнен жарайтыны аз ғана, олар жеке жинақ жасауға толмайды.

Бұл сөздерді оқығанда сен, әрине, ренжисің. Мен де соған қуанбаймын. Менімше, оған ешкім де қуанбайды. Сөйте тұра, әлгі аталған ұйымдардың айтатын сөздеріне менің қарсы жұмсар күшім де жоқ.

Сенің поэзия майданында бұлайша кейін қалып қоюыңа айыпты, ең алдымен соңғы 15-20 жылда денсаулығыңның өте нашар болуы, шығарманы шалқып жазатын күшіңнің болмауы болар деп шамалаймын. Ол, әрине, аянышты хал. Бірақ, бұл халыңды түзеуге беретін «дем» таба алмай, өте реніштемін. Бұл сенің де қатты ренжитін нәрсең. Бірақ — амал жоқ!.. (Шығармаларыңды салған папкаң жазушылар Одағында. Оларды өзіңе қайтару керек пе, болмаса Академияның қолжазбалар фондасына тапсыру керек пе, — оны хабарларсың).

Әзірге айтар сөздер осылар, құрметті Ғалым жолдас! Өзіңе де, бала-шағаларыңа да саулық, бахыт тілеймін.

Жолдастық сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
2 январь, 1965 жыл.
Алматы қаласы,
Калинин көшесі 77, кв.11.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. ҚҰДАШҚА

Құрметті Сәйфи ағай!

Жаңа жылдың қарсаңында саулық және бақыт тілеп телеграмма бергем, оны алған боларсыз. Сол тілегімді осы хатта да қайталаймын: деніңіз сау болсын, бақытты ғұмыр жасаңыз, бала-шағаңыздың игілігін көріңіз!

Сіз жіберген: «Жастық іздерімен», «Менің бақшамда» және орысша басылған «Сәйфи Құдаш» есімді кітаптарды, сіздің юбилейіңізге арналған «Ақ Иділ» журналын және юбилейлік газеттерді түгел алдым. Бәрі үшін де мың сан рахмет!

Юбилейіңізге бара алмауыма қатты өкінемін. Сол кезде әлдеқалай көзім ауырып, больницада жатқанымды хабарлағам, тойыңызда бола алмауыма қатты өкінемін. Алдағы жазда Еділ бойында кememен саяхаттап Казаньға және Уфаға соғам ба деген ниетім бар. Мүмкін, сонда көрісерміз.

Алдағы июнь айының аяғында немесе июльдің басында Бейімбет достыңыздың 70 жасқа толған юбилейі өтпек. Сол кезде бір топ жазушы Қостанайға да бармақпыз. Егер саулығыңыз көтерсе, барар шағымызды айтып, сізге хабарланар едік, келіп туған Қостанайыңызды тағы да көріп кетсеңіз жақсы болар еді. (Жақша ішінде айта кететін бір «ұят» сөз өкімет тарапынан ақша берілмейді).

Саулығыңызды, бақытыңызды тілеп, ініңіз Сәбит Мұқанов.
22 январь, 1965 жыл.
Алматы қаласы,
Калинин көшесі 77, кв.11.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – М. ШОЛОХОВУ

Товарищу Шолохову М.А.

Дорогой Михаил Александрович!

Посылаю экземпляр очерка о твоем шестидесятилетии.

Пользуясь случаем еще раз поздравляю славным шестидесятилетием жизни, желаю здоровья, счастья, джамбуловского возраста.

С дружеским приветом (С. Муканов)
16 марта, 1965 года.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – И. ӘЛІБАЕВҚА

Құрметті Игібай!

Сенің, 30 мартта жазған хатыңды алып, амандығыңа қуандым. Мен де үй ішіммен аманмын. Өзім марттың 15-інен бастап тауда дем аламын, әрі ол-пұл қағаздарымды қараймын. Негізгі жұмысым: «Жазушы» баспасының биылғы жылғы планында тұрған «Өрден өрге» есімді жинақ. Оған: соңғы жылдарда жазылған, бұрынғы жинақтарға кірмеген өлеңдер мен поэмалар қосылуға тиісті. Саулығым, былайша, жаман емес. Бірақ, өткен жылы біраз уақыт көзім ауырғандықтан, дәрігерлер қағазға ұзақ шұқшиюға қоспайды. Күніне бірер сағат қана шұғылданам.

Сенің сұрауларыңа жауап: 1) Өлеңдеріңнің жинағы басылуына мен әрине қарсы емеспін. Бірақ, ондай кітаптың шығуы: менің, Ғабиттің немесе басқа біреудің қолдауына байланысты емес. Ондай кітап тек Жазушылар одағының поэзия секциясынан ғана өтеді. Ол секция соңғы жылдарда өлеңдер жинағына өте қатал қарап жүр. Менің сені сыйлайтын және жақсылық ойлайтын адамдардың бірі екеніме ешбір күмәнің жоқ. Сенің жазушылық мөлшерің маған аян. Сондықтан, саған жақсылық тілей тұра, сенің қаламыңнан шығып жүрген өлеңдер, поэзияға қазіргі қойылатын зор тілектерге жауап береді дей алмаймын. Бұл пікірге қарамай, егер «бағымды сынап көрем» десең, жазушылар ұйымына жинағыңды әкеліп, сынату – еркіңдегі іс. Оны өзің шеш. Тек қана ескертерім: төресуім немесе үлкенсуім емес (менде ондай мінез жоғын, әсіресе саған жоғын өзің жақсы білесің), қазіргі көз жағдайыма байланысты, жинағыңды қарап беремін деп уәде ете алмаймын. Бұл мәселеде, Қалижанға да сенуің қиын, өйткені – ол жігіт соңғы уақыттарда елеулі сырқатқа айналып, емделу жолында жүр.

2) Өзің шығарған және басқа әншілерден үйренген әндеріңді ана жылы Ерзакович арқылы үкімет қарамағына өткізіп жүретін едің ғой. Граммзаписьқа жаздырған-жаздырмағаныңды білмеймін. Егер жаздырмасаң, келіп таңдаулыларын жаздыруыңа болатын сияқты. Бұл жұмысты басқаратын Ғүзайыр Жақсыбаевтың айтуынша, бір автордан, ең көбі – бес-алты әннен артық алмайтын сияқты. Ол жағын да өзің ойланарсың.

Алматыға келуге ойлансаң, июль айының басында келуің дұрыс болар, өйткені — апрель айында мен түгелімен тауда боламын, майда командировкада боламын. Мұнда мен бар кезде келуің мақұл. Оны да ойлан.

Хатымның басында айттым: саған мен барлық жақсылықты да қиятын кісімін. Бірақ, әр жақсылықтың орындалатын жағдайы және мөлшері бар. «Буынсыз жерге пышақ ұруға болмайды».

Үй-ішіне, жолдастарға сәлем.

Амандық, саулық тілеп
Сәбит Мұқанов.
9 апрель, 1965 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. ҚҰДАШҚА

Құрметті Сәйфи аға!

Ең алдымен, бірінші май мейрамымен құттықтап, өзіңізге, жеңгейге, балаларыңызға, немерелеріңізге саулық және бақытты ұзақ ғұмыр тілеймін.

Хатыңызды да және бірінші маймен құттықтаған открыткаңызды да алдым. Көп рахмет.

Ендігі аз ғана сөз, — Бейімбет Майлиннің юбилейі туралы:

1. Юбилей июль айының басында өтпек.

2. Бұл юбилейдің масштабы Сәкеннің юбилейіндей болмайды ғой деймін. Дегенмен, Алматыда жиналыс болуға тиісті. Содан кейін Қостанай облысына барып, қалада және Бейімбет туған ауданда жиналыстар өткізбекпіз. Облыстан келген адамдардың айтуынша, Бейімбеттің туған жерінде, халықтың күшімен той да жасалмақ. Бірақ, мемлекет тарапынан оған қаражат берілмейді ғой деймін.

3. Бейімбеттің юбилейіне туысқан республикалардан қонақтар шақырылмайтын сияқты. Дегенмен, Бейімбетпен мектептес, кластас болған Сіздің және Хасан Туфанды Алматыға және Қостанайға шақыру туралы Қазақстан Жазушылар одағының секретары Жұбан Молдағалиевпен келістім. Юбилей қарсаңында телеграмма аларсыздар.

4. Бейімбеттің юбилей комиссиясының председателі — менмін. Сондықтан, ол мәжілісті бастан-аяқ мен басқаруға тиістімін. Қостанайға да бірге барамыз, юбилейден кейін, менің сол облыста он бес-жиырма күндей қалып, аудандарын аралағым келіп жүр. Егер саулығыңыз көтерсе, бірге жүргеніміз жақсы болар еді. Ойланыңыз.

5. Бейімбет туралы біздің газетке («Қазақ әдебиеті») немесе журналға («Жұлдыз») мақала немесе естелік жазам десеңіз, зор қуанышпен қарсы аламыз.

6. Менің Қазанға да, Уфаға да осы жазда барғым келеді. Оған себеп те бар сияқты: Майдың 2-ші жартысында, Қазан қаласында, қазақтың Әуезов атындағы Академиялық драм театры спектакльдер көрсетпек. Майдың 12-22-сі кезінде, аз күнге, Германияға барып қайтуға тиістімін. Ойым: сол сапардан оралған соң, Москвадан Қазанға, одан Уфаға соғуға ойлаймын. Мүмкін, Мариям келініңізбен екеуміздің барып қалуымыз. Бұл ниеттің орындалар-орындалмасын, қазақша айтқанда «Дәм біледі», мұсылманша айтқанда «Алла біледі».

7. Сіздің «Жастық іздерімен» деген тамаша шығармаңыз қазақ тіліне аударылып жатыр. Егер үлгерсе — биыл, үлгермесе, — 1966 жылдың басында шықпақ.

Көп жылдардан бері Сізден алған хаттарым, қазақша айтқанда, «Қоржынның екі басына симайтын болды». Сіз маған ылғи араб әрпімен жазасыз. Мен оларды татар тілінде, башқұрт тілінде және арапша емлелерін де жақсы білетін — Майра-ханум Жансаеваға орыс әрпімен бастырып қоямын. Сізге мен, қазақтың арапша емлесін білетін башқұрт машинисткасы барын білмегендіктен мені орыс әрпімен...

Әлі де сөйте беруімізге болады.

Менің «Хаттар және хаттасулар» деген атпен қалың кітап жасау ниетім бар. Сізбен жазысқан хаттардың біразын соған кіргізбекпін. Бірақ, бұл іс Октябрь мерекесінің 50 жылдығынан кейін орындалады ғой деймін. (Егер аманшылық, саулық болса!) Оған дейін уақыт та тығыз, міндеттер де көп.

«Қартайғанда кәрі боз жорға шықты» деп қазақ мақалы айтқандай, мен биыл «Жаңа өлеңдер мен поэмалар» есімді көлемі үлкен кітап шығару үстіндемін. Кітап биыл шығуға тиісті. Кезінде бір данасын Сізге «Тәбрик итарим».

Өмірдің алды ыстық, арты суық,

Алды ойын, арт жағы мұңға жуық, — деп Абай аға айтқандай жоғарыда атаған жинақтан, жас егде тартудың сарындарын көруіңіз мүмкін. Бұдан кейінгі қолға жедел алатын шығармам «Аққан жұлдыз» деген есіммен жазатын Шоқан Уәлиханов туралы трилогия болуға тиісті. Әзірге денсаулығым жаман емес сияқты. Күш-қуатым бар сияқты. Ендігісін саулық және тиыштық біледі.

Інілік және туысқандық көңілден Сізді құшақтап сүйемін, құрметті, аға-жан! Барлық башқұртқа және оның жазушыларына туысқандық сәлем! Бір ғана заказым, — егер мүмкін болса, дәм жазып бара қалсам, маған башқұрттың бір жақсы қурайшысын тауып қоясыз. Сонымен бірге «Су бойына барамыз да, башқұрттың тамаша күйлерін ойнатамыз, жырлаймыз».

Інілік көңілмен (Сәбит Мұқанов).
30 апрель, 1965 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Г. СБИТНЕВУ

Дорогой товарищ Сбитнев!

Ваше письмо от 16 июня с.г. получил. Тут же вспомнились дни, которые в прошлом году мы приятно провели вокруг чудесной горы «Жаман жалғыз тау» и в Вашем чудесном лесном хозяйстве «Орлиная сопка».

За все ваши товарищеские теплые отношения я навеки обязан и вам и Всему коллективу лесничества.

Теперь о Ваших делах:

1. Два стихотворения, которые Вы предлагали к Вашему письму я отдал руководителю русской секции Союза писателей Казахстана тов. Кривощекину Леониду Даниловичу и просил его, чтобы он прочитал эти стихи и ответил Вам по существу.

2. Вы пишите, что Вами запланирован цикл романов в прозе. Чтобы определить качество этого произведения необходимо видеть образец. Для этого, по-моему, не нужно присылать сюда рукописи в

большом объеме, а только прислать одну или две главы из начала. Желательно, чтобы рукопись была напечатана на машинке. Здесь его будут читать. Просмотрю и я. Тогда Вам ответим по существу.

С товарищеским приветом Сабит Муканов.
28 июня 1965 г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. ҚҰДАШҚА

Құрметті Сайфи ағай!

Досыңыз – Бейімбет Майлиннің 70 жасқа толу тойы Қостанай қаласында осы жылғы июль айының 10 күні өтетін болды. Одан кейін Бейімбеттің туған ауылында өтеді. Сізге шақыру телеграмма уақытында жіберіледі. Келу-қайту сапарыңыз және бес күндік суточный Қазақстан Жазушылар одағынан беріледі. Бұл облыста одан артық күндер боламын десеңіз, Башқұртстан Литфондысынан командировка алғаныңыз жөн.

Мен өзім Қостанай қаласына июльдің бесі күні ұшып барамын. Сол кезде келсеңіз тіпті жақсы.

Інілік сәлеммен Сәбит Мұқанов.
28 июнь, 1965 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – В. САВЕЛЬЕВУ

Тов. Савельеву

Дорогой Володя!

Весь июль месяц я находился в командировках. Вернувшись, домой, в числе прочих корреспонденций, я обнаружил и твое письмо, к которому ты приложил свои переводы моих «рубаятов».

Я прочитал их и остаюсь тебе обязанным за ускорение перевода. Мне трудно определить качество русского стиха, тем не менее, думаю, что они сделаны неплохо. Чтобы определить окончательное качество я отдал перевод читать в редакцию журнала «Простор».

Мне самому кажется, что в переводе есть и удачные рубаяты и требующие доделки. Это по-моему объясняется трудностью перевода данного жанра. Если бы стихотворение состояло из нескольких строк, то мысли, которые не вошли в одну строку можно было бы перенести в другую. Рубаят не позволяет этого. Недостатки перевода некоторых рубаятов, возможно, объясняются этим. Мнение «Простора» я тебе сообщу скоро. Пока прошу еще раз сопоставить подстрочники с переводами и кое-где исправить. Подстрочник поэмы пришлю позднее. В августе буду отдыхать.

Большой привет Татьяне и тому, кто скоро должен появится... Желаю всем вам здоровья и счастья.

Твой Сабит Муканов.
2 августа, 1965 г.

Я переехал на новую квартиру: Алма-Ата, Калинина, 125/129, кв.3.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. ҚҰДАШҚА

Құрметті Сәйфи ағай!

Хатыңызды да, шығармаларыңыздың бірінші томын да алдым. Көп рахмет.

Өзіңіз айтқандай, еңбекші адам баласына бақыт жолын ашқан Ұлы Октябрьдің 48 жылдық мерекесімен Сізді де құттықтаймын, саулық және бақытты ұзақ өмір тілеймін.

Саулығыңыздың жақсылығына, іске құлшынып кіріскеніңізге қуандым. Әрдайым солай болуына тілектеспін. Дені сау кісіге «70» деген жас тұқ те емесін атам қазақ «Сексембай», «Тоқсамбайлары»-мен, баяғыдан бері дәлелдеп келе жатқанын білесіз. «Жеңгейдің

құлағына алтын сырға». Қазақ «қымыз піспектен азбайды, сабадан азады» дейді. Соны біздің Ғабит дәлелдеп, 65 жаста қыз алды да, бір қызды осы жылдың басында туғызып, енді бір баланы алдағы көктемде күтіп отыр. Жеңгей сізді де осындай сынға салып көрмес пе екен? Бұл сөзбен жеңгейді ашуландырып, жауықтырып алып жүрмеймін бе? Қайын-інісінің жеңгесімен қалжыңдасуы башқұрттарда да болуға тиісті.

Бізде де аманшылық. Қостанай сапарынан кейін «Сәкен Сейфуллин» пьесасын ақтық рет қарап шықтым да театрға тапсырдым. Жақсы қабылдады. Спектаклі алдағы жылдың көктемінде болмақ. Бір ай дем алып, енді «Аққан жұлдыз» (Шоқан Уәлиханов туралы) романыма кірісу талабындамын. Үш кітап жасамақпын. Қашан бітерін Алла біледі. Көпке созбауға тырысамын, себебі, қазақтың —

Арғымақ аттың белгісі:

Арыған сайын тың жортар,

«Артымда жүгім қалар деп», — деген жыры есімде. «Жасымыз жеткен сайын көңіліміз жас» деп Ақмолда атамыз айтқандай, қалжыңын араластырмағанда, 65-70-те бірталай жас.

Сіз хатыңызда «аналар неге басылады, мыналар неге басылмайды?» дейсіз. Торсан деген байдың Ықылас деген қойшысы «Торсан неге түлкі ішік киеді?» деген біреуге, «оның түлкі алатын иттері көп» деп жауап берген екен. Меніңше, Сіздің сұрауыңыздың жауабы осы болу керек.

Жақын арада шыққан өлеңдерім мен поэмаларымның жинағын жіберіп отырмын. Бәрі де жаңалар. Оқып көруіңізді өтінем. Әсіресе, — «Жұпар-хан» поэмасын.

Туысқандық көңілден Сәбит Мұқанов.
6 ноябрь, 1965 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ — П. ДОРОШКО

Дорогой товарищ Дорошко!

Согласно вашей просьбе, посылаю сборник переводов произведений Т.Г.Шевченко на казахский язык. Он напечатан на латинском

шрифте. С русским шрифтом не нашел. Эту книгу вынул из моей личной библиотеки, что показывает моя печать. В сборнике большой кусок моего перевода «Гайдамаки». По вашей просьбе прилагаю к книге экземпляр моей фотокарточки. Надеюсь, Вы сами увеличите ее.

С товарищеским приветом С.Муканов.
29 ноября, 1965г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ – М. ПЕРХИНОЙ

Дорогой товарищ Перхина!

Ваше письмо получил.

Если Вы хотите инсценировать мой роман «Ботагоз» для вашей театральной труппы, кроме большой благодарности ничего не скажу. Как инсценировать — дело ваше, режиссерское. Если хотите согласовать со мной, можете присылать готовую инсценировку, я могу прочитать и ответить. Нужна ли, такая работа? Решайте Сами.

С товарищеским приветом С.Муканов.
29 ноября, 1965 г.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – И. ӘЛІБАЕВҚА

Құрметті Игібай!

Жазған хатыңды алдым. Амандығына қуандым. Бізде де аманшылық. Қазір үйдемін. Аманшылық болса, біраз уақыт жұмыс істемекпін. Қызмет атқарып жатқан жұмысым: «Аққан жұлдыз» деп

есім қойылған Шоқан Уәлиханов туралы роман. Қашан аяқталарын сәті білер.

Сенің жұмысың туралы: Ғабитпен сөйлестім. Ол — «1966 жылдың планы бекіліп кетті, оған қосуға болмайды, Игібайдың жинағын 1966 жылы даярлап, 1967 жылдың планына қосу керек» дейді. «Жазушы» баспасының да айтары сол. Оған енді амал жоқ. Ғабиттің айтқанын орындап, 1966 жылы жинақты әзірлеу керек. Кезінде хабарласармыз.

Үй ішіне, ағайын-туғанға сәлем.

Құрметпен С.Мұқанов.
29 ноябрь, 1965 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Қ. ҚОСЖЫҒҰЛОВҚА

Хүрметті Қазый!

Мал-жан, бала-шағаң аман ба?

Біз де аманбыз.

Сенің хатыңды және карточкаларыңды алғалы біраз уақыт болғанмен, жұмыстан қолым тимей, тез жауап бере алмадым. Және фотоларды көшірту хажет болды. Көшірткендердің бірнеше данасын жіберіп отырмын: өзіңе, Зейнепке, Тоқсанбайдың қызына және Кәукерге. Бұл даналарды бөліп берерсің.

Тоқсанбай мен Зейнеп түскен фотолар өте тозған екен. Алматыдағы фотографтар көшірмелерін жасай алмады. Мүмкін, Мәскеуде жасауы. Бір барғанда ала барармын. Онда да түсіре алмаса, өзіңе қайтарармын.

«Есею жылдары» аталатын шығармада Тоқсанбайдың да, Зейнептің де аттары бар, өзіңнің де атың бар. Рахима туралы көп жазылған. Оның аруағы маған риза болуға тиісті. Бұдан артық жазуды жағдай көтермейді. Жаңадан табылған фотолар болса жіберерсің.

Үй-ішіңе, ағайын-туғанға сәлем.

Туысқандық көңілден (Сәбит Мұқанов).
10 январь, 1966 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

В. КОЗЛОВ – С. МУКАНОВУ

Крым, Алушта,
ул. Ленина, 47, кв.48

Дорогой Сабит Муканович!

Простите великодушно, что я своим письмом отрываю Вас творческой работы. Я не стал бы Вас беспокоить, если бы моя просьба к Вам не имела общественного характера.В прошлом мне очень часто приходилось встечаться с Сергеем Николаевичем Сергеевым – Ценским, а в последний год жизни писателя работать его секретарем. Как Вы знаете, Сергею Николаевичу в 1943 году пришлось жить в гор. Алма- Ате. Город нравился писателю своими арыками, садами и, конечно, своими жителями. Сергей Николаевич говорил как-то, что он даже хотел купить небольшой домик и обосноваться в Алма-Ате. Рассказывая об Алма-Ате с большой теплотой вспоминал о встречах с Вами и другими писателями алмаатинцами. Все это навело меня на мысль спросить Вас не писали ли Вы воспоминаний о встречах с С.Н.Сергеевым-Ценским? Если написали и опубликовали – перешлите, пожалуйста один экз. мне для музея, а второй экз. Алексею Васильевичу Прямкову (Москва, И-301, 3II проезд, д.31, корпус 16, кв 108) при этом сошлитесь на меня. Мы члены комиссии по литературному наследю Сергеева-Ценского собираем материалы для книги «Сергеев-Ценсккий в воспоминаниях совремменников». Если не писали – то очень просим написать. Ведь Ваши воспоминания пригодяться для наших потомков, которые будут изучать литературу наших дней.

И еще одна просьба: не напишите ли свою оценку творчества Сергеева- Ценского, его связи и встречи в Алта-Ате и т.д.

С глубоким уважением,
Член комиссии по литературному наследию
С.Н.Сергеева- Ценского,
Научный сотрудник музея
В.Козлов
/Козлов Валентин Костантинович/.

P.S. На память о встречах Сергеем Николаевичем выслаю Вам путеводитель по музею С.Н.Сергеева-Ценского

22.01.1966 г.

ЛММКСМГМ, рукопись.

* * *

С. МУКАНОВ – З. ФУРЦЕВОЙ

Уважаемая Зинаида Георгиевна!

Ваше письмо от 13/I-66 года получил. Весть о создании Дом-музея имени Ф.М.Достоевского меня радует. В связи с изучением материалов, относящихся к Чокану Валиханову, я часто сталкивался и с материалами о Достоевском. О нем я читал много, прочитал почти все его произведения. Но писать о нем, я еще не успел, упоминал его имя вскользь в вещах, написанных о Чокане.

Сейчас я работаю над романом-трилогией о Валиханове под названием «Промелькнувший метеор». В нем Достоевский будет занимать значительное место. Бог знает, когда роман будет закончен, но я сам мечтаю закончить к 50-летию Октября. В свое время экземпляр будет ваш. Но до этого еще далеко. «Соловья баснями не кормят». Недавно вышли две книги «Школа жизни» (наверняка, ее читали) и к весне выйдет третья, заключительная книга. Эту трилогию я обещаю Вам прислать.

Давно я мечтаю быть в Семипалатинске. (Последний раз был в 1940 году). Его библиотека весной минувшего года приглашала меня для встречи с читателями.

Я не смог выполнить эту просьбу в виду крайней занятости. Возможно, выполню через год, (т.е. – к весне текущего года). Тогда непременно посещу Вас. Я готов держать с вашим Домом-музеем связь.

С приветом Сабит Муканов.
26 января, 1966 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ – В. КОЗЛОВУ

Дорогой тов. Козлов!

Ваше письмо (оно не датировано) и книжку о Сергееве-Ценском получил. Удовлетворяю Вашу просьбу и посылаю копию моего очерка-воспоминания о Сергееве-Ценском, напечатанном в руководящей партийной газете «Казахстанская правда» (Дата указано в копии). Другой экземпляр очерка, по Вашей просьбе, посылаю тов. Прямкову А.В. в Москву.

С приветом С.М. Сабит Муканов.
3.II.– 1966 г.
Алма-Ата, ул. М.Тулебаева,
дом 125/129, кв.3.

P.S. На русском языке напечатано уплотненно. Полный казахский оригинал в журнале «Жұлдыз» за 1964 год, №10.

ЛММКСМГМ. Рукопись.

* * *

А. ПРЯМКОВ – С. МУКАНОВУ

Многоуважаемый Сабит Муканович!

Ваш материал о С.Н.Сергееве-Ценском получил. Очень важно и интересно все, что Вы написали. Обязательно используем – поместим в сборнике, который мы планируем и хотим выпустить в свет. «Советский писатель» пока не включает его в свои ближайшие планы. Но надеемся – включит. И сборник будет издан. Большое спасибо за ценный материал.

С уважением А.Прямков.
10.02.1966 г.

ЛММКСМГМ. Машинопись.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Т. БАЙҒАБЫЛОВҚА

Талант Байғабыловқа
(Қырғызстан)

Құрметті қырғыз інім, –
Талант Байғабылов жолдас!

Сыйға жіберген «Достарымның жолында» есімді кітабыңды алдым. Туысқандық, ағалық көңілден мың сан рахмет.

Осы бір кезде партиялық конференциялар, съездер бірінен соң бірі келіп, қол тимей жатқан шақ еді, сондықтан, шығармаңды әзірге оқи алған жоқпын. 23-съезден келе оқимын.

Қырғызша сөйлей алмағанмен, қырғыз шығармаларын оқығанда жақсы түсінем.

Деніңнің сау болуына, шығармалық еңбектеріңнің өсе беруіне, бахытты ұзақ өмір сүруіңе тілектеспін.

Сәлеммен – Сәбит Мұқанов
12-III. 1966-ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Х. ҒҰЛАМҒА

Құрметті бауырым – Хамит!

Хатыңды алдым.

Оны оқығанда қуандым да, ұялдым да.

Қуанышым – Тәшкенде айдан артық жер сілкіну болғанда, аман-есен қалып, міндетті қызметіңді атқарып жатуың. Апатқа ұшыраған адамдар да аз емесін естиміз. Олар өте аянышты. Сенің және туысқан өзбек халқынан шыққан қаламдас достардың апаттан аман қалуына қатты қуандым.

Ұятым — Саған сенен бұрын хабарлануым керек еді. Әр түрлі себептерден олай болмай қалды. Сол себептерді айтайын.

Тәшкенде жердің алғашқы сілкінуін мен сол күні ертемен, радиодан естідім. Зәрем ұшып кетті. Радио «төрт-ақ адам қазаға ұшырады» дегенмен, «мыңдаған үйлер қирады» деген соң, «4» деген цифрға нанбадым, сонда ең алдымен есіме қаламдас достарым, бауырларым — жазушылар түсті.

Олардың амандығын білмек болып: Ғафурға, Мұсаға, Миртемірге, саған, Насырға телефон соққым келіп еді, ұдайымен үш күн «линия занята»-дан басқа жауап ала алмадым. Ақыры, төртінші күні Мақаш Бекбергеновпен әрең байланысып, «жазушылар — семьяларымен түгел аман» деген соң ғана көңілім жай тапты. Одан әрі, біреуіңе хат жазуды ыңғайсыз көрдім. Өзім баруға саулығым көтермей, санаторийда тыныстап жаттым.

Енді, міне, сенен хат алып тұрмын.

Сенің сұрауларыңа жауап беру маған өте қиын.

Менің тілегім, бұрын да Орта Азияның бірінші мақтанышы болған, жер сілкінгенде біраз бүлінген Тәшкенттің жаңадан жасалғанда, бұрынғыдан да сұлу болуы. Олай болуына өзің айтқандай — сенем, оған кепіл — Бүкіл Совет Одағының Тәшкеннің түзелуіне, әдемілене түсуіне екпінді жәрдем беріп жатуы. Тағы да өзің айтқандай, бұндай жәрдем, тек қана біздің советтік социалистік отанда бола алады. Қазақстан басшыларының айтуынша біздің республиканың жәрдемі аз болмайтын сияқты. Бұлардың бәрі қуанышты іс.

Мен биыл Өзбекстанға баруды күзгі айларға, яғни, сентябрь мен октябрьдің біріне жоспарлап едім. Тегі сөйтемін ғой деймін. Оған дейін босана алмайтын себебім: шалың, жасы алпыс алтыда бола тұра ауыр жұмысқа кірісіп қалды, ол — Шоқан Уәлиханов туралы «Аққан жұлдыз» деген есіммен трилогия жазу. Соның бір кітабын биыл бітіріп, 67-жылдың жоспарымен бастырмақпын.

Жалпы көлемі жүз баспа табақтай болар деп шамалаған бұл шығармаға кірісерде, «күшім жетер ме екен?» деп қорқа-соғып едім, жаза келе ол қауіптен арылдым. Жас кездегідей тым сарылмай, саулықты сақтай отыра жазсам, әлі де аздап шабатын күйім бар сияқты. Көлденең кесір кездеспей, осы бетпен бара берсем 70 жылдық мерекеме дейін трилогияны түгел аяқтармын деген үміттемін. Қажет көрсең, 67-жылдың басынан, бірінші кітаптан «Жарық жұлдызыңа» үзінді беруге болар. Бірақ бұл міндетті түрдегі емес, өтініш түріндегі сөздер ғана.

Ең зор өтінішім: қуанышына да, қайғысына да ортақ екенімді, аға халық — өзбекке де, олардың жан сыры — жазушыларына да жеткізе гөр, Хамит бауырым!

Мен оларға, тек қана ұзақ, бахытты өмір тілеймін.

Туысқандық көңілден
С.М Сәбит Мұқанов.
15-VI-1966 жыл.

P.S. Менің жаңа адресім: Алма-Ата, ул. М.Тулебаева, дом 125/129, кв.3.

ҚР ОММ, 1634-қор.

* * *

Ж. БЕКТҰРОВ – С. МҰҚАНОВҚА.

Құрметті Сәбе!

Өзіңізге бұрыннан айтып жүрген, жазып жүрген біраз әңгіменің бір бөлегін ұсыныс ретінде президиумге, Шәріпов жолдас атына жазып жіберіп отырмын. Президиум мүшелері ішінен Сіз бен Ғабеңе хаттың бір-бір көшірмесін жіберіп отырмын. Бұл жайлы тиянақты ұсыныс Сізден болу керек қой деймін.

Сәлеммен, құрметпен іниіңіз Жайық.

Мәкеңе көп сәлем.

г.Караганда, Бульвар Мира, 7, кв. 24.
Тел.7–20–62.
24.VI.66.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – З. НУРИЕВУ

Дорогой Закий! (Нуриев, секретарь ССП Татарии)

Через Уфу и Кустанай я вернулся в Алма-ату 10 июля. Спокойно ночевал у себя дома и это спокойствие нарушилось на другой день утром: радио сообщает, что скончался Гафур Гулям!..

Трудно было верить этому. Но факт есть факт!.. Ты хорошо представляешь, что значит потерять человека, с которым был в тесной дружбе на протяжении сорока лет!.. С человеком, с которым мы только недавно с тобой провели в Казани много приятных, теплых, братских встреч!..

Услышав скорбную весть я тут же, несмотря на свою физическую усталость, позвонил в наши руководящие органы и выразил желание,чтобы поехать в Ташкент на похороны любимого Гафура!..

В казахской руководящей газете «Социалистік Казахстан» я тут же написал небольшую статью о том, как с Гафуром я и мой татарские друзья встречались в Казани. Собственно говоря, его смерть началась в вашем городе: 27 июня, как ты знаешь, он звонить хотел в Ташкент и ему связь сообщила, что «телефонное сообщение с Ташкентом прервано на три дня». Вас не было. Я с Марьям был свидетелем того, как Гафур побледнел от этой вести и чуть не упал в обморок. Всю эту ночь я и Марьям дежурили возле него и он часто, обессилев, заплакав, в бреду повторял одно и то же слово: «неужели опять погибли мои сородичи?!»

В тот же день Вы — мои татарские друзья, нас проводили на аэропорт и были свидетелями того, как Гафур заливался слезами.

Он улетел в Москву, а я и Уфу. Перед прощанием, обнявшись, он мне в ухо сказал, что я, быть может, скоро приеду в Ташкент на его похороны.

Предчувствие поэта оправдалось. И я приехал 11—VII —с/г в Ташкент на его похороны!.. Какой ужас!..

Обычно не пишут о разрушении в Ташкенте в таком виде, как оно есть. Это ужасное зрелище. И еще ужаснее было смотреть на ташкентцев, которые до единого человека вышли из улицу, когда прах Гафура похоронная процессия несла на кладбище. Я хорошо знал Гафура Гуляма. Но тут мое знание увеличилось во стократ и я был свидетелем того, как его любил родной народ. Его смерть, на мой взгляд, была такой же катастрофой, как все землетрясения вместе взятые в Ташкенте за последние два месяца.

Я не хотел бы тебя, дорогой Закий, опечалить своим этим письмом, но не могу. Пусть будет светло одному из пламенных поэтов нашей современности на двух светах.

Я еще не пришел, по-настоящему, в себя. Но жизнь такова,что все это пройдет.

В июле и августе, как тебе я говорил, буду в Алма-Ате. Повторяю свою просьбу о скорой высылке нужных мне материалов от Исмаиле Рамеева и других.

Братский привет всем моим татарским друзьям. Привет — Хуршиде.

Целую.
Сабит Муканов.
13 июля, 1966 года.
г.Алма-Ата, Тулебаева, 125/129, кв. 3.

ЛММКСМГМ. Рукопись.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. ҚҰДАШҚА

Құрметті Сәйфи ағай!

Хаттарыңызды да, Ғафур Ғұлəм туралы жазған мақалаңыз басылған газетті де алдым.

Ең алдымен Ғафур туралы. Бұл хасіретке мен де сізден кем шомған жоқпын. 35-40 жыл бойына дос болудан басқа, əнеукүні Қазанда, Тоқайдың юбилейінде бірге өткізген күндер естен шығар емес. Хоштасарда ол маған, — «Сəбит бауырым, жүрегімнің нашарлығын көріп жүрсің, мүмкін бұдан кейін тірі көрмеспіз, өлсем жаназама келерсің» деген еді. Жаназасына бардым. Бүкіл өзбек халқымен бірге, мен де қатты жыладым. Біраз шаршап та қалдым. Мыржақыптың «Айырылу» атты өлеңінде, —

Дариға тірі айрылмай, өлі айрылсам,
Топырақ дұға қылып қолдан салсам,
Жамылып салқын қабыр жатқан достың,
Үстіне көздің жасы мөлт-мөлт тамсаң.
Жүректі сол уақытта қайғы буып,
Келмесін енді қайтып біліп жуық,
Рахат рухына тілеп хақтан,
Хош айтып кетпес пе едім көңіл суып, —

деген еді.

Сол айтқандай, Ғафурдың қабырына көз жасымды төктім де, көңілім суып қайттым.

Өлмейік, Сәйфи бауырым!

Сіздерден кеткен соң Қостанайда бір жұма болып Алматыға келдім. Қостанайдың егіні ғажап. Сізді іздеді.

Мағфура жеңгейге сәлем айтыңыз. Қазақ «татқан да бір, тойған да бір» дейді. Жеңгейдің «құтты-хана мешітінде» қолынан дәм татуымыз жетеді. Ренжімесін. Достарға, әсіресе: Ақнафқа, Гилымдарға, Қадирға көп сәлем. Мәриям да оларға сәлем айтады. Газеттерді алдым. Рахмет.

Туысқандық көңілден — (Сәбит Мұқанов).
1-VIII-1966 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ — Г. СЕРЕБРЯКОВОЙ

Дорогая Галина Иосиповна!

Получил и Вашу телеграмму, и Вашу статью.

Большое дружеское спасибо за все.

Статья, очевидно, будет напечатана в «Казахстанской правде». Брошюровка III книг заканчивается только теперь (у нас так вяло работают типографии). Как только эта книга появится на рынке (а это будет на днях), тут же будут отклики на нее и в «Казахстанской правде». Номер газеты я Вам пришлю.

Если эта статья появиться в московской печати надеюсь, пришлете, ее мне.

Вашу трилогию здешнее издательство начнет печатать с 68-года, к переводу приступит с начала 67-го.

После поездки в Москву и в Казань, в конце июня я вернулся домой и с тех пор нахожусь в горах, и продолжаю работать над романом о Валиханове «Промелькнувший метеор». Он, как говорил Вам, будет в трилогии.

Первую книгу думаю сдать в печать в концу текущего года. Работа пока идет нормально.

В Москве, очевидно, буду осенью.

Целую, милый друг Сабит Муканов.
1 августа, 1966 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МҰСАБАЕВҚА

Құрметті Ғайнетдин! (Мұсабаев, профессор)

Жуық арада «Аққан жұлдыздың» бірінші кітабы туралы жазған хатыңды алдым. Сенің тілші ғана емес әдебиетші де екеніңді білемін ғой. Мына хатың сол білетініме куәнің біреуі. Романның тәуір деген жақтарына бірталай пікір айтқан екенсің. Оныңа сансыз рахмет. Ол пікірлердің ешқайсысымен таласып жатпаймын, өйткені: біріншіден – роман әлі аяқталып болған жоқ, екіншіден – кітап дүкенге түсіп сатылғаннан кейін ол туралы қандай пікір болса да айтуға әрбір оқырманның хақы бар.

Бұл қысқаша жауапта сенің бірнеше сұрауыңа жауап қана қайтармақпын:

1. Сен бірінші кітаптың геройлары Есеней мен Ұлпан аяқталмаған депсің. Олай болуы мүмкін де емес, себебі – бірінші кітаптың бір жерінде бұл адамдар туралы қысқаша айта кеп «бұлардың өзі жеке кітап жазуды тілейді. Саулық пен тіршілік болса ондай кітап жазылуы да мүмкін, сондықтан олар туралы қысқаша әңгімені осымен доғара тұрамыз», деген сөздер бар. Саған берер жауабым да осы.

2. Айжан да аяқталмаған дейсің. Ол осы романның екінші, үшінші кітаптарында жалғаса түседі. Екінші кітап (қазақша) басылып шықты. Жақын арада магазиндерге түседі. Жуық арада кезіге қалсаң бір данасын саған сыйлармын да. Әзірге, мен үшін ондай уақыт ұзағырақ. Себебі, – дәрігерлердің ұсынысымен бірер ай емханадан өтпекпін.

Басқа жайларыңыз туралы кездескенде кеңесерміз.

Сәлеммен, (Сәбит Мұқанов).
1967 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ХАЙРОЛЛАҒА

Құрметті Хайролла жолдас!

Маған жазған хатыңызды және оған қосқан менің 1938 жылдың 7 октябрінде сізге жазған хатымды алдым.

Не деген ұқыпты, сақ адамсыз?! Хатыңызға қарағанда, менің ол хатым, сізбен бірге ұлы Отан соғысының барлық қиындықтарын көрген!.. Мені соншалық сыйлағандығыңыз үшін сізге азаматтық, коммунистік, туысқандық көңілден мың сан рахмет!

Өз хатымды да, сіздің хатыңызды да оқып отырып, біраз ойсанаға қалдым. Сізге хат жазған кезде, «халық жауы – Сәкенмен байланысты» деген жаламен, сорым қайнап», «әне әкетеді, міне әкетеді» деген хауіптің шырмауында едім, сізді Жазушылар одағына, оның қызметкері Қапан Сатыбалдинге сілтеуім де сондықтан болар.

Міне, оған 39-жыл өтіп, 40 жылға аяқ бастық. Дүние одан кейін сан рет өзгерді. Мен де ақталдым. Сәкен де ақталды. Аса сүйікті Сәкен, өзінің большевик-ақын, қазақ совет әдебиетінің бірден бір тұңғышы, бастаушысы, классиктерінің бірі деген орнына отырды. Оның аты қазақ тарихына алтынмен мәңгілік болып жазылды. Қазір Қазақстанның академиялық драма театры Октябрьдің 50 жылдық тойына менің «Сәкен Сейфуллин» есімді пьесамды көрсетуге дайындалып жатыр.

«Шындық өлмейді» деген осы!.. Қазір мен 67 жасқа шықтым. Әзірге денім сау. Бірақ, сол саулықты күтіп ұстап, ең қажетті істерге еппен ғана жұмсамай болмайды, сондықтан, әдебиетке талабы барларды жақсы көре тұра, олардың шығармашылық істеріне жас шағымдай жәрдемдесе алмаймын, өзімнің шығармалық істеріме көңілді көбірек бөлем.

Арғымақ аттың белгісі,
Арыған сайын тың жортар,
Артымда жүгім қалар деп, –

дегендей, жүк көп те, уақыт аз. Сондықтан, маған «жәрдемдеспедің» деп өкпелемеуіңізді өтінем. Шығармаларыңыз болса, Қазақстан Жазушылар одағынан консультация алғаныңыз мақұл болар.

Жолдастық сәлеммен (Сәбит Мұқанов).
01.01.1967 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Күзден бері бірнеше хат жаздым. Сен үнсіз жатырсың. Оның, әрине — өкпе. Өкпелейтін ретің бар да, жоқ та. Бары — менен басқа өкпелейтін кімің бар? Жоғы — саған мен ұрыспағанда, кім ұрысады? Ұрысатын қылығың болды. Сонда, өзгенің қамы үшін емес, өз қамың үшін ғана ұрыстым.

Бұл хатты жазуға екі қуанышым себеп болды: бірі — кешегі кішкене Жаннаны енді ұзататын болдық. Тойы — ертең. 18-февраль күні. Сені шақыра алмадық: қыс іші, шаруасынан шыға алмас деп жорыдық.

Сен қыз ұзатып көрген кісі емессің. Өткен жаз Баянды ұзатқанда болдың. Сонда да көзді біраз сығып алып ек, бұл жолы қаттырақ сығатын түріміз бар. Амал қанша, — табиғат! Құдамыз Мәжкен Бутин (Ботаұлы) деген, орнықты адам, профессор, баласы да ұнайды, аты — Ерік.

Екінші қуанышымыз, Галя жуық арада босанып, дүнияға ұл перзент келді. Атын әлі қойған жоқпыз.

Ана жылы, мен Мәриямды алып кеткенде, Шұғайып содан кейін туған бір қызын, «Мәриям есімізге түсіп жүрсін» деп «Мәриям» атаған екен. Мен де, солай ойлап, Арыстанның нәрестесіне, сенің «Шәкірт» деген атыңды қоспақпын. Кейін «Шәкір» атап кетулері мүмкін.

Сен қалай өкпелесең де, маған ғана өкпелей аласың. Балалардың жәйін көрдің. Бәрі де жақсы. Бірақ, бәрі де жаңа заманның адамы. Ертең мен өле қалсам, жалғыз Арыстан ғана болмаса, саған қайсысы қатынасар дейсің. Сонда, тым болмаса, «атамыз қойып кеткен екен» деп, Шәкіртті атағанда, сен де естеріне түсер ме екен деген үмітпен қойғызғым келеді, әке-шешесі қарсы болмас деймін.

Мен жуық арада, сайлаушылармен жолғасу үшін Қызылжарға баруға тиістімін. Шығарда телеграмма берермін. Мені сонда тосып ал, Хакім Бекішовтің үйінде тосарсың. (Алма-Атинская, 69). Төрт-бес күн бірге болармыз да, содан кейін бірер күнге ауылға барып қайтармын. Келмесең бармаймын.

Ауыл-үйге сәлем.

Паруаз баласы, Бекежан не болды? Егер әлі босанбаса, Қызылжарда сөйлесіп көрерміз. Жақын арада Алматыға Мәжкен Ғаббасов келіп кетті. Ол да жәрдемдесерміз деді.

Қалғанын жолыққанда сөйлесерміз.

Туысқандық көңілден — Сәбит.
17-02-1967-жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Н. ДӘУЛЕТОВАҒА

Құрметті Нәзира! (Даулетова)

Бүгінгі радио Одақтық үкіметтің сені Ленин орденімен наградтауы туралы хабар жариялады. Бұл хабарға мен ерекше қуандым. Өйткені, — мен сенің әкең Қажахметпен өмірлік жақсы дос болғанымды өзің білесің. Қажахмет марқұм, кейбір сырласқан шақтарда, маған «сенен артық жақының жоқ» дейтін еді. Мен сенің шешеңді де жақсы білем. Сені де бала шағыңнан білем. Сен ержетіп Жақияға тұрмысқа шыққанда, тойыңның ішінде бірге болдым, сондықтан сені әр уақыт туған қарындасымдай көруіме ешбір күмәның болмауға тиісті. Мен сені туысқандық көңілмен ғана жақсы көрмеймін, соңғы жылдарда білім қайраткерінің көрнектілерінің біреуі деп бағалаймын. Сен Алматының Пушкин атындағы Мемлекеттік кітапханасына қатардағы қызметкерлерінің біреуі боп кірдің де, сонан біртіндеп өсіп, ақыры оның директорлық қызметіне көтерілдің. Осындай қоғамдық пайдалы адам болуыңның үстіне, сен мінезің де жақсы, өзің де орнықты, еріне жақсы жар, балаларыңа жақсы ана адамсың. Ленин орденімен наградталу, сенің жеке және қоғамдық тұрмыстарыңа адамшылығыңды және қызметкерлігіңді өсіре түсер деп сенемін.

Бақытты ұзақ өмір жаса, құрметті Нәзира! Семьяңның, балашағаңның қызығын көр.

Туысқандық және достық көңілмен зор құрметпен,
ағаң — Сәбит Мұқанов.
23.02.-1967ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Е. ОСПАНОВҚА

Құрметті інім Егемберді!

Жазған хатыңды, Лениндік сыйлық комитетіне жіберген мақалаларыңыздың көшірмесін алдым. Туысқандық, достық көңіл білдіргеніңіз үшін мың сан рахмет.

Өзім қазір Шоқан Уәлиханов туралы «Аққан жұлдыз» деген есіммен жазылып жүрген үш кітәпті (трилогия) романның І-кітәбін баспаға әзірлеу үстіндемін. Амандық болса, алдағы әпрельде типографияға тапсырмақпын. Кейбір үзінділері «Жұлдыз» журналының №1,2,4 сандарында басылды, оны оқып жүрген боларсыздар.

Бұл романда орта азияның, оның ішінде – Бұхараның мәдениеті туралы да біраз сөздер айтылмақ.

Сенен бір ғана өтініш: Бұхарадағы ең көне, ең үлкен медресенің аты не болған? Ол әлі бар ма? Болса не хызмет атқарады? Ол туралы жазылған кітәп (я кітәпша, справочник) бар ма? Болса қайдан табуға болады? – осы сұрауларға тез жауап қайтар.

Абдолла және Елмұрат жолдастарға сәлем айт. Қартыңа сәлем. Амандық болса, сіздің жаққа, аманшылық болса, апрельдің аяғында не майдың басында барам ба деген ойым бар.

Туысқандық сәлеммен – Сәбит.
27-III-67г.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Е. ОСПАНОВҚА

Хұрметті Егемберді!

Кейінгі хатыңды және 1934 жылы жарияланған альбомды алдым. Мың сан рахмет. Әсіресе – Альбом үшін. Онда қазір көзі жоқ, бірақ

тарихымыз үшін аса қымбат адамдардың фотосы және олар туралы справкалар бар екен.

«Өмір мектебінің» Лениндік сыйлық алуына көп ат салысқан адамның бірі сіз едіңіз. «Бәйге» деген тәуекелдің ісі. Онда, кейде жүйрік озбайды, жылпос озады. «Өмір мектебінің» де халы солай болды. Бірақ, бұған ұсынысы өтпеген қалың көпшілік болмаса, (ондай мекемелердің, ұйымдардың, жеке адамдардың саны жоқ), менің ешбір ренішім жоқ. Партияның, үкіметтің, социалистік құрылыс істерінде жүрген еңбекшілердің маған көрсетіп үлгерген сый-құрметтерінде қисап жоқ. Менің қазіргі барлық арманым — сол сыйлықтарға лайық жауап беру, яғни шығармалар жазу. Өзімше, әлі жазғандарымнан жазбағандарым көп сияқты. Ол үшін, маған қазір денсаулықтан басқа жағдайдың керегі жоқ. (Жақша ішінде айта кететін сөз: жақын арада суық тиіп қатты ауырдым да, жаңа ғана тәуір болдым. Дәрігерлер біраз уақыт демалуды ұсынады. Сондықтан, июньнің басынан әрі қарай бірнеше ай демалыс орындарында боламын ғой деймін. Ойым — сіздің Бұхара жаққа осы көктемде бару еді. Оны саулық көтермейтін болды. Енді аманшылық болса, ол ниетіме күзді күні жеткім келеді.

Ағайын-туғанға, жолдастарға сәлем.

Достық сәлеммен — (Сәбит Мұқанов)
27-апрель, 1967 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — К. ЖАНҒАБЫЛОВҚА

Құрметті Көптілеу!

Сенің хатың және өлеңдер жинағыңның қолжазбасы келгенде мен тауда қатты суық тию себепті елеулі сырқатқа ұшырап, больницада жатыр едім. Содан жуықта ғана шығып, сенен келген конвертті көрдім.

Өкінішін қоса айтқанда, дәрігерлер мені төрт-бес айға дейін қалам ұстаудан тыйды. (Спазма левого сосуда). Бұл сөзді тыңдамауға болмайтын болды. Саған жүздескен шақта «өлеңдеріңді қарап берермін»

деп уағда айтқанмен, ол уағданы орындауға саулық мүмкіндік бермей қалды. Сондықтан, қолжазбаңды жазушылар союзының поэзия секциясына бердім. «Жазушының» директоры өзгеріп, Еркешевтің орнына Илияс Есенберлин келді. Оған да айтам. Қолжазбаның барысын бақылап отыруға уәде берем. Өзің оқымадың деп ренжи көрме.

Сәлеммен — С. М. Сәбит Мұқанов.
27 сәуір, 1967 жыл.

ҚР ОММ, 1634-қор.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Өткен Май мейрамың құтты болсын. Бала-шағаңмен өмірлі, бахытты бол!

Елге барып қайтқалы хабарланбауыма себеп болды. Қызылжардан үйге келе, жазып жатқан романымды аяқтау үшін, үкіметтің таудағы демалыс үйіне кеткем. Сонда бір жұмадай тұрғаннан кейін бір түні денемді суық ұстап, сол жақ қолым әлсізденіп қалды. Іле дәрігерге көрініп ем, больницаға жатқызды. Содан жақын арада ғана шықтым. «Бас ауырса жан қорқады» дегендей, ауылдағы Әбдірештің халына түсем бе деп қатты қорқып ем, больницадан жазылып шықтым. Ауруыма себеп, — соңғы он шақты айдың ішінде жұмысты көп істеп, / толық актілі үш пъесе жаздым, «Аққан жұлдыз» романының отыз баспа табақтық бірінші кітабын бітірдім/ — денем де, мыйым да шаршаған екен. Дәрігер енді бірнеше ай тынығуға, жұмыс істемеуге қосты. Жан керек. Амал жоқ бағынуға тура келді. Әйтпесе, биылғыдай 50 жылдықтың тойында тағы да біраз шабатын ойым бар еді.

Алдағы біраз уақытты төмендегідей тәртіппен өткізбекпін: майдың аяқ кезінде, Москвада, Бүкілодақтық жазушылардың съезі болады, амандық болса соған барам. Мәриям бірге барады. Содан майдың аяғында Совет одағының бір топ мәдениет қызметкерлерімен Монғолияға кетем, Мәриям Москва түбінде дем алып қалады. Монғолияда он-онбес күндей боламыз. Содан мен өзіміздің Бурят-Монғолия республикасына келем де, Мәриямді Ұлан-Удеге шақыртып

алам. Екеуміз Байкал көлінің жағасындағы дем-алыс Үйінде бір айдай дем аламыз. Одан Алматыға қайтамыз. Аржағында, жаз бойы, бірер ұсақ баламен, Мәриям екеуміз Бурабай тауында дем алуға ойлаймыз. Егер солай ете қалсақ, ауылға бірер күнге барып қайтуымыз да мүмкін. Егер үйлеріңе тастайтын кісілерің болса, Дәкіш екеуіңді Бурабайға шақыртып алатын да ойымыз бар. Ол жайда хабарласармыз.

Қыс ауылға барғанда жалғыз ғана нәрсеге ренжіп қайттым. Ол — Мәржамді көре алмауым: өзі келе қоймады, өзім барудың ретін таба алмадым, сен шақырмадың, кейіген себебім, екеуің де маған бірдейсің. Екі жетім менің қолымда қалып едіңдер де, ер жетіп, үй боп кетіп едіңдер. Ақыры, ол да, сен де бертінде қайғыға ұшырадыңдар. Дегенмен, оған сенің кішіреюің қажет сияқты: ол әрі әйел, әрі бірге туған жалғыз қарындасың. Одан жақынды таба алмайсың. Сондықтан, араздықты қойып, онымен бұрынғыдай туысқандық халға жетуің дұрыс қой деймін.

Аман мен Бекежанның жұмыстары туралы тиісті орындармен сөйлесіп жүрмін, нәтижесін хабарлармын.

Туысқандық көңілмен (Сәбит Мұқанов).
3-май, 1967 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ — А. НҰРТАЗИНГЕ

Құрметті інім — Ахметжан!

6/IV-1967 жылы жазған хатыңды кезінде алғам, жауап бере қоюға «әліптің ақырын күткем». Сендей тілеулестер аз болған жоқ, бірақ, Құлагерді даяшыға жақындай, бір залымның ұрып өлтіруі сияқты, бәйгеден жеке-дара келе жатқан «Өмір мектебін» де біреулер ұрып сүріндірді, бірақ, өзің айтқандай, ақша бәйгесін алмағанмен, халық бәйгесін алды. Маған осы да зор қанағат. «Қазан аузы жоғары» дегендей, үміт дүниесі, алдағы күндердің бәйгелерінен үмітсіз емеспін. Шоқан ағаның биылғы бәйгесін алғанымды баспасөзден көрген боларсың, әзірге сол да қанағат.

Өзіңнің архивыңда жатсын деп, хатыңның бір көшірмесін жібердім.

Сәлеммен (С.Мұқанов).
9/V-1967 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – В. МАРИНУ

Товарищу Марину В.С.

Дорогой Вадим Семенович!

На Ваше письмо от 21/06-67 года отвечаю с некоторым опозданием. Прошу извинить.

«Школа жизни» составляет трилогию. Две первые книги Вы читали. Третья книга называется «Годы возмужания». И она есть в русском переводе, к сожалению, у меня нет лишнего экземпляра. Его бы я выслал Вам охотно.

О том, как я работал над книгами этой трилогии, была помещена статья (моя) в апрельском (четвертом) номере журнала «Вопросы литературы» текущего года. Вы наверняка знаете этот журнал, если хотите читать – найдете. Об этой трилогии было много статей на страницах союзных и республиканских газет и журналов.

Четвертую книгу этого романа я делаю. Но провести ее в печать будет трудно. Это Вы поймете, если прочтете вышеуказанную мою статью. Должны создаваться и дальнейшие книги, ибо в опубликованной трилогии показана моя жизнь и жизнь страны только до 1936 года. После этого, как мы с вами знаем утекло много воды и горькой, и сладкой, и холодной, и горячей и т. д. Как хочется писать о них, с точки зрения коммуниста, с 48 летним партийным стажем, но это покажут обстоятельства.

С приветом С. Муканов.
г. Алма-Ата,
29 июля, 1967 года.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ж. БЕКТҰРОВҚА

Құрметті Жайық!

Алматыға келе тымауратып, Мұхтар Әуезовтың жиналыстарына қатынаса алмай қалдым. Әнеу күні сіздерде байқамай жүріп салқын тигізіп алыппын. Бірнеше күн емдеуде болып, бүгін Совминнің «Алма-Ата» аталатын санаторийіне дем алуға кетіп барамын.

Қарағандыдан және Ақмоладан алған әсерлерім, (әсіресе – «Сәкен» спектакльдері туралы) әлі сол жақсы қалпында. Бұндағы бастықтарға ол жайларды өте көтеріңкі түрде баяндадым. Біреулері – ауызша, біреулері – іштей риза болған қалыптарын көрсетті.

Екі қаладан да спектакльдерді рецензиялаған газеттерді әлі алған жоқпын. Оларды жіберттірерсің. Әнуардың өзіне жеке хат жазадым.

Сенде менің ұстарам қалып қойыпты ғой. Ондай бар болғыр бұл қалада жоқ екен. Қатынасатын кісі болмаса, посылкамен жібере саларсың. Демалыс үйінде қажет болады.

Жолдастарға сәлем.

Сәлеммен – Сәбит Мұқанов.
12-XII-1967.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым!

Хатыңды да және жақында шыққан жинағыңды да алдым. Жинаққа қуандым, бұл көп жылдарға созылған айтыс-тартыстың нәтижесінде шықты ғой. Деніңнің сау болуына, жазуыңның өркендей беруіне тілектеспін.

Жақын арада Қарағанды мен Ақмолаға барып қайттым. Олардың театрында «Сәкен» спектаклі жүрді (Ақмолада орысша). Екеуінде де халық спектакльді өте ірі жоғары дәрежеде қарсы алды. Ал-

маты театрында да солай жүріп жатыр. Бұл спектакль бәрімізге қадірлі Сәкенге тірі ескерткіш сияқты болып кетті. Ендігі қолға жедел аларым — Шоқан ағаң. Үш кітаптан құралатын «Аққан жұлдыз» аталатын бұл романның бірінші кітабы осы жылдың аяғына дейін магазиндерге түседі. Екінші кітабын алдағы көктемге дейін баспаға бермекпін. Саулық, амандық болса үшінші кітабын жетпісінші жылға дейін тәмәмдамақпын. Одан әрі де жазатын шығармалар көп. Оларды амандық саулық болса.

Саулығым пәлендей болмағанмен жазбай жатпайтынымды білемін. Қаламыңның жемісті болуына тілектеспін.

Үй ішіңе, жолдастарыңа сәлем.

Сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
12.XII-1967 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Ең алдымен жақындап қалған Жаңа жылыңмен өзіңді, Дәкішті, бала-шағаларыңды құттықтап, бәріңе де саулық және бақытты ұзақ өмір тілеймін.

Саған Октябрь мейрамының 50 жылдық қарсаңында хат жазған едім. Және сол хатта «базарлық жіберермін» деп емексіткен едім. Соның реті болмай қалды да, ұятты болдым. Қызылжардың газетінен маған тиісті тиын-тебенді саған жіберіңдер дегем, оны алған боларсың. Бүгін, Жаңа жыл қарсаңында бір жүз сом жіберіп отырмын. Оны шәй-пұйға жұмсарсың. Одан артықтың мүмкіндігі болмады.

Сен маған хат жазғанда қаражат жағына аузыңды ашыңқырайсың. Сонда, менің қартайып қалғанымды, жазуға жалқаулана бастағанымды, сол себепті табысымның да азайып келе жатқанын, аз табысқа ортақтардың көп екенін кейде шамаламайтын сияқтысың.

Сенің күн көріс жайыңды түсінбейді емеспін. Бірақ шамадан тыс қарғуға болмайды. Оның үстіне, сирек барған шақтарда, шаруаңның ауыл жағдайында бір сыдырғы тәуір екенін көрем. Сондықтан «күн

көрісі бар ғой» деп салақситыным да болады. «Жаман бергенін айтады» дегендей, мүмкіндігім бар шақта мен саған аз қараспаған сияқтымын. Енді, сол мүмкіншілік шағындалып келеді, сондықтан, қазақша айтқанда «әуелі құдайға», сонан кейін өзіңе сенгенің жөн сияқты.

Сен соңғы хатыңда, ана жылы колхозға алып берген грузовикті еске түсіресің. Соның қажеті жоқ. Ол кезде мүмкіндігім мол болғандықтан, әрі колхозға председатель саған мерей болсын деп, әрі ол кездегі кедей колхозға жәрдем болсын деп әпергемін. Дүние одан бері сан рет төңкеріліп жатыр. Сондықтан, баяғы бірдемені еске түсірудің керегі не?

Үй жайында банктен алған кредитіңді, егер счетыңның номерін хабарласаң «айлап, жылдап» дегендей төлеп тұрармын» деген уәдем — уәде. Ондай счет менің қолыма әлі түскен жоқ. Түсірсең уәдемді орындаймын.

Ол үйдің өзі туралы. Оның арғы негізі үкіметтің материалы ғой. Сол үйді үкіметке қайта сатудың ешбір қисыны жоқ көрінеді, өйтем деу ұят боп, сөз келтіретін көрінеді. Сондықтан, одан безінетін болсаң, сату дегенді қойып, қайтарып беру жөн сияқты. Егерде күтуін шығынсынсаң сөйт те, совхоздың кішкене үйіне көш. Ондай үйді әрине береді. Ал, мен өзім, өйтуіңді жұмақтан тамұққа шығу сияқты көремін. Банкке борышыңды мен жабатын болсам, үйден безінудің ешбір есебі жоқ. Ол жайда ойлан.

Кейбір кезде, Қызылжардан өз атыма пәтер алып, сені соған көшірсем қайтеді деген пікір де болып қалады. Онда, қолыңдағы Мұраттың жетім балаларын оқытуға да жақсы болар еді. Бірақ, сен қалада тұра аласың ба? Менімше, ол өте қиын нәрсе. Ауылда малдарыңның сүмесі мен төлдері де саған үлкен жәрдем. Олардан айырылған соң мөлшері азғантай пенсиямен қыруар жанның тіршілік жасауы қиын. Менің жайымды жоғарыда айттым.

Күзді күнгі бір хатымда, Ермекті оқытуың жайында ойлар салған едім, сондағы ұсынысым, — оны Қызылжардағы қазақтың школа-интернатына беру еді. Әлі де содан қолайлы ұсыныс таба алмаймын. Ойланып көр. Қанша қимаймын дегенмен, ол баланы оқытпай болмас, оқымаса түбіндегі күн көрісіне қиын болар. Менімше, 1968 жылдың күзінен осыны істеу керек. Жақын жер, — қатынасып тұруыңа мүмкіндік зор. Басқа екі баланың тіршілік жайын, өсе келе ақылдасармыз.

Әнеу күні Тоқтар келіп кеткен. Шама-шарқымызша күткеміз. Риза боп кеткен сияқты да. Сенімен де осы күні жақсы жүрген

көрінеді. Оған қуандым. Еменалы балаларымен де солай сияқтысың. Бір кезде олармен өкпелесіп, жалғыз үй қалғандай болып жүрдің. Жаман да болса ағайын. Жандары ашиды. Енді оларды сыртқа тебуді қойып, бауырыңа тарту керек. Ең аяғы отын-суыңды әкеліссе де жәрдемі тиеді. «Әркім силағанның құлы», өзің силасаң олар да силайды, силамасаң силамайды. «Силамаса мейлі» деп жүре беретін жас шағың емес. Саған қазір қатты сүйемел керек.

Басқа сөздер жоқ. Үй-іші, бала-шаға түгел аман.

«Сәкен Сейфуллин» атты пьеса жазғанымды білесің. Ол Алматыда да, Қарағандыда да, Целиноградта да өте жоғары дәрежеде қабылданды. Ендігі айналдырып жүргенім — Шоқан туралы роман. Үш кітап болмақ. Бірінші кітабы жуырда шығады, оны жіберемін. Екінші кітапты жасаудың үстіндемін, бірақ, жас шақтағы қайрат жоқ. Бір күн жазсам, екінші күні шаршап қалам. Шұқшия отырайын десем, ауырып қалатыным да бар. Әнеу күні Қарағанды мен Ақмола жаққа барып, «Сәкен» спектаклін көріп қайтам деп, салқын тигізіп, ауырып та қалдым. Содан, сол күндері Алматыда өтіп жатқан Мұхтардың жетпіс жылдық мерекелеріне де қатынаса алған жоқпын. Сол сырхаттан бас көтере дәрігерлердің ақылымен, үкіметтің таудағы санаторийна кеттім. Қазір сонда, бір жағынан тыныстап, бір жағынан «Шоқанның» екінші кітабын айналдырып жүрмін. Осы хатты қолмен жазуға ерінгендіктен, машинкаға диктовать еттім.

Ара-тұра хал-жайларыңды хабарлап тұр.

Ауыл-ағайынға, туысқандарға сәлем. Ержан мен Пәруаз сотталған балаларының жайын айтып хат жазады. Мен оларға жәрдемдеспек боп көріп ем, қолымнан ештеңе келмеді. Енді, «дәмдері білер» дегеннен басқа айтарым жоқ.

«Қыс ортасы ауа, Дәкіш пен екеуің қонақтап кет» деген сөзімді қайталамақпын. Жайларыңа қарарсыңдар. Келер-келмесіңді хабарларсың.

Туысқандық сәлеммен (Сәбит Мұқанов)
20.XII.1967 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – К. БУРМИСТРОВОЙ

Дорогая Клавдия Ивановна!

Прежде всего, примите мою благодарность за душевное поздравление, извините, что опаздываю слегка с ответом — помешала болезнь, лечусь сейчас в санатории. От всего сердца хочу пожелать Вам здоровья и успехов в Ваших литературных трудах, меня как писателя, бесспорно, радует, что не только у нас в Алма-Ате и даже не только в Москве, а в далеком от Казахстана старинном русском городе Курске находятся люди, которые отдают свое время изучению моего творчества.

И если полушутливо говорите «Помоги мне, боже», я также полушутливо отвечу «Да будет с Вами Аллах».

Теперь несколько слов по существу Ваших вопросов.

Да, в «Школе жизни» я придерживаюсь исторической точности, стремлюсь следовать календарным датам. Мои герои — не вымышленные герои, а подлинные живые люди. И в каждом литературном портрете я старался не отступать от правды.

Но тут я должен сделать существенную оговорку. Конечно, «Школа жизни» автобиографический роман, я выступаю в качестве мемуариста. Но я — писатель, а не просто «вспоминатель». И, конечно, в некоторых случаях дополняю и обобщаю своим воображением образ того или иного героя.

Однако, повторяю: я стремился всюду к максимальной достоверности. Я как можно правдивее желал показать Сакена Сейфуллина, моего учителя и старшего друга, основоположника казахской советской литературы. Я даю точные портреты деятелей гражданской войны и всех этих лет борьбы за новый Казахстан, я не придумывал биографий своим землякам, но если один играет на домбре чуть лучше, чем в действительности, а другой совмещает в себе некоторые черты своих друзей, но, право же, меня винить в этом нельзя. Не надо забывать, что рука об руку с моей жизненной памятью хочу я этого или не хочу, работает мое воображение, без которого нет художника.

Я сомневаюсь, чтобы К.Г.Паустовский в своих автобиографических повестях был точен, как летописец, а в «Былом и думах» Гер-

цена есть во многих главах субъективные портреты разнящиеся от портретов, написанных другими современниками.

По этому поводу в заключение еще раз скажу: книга достоверна, даты точны, роман мемуарно-историчен, но за некоторый элемент художественного воображения, естественно, ответственности я нести не могу.

И ответ на второй вопрос. Почему работа над «Школой жизни» растянулась на три десятилетия. Не надо понимать буквально, что я писал трилогию, не отрываясь, тридцать лет. Это значит, что в течении тридцатилетия были закончены три тома. Но параллельно я занимался многими другими книгами и романами, и повестями, и драмами. И все же, спустя какие-то сроки, неизменно возвращался к «Школе жизни».

С искренним теплым уважением Ваш
Сабит Муканов
8 января, 1968 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ҚҰРМАНАЛИНГЕ

Құрметті Мұхтар!

20 январь күні жазған хатыңды алдым. Кітаптарың шығып жатуына қуандым. Осы бетіңмен өрлей бер.

Рекомендация жайында: атаң қазақтың «сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген мақалы есіңде болар. Одаққа мүше болу үшін тым асығудың қажеті жоқ. Мәселе мүшелікте емес, жазуда. Жазуың жақсы болса мүше болмасаң да таниды, жақсы болмаса мүше болсаң да танымайды.

Мен, әрине, саған рекомендация беремін, қашан тілесең, сонда. Өйткені шығармаларыңмен таныстығым бар. Ал, таныс емес кісілерге таныстығымды түсіндіру үшін, қолдағы материалдарым жеткіліксіз. Жеткілікті болу үшін, басылып шыққан очерктеріңнің кітабымен және басылып жатқан өлеңдеріңнің жинағымен түгел таныс болуым керек. Сондықтан, сен қолыңда бар очерктеріңді маған жібере бер де,

* * *

С. МУКАНОВ – К. БУРМИСТРОВОЙ

Дорогая Клавдия Ивановна!

Прежде всего, примите мою благодарность за душевное поздравление, извините, что опаздываю слегка с ответом — помешала болезнь, лечусь сейчас в санатории. От всего сердца хочу пожелать Вам здоровья и успехов в Ваших литературных трудах, меня как писателя, бесспорно, радует, что не только у нас в Алма-Ате и даже не только в Москве, а в далеком от Казахстана старинном русском городе Курске находятся люди, которые отдают свое время изучению моего творчества.

И если полушутливо говорите «Помоги мне, боже», я также полушутливо отвечу «Да будет с Вами Аллах».

Теперь несколько слов по существу Ваших вопросов.

Да, в «Школе жизни» я придерживаюсь исторической точности, стремлюсь следовать календарным датам. Мои герои — не вымышленные герои, а подлинные живые люди. И в каждом литературном портрете я старался не отступать от правды.

Но тут я должен сделать существенную оговорку. Конечно, «Школа жизни» автобиографический роман, я выступаю в качестве мемуариста. Но я — писатель, а не просто «вспоминатель». И, конечно, в некоторых случаях дополняю и обобщаю своим воображением образ того или иного героя.

Однако, повторяю: я стремился всюду к максимальной достоверности. Я как можно правдивее желал показать Сакена Сейфуллина, моего учителя и старшего друга, основоположника казахской советской литературы. Я даю точные портреты деятелей гражданской войны и всех этих лет борьбы за новый Казахстан, я не придумывал биографий своим землякам, но если один играет на домбре чуть лучше, чем в действительности, а другой совмещает в себе некоторые черты своих друзей, но, право же, меня винить в этом нельзя. Не надо забывать, что рука об руку с моей жизненной памятью хочу я этого или не хочу, работает мое воображение, без которого нет художника.

Я сомневаюсь, чтобы К.Г.Паустовский в своих автобиографических повестях был точен, как летописец, а в «Былом и думах» Гер-

цена есть во многих главах субъективные портреты разнящиеся от портретов, написанных другими современниками.

По этому поводу в заключение еще раз скажу: книга достоверна, даты точны, роман мемуарно-историчен, но за некоторый элемент художественного воображения, естественно, ответственности я нести не могу.

И ответ на второй вопрос. Почему работа над «Школой жизни» растянулась на три десятилетия. Не надо понимать буквально, что я писал трилогию, не отрываясь, тридцать лет. Это значит, что в течении тридцатилетия были закончены три тома. Но параллельно я занимался многими другими книгами и романами, и повестями, и драмами. И все же, спустя какие-то сроки, неизменно возвращался к «Школе жизни».

С искренним теплым уважением Ваш
Сабит Муканов
8 января, 1968 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ҚҰРМАНАЛИНГЕ

Құрметті Мұхтар!

20 январь күні жазған хатыңды алдым. Кітаптарың шығып жатуына қуандым. Осы бетіңмен өрлей бер.

Рекомендация жайында: атаң қазақтың «сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген мақалы есіңде болар. Одаққа мүше болу үшін тым асығудың қажеті жоқ. Мәселе мүшелікте емес, жазуда. Жазуың жақсы болса мүше болмасаң да таниды, жақсы болмаса мүше болсаң да танымайды.

Мен, әрине, саған рекомендация беремін, қашан тілесең, сонда. Өйткені шығармаларыңмен таныстығым бар. Ал, таныс емес кісілерге таныстығымды түсіндіру үшін, қолдағы материалдарым жеткіліксіз. Жеткілікті болу үшін, басылып шыққан очерктеріңнің кітабымен және басылып жатқан өлеңдеріңнің жинағымен түгел таныс болуым керек. Сондықтан, сен қолыңда бар очерктеріңді маған жібере бер де,

өлеңдер жинағыңды шыға салысымен жібер. (Ол ұзаққа созылмайтын көрінеді ғой). Сол екі кітаппен құралданып алғаннан кейін берілетін рекомендация дәлелдірек және күштірек болады.

Жуық арада «Лениншіл жас» газетінің 25 январьда шыққан санында «Сәтті спектакль» деген атпен Ақтөбе қаласындағы Мәдениет үйінің үйірмесі көрсеткен «Сәкен» спектаклі туралы хабар шықты. Осындай бір хабар 67-жылдың басында 3-мартта естілген еді. Соңғы хабар бұрынғы спектакльді қайталау ма, әлде жаңа ма?

Сәлеммен С.М. Сәбит Мұқанов.
5 ақпан, 1968 жыл.

ҚР ОММ, 1634-қор.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ж. БЕКТҰРОВҚА

Құрметті Жайық!

Омбыдан және Қарағандыдан жазған хаттарыңды алдым. Сәкенге біраз қызмет атқарған екенсің, ол үшін сансыз рахмет.

«Сәкеннің» спектаклі Алматы драм театрында 14 рет көрсетіліп, бәрінде де адам сыйғысыз аншлахпен өтті. Қарағанды мен Целиноград театрлерінде солай өтуіне өзің куәсің. Одан бері де жақсы өтіп жатыр деп естігем.

Халық осынша биік бағалаған спектакльге Республикалық газет – журналдарымыздың біреуі де үн қатпастан тып-тыныш жатыр. Одан кейін көрсетілген кейбір жобалғы спектакльдерге құлаш-құлаш мақала беріліп жүргенін оқыған боларсың. Сәкенге республикалық газет-журналдардың үндемеуін маған, я, «Сәкенге» байланысты екенін және не себепті екенін түсіне алмай қойдым. «Қай құдайдың» бөгет болып жүргенін де білмеймін. Өз ойымда, бұл пьесаны «Октябрьдің 50 жылдық тойына арнап жаздым» деп, «Октябрьді жасасқан большевиктердің бейнесін көрсеттім» деп түсінген едім. Халық та осылай ұғып жатқан сияқты, өйткені, спектакль сайын залда лық толған халық, үздіксіз овация жасап ретті жерлерінде күліп те, жылап та отырады. Көрермендердің Қарағанды мен Целиноградта да сөйткеніне өзің куәсің. Біз, әдетте, «Тарихты халық жасайды»

деймiз. Ендеше баспасөздердің халық пікірімен санаспауы мен үшін таңғаларлық іс. Неге олай болу хақиқатына партия ұйымдары арқылы жетеміз, әрине. Бұл жәйда өзім үлкен реніштімін.

Бірге жасаған сапарларымыз туралы «Жұлдыз» журналына жіберген очеркің келген. Оның да басылуына Сәкен себеп болып жатыр ма, басқа себеп бар ма — тез байқастырам. Өзім сендерден ажырасқалы тауда демалыс үйінде болып, қалаға бүгін оралдым.

Сәлеммен,
Сәбит Мұқанов.
5.02.1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым! (Малдыбаев)

Жуық арада Ханғали Сүйіншалиев дейтін әдебиетті зерттеуші оқымыстының, «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» деп ат қойған қалың кітабы шықты. Бұл кітапта көне дәуір шығармаларынан бастап жиырмасыншы ғасырға дейін жасалған қазақ әдебиеті туралы сөз болады. (Мүмкін болса, Қызылжардағы жолдастарыңның біріне тапсырып қойып, осы кітапты табуың керек). Кітапта баспасөзде бұрын айтылмаған хажетті көп білімдер бар.

Осы кітаптың орта тұсында Шал ақынға арналған тарау бар. Осы тарауда, сенің ана жылы, «Қазақ әдебиеті» газетінде Шал туралы жазған мақалаға, сені бедел көріп, көп мән берілген. Осы тарауды оқығаннан кейін, маған «Ғалым баяғыдан бері бірыңғай өлең жаза бергенше, Шал сияқты ақындарды зерттеп, ғылымға неге пайда келтірмеді екен?!» деген өкінішті ой түсті. Осы бағытта тағы да біраз еңбектер жасасаң қайтер еді?

Өзім аманмын. Үй-ішім аман. «Сәкен» пьесасы Алматыда да, Қарағандыда да, Целиноградта да (орыс тілінде) және біраз жерлерде де халықтың сүйіспеншілігіне бөленген қалыпта, зор аншлагпен өтіп жатыр.

Ендігі жедел кіріскен еңбегім «Аққан жұлдыз» (Шоқан туралы). Ол үш кітап болмақ. Бірінші кітабым басылып базарға түсті. Оны алдырарсың. (Өзімнен жіберуге, қолдағы даналары жетпей жатыр). Екінші кітабын жазудың үстіндемін. Жыл аяғына дейін баспаға беріп үлгеруім мүмкін. Үшіншісін жетпіс жасыма дейін бітірмекпін.

Хат жазысып тұр.

Қаламдастық сәлеммен: Сәбит Мұқанов.
8.02.1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – А. КАМАРОВУ

Дорогой т. Камаров Аслиддин!

Ваше письмо от 2-II-1968 года получил. Благодарю Вас за Вашу кандидатскую диссертацию «Зарождение, становление и развитие жанра автобиографической повести в литературах народов Средней Азии и Казахстана».

Мне в свое время представило радость, что таджики одними из первых среди братских народов нашей Родины, в 1961 году на своем языке выпустили две первые книги «Школы жизни» (не знаю, переведена или нет третья книга, на которой пока завершается произведение под этим названием)

В ответ на Ваши вопросы, посылаю экземпляр моей статьи о Горьком (она напечатана в газетах на казахском языке, на русском появится скоро). В ней рассказано о том, когда и как я познакомился с Алексеем Максимовичем и какое творческое влияние он мне оказал.

Кроме нее, я Вас прошу обратить внимание на мою статью в журнале «Литературный критик» за 1967 года, №4. Там коротко и исчерпывающе написано о том, как мне удалось каждая книга «Школы жизни».

Оказать помощь больше этого, сейчас не сумею, крайне перегружен работой, делаю вторую книгу (первая на каз. языке вышла) но-

вой трилогии — «Промелькнувший метеор» о жизни и деятельности Чокана Валиханова.

Желаю Вам здоровье, счастье, успехов!

С братским приветом
Сабит Муканов
17 февраля, 1968 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – А. НҰРТАЗИНГЕ

Құрметті Ахметжан!

«Төрт-тағандар» туралы өлеңмен жазған хатыңды алдым. Көп рахмет.

Алдағы жазда алпысқа толуыңмен құттықтаймын. Амандық болса, бұл тойдың ауылда да, қалада да басы-қасында болармын. Уақыты жақындағанда обкомға, райкомға, газет басқармаларына хат жазып, тойды тәуір өткізуді өтінермін. Газетке мақала да жазармын. Ол үшін, маған былтыр басылған жинағыңның бір данасын жібер және кейінгі өлеңдеріңді жібер. Тойдан бірер ай бұрын қалай даярланып жатқанын хабарлап қой.

Кезі келгенде бір өтінішімді айтсам сөкпессің. Тимирязев ауданының (Солтүстік Қазақстан облысы) «Докучаев» совхозында менің ата-анама орнатқан белгім барын білесің. Сол совхоз белгі төңірегіне және зират орнының ішіне ағаш өсіруді талай жылдан бері уәде етеді де орындамайды. Былтыр барғанда, жергілікті советтің председателі — Есмағамбет Нұрғожин және совхоз директоры — Ткачев «алдағы күзде орындаймыз» деген еді, уәделеріне жетпеді.

Совхоз сенің лесхозыңа жақын жерде. Нұрғожинға хат жазармын. Ол саған көктем қарсаңында хабарласар. Сонда сен: қарағай, емен, терек, қайың, черемуха талы сияқты ағаштардың өніп тұрғандарынан (саженцы) біраз берерсің де, қасына маман қосып, мерзімді кезінде орнаттырарсың. Сонда ол зират және белгі халық мүлкі сияқты болып қалар.

Бұл өтінішті орындау, әрине, міндетті түрде емес (өйтуге хақым да жоқ қой), тек, жолдастық өтініш қана. Реті келмесе өкпе жоқ. Келсе — рахмет айтып, борышты болып қалам.

Туысқандық сәлеммен — (Сәбит Мұқанов).
19-02-1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. БӨЛТІРІКОВ — С. МҰҚАНОВҚА

Ардақты жазушымыз С.Мұқанов!

Сіздің жазған «Аққан жұлдыз» деген романыңызды оқып едім. Ал енді Сізге өтінішім мынау: сонда Марал, Қалқай деп кетіпсіз. Осы Марал мен Қалқайдың моласы біздің үйдің қасында 10 шақырым жерде. Біз — керейміз. Осы Маралды пір тұтамыз. «Марал мен Қалқайдан өрбіген шөпшектер» деген кішкентай кітап қылып жазып, шығарсақ, қаншалықты қаталасамыз? Керей ишандарынан тарих білетін ешкім қалған жоқ, жалғыз Сүлеймен ишан еді Қызылордадағы мешіт ұстап тұрған. Ол кісі қазір ауру. Қысқаша айтқанда, ата-бабаларымды білгім келеді. Жауап күттім.

Сіздің ұзақ өмір сүруіңізге тілектес
құрбың Бультриков Сабиқан.
3/IV.1968.
Кзыл-Орд. обл., Кармакшинский р-н,
Ст. Джусалы. Мех.завод.

СМҒМӘММК, қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ — А. ИСИНГЕ

Құрметті Амантай!

Жазған хатыңды алдым. Менің шығармаларым туралы айтқан жылы сөздеріңе сансыз рахмет. Сұрауларыңа жауап:

1. Қазір мен, өзің бірінші кітабын оқыдым деген «Аққан жұлдыз» романының (Шоқан Уәлиханов туралы) екінші кітабын жазудың үстіндемін. Оны осы жылдың аяғына қарай бітірем бе деген үміттемін. Аманшылық, саулық болса бұл трилогияның үшінші кітабын да Лениннің жүз жылдығына, республиканың 50 жылдығына бітірмекпін.

2. «Өмір мектебінің» төртінші және бесінші кітаптары жазылуға тиісті. Материалдары даяр. Бірақ «Аққан жұлдызды» түгендемей оған кірісе алатын түрім жоқ. Аржағын саулық, тыныштық өмір біледі.

Өзіңе бақытты ұзақ өмір тілеймін.

Сәлеммен Сәбит Мұқанов.
8.04.68.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. ШМАНОВҚА

Хұрметті Шманов жолдас!

Бірінші Майдың мейрамымен сізді, семьяңызды, жолдастарды құттықтап, бәріңізге саулық, бахыт тілеуге рұхсат етіңіз.

Бізде де аманшылық. Қыстай «Аққан жұлдыз»-дың екінші кітабын жаздым да, тиянақты бір жеріне келгеннен кейін дем алуға ойладым. Жуық арада Тәшкенге, одан орала Францияға барып қайтпақпын.

Сізге бір мәселе жайында пікір айтпақ едім. Сергеев ауданында, Лесхозда бастық боп тұратын Ахметжан Нұртазинді білесіз. Оның өлеңдер жинағы да басылып шықты ғой. Тағы бір жинағы да дайарлануда. Ол өзі, табиғат ішінде тұратын, сол тақырыпқа жазатын, қызғылықты ақын.

Сол кісі маған «биыл алпыс жасқа толам, тойлаймын» деп хат жазады. Онысы дұрыс та сияқты. Бірақ, оған мемлекеттік партиялық мән берілмесе, жәй «ет жеу, қымыз ішу» ғана болады ғой. Менімше, бұл жұмысты облыстық басқарушы ұйымдар өткізгені жөн. Мен осыған ат салысып, мақала жазуға, той кезінде баруға бейіл болар едім. Мәселе, – уақытында. Июльден

бергі жақта менің қолым тимейді. Осыған келіссеңіздер маған хабарлауларыңызды өтінемін.

Жолдастық сәлеммен — (Сәбит Мұқанов).
30-IV-1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ШӘКЕНГЕ

Сүйікті Шәкен!
/Эпистолярлық хат/

Саған көптен хат жазған жоқпын. Оған себеп, Октябрь революциясының 50 жылдық тойын өткізгеннен кейін, күні бүгінге шақты тау ішіне тығылып, жазуға отырып қалдым.

Өзіңізге белгілі, менің үй жағдайым жақсы ғой: пәтерім кең, өзіммен бірге тұратын жан аз, жазу бөлмем бөлек, тағы тағылар. Күтімім жақсы.

Дегенмен, қалада тұрып жазу, мен сияқты егде кісіге қиындау да: біріншіден — соңғы жылдары Алматы қаласында заводтар көбею арқылы түтін молайып, қала таудың қойнауында тұрғандықтан, түтінді қуар жел болмай ауасы тарындау болып жүр; екіншіден — қоғамдық жиналыстар көп те, үйде болған күндерде, мен оларға қатынаспай отыра алмаймын; үшіншіден — біздің үйде келімді- кетімді қонақтардың мол болатынын білесің.

Осы жағдайларды еске алып, Октябрь мейрамы өте салысымен Алатаудың бір қойнауындағы «Алматы» аталатын үкіметтің санаториына орналастым да, сонда екі айдай жатып, жазумен шұғылдандым. Содан кейін Алматы қаласының жоғарғы жағындағы «Медеу сайы» аталатын үкіметтің демалыс үйінен жағдайлы бөлме алып, жазуымды жалғастыра бердім. Бұл демалыс үйі өте қолайлы жерде: ауасы үнемі таза, серуен соқпақтары көп, у- шусыз тиышты. Тек, жері биіктеу болады да, жүрегі нашар кісіге ауырлық келтіреді; Ал, менің жүрегім бұндай жағдайлардың бәріне шыдамды.

Жазуға осылайша шұғылданғандықтан, қалаға да аз қатынасам, қонаққа да аз жүрдім, жиналыстарға да сирек қатынастым.

Сонымен, қыстай шұқшия атқарған хызметтің нәтижесі,-«Аққан жұлдыз» романының екінші кітабынан «Сәтті сапар» атты үлкен бір тарауын бітіру болды. Бұл — машинкамен 257 бет. Көлем жағынан, — екінші кітаптың үштен бірі.

«Тас та сынады» дейді қазақ, «темір де тозады» дейді. Тағы да жаза түсуге құлшынғанмен, біраз шаршап қалған қалпымды байқаймын. Ендеше, біраз тыныстап алу хажет.

Өзің білесің: көп уақыттан бергі менің тынысым, — сапар шегіп, саяхаттар жасау. Мен неғұрлым көп жолаушыласам, соғұрлым жақсы тынығам, өйткені, жол- жөнекей көретінің көп болады, көп адаммен жолығасың, солардың бәрі жазушыға табылмас тәжірибе.

Мен қазір сапар шығу жабдығындамын. Май мейрамы өте салысымен Өзбекстанға барып, Бұхара, Қоқанд, тағы бірнеше қалаларын араламақпын. Қазіргі күндерде бұлар «Аққан жұлдыз» романына хажет. Бұл сапардан орала Францияға барып қайту мүмкіншілігі туатын сияқты. Мен, бұл мемлекетті шет-пұшпақтап көрген кісімін. Оның да маған хажеті, — Шоқан үшін. 1859 жылы орыстың соғыстық миссиясымен бірге Шоқан Парижға барған ғой. Сонда оның жүрген- тұрған жерлерін тағы да бір көруім хажет. /Жақша ішінде айта кететін сөз, кәзіргі Париж Шоқан тұсындағы Парижден жөнді өзгерген жоқ./

Мен шет елдерге көбінесе Мәкеңмен бірге жүретін едім ғой. Биыл өйте алатын емеспін. Оған себеп: өз балаларым жеке үй боп бөлініп кетті де, пәтерде кемпір-шал, және Бахытжан үшеуіміз ғана тұратындықтан, тапсырып кететін басқа кісінің реті жоқ. Бахытжан биыл 8 класта. Оның үстіне: Арыстанның бір жарым жастағы Сәкенін, Баянның бір жастағы Асқарын, Ботажанның үш жастағы Адайын, әке-шешелері хызметте болғандықтан, негізінде Мәкең бақылайды. Осының бәрі ол кісіге бірталай ауыр жүк. Солардан шыға алмайды.

Бүгіннен бастап «Аққан жұлдыз»дың жазуын доғарам да, август айына дейін бой жазып қыдырып, содан кейін амандық болса, қағазға қайта үңілем.

«Аққан жұлдыз» тақырыбына мен бәлкім кешірек кіріскен екенмін. Бұндай күрделі еңбекке бұдан бес- алты жыл бұрын кірісуім керек екен. Ол, күй талғамайтын, уақытпен есептеспейтін шақ еді. Ұйқың қанып, тамағың тойса күні — түні төпеп жаза беруден қажымайтын едім.

Бірнеше мысал келтірейін: мәселен, «Сұлушаш»ты мен Қызылорда қаласында, мал қораларының арасында салынған сарайда жазған едім. Айнала түйе боздап, сиыр мөңіреп, есек бақырып, қой маңырап... дегендей у-шу боп жататын. Соларды елемей, қағаздан бас алмайтын едім. «Адасқандарды» мен, Москвада Қызыл профессорлар институтының подвалдық бір нашар бөлмесінде тұрғанда жаздым. Біз жеті- сегіз жан едік. Солардың тамақ ішуі де, ұйықтауы да, балалардың ойнауы да осы тар бөлменің ішінде. Өзі, қандаласы, егеуқұйрығы /крыса/ көп бөлме болатын. Асты примусқа пісіріп, исі нашар ол да шар- шұр етіп жататын. Міне, «Адасқандар» осындай жағдайда тез жазылды. Кейін ол «Мөлдір махаббат» болып өзгерді ғой, оқырмандар маған әлі күнге дейін, «бұдан алғашқысы тәуір еді» деседі.

Мен «тәуірлеу» деген пәтерді 1935 жылы Алматыда ғана алдым. Бұл да онша қолайлы пәтер емес еді. Дегенмен, бұрынғы «Жұмбақ жалау», кейінгі «Ботагөз», «Сырдария», «Өмір мектебінің» алғашқы кітаптары осы үйде жазылды. Солардың бәрі күй талғамаулықтың салдары ғой деймін. Ондай салдарға себеп — күш-қуаты мол жастық!..

Кәзірде ондай күштен ада емес сияқтымын. Егер, мезгілімен тынығып, жұмысты көп өктемей, күшке түсірмей атқарсам, әлі де біраз жортарлық жағдайым бір сияқты. Оған «Аққан жұлдыз»дың бірінші және екінші кітаптары куә.

«Арымақ, серімек» көңілден» дейді қазақ. Онысы рас та сияқты. Менің жүдеу көңілді болған жылдарым — тек, 1937-40 жылдардың арасы. Бұл кезде жеке басты дәріптеудің салдарынан партия қатарынан шығып жүрдім де, оншалық көңілді бола қойған жоқпын. Сонда да:

Бойды неге басасың ой — ауыр тас,
Жат боп кетті дедің бе, сен бауырлас.
Басқа төнген ауыр күн әлі- ақ өтер,
Енесі тепкен құлынның еті ауырмас.

деген сеніммен, бет алған жағымнан бұрылған жоқпын. Ахыры, партия арқылы қолым шындыққа жетіп, өзімнің коммунистік бұрынғы тұғырыма қайта қондым. Содан бері көңіл жүдерлік ешбір жағдай кездескен жоқ.

Биылғы көңілім өте жақсы. Оған себеп, өткен жылдың көктемінде Қазақстан Жоғарғы Советіне депутат болдым, Қызылжар қаласының ардақты азаматы болдым, Шоқан және Абай атындағы сыйлықтардың лауриаты болдым, бұрынғы ордендер мен медальдардан үстіне 50

жылдыққа байланысты Құрмет белгісі орденін алдым, Монголияға және Канадаға сапар шегіп қайттым; осылардың үстіне «Аққан жұлдыз»дың бірінші кітабы жаряланды, «Сәкен Сейфуллин» атты пьесем Алматыдан бастап, республиканың бірнеше қалаларындағы театрлерінде қазақ және орыс тілдерінде көрсетіліп жатыр. Абыройы жаман емес. Осылардың бәрі бір кісіге жетерлік атақ- абырой.

Өткен жылдың өкініші сияқты жалғыз ғана нәрсе, «Школа жизни» трилогиясының Лениндік сыйлық комитетінде өте алмауы. Сұрастырып білсем, оған өзіміздің Ғабиттен басқа кінәлі кісі көрінбейді. 1967 жылғы Бүкілодақтық прозаның бәйгесінде, Ақан Серінің құлагері сияқтанып жападан жалғыз келе жатқан бұл шығарманың сыйлыққа өтіп кету мүмкіндігі толық екен. Өкіліміз ондай хұрметті маған ғана емес, халқымызға, республикамызға қимаған. Оған амал нешік!..

Бірақ, илансаң мен осыған кейіген жоқпын. Өйткені, егер өзіміз өтей алсақ, партияның, үкіметтің, халықтың маған жасаған қадыр-құрметі ұлан- байтақ. Сондықтан, мен осы борыштарымды қайткенде толық өтей алам, деген санадамын. Бір өлеңімде мынадай сөздер бары есіңде болар:

Уа, халқым ақын ұл ғып мені тапқан,
Тағы да артсаң да жүк талай батпан,
Жолыңда сен беттеген — коммунизм
Жүгімді жерге қойып өлмей жатпан.

Имандай сырым маған сенсең егер,
Борышым шашымнан көп саған берер,
Желкеме шор түсер деп аямай сал,
Мен сенің өгізіңмін өрге жегер.

Бұл сөздер менің тілімнің үшінен емес, жүрегімнің түкпірінен шыққандар. Менің барлық сана-сезімім, ар- ұятым айтқан сөздер. Осы бетпен өл-өлгенше тарта беруге тиістімін.

Көлденең сөздер килігіп, «Аққан жұлдыз» дың аумағынан шығып барады екенмін. Оған қайта оралғанда айтарым: бұл да үш кітаптық шығарма болуға тиісті. Бірінші кітабы жарық көрді. Онда Шоқанның өскен ортасы, балалық және жеткіншектік шақтары, Кадет корпусында оқыған күндері және ол оқуды бітіруі сипатталғанын білесің. Оқырмандардан келіп жатқан хаттарға, телефон арқылы айтатын сөздерге, кейбір газеттік рецензияларға қарағанда, жұрт бұл кітапты жаман қабылдап жатқан жоқ сияқты. Екінші, және үшінші кітаптарды да осы мөлшерден төмендетпеуге, шама келсе асыруға тырысам. Екінші

кітапта Шоқанның қазақ даласын, Сібірді, Орта Азияны зерттеуі, сол өлкедегі халықтардың ауыр тағдырларын жеңілдетуге тырысуы, осы жайда Россияның сол тұстағы патшасы — II Александраға хат беруі, ол ынтасынан ешнәрсе шықпауы, сондықтан, оған дейін патшашыл болып келген Шоқанның демократиялық бағытқа бейімделуі сипатталады. Үшінші кітапта тіршілігін зерттеген елдердің болашағын жақсарту ниетіне кірген Шоқан, осы елдердің тарихын, тұрмысын Европаға, Россияға таныту әрекетіне кіріседі. Отаршылдық жағдайда бұл ойларының көбі іске аспайды да, жаны жүдеу Шоқан 29 жасында тіршілікпен қоштасады...

Бұл санаған мәселелерінің бәрі айтып өтуге оңай да, жазылуға қиын. Ең қиыны, Шоқанның өз қара басы. Ол үлкен ой-сананың, өнер-білімнің, зор істердің кісісі. Осы мөлшерде оның бейнесін жасап шығу көп күшке түседі. Екінші қиындық: Шоқан араласқан ортаны, оның білгілікті адамдарын көрсету. Шоқан әкімшілік мәселесінде, сельский урядниктен бастап патшаға шейінгі екі арадағы чиновник атаулымен түгел араласқан, істес болған, жақсы, жаманын түгел көрген, біреулермен қас, біреулермен дос болған адам. Мәдениет әлемінде ол сельский учительден бастап, жоғарғы академиктерге дейін істес, пікірлес, сырлас болған. Сол кездегі орыс жазушыларының ішінен ең ірісінің біреуі Ф.М.Достоевскиймен және атақты ақындар — Майков, Дуров сияқтылармен туыстай боп кеткен. Қазақ ауылдарының да ол кездегі жақсылы, жамандылы адамдарынан Шоқанның істес, достас болған кісілері де аз емес. Осылардың бәрін ретінде келтіріп, шындығына сәйкестендіріп көрсету оңай жұмыс емес.

Қазақтың «ұрыдан қорыққан мал жимайды», «шегірткеден қорыққан егін екпейді» деген мақалы бар. Орыстар «сүйреген жүкті ауырсынба» дейді. Шоқан тақырыбы бойынша мойынға өз еркіммен артқан жүк болғандықтан, бұны тыянақты жетуіме иманым кәміл. Тек, саулық, тыныштық болсын.

Жазушының атқарғысы келетін еңбектері көп болады. Оның бәрін орындау, кейде қолдан келеді, кейде келмейді. Бұл бетте бас жетекші — үміт. Үміт сөнсе, өмір сөнеді.

Мен «Аққан жұлдыз» дан кейін де жазу әлемінде бірталай еңбек атқаруға үміттімін.

30-IV-1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МҮСІРЕПОВКЕ

Ғабит!

Достық көңілден жазған сөздерге қалай қарайтыныңды білмеймін. Жазып болып, «жіберейін бе, жоқ па?» деп толғанып қалдым да, жіберуді мақұл көрдім. Өйткені «Туғаныңды жасырасың, өлгенде қайтесің» дегендей, бұдан әрі не біржола көріспей кетудің, не былшылдың бәрін тастап, адамдық, достық қарым-қатынасқа келудің уақыты болып қалыпты. Мен екеуіне де әзірмін. Жақсысы – соңғысы сияқты. Оны өзің біл де, таңдағанын ал.

«А»-сын айтқан соң, «я»-сына да жеткізу керек: соңғы кездерде сенің мінезіңнің жаман жаққа қарай ауыуы туралы сөздер құлақты сарсытады. Өз байқап жүргенім: сен «классик болып болдым» деген ойға бекінгенсің де, өз сөзіңді ғана тыңдатып, өзгенің сөзіне құлақ асуды қойғансың; сөзің өтпеген жерде тілдеуге, жұдырық жұмсауға айналғансың!

Бұлай болмайды жолдас! Өзгелер сияқты, сенде де қате-кемшілік аз емес. (Шығармаларыңда да) олар туралы адам тілімен сөйлесуге болады, аң тілімен сөйлесуге болмайды, аңдарша сөйлесуден, өз абыройыңды төккеннен басқа ештеңеге жете алмайсың.

Тұра да білдің, өле де біл!..

Мен, тек, атақ-абыройыңның өсе беруіне ғана тілектес адамның біреуімін.

Сәбит.
7/V-1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Х. ЕРЖАНОВҚА

Құрметті Хайдар жолдас Ержановқа

Сіздің ерекше баптап, почтада сургучтан печать бастырып қымбат бандероль есебінде жіберген қолжазбаңызды алдым. Өзім осы бір

күндері жырақ жердегі ұзақ командировкаға жүргелі жатқандықтан, қолжазбаны түгелдей оқи алмадым. Бірақ, әр жерінен байқастырып көрсем, бұл қалпында газет-журналға пайдалана қоярлық материал емес екен. Мұндай материалдарды, көбінесе, Қазақстан ғылым академиясының фольклор бөлімі жинайды. Оған, өзіңіздің рұқсатыңызсыз бере алмадым.

Материалыңыз ескі тақырыпқа жазылған поэма сияқты екен. Бірақ өз айтуыңызға және қолжазбаңызға қарағанда, сіз шала сауатты адам көрінесіз, сондықтан тақырыпты әдебиеттік тұрғыдан меңгере алмағансыз. Айтыс материалыңыз қызық. Бұған да көп өңдеу керек.

Сізге менің ұсынарым: егер мақұл көрсеңіз, осы материалдарды және қолыңызда бар осындай өзге материалдарды Қазақстан Ғылым академиясының әдебиет институтына жолдаңыз, олар тиісті жауап берер деп ойлаймын.

Сәлеммен Сәбит Мұқанов.
7.05.1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – А. ХАХАЛОВУ

Дорогой Александр Уладаевич!

Ваше письмо от 14 мая 1968 года принесло мне и радость, и печаль. Чтобы не пугались, в начале о печали: 8-го мая, в доме отдыха в горах, меня прихватил легкий инфаркт и с того дня нахожусь на постельном режиме, Врачи же – трусы. Они говорят, что в ближайшие 2-3 месяца ехать далеко, тем более на поезде и на самолете, нельзя. Хоть я сейчас чувствую себя хорошо, но мне, пожилому человеку надо будет считаться с мнением врача, и поэтому с болью в сердце пропускаю, такую для меня крайне важную встречу с монгольскими друзьями у Вас, в Бурятии. Если бы она состоялась, где-то осенью, можно было бы и поехать. Вы пишете, что встреча в июне. Это слишком близко. Дай бог, чтобы она – встреча отодвинулась. Участие в

встрече обогатило бы мое знание о монголах, бурятах, о вашей земле и богатствах. Это крайне нужно для моего романа «Промелькнувший метеор», над которым я сейчас работаю. Так или иначе, после выздоровления, я мечтаю еще раз посетить братскую Бурятию. Когда? Покажет время.

Присланная Вами книга «Тайна Байкала» С.А.Гурелева представила мне огромное удовольствие. Я ее начал читать. Книга богатая и Байкал священный, который я посетил год назад, предстал передо мной со всей живостью. Буду я писать о нем, о бурятах. Пока не хватает одного материала о бурятском казачестве. Такой материал обещал прислать директор Кяхтинского музея (фамилию этого толстяка не оказались под рукой), но еще не прислал, я ему еще напишу.

И так, дорогой Александр Уладаевич, разрешите еще раз поблагодарить Вас за теплые чувства ко мне, за вашу заботу. Дружба между народами в нашей стране не должна основываться на формальностях, а на искренне братских взаимоотношениях, какими стали наши. Это хорошо и радостно. Скажу без лести. Вы мне стали родным человеком.

Целую, Ваш Сабит Муканов.
21 мая, 1968 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Қ. ҚОЖАМИЯРОВҚА

Құрметті Құддус!

Түркі нәсілдес елдерден ең көнелерінің бірі саналатын ұйғыр халқының жалпы тарихынан, оның ішінде мәдениет тарихынан, біраз материалдармен таныстығым бар, солардың ішінде, менің ерекше қызығатыным — музыка мәдениеті. Бұл мәдениеттің биік дәрежеде екендігіне, 1957 жылы Такла-Макан төңірегіндегі ұйғыр елін аралағанда, көзім ерекше жетті. Мысалға жалғыз «12 мұқамның» өзін ғана алсақ, бұл шығарма маған: әр бұтағына әртүрлі сәнді және дәмді жеміс өсіп тұрған алма ағашына ұқсайды. Мұндай түбірі тұтас, түстері өзгеше шырындар, жер жүзінің музыкалық қымбат мүліктерінде си-

рек ұшырасады. Бұл — талантты ұйғыр халқының мыңдаған жылдар бойына жасап келген ғажап мұралары!

Осындай жасампаз халық, тарихи жағдайлардың салдарынан, соңғы кездерге дейін жазба музыкасын жасай алмай, оның тууын арман етіп келді. Сол тілегі тек кеңестік дәуірде ғана орындалып, ұйғыр жазба музыкасының бірінші қарлығашы болып дүниеге сен келдің, сүйікті Құддус!

Жасың жер ортасына (елуге) жаңа келгенмен, музыкалық майданға шығуыңа отыз-ақ жыл болғанмен, ұйғыр халқының музыкалық мәдениетін ілгері дамытуға сен сіңірген еңбек ұлан-байтақ.

Бүгін жасың елуге, шығармалық ісің отызға толуына байланысты замандасың, туысың, майдандасың болып, шын жүректен өзіңе, жұбайыңа, балаларыңа бақытты ұзақ өмір тілеймін.

С. М. (Сәбит Мұқанов)

P.S. Жиналыста оқылған (сырқат боп өзім бара алмадым). С.М.

21.V.1968 ж.
Алматы.

С. Муканов. Письма разных лет.
(К 100-летию со дня рождения),
г.Алматы, 2000 г.

* * *

С. МУКАНОВ – А. ПИЛЬЕВСКОМУ

Многоуважаемый т. Пильевский!

Долго задержался с ответом на Ваше письмо от 20.III. с.г. Это потому, что у меня должна была быть записная книжка о посещении в мае 1941 года группой армянских писателей вместе с А.А.Фадеевым Московского Мытищенского завода. Я из тех, у кого много архивных бумаг, многие из коих еще не приведены в надлежащий порядок, и поэтому напрасным оказался мой труд, в поиске названной записной книжки.

Я ее не нашел, но знаю, что таковая имеется и когда-нибудь найдется. Но это для Вас не интересно. Восстановить виденное

тогда в памяти было невозможно, прошло с тех пор слишком много времени.

Фотокарточка нашей группы снятой тогда, имеется и у меня. Из сидящих впереди пожилая женщина была латышская писательница — Анна Сакс. На другой стороне Фадеева стоит — Бурян, тогдашний секретарь ССП Армении. Он сейчас жив. Может быть, у него сохранились материалы больше. Попробуйте связаться.

Очень сожалею, что в Вашем благородном намерении написать об этой важной встрече, не могу оказать существенную помощь.

Знаю одно: хоть мы говорим и пишем, что нападение фашистской Германии на нас было неизвестно и внезапно, такое нападение предчувствовалось и в начале мая, во время проведения Декады армянской литературы. Как-то ко мне в номер, в гостиницу звонили из секретариата ССП и говорили, что меня ищет Фадеев. Когда явился, растолковав, в чем дело, Александр Александрович сказал, — Надо ехать на Мытищенский завод, а желающих, кроме армян, почти нет, у людей плохое настроение.

У него самого было паршивое настроение. По пути, в своем «ЗИСе» он с вздохом говорил:

— Все тяжелее и тяжелее становится, Сабит!

Я не спрашивал — «Почему?», ибо до этого много слышал уличных разговоров о том, что скоро может разразиться страшная война! «Сплетни» оправдались.

Большего я Вам не напишу, дорогой тов. Пильевский!

С приветом С.Муканов.
22 мая, 1968 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МУКАНОВ — К. БУРМИСТРОВОЙ

Уважаемая Клавдия Ивановна!

Получил и Ваше письмо от 27.04. с.г., и поздравительную первомайскую телеграмму. Но ответить не мог потому, что последний

месяц был нездоров. Только теперь пришел в себя и решил ответить на Ваши вопросы.

Прежде всего, бесконечно благодарен вам за изучение моей трилогии «Школа жизни» и написание о ней научной работы. Но не знаю, где будете ее печатать. Я могу рекомендовать Вам послать Вашу статью:

1) В журнал «Простор» (пр.Коммунистический, 105). Он говорит, что прочтут, могут печатать не более половины печатного листа (редактор Иван Шухов);

2) В «Известиях» Академии Наук Каз.ССР (редактор Митрофан Семенович Сильченко). Они говорят, что в случае удовлетворительности материала могут принять до полутора печатного листа.

С Хайруллой Махмудовым мы поссорились по одному принципиальному вопросу, поэтому сейчас с ним не разговариваю.

Вы спрашиваете, над чем я сейчас работаю. Отвечаю: за последние годы я начал писать роман-трилогию «Промелькнувший метеор» — о жизни и деятельности Чокана Валиханова (думаю, вы его знаете).

Первая книга на казахском языке вышла из печати в 1967 году и переводится Алексеем Брагиным на русский язык, над второй книгой работаю. Всю трилогию думаю завершить к своему семидесятилетию — 1970 году. Удастся-ли это, или нет, покажет время.

Вообще чувствую, что за этот труд я взялся с некоторым опозданием. Ведь многие из моих сверстников (Федин, Соболев, Шолохов, Шухов, Айбек, Мусрепов и т.д.) перестали творить давно и живут за счет накопленного багажа. И в мировой литературе за 70 лет своей жизни мало кто творил что либо существенное. У меня много готовых тем. Требуется одно — здоровье. Оно до последнего времени у меня было крепкое. Теперь немного начинает шалить. Постараюсь не поддаваться.

Если Вы пошлете свою работу в рекомендованные мной органы, дайте мне знать. Я буду интересоваться. Буду благодарен, если экземпляр пришлете мне самому.

Не думаете ли защищать диссертацию в Алма-Ате?

С уважением С.Муканов.
24 мая, 1968 года.
г. Алматы

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – А. НҰРТАЗИНГЕ

Ахметжан Нұртазин жолдасқа!

Құрметті Ахметжан!

Соңғы бірер айдың ішінде сенен көптеген хат алғаныммен, әлі біреуіне де жауап бергенім жоқ. Оған бас себеп, — майдың 8 күні тауда жүріп салқын тигізіп алдым да, содан бері төсектік режимдемін. Дәрігер кешеден бері ғана тысқа шығуға рұқсат етті. Басында қатты жығылып ем, арты тәуірленіп келем. Бірақ, дәрігер әлі де екі-үш айға дейін қалам ұстауға қоспайтын болды.

Екінші себебі, — сенің 60 жасқа толу тойыңа байланысты бірталай шараларды іске асыруға тура келді. Соларды үйдегі телефон арқылы адамдармен сөйлесе келіп, ақыры төмендегі тиянаққа тірелді:

1. Солтүстік Қазақстан облысының басшыларымен сөйлесіп, юбилейіңе аудандық және облыстық мән берілетін болды. Бұны өзің де біліп отырған көрінесің.

2. «Ленин туы» газетімен сөйлестім. Олар юбилейіңе арнаулы бет беретін болды. Сол бетке арнап Ғафу Қайырбеков екеуміз бірігіп мақала жазып, бір данасын бүгін авиа почтамен Қызылжарға жөнелттік. Маған жіберген «Орман туралы» поэмаң мұнда әзірге басылмайтын болған соң, «не үзінді, не тұтас» басарсыңдар» деп «Ленин туына» жолдадым.

3. «Ленин туына» жіберген мақаланы орысшаға аудартып «Ленинское знамя» газетіне де тез арада жібереміз. Өзің Қызылжарға қатынасып, жергілікті орыс ақындарының күшімен, бірнеше қысқа өлеңдеріңді аудартқаның жөн.

4. Бұндағы «Қазақ әдебиеті» жоғарыда аталған мақаланы және сенің фотографияңды июньнің 7 күні жариялайды. Одан көп материалға орын жетпейді дейді.

5. 1969 жылдың баспа жоспарына кірген жинағыңды аздап молайтатын бол. «Орман туралы поэмаңның» соған қосылуы мүмкін. Сырқат болғандықтан өзім әзірге оқып шыға алған жоқпын.

Міне, әзірге, менің саған көрсеткен жәрдемім осылар ғана. Енді той жабдығы туралы: Егер тойың июньнің 14 күні ауданда өткізілетін болса, оған баруға денсаулығым көтермейді. (Жақша ішінде айта кететін сөз: Былтыр да, биыл да менің сол жақ денем әлсізденіп

қалды. Бұдан құтылу үшін дәрігердің тілін алмауға болмайды. Дәрігер ең кеміне үш ай қалам ұстамай, қыдырмай тиыш жерде дем алуға қосады. Тегі, июньнің ортасынан бастап, сол демалысты Бурабай курортында өткіземін ғой деймін. Осы себепті облыстық юбилейіңе де бара алмауым мүмкін. Бұларға сен ренжімессің. Сырқатпен есептеспеуге болмайтынын жақсы білесің). Біздің әкейдің қабырын гүлдендіруге жасаған қызметіңіз үшін мың сан рахмет. Ол, — халыққа, тарихқа сіңірген еңбегің деп санаймын. Ол үшін өзімді саған борыштымын деп есептеймін.

Сөз аяғында айтарым: Тойың құтты болсын, денің сау болсын. Қосағыңмен қоса ағар. Бала-шағаңның игілігін көр. Өркенің өсе берсін.

Мүмкін болса, осы хатты үйіңе, тойға жиналғандарға оқып берерсің және бәріне де менен туысқандық сәлем жолдарсың.

Туысқандық, ағалық, достық және жолдастық көңілден, зор құрметпен хат жазушы — Сәбит Мұқанов.

29.V.1968 жыл.
Алматы қаласы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – ДЕТЯМ

Дети, Мукановы!

Только что мы поговорили с Баян по телефону. Рады, что у вас все благополучно. Мы поездом ехали хорошо. В санатории устроились хорошо. Кругом тишина, горы, сосновые боры, рядом озеро, но купаться боимся (вода холодная, болотистая), кормят неплохо, только плохой кумыс, обещают достать у частного хороший. У мамы рана на лице постепенно сходит.

Я решил этот сезон провести только в прогулке и во снах.

Целуем всех Папа, Мама.
Боровое.
6 июля, 1968 год.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Қ. ЖҰМАЛИЕВКЕ

Сүйікті Хажым (Хажығали Жұмағалиұлы)
Жұмалиев жолдас!

Мен сені Қазақ педагогика институтының студенті кезінде көріп жүргенмен, бетпе-бет және жақын түрде, тек 1934 жылдың қысының басында Теке (Орал) қаласында ғана білдім. Ол кезде Москвадағы Қызыл профессорлар институтында оқып жүрген едім де, Текеге қысқы каникул кезінде келген едім. Сен ол кезде Орал педагогика институтында сабақ береді екенсің. Сонда сенен және басқа текеліктерден көрген сый-құрметімде шек болған жоқ.

1935 жылы, мен ЦКП-ны тамамдап Алматыға келсем, сен өзің оқыған институтқа оқытушы болыпсың. Тамаша жетістік!

Содан бері «Ауыл аралас, қой қоралас» дегендей, қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Осы отыз үш жылдың мәдениеттік, оның ішінде әдебиеттік майданында бірге қызмет атқарғанда, екеуміз де бір идеяда, бір тілекте келе жатырмыз, ол – Ленин идеясы.

Қазақстан кеңестік мәдениеті мен әдебиетіне сен сіңірген еңбек ұлан-байтақ. Халқымыздың Қазан революциясынан бұрынғы мәдениетін сәнді кигіз үйге баласақ, кеңестік дәуірдегі мәдениетін XX ғасырдағы ең салтанатты сарайдың қатарында десек, сол сарайдың көптеген мықты тіректерінің біреуі сенсің!

Сол халықтың советтік мәдениетіне әлі де талай үлес қосарлық талант та, талап та, жігер де тұла бойыңда түгел.

Бүгін жасың алпысқа, мәдени қызметің қырыққа толуын халқың тойлаған күні, саған мықты саулық, бақытты өмір, жемісті еңбекті тілеймін.

Ағалық, жолдастық, достық көңілден – (Сәбит Мұқанов).
Алматы,
7/VI – 1968 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – К. ЯШИНГЕ

(Өзбекстан Жазушылар одағының председателі)

29 апрель, 1968. Алматы.

Құрметті Камал Яшин жолдас!

Сізді, Халима ханымды, жолдастарды, балаларды, бүкіл өзбек туыстарды 1 май мейрамымен құттықтап, бәріңізге саулық, бақыт тілеймін.

Осы жағдаймен пайдаланып, сізге төмендегі өтінішімді де айтпақпын: бұрынғы көріскен уақыттарда, сізге Бұхара және Қоқан шахарларын көргім келетінін айтқамын.

Сол ниетіме жетудің сәті енді ғана түскен сияқты. Сондықтан, осы – майдың 10 кезінде, қасыма екі-үш жас жазушыларды ертіп Ташкентке бармақпыз.

Шығар алдында телеграмма берермін.

Одан әрі не істеуге ақылдасармыз.

Қаламдастық сәлеммен: Сәбит Мұқанов.

p.s. Май туа науқастанып 8-V-дан, 8-VI-ге дейін бара алмай қалдым, (спазма левых сосуд) кәзір тәуірмін.

10-VI-1968 ж. С.М.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ - Д. КУНАЕВУ

Первому Секретарю ЦК
КП Казахстана
тов. Кунаеву Д.А.
от Муканова С.

ПРОСЬБА

Приближается 1970 год.

В этом году Казахской республике исполняется 50 лет.

По-своему литературному стажу я являюсь ровесником Советского Казахстана. Первые мои произведения начали публиковаться в печати с первых лет существования этой республики.

С тех пор и по сей день неустанно и неуклонно работаю на фронте литературы, идя в ногу со своей Советской Родиной, отражая в произведениях своих ее жизнь в меру своего таланта и знаний.

Пишу я во всех жанрах художественной литературы. Все они опубликованы в печати.

В 1955-56 годах вышли мои избранные сочинения в 6-томах. Сейчас, в связи с моим 70-летием со дня рождения и 50-летием творческой деятельности, я хотел бы иметь свое полное собрание сочинений на казахском языке, в 20-томах (список прилагается).

Это будет полное, а не академическое собрание, ибо в предлагаемое собрание не входят следующие, в печати опубликованные, в свое время, одобренные читателями произведения:

1. Много стихов и поэм, написанных в разное время.
2. Много очерков и статей.
3. Первые книги романов: «Темиртас», «Пионер», «Есиль», «Герои нашего времени», «Алуа», «Орлеу», «Степные волны» и др.

Все эти, не входящие в полное собрание произведений составили бы около 10-томов.

Объем каждого тома в полном собрании 25 п.л. (20-томник должен быть подписным изданием и должен издаваться в 1970-75 годах (каждый год по 4 тома).

Все входящие в 20-томник произведения автором будут просмотрены.

С.Муканов.
10 июня 1968 года, Алма-Ата.

Полное собрание сочинении Сабита Муканова
В 20-ти томах (план)

I том — избранные стихи в 1917-70 годах.
II том — избранные поэмы «.....».
III том - «.....» рассказы и повести.
IV том — Ботагоз (роман)
V том — Очерки о жизни Советской Родины.
VI том — Светлая любовь (переработанный роман «Адасқандар»).
VII том — Статьи о советской литературы

VIII том – Сыр-Дария (роман)

IX том – «Лучезарные звезды» (монография о жизни и деятельности: Ч.Валиханова, И.Алтынсарина, А.Кунанбаева)

X том – очерки о заграничных поездках

XI том – избранные пьесы: «Дни борьбы», «Чокан Валиханов», «Песни победы» (об отечественной войне и др.)

XII том – Воспоминания о друзьях и товарищах.

XIII том – ...

XIV том – «Промелькнувший метеор» (роман-трилогия о жизни и деятельности Чокана Валиханова)

XV том – ...

XVI том – Выбранные места из писем и переписок.

XVII том – ...

XVIII том – Трилогия «Школа жизни».

XIX том – ...

XX том – избранные статьи, очерки, стихи, посвященные Сабиту Муканову и его трудам.

10.06.68г.

ЛММКСМГМ. Машинопись.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ИБРАГИМГЕ

Құрметті Ибрагим

Сенің март айында жіберген «Записки наводчика» деген кітабыңды уақытында алғанмен, тез жауап қайтармауыма екі себеп болды: 1) Сол бір тұста «Аққан жұлдыздың» екінші кітабымен қатты шұғылданып жаттым да, кітабыңды оқығанмен, жауап қайтаруға мұршам келмеді; 2) Жазудан қолым азырақ босаған шақта сырқаттанып қалдым, аты – спазма левых сосуд; оның не сырқат екенін саған баяндауға қажет болмас. Сол сырқаттан бері қарай дәрігерлер маған, ең кеміне жарты жыл, не қалам ұстауға, не кітап оқуға қоспайды.

Сенің кітабыңды сырқаттанар алдында оқып шыққан едім. Алған әсерім өте жақсы. Кітап өте қызғылықты және жеңіл оқылады. Беретін мәліметтері де көп. Осыдан артық пікір жазуға дәрігерлерден рұқсат

жоқ. Толық пікір айтуды кездесетін күндердің сыбағасына қалдырып, бір тілегім, — мынау орыс тіліңде басылған кітабың қазақ тіліңде де шыққса!..

Осыған әзірге қанағаттана тұр, айналайын!

Мені інілік көңіліңнің жылы түкпіріне сақтап жүруіңе мың сан рахмет. Келінге, балаларға сәлем.

Ағалық достық көңілден, Сәбит Мұқанов.
1 июль, 1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. Муканов — Ф. Моргуну

Дорогой Федор Трофимович!

За последние дни я отдыхал в Боровом.

Вчера приехал в Кокчетав и на страницах местной газеты «Степной Маяк» прочитал большую рецензию на твою книгу. Прочитав ее я вспомнил тебя, как друга и был рад, что уже стал научным работником. Рецензия очень положительная, на что я крайне рад. Я немного отстал от жизни, не знал где ты теперь находишься. Здесь в обкоме мне говорили, что ты работаешь в аппарате ЦК КПСС и занимаешь важную должность. И это мне доставило большую радость, потому, что я тебя знаю и знаю хорошо. Желаю тебе дальнейших успехов и крепкого здоровья.

В кокчетавских книжных магазинах твоя книга не оказалась. Причина, как указано в рецензии «в недостаточности тиража». Я хотел бы прочесть эту книгу, тем более она показывает вопросы поднятия целины, в частности Толбухинского совхоза, где ты был в одно время директором. Я буду тебе обязанным, если ты экземпляр этой книги пришлешь мне в Алма-Ату, по адресу: Алма-Ата, ул. М.Тулебаева 125/129 кв.3.

С дружеским приветом
С.Муканов.
15 августа, 1968 года.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ЖИГЖИТОВКЕ

Қымбатты дос Михаил!

Сіздің хатыңызды, хатқа қоса салынған «Снежный обвал» кітабыңызды алдым. Кітаптың айтарлықтай бөлегін оқып та үлгердім. Кітаптың әр бетін оқыған сайын, өткен 1967 жылы, әулие Байкал және оның айналасын өзіңізбен бірге аралап, шексіз әсерге бөленетін ғажайып картиналар көз алдыма тұра қалады. Сапардан менің көңілімде өшпестей ғажайып әсер қалды.

Сіз, сіздің аяулы жарыңыз бен балаларыңыз жайлы ізгі сезімдемін. Сіздің сүйкімді ғана үйіңізді, кең аулаңызды, түрлі дәмді тағамдармен көмкерілген қонақжай дастарқаныңызды дәл қазір көріп отырғандай әсердемін. Өмірімде бірінші рет сонда аюдың етін пісірілген және қуырылған қалпында таттым. Ол маған өзім сүйіп жейтін жылқы етін есіме түсірді.

Сіздің және бурят достардың бастауымен туған республикаларыңыздың тамаша көркем жерін аралау бақытына ие болғанымды, көрген бар жақсылықты санамалап айтуға хат көлемі көтермейді.

Сол сапар Шоқан Уәлиханов жайлы «Аққан жұлдыз» аталатын трилогия жазып жүргенімді айтқан едім ғой. Шоқан Уәлихановтың бурят халқының ұлы перзенті Доржи Банзаровпен жеке достығын суреттеу арқылы Бурятия табиғатын, халқының тағдырын көрсетуге тырысудамын, айрықша Банзаровты!

Романның бұл тарауын жедел жазу үстіндемін. Африкан Андреевич және барлық бурят достарыма уәде бергенімдей, тарауды аяқтасымен аударманың бір данасын сіздердің республика әдеби журналына жіберемін.

Сіз маған бурят Пришвині көрінесіз. Бурятия табиғатының адал ұлысыз. Сіздің оған борыштар екендігіңіз секілді, ол да көп мәселеде сізге қарыздар.

Хатыңызға қарағанда, сіз Байкал таулары мен ормандарын кезуге шыққан секілдісіз, аюмен айқасып, бұлғынның соңына түскенге ұқсайсыз. Тәңірі жар бола көрсін!

Денсаулық және сәттілік тілеймін!

Сіздің қазақстандық досыңыз Сәбит Мұқанов.
I.IX.1968 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С.МҰҚАНОВ – ӨМІРЖАНҒА

Құрметті Өміржан!

Өзіңмен қоштасқаннан кейін, туған жерлерге, одан Қызылжарға барып, Алматыға аман-есен оралдым. Сенен өтінішім: Бурабайда, Көкшетауда, Зерендіде, Сырымбетте тағы басқа жерлерде фотографтардың түсірген карточкалардан альбом жасап, маған жіберерсің. Менде әр облыстың осылай жасаған фото-альбомдары бар. Сенің альбомың да солардың қатарында тұрып, Көкшетаудан маған бір қымбат естелік болсын. Харажат хажет болса оны өтейтін бір мақала жіберермін де соның гонорарын пайдаланарсың.

Жолшыбай «Халқыма» аталатын бір өлеңді почтаға тастап кетіп едім, оны алған боларсың.

Бір ескертетін нәрсем: сенің «Шәкенге жібердік» деген харажатың оған бармаған. Неге екенін тексеруіңді өтінем. Жолдастарға сәлем.

«Аққан жұлдыздың» екінші кітабынан бір ұзақ тарауы түгелімен «Жұлдыздың» октябрь және ноябрь сандарына кетіп барады, оны оқырсыңдар. Кейінгі бір тараулардан тағы да үзінді жіберермін.

Сәлеммен Сәбит Мұқанов.
01.09.1968ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – А. НҰРТАЗИНГЕ

Құрметті Ахметжан!

Августың орта кезінде, Көкшетаудан туған аулыма беттеп бара жатып, саған соқсам, келін мен екеуің қыдырып кеткен екенсіңдер. Содан, тоқтамай әрі қарай жүріп кеттім. Жолда Жаманшұбарға соқсам, біздің атайдың басына орнатқан ағаштарың көгеріп тұр екен. Тек қана, төрт бұрышқа орнатқан қарағайларың қуарып қапты. Тегі, күтілмегендіктен болу керек. Олар енді өнетін емес. Атаңның

«жақсылық қылсаң бүтін қыл» деген мақалы есіңде ме? Сенен ендігі жана ақырғы өтініш: сол төрт қарағайдың орнына, биіктігі кісі бойындай бір қарағайды немесе еменді, күз жер тобарси бастаған кезде түбірімен апарып, шарбақтың орта тұсына орнатып, түбін сабанмен жауып кетсең, алдағы көктемде көгеріп кетер еді. Бұл, тек, туысқандық өтініш қана. Орындамасаң өкпе жоқ. Орындауыңды өтінем. «Ер мойнында қыл арқан шірімес».

Ағалық сәлеммен С.Мұқанов.
3.09.1968ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. ҚОҢЫРАТБАЕВҚА

Құрметті Әуелбек!

Июль-август айларында демалыста болып, Алматыға августың аяғында оралсам, үйде жиналған корреспонденциялардың ішінде «Жұлдыз» журналының сегізінші саны жатыр екен. Соның мазмұнын қарасам, сенің «Романдағы шеберлік туралы» мақалаң жүр. Мен сенің қаламыңнан туған еңбектердің бәрін қадағалап оқитын адамның біреуімін, өйткені, сен әдебиеттік мәселелердің әрбіріне толғаулы пікірлер айтасың. Мына мақалаңа да сол көзбен қарап оқып шыққанда байқасам, бас жағы жалпы теориялық жайларды баяндағанмен, көпшілігі «Аққан жұлдызға» арналған екен. Бұл роман туралы айтқан пікірлеріңе қосарым да, аларым да жоқ. Өйткені, баспада көрінген әрбір шығарма туралы әрбір оқырман қандай пікір айтса да ерікті. Тек қана айтарым, мақалаң жолдастық көңілден объективтік түрде жазылған. Оныңа сансыз рахмет.

Дегенмен, кейбір мәселелер туралы аздаған пікір де айтқым келеді. Ең алдымен, мақалада өзің айтқандай, бұл кітап романның бәрі емес, бір бөлшегі ғана. Бұл кітапта Шоқанның туған-өскен жері, ата-бабасы, ата-анасы, балалық шағын өткізген ортасы, Омбыға оқуға бару себебі, ол оқуды қалай бітіруі, сөйтіп қызметке тағайындалу жәйлары ғана сөз болады. Оқырман жұртқа ең қажеттісі: Шоқанның өз қара басының қылықтары мен мінездері, атқарған істері. Бұлар романның

екінші және үшінші кітаптарының сыбағасына жататындар. Екінші кітап біраз денделіп қалғанда, жазғытұрым аздап сырқаттандым да, дәрігерлер жазу жұмысынан тиып қойды. Жаздай біраз жал алғаннан кейін екінші кітапты да аяқтау жұмысының үстіндемін. Сәті түссе алдағы қыстың аяғына дейін типографияға тапсырмақпын. Үшінші кітапты 70-71-жылдардың ішінде жазып бітіру дәмесіндемін. Оны тіршілік, саулық, тиыштық білер. Екінші айтайын дегенім, «Абай» романы мен «Аққан жұлдызды» салыстыру жайында. Орыста «Всякая анология относительно» деген сөйлем барын білесің. Бұл рас қағида. Әрбір жеке адамдардың біріне бірі қандай ұқсас болғанымен дәл келмейтіні мәлім. Сол сияқты, басқа шығармаларға ұқсамаған шығарма ғана оригиналдық бола алады. Аталған романдарға да осы көзбен қарау қажет.

Жалпы идеялық жағынан Шоқан мен Абайдың арасында ұқсастықтар болғанмен, индивидтік көзбен қарағанда екеуі екі басқа адам.

Ең алдымен ол екеуінің өскен ортасы, алған білімі және ой-өрістерінің кеңдігі мен биіктігі екі басқа. Абай көшпелі қазақ ауылдарының ішінен ұзап шықпаған, ең алысы — Семейден әрі бармаған кісі. Оның ой-санасы да осы аумақтың төңірегінде. Ал Шоқанды алсақ, қазақ даласының Абай баспаған көп өлкесін қыдырған, Сібірді түгел аралаған, Орта Азияны түгелге жақын кезген, Орталық Россияны жақсы білетін адам. Сондықтан оның көргенбілгені де Абайдан әлдеқайда кең. Оқу-білімінің мөлшерін алсақ, соған байланысты дүние тануын алсақ, Абайды Шоқанмен өлшеуге болмайды. «Орыс мәдениетімен байланысты» дегенде, Абайдың қолы жеткен адамы — Долгополов пен Михаэлис қана. Олар сол кездегі орыстың мәдениетінде де, қоғамдық пікірінде де кішкентай кісілер. Шоқанның араласқандары орыстың және дүниежүзілік ғылымның ең биігіне көтерілген адамдар. Әлеуметтік және таптық мәселелерге келгенде, Абайдың жеткен өресі — гуманизм ғана, оның да абстрактный түрі. Ал Шоқанды алсақ, социалистік идеяға жете алмағанымен сол уақыттағы демократиялық идеяның ең биігіне көтерілген және саналы түрде көтерілген адам. Ендеше, бұл екеудің ой-санасының өрелерін теңестіріп, екеуінің арасынан анология табу қиын. Олардың ұқсастығы көп жайда ішкі емес, сыртқы ұқсастық. Сондықтан, әрқайсысына әдебиеттік образдары да өз бойларына сәйкес болу керек.

Абайды өз мөлшерінде Мұхтардың жақсы көрсеткені рас. Онда да — бірінші және екінші кітапта ғана. Үшінші, төртінші кітаптағы

Абайды, мен өзім, Абайды өсіру жолында алғашқы екі кітаптың жалғасы дей алмаймын.

Ендігі мәселе — Шоқанның әдебиеттік бейнесін халық тілеп отырған мөлшерде көрсете алу. Жұрттың, олардың ішінде — сенің әзірге оқығандарың «Аққан жұлдыздың» бірінші кітабы ғана. Бұл кітаптар жоғарыда айтқандай, Шоқанның ата тегі, туған жері, балалық шағы, Омбыға оқуға кету себебі, қалай оқығандығы ғана әңгіме етіледі. «Ал, енді Шоқанның өзі қандай дәрежеде өсті және не істеді?» деген сұрауларға жауапты кейінгі екі кітап (мүмкін үшеу болуы) баяндап беруге тиісті. Екінші кітап жазылу жағынан еңсеріле бастаған кезде науқастанып қалдым да дәрігерлердің ұсынысымен жазуды біраз уақытқа доғаруға тура келді. Төрт-бес айдай дем алған уақытта біраз тыныққан, ой жағынан да, бой жағынан да қуат жинаған сияқтымын. Сол қарқынмен тағы да қағазға отыра бастадым. Сәті қаншалық боларын алдағы күндер көрсетуге тиісті. Өз ойымда халықтың бұл шығармаға артар үмітін түсінетін сияқтымын. Сол үмітті ақтауға тырысам.

Екінші кітаптың үлкен бір кесегі «Жұлдыздың» биылғы октябрь, ноябрь сандарында басылып жатыр. Оны оқығаннан кейін, пікіріңді хатпен болса да білдірсең, алдын ала көп рахмет айтам.

Қаламдастық сәлеммен, Сәбит Мұқанов
17 сентябрь, 1968 жыл.

«Қазақ әдебиеті», №34, 25.08.2000 ж.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Р. ҚОРАБАЕВҚА

Құрметті Қорабаев Рахымбек жолдас!

Сіздің 3 октябрь 1968 жылы жазған хатыңызды және оған қосқан «Семей таңы» газетінің санын алдым. Бұл санда жарияланған «Тұғырдан көрінген тұлға» атты мақаланызды оқыдым. Баспада жарияланған шығармаға өз пікіріңді айту әрбір оқырманның еркіндегі нәрсе. Жылы сөздер айтқаныңызға сансыз рахмет.

Хаттың сыртындағы штампқа қарағанда, сізді архивта қызмет атқара ма деп ойлап қалдым. Егер олай болса, архивтың қарамағында Шоқан туралы, М.Ф.Достаевский туралы және Врангель туралы

сақталған материалдар жоқ па екен? Соны хабарласаңыз тағы да көп рахмет айтар едім.

«Аққан жұлдыздың» екінші кітабының біраз беттері «Жұлдыз» журналының қазіргі октябрь-ноябрь сандарында басыла бастады. Түгелімен баспаға алдағы көктемге дейін берілмек. Оқырсыз.

Үшінші кітап жетпісінші жылдардың басында бітпек. Әрине, олардың өресі бірінші кітаптан кең болмаса, тар болмауға тиіс.

Жолдастық сәлеммен: Сәбит Мұқанов.
16.10.1968 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – А. ТОҚМАҒАМБЕТОВКЕ

Құрметті Асқар!!!

Жазған хатыңды және Қызылордағы газетінің бірнеше санында басылған «Аққан жұлдыздың» қиындыларын алдым. Жолдастық жәрдеміңе сансыз рахмет. «Аққан жұлдыздың» екінші кітабы «Жұлдыз» журналының қазіргі октябрінен бастап жариялануға айналды. Мұнда — толығы. Оқырсың. Пікіріңді хабарласаң, күн бұрыннан рахмет айтамын.

Өз шаруаларың жайында: «Жазушы» баспасымен сөйлестім. Ол «Асекеңнің біздe өкпесі болуға тиісті емес» дейді. Сенің бірталай фельетондарың «Тырналар» аталатын жинақта басылған көрінеді. Бірталай фельетондарыңды орысшаға аудару үшін, өзіңнің қалауыңмен, Москвадағы Урин атты жазушыға берілсе керек. Ол жасап жатқан көрінеді. Жаңадан жазылған романыңның қолжазбасын «Жазушы» алыпты. Ол рецензияға берілген. Нәтижесін хабарламақ.

Өзіңе, Құралайға, бала-шағаңа, немерелеріңе саулық, бақытты ұзақ өмір тілеймін.

Алдағы жылдың февралында Әбділда 60 жасқа толады екен, соған байланысты сіздің облысқа бір топ жазушымен баратын сиқы бар. Егер саулығым көтерсе, менің де барып қалуым ықтимал.

Достық көңілден: (Сәбит Мұқанов).
17/X-1968.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

Р. ҚОРАБАЕВ – С. МҰҚАНОВҚА.

Аса құрметті Сәбе!

Хатыңызды алдым, сұрауыңыз бойынша Шоқан, Достоевский, Врангел туралы газет материалын және «Достоевский Семейде» - деп ертекте өзім жазған мақаланы жібердім. Бұлар туралы Семейдің өлке тану, Достоевский және Абай музейлерінде едәуір материалдар бар.

Менде сіздің өкшеңізді басып жүрген іниіңіздің бірімін. Павлодар облысы, Май ауданының адамымын. Өткен январь айында 60 жасқа толдым. Сол жөнде Павлодар облыстық «Қызылту» газетінің осы жылғы 9 январь күнгі санына біраз өңдеумен басылған Шамкен жолдастың мақаласын мәлімет және танысу үшін жібердім.

Сіздің Шоқан туралы еңбегіңізді газеттен де, журналдардан қағыс қалдырмай оқимын. «Аққан жұлдыздың» екінші, үшінші кітаптарының мазмұны жағынан терең, көркемдік жағынан күшті болып шығуына тілектестік білдіріп, құрметпен хат жазған іниіңіз,

Рахымбек Қорабаев.
29/X- 68 ж.
Семей қаласы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – В. АРХАНГЕЛЬСКОМУ

РЕДАКТОРУ ГАЗЕТЫ «ПРАВДА ВОСТОКА»
тов. Архангельскому

Ваше письмо от 20.11.1968г. поступило в Алма-Ату в то время, когда я находился в поездке. Большое спасибо за внимание!

Вопросник, приложенный к письму очень сложный, требующий ответить обдуманно. Я отвечу на него с большой охотой, но, к со-

жалению, не тут же, а немного повременив, ибо сейчас не позволяет состояние здоровья. Постараюсь ускорить.

С тов. приветом Сабит Муканов.
22.12.1968 г.
Алма-Ата, 91.
ул. Тулебаева 125/129, кв.3.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

А.ТОҚОМБАЕВ – С.МҰҚАНОВҚА

Баурым Сәбит. Чоң рахмет. «Аққан жұлдызды» мен оқыған емес екенмін. Басқа кітаптарыңыздың көбі менде бар. Оқуға кірістім. Сәбит, сіз менің сұрауыма жауап бермепсіз. Мен сізге газеттің парағын жіберген едім. Онда «Барлығы балалар үшін» деген менің мақалам бар. Сөз – наурыз-елка жөнінде. Қырғыз-қазақ балалары үшін де, ел үшін де Наурыз шетте қалуға болмас...

Сіз бұл мәселені қолдайсыз ғой деп ойлаймын. Мақаланы оқып көріп, сол жөнінде пікір айтсаңыз. Мен наурыз мейрамын Жаңа жылдағы балалардың елкаларына алмастыру керек деп ойлаймын. Бұған сіз қалай қарайсыз. Бір ауыз болса да жауап беруіңізді өтінем.

Қарт достарға сәлем. Сәке, саулығыңызға қараңыз! Саулыққа!

Достың Аалы
29.III.69.

СМҒМӘММК. Қолжазба.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ӘУЕЛБЕККЕ

Құрметті Әуелбек жолдас!

Сіздің 5 мартта жазған хатыңды алдым. «Аққан жұлдызды» үздіксіз оқып жүруіңе жолдастық көңілден зор ризашылық

білдіремін. Тек қана ескертерім, — екінші кітаптың алғашқы тараулары алпыс сегізінші жылдағы «Жұлдыздың» №10 және 11 сандарында басылған. Сіз тоғызыншы номер деп қате түсініпсіз. Әлі де ақтарып көруіңді өтінемін. Романның бірінші кітабындағы және екінші кітабының басындағы адам образдары туралы айтқан пікіріңді, мүмкіндік қадары, ақтық өңдегенде еске алармын. Бәрін бірдей ескермеді демессің, өйткені, автордың да толып жатқан өзіндік жобалары болады ғой.

Екінші кітаптың тағы бір үлкен тарауы «Жұлдыздың» алдағы июнь, июль сандарында басылмақ. Оны кезінде көрерсің.

Жалпы, екінші кітапты жақын арада баспаға беремін.

«Жазушы» баспасынан «Образ табиғаты» деген қолжазбаңның тағдырын білдім. Олар әлі талқылау үстінде екен. Ұнаса, басамыз дегенді айтты.

Әзірге айтарлық сөздер осылар.

Сәлеммен: Сәбит Мұқанов.
31.03.69 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Т. ДЫБЫСОВҚА

Құрметті Темірхан ағай!

Жиырма сегізінші февральда жазған хатыңыз, ол кезде демалыста жүргендігімнен, қолыма кешірек тиіп, жауабын кешеуілдетіп қайтарып отырмын. Оған ренжімеуіңізді өтінем.

Сіздің, менің алпыс жасқа толуыма арнап, аса шеберлікпен өте өрнектеп жасаған домбыраңыз, менің үйімдегі ең ардақты төрімде ілулі тұрады. Жұрт оның әдемілігіне де және үніне де хайран қалады.

Осы домбыраның кейбір шегелері босағандықтан және аздап кірлегендіктен, биылғы жылдың басында Алматыдағы домбыра шеберлерінің мастерскойіне апарып өңдеткен едім. Өңдеуші өзіңіз атаған Романенко. Сол кісі өңдеп жатқан кезде мастерскойға «Мәдениет және тұрмыс» журналының фотографы барады да, әдемі домбыраға

қызығып, суретін түсіртіп алады. Соны Романенконың ісіне жорып, журналдың өзіңіз атаған екінші санына жариялап жібереді.

Сіздің хатыңызды алғаннан кейін тексеріп, бұл хаталықты анықтадым. Журналдың редакторы Мұса Дінишев жолдас кезектегі номерлердің бірінде түзету беруге уәде етті. Орындауын бақылап отырамын.

Соңғы бірер жылда біздің байланысымыз үзіліп кетті. Әр уақытта еске алып жүргеніммен, адресіңізді білмегендіктен, хат жаза алмадым. Өткен жаз «Ясная поляна» курортында («Бурабай») дем алып сізді сұрастырдым да, бірақ, жолығудың орнын таба алмадым. Амандық болса алдағы жазда да (июль, август) сол мекенде болатын ойым бар. Егер олай етсем, сізді тауып алам. Ана жылғы бір хатыңызда, ажырасқан бір келініңізде немереңіз кеткенін шағып жазған едіңіз. Ол бала не болды?

Хат жазып тұрыңыз.

Інілік сәлеммен: Сәбит Мұқанов.
31.III.69 жыл. С.М.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ҒАББАСҚА

Құрметті Ғаббас туыс!

Сіздің 15 мартта жазған хатыңызды алдым. Сіз сұрастырған Хамит Бегеновтың баласы – Қалдық біздің үйге көп қатынасып жүретін бала. Ол кәзір спорт институтын аяқтауға жақын. Өзі ірі денелі, сал, тәртіпті, ақылды бала боп өсіп келе жатыр. Қазір Қазақстанда қазақ тілінде цирк ұйымдасып жатыр. Бұл бала осы өнерді қуатын сияқты. Кәзір орталық қалалардың біреуіне өнерін өркендетуге кетуге даярланып жүр.

Оның шешесі Бәтел мен әкесі Хамитты (Бошан) алғаш қосып, тойларын біздің үйде жасаған болатын. Мұнау Қалдық әкесі өлгеннен кейін он бес күнде туғаны мәлім. Шешесі туған шағында өлген. Содан «Балуан» колхозындағы бір кемпір-шал асырап алып өсірген. Бала сол колхоздағы қазақша он жылдық мектепті

бітірген, содан Алматыда оқып жүр. Біздің үйдің баласы сияқты. Оның әке-шешесі жақсы кісілер еді ғой. Бұл да соларға тартып, жақсы бала болатын. Егер хат жазғыларың келсе, оның адресі: Алма-Ата, 2. Ул.Красина 78. Эстрадно-цирковая студия. Бегенов Халық.

Сіздің хатыңызды алғаннан кейін, өзін тауып алып, хат жаз дегенмін. Оны орындаған болар.

Бошанның Бәш деген апасы барын құлағым шалған еді, бірақ кімге қосылғанын білмейтін ем. Ол кісіге сәлем айтарсың.

Туысқандық сәлеммен: Сәбит Мұқанов.
31.03.1969 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым!

Хатыңды алдым.

Ең алдымен бүрсігүні болғалы тұрған 1 май мейрамыңмен құттықтаймын. Өзіңе, үй-ішіңе, жолдас-жораларыңа саулық, бақыт тілеймін.

Енді жазған хатыңдағы жинағың жайында. Сұрастырып көрсем ондай қолжазба «Жазушыда» бар екен. Бірақ баспа планын жасаушылар жетпіс бірінші жылға дейін қоса алмаймыз дейді. Ол жайда Әди Шариповпен және Илияс Есенберлинмен тағы да сөйлесіп көремін. Өтуіне уәде беруім қиын, өткізуге тырысамын.

Шашубай деген балаңның ҚазГУ-де оқитынын білемін. Өйкені сол оқуға ол баланы мен түсірдім ғой, сүйреп жүргендей болып өткіздім ғой. Оны ұмытқанбысың, хатыңда еске алмайсың.

«Жұлдыз» бен «Қазақ әдебиетінен» өз бетіңмен сөйлесіп жатарсың, бәріне бірдей жүре беруге саулығым жетпейді.

Шоқан ағаң туралы жазылып жүрген романның екінші кітабын май мейрамы өте, «Жазушыға» тапсырамын. Күзге қарай шығуға тиіс. Байқап жүрерсің.

Мен де жазу жағынан біраз керенеу тартатын болып жүрмін. Жас соған жақындап келе жатыр ғой.

Құрметпен: Сәбит Мұқанов.
29.04.1969 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – В. ЛЕУСУ

Уважаемый Василий Максимович!

Ваш бандероль с моим романом «Ботагоз», долго блуждал по Алма-Ате, ввиду неправильности адреса (Артиллерийская 39, кв 4, откуда я уехал 20 лет назад), но все же нашла. Тут же возвращаю «Ботагоз» с моим автографом, по Вашей просьбе.

Большое спасибо за теплые слова в письме. Для писателя нет больше радости, чем положительный отклик читателей на его творение. Стараюсь и вперед оправдать доверие своих благородных и высоко требовательных читателей.

За последние годы работаю над романом – трилогией «Промелькнувший метеор» о жизни и деятельности первого казахского просветителя Чокана Валиханова.

Первая книга романа на казахском языке вышла в 1967 году, русский перевод который делает Алексей Брагин; вторую готовлю в печать, над третьим работаю.

Воспользуюсь случаем, поздравляю Вас с праздником первого мая, желаю Вам здоровье и счастья!

С приветом С.Муканов.
29 апреля, 1969 г.
Алма-Ата. ул.Тулебаева 125/129, кв.3.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – І. ОМАРОВҚА

30 сәуір, 1969 ж.

Ілияс!

Осы жақта жұмысым, саған да соға кетейін десем, демалып жатыр екенсің, ұзақ тоса алмадым.

Бірінші майың құтты болсын! Келер мейрамға да аман болып, сау жет!

Сәлеммен,

С.Мұқанов.

ҚР ОММ. Қ. 2066. Т. І. 308. П. 9.
Қолтаңба

* * *

В. БЕЛОВА – С. МУКАНОВУ

Уважаемый Сабит Муканович!

В издательстве художественной литературы «Дніпро» в серии лучшего советского романа «Истоки дружбы» в переводе на украинский язык выходит третья книга Вашей «Школы жизни» /две первые вышли у нас еще в 1960 году/. Редакция просит Вас прислать свою фотографию, которая будет помещена на первой странице издания, а также биографические данные для предисловия.

С искренним уважением

Зав. редакцией литературы народов СССР В.Белова.
Наш адрес: г.Киев,
ул. Владимирская, 42,
изд. «Дніпро»,
Беловой Вере Самсоновне.
2.IX. 1969.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МУКАНОВ – В. БЕЛОВОЙ

В издательство «Дніпро»
товарищу Беловой В.С.

Уважаемая Вера Семеновна!

Ваше Письмо от 2 сентября 1969 года за 2/790 получил.

Выражаю большое дружеское спасибо издательству и лично Вам за перевод на украинский язык третьей книги моей «Школа жизни». Издание первых двух книг украинском языке я имею.

Вы просите мою автобиографию. В этом деле я Вам помогу, только тем, что ссылаю Вас на «Автобиографию ведущих советских писателей», изданную Гослитиздатом на русском языке. Автобиография там написана подробно. Эти книги наверняка имеются в Киеве.

Другие материалы о моей жизни и деятельности сосредоточены в книге Т.Нуртазина под названием «Жизнь и творчество Сабита Муканова». Эту книгу я давно послал переводчику «Школа жизни» товарищу Гринько Д.Е. Он пока их мне не вернул.

Экземпляр моей фотокарточки прилагаю к этому письму.

С товарищеским приветом Сабит Муканов.
16 сентября, 1969 г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

О. ЮЩЕНКО – С. МУКАНОВУ

Дорогой Сабит Муканович!

Большое Вам спасибо за присланные воспоминания о Десняке. Очень хорошо, тепло, поэтично. На украинский язык перевел Иван Ильич Чабаненко. Книгу о Десняке сдаю нашим издателям. Кажется мне интересного материала достаточно. Вас я всегда хорошо вспоминаю – и далекий 1942 год, когда я несколько дней был в Алма-Ата на пленуме писате-

лей, и когда Вас я сопровождал по западной Украине (юбилей Франко) год назад я послал Вам журнал «Дніпро», в котором были напечатаны стихи мои посвященные Вам. Не знаю, получили тот журнал, или нет?

Желаю всего наилучшего! Книгу о Десняке Вам обязательно пришлю. Обнимаю, крепко целую.

Олекса Ющенко.
30.X.1969.
Киев,10, Суворова, 3. кв. 27.

P.S. Большой привет Касыму Кайсенову — мы хорошо праздновали юбилей Котляревского в Полтаве.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. НҰРШАЙЫҚОВҚА

Құрметті Әзілхан! (Нұршайықов)

Менен энциклопедияға Абай туралы мақала күтіп отырғаныңда, оның орнына хат баруынан шошынып қаларсың: Өйтпе! Мақалаң даяр. Бірақ, бұл күйінде оны, менің қолжазбамның шимайын айыруға бірден-бір шебер — Майра да (Жансаева) түсініп алар емес. Одан басқа, тем более...

Шығармалар жаза жүре, менің нақ осы Абайдай қиналған еңбегім болған емес. Абай туралы мен көптеген мақала және қалың монография («Жарқын жұлдыздар») жазған кісімін ғой. Сондықтан, энциклопедияның ұсынысын кідіріссіз қабылдай қойған едім. Ал, мақалаға кіріссем (әсіресе энциклопедия үшін) Абай туралы кітап жазудан бұны жазу әлде қайда қиын болып шықты. Бұнда шұбыртпалы жалпы сөз емес, конкретті фактілерге ғана тоқтап, соларға нақты баға беру қажет екен және Абайдың сөздеріне сүйене отырып

Бұл жағынан қарағанда, Абай бұған дейін саған «теңіз» көрінсе, енді «Мұхит!». Соның түбінде тұнып жатқан асылдарды сүзіп көр!

Қатты қиналдым, құрметті Әзіл (Әуез)! Бірақ, міндетке алып қойған соң, орындамау ұят және Абайға мен қарайтын тұрғыдан көретін басқа әдебиетші жоқ па. Мақтанайын: ол заман да, бұл за-

ман, Абайға марксизмді үйлестірген менен басқа сыншы болған емес. Бұл — «менменсу» емес, факт.

Абай шығармаларына марксизмді қолдануда бірден-бір өткір және мұқалмайтын құрал — Лениннің «Лев Толстой орыс революциясының айнасы» деген еңбегі екенін білесің, сырттай қарағанда, Толстой қайда?! Революция қайда?!.

Осындай қиындығы бола-тұра, ұлы данышпан екі алшақтықты тұтастырып-ақ баққан ғой! Мен де көсем салған жолмен жүруге тырыстым. Әсіресе: «с одной стороны,.. с другой стороны» — деген жақсы, жаман жақтарын салыстыруларым. Тағы да «мақтанайын» — шыққан сияқты. Көресіңдер ғой, ақылдасып, кемі болса толтырармыз, артығы болса жонармыз. Қазіргі шимай қолжазбаны өзім болмасам, басқа ешкім айыра алар емес.

Менің демалысым бүрсігүні бітеді. (Жақсы тынықтым. Мақаланың кешеуілдеуіне сол да себеп болды. «Мақала да керек болғанмен, мен де керекпін ғой» деген, біраз әл жиюға тырыстым). Бұдан Москваға пойызбен кетем. Онда 3-4 күндік жұмысым бар, содан кейін пойызбен Алматыға қайтам. (Самолет қазіргі кезде сенімсіз деседі). Бара-сала саған телефонмен хабарласам да, қолжазбаны машинкаға диктовать етем. Ар жағын көре жатамыз.

Энциклопедиядан, әсіресе Мұхамметжан екеуіңнен қысылғаннан, екі-ақ күн қалған ұлы Октябрьмен құттықтауды да ұмытып барады екем. Енді соған келейін: ұлы мейраммен құттықтай отыра, бәріңе, үй іштеріңе мен берік саулық, бақытты ұзақ өмір тілеймін.

Жалынды сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
1969 жыл, 5 қараша.
Кисловодск қаласы.

ҚР ОММ, 2209-қор,1-тізбе, 316-іс, 5-бет.

* * *

С. МҰҚАНОВ — С. БҮКІРОВКЕ

Құрметті Сүтемген інім!

Сіз жіберген Жезқазған комбинатындағы музейдің альбомын, оған қоса жолдаған хатыңызды, сол бір күндері демалыста жүргендіктен кешігіңкіреп алдым. Жауабын кешігіп қайтарып отырған себебім сол.

Сыйыңызға сансыз рахмет! Өзіңіз айтқандай, іргесі жаңадан ғана қаланып жатқанын көрген Жезқазғанның мұншама көрікті қалаға айналуына қуандым да қайран да қалдым! Бұл, тек, біздің советтік дәуірде ғана бола алатын ғажайып іс!..

Көрмегеніме қырық екі жыл болған. Республикамыздың бұл мақтанышын тағы да көріп, жаңа түрін тағы да сипаттағым келеді. Амандық болса, алдағы жазда осы арманыма жетпекпін. Оны тіршілік, саулық білер. Барсам, кезінде хабарланармын.

1928 жылы болғанымда Қарсақпайдың, Байқоңырдың және құрылысы басталып жатқан Жезқазғанның бірталай көріністерін фотоға түсіртіп алған едім. Солардың көпшілігін, 37 жылдың дүрбелеңінде, маған да қауіп туған шақта, үй ішім өртеп жіберген. Ол, әрине, өкініште! Дегенмен «қапшық» түбін қағып тағы да іздестіріп көрермін. Қалған-құтқаны табылса музейге жіберермін. Сол кезде жазылған, газет-журналдарға басылған очерктерім іздегендерге табылуға тиісті. «Өмір мектебінің» үшінші кітабына «Қарсақпай сапары» деген атпен басылған тарауды өзіңіз көргенге ұқсайсыз. Сонда аталған адамдардан кімдер барын жергілікті орындардан сұрастырып байқарсыз.

Музейдің өркендеуіне, өзіңіздің деніңіз сау болып, бақытты ұзақ өмір жасауыңызға тілектеспін.

Құрметпен Сәбит Мұқанов.
21.01.1970 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С. БҮКІРОВКЕ

Хұрметті Сүтемген!

Хатыңызды және газеттердің қиындысын алып, түгел оқып шықтым. «Өмір мектебі» туралы жариялаған жылы сөздеріңізге рахмет.

Очерктеріңіз маған ұнады. Қазіргі уақытта заводтар мен фабрикалардың тарихын көркем очерк қып жазу мәселесі сөз болып жүр. Бұл сөзді Максим Горький бастаған еді ғой. Содан кейін көп жыл бойына үнсіз қалған.

Маған «Жезқазған туралы» осындай кітапты Сүтемген жазар ма еді?» деген ой келді. Маған жіберген материалдарыңа қарағанда ондай кітап қолыңнан келетін сияқты. Жезқазғанның жасалудан бұрынғы өмірі де, жасалған дәуірі де, қазіргі істері де өте бай екенін білеміз. Бұл негізде қандай қалың кітап болса да туа алады.

Мен осы жайды «Жазушы» баспасына айтып көріп едім, ол «бұндай жұмыс «Қазақстан» баспасының міндеті» деді. Оның директоры Абай Бейсембаевқа сөйлессем, «Альбомді де біз басып жатырмыз, егер осы тақырыпта кітап жазылса, құшақ жая қарсы аламыз» дейді.

Осы жайды ақылдасқанымыз жөн. Егер сен мақұлдасаң, мен планын жасасуға, жазылған шығарманы рецензиялауға бейіл болар едім.

Сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
13-II-1970. Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ғ. МАЛДЫБАЕВҚА

Құрметті Ғалым!

Хатыңды алдым. Тілектеріңе рахмет.

Хатты оқыған нан кейін қысылдым да. Өйткені, «тышқанға өлім керек, мысыққа ойын керек» дегендей, мен сияқты «тоқ» адамдарға сен сияқты мұқтаж адаммен қаражат туралы сөйлесу қиын, өйткені менің ықыласым түсіп тұрғанмен, «Жазушы» онымен есептесе бермейді. Сол қауіппен барып сөйлескенде «Жазушы» күткен ойымнан шықты. Оның бастығының және поэзияны меңгерушісінің айтқандары «Бір жинағын әрең деп жариялағанбыз, енді біздің қолымызда баса қоярлық шығармасы жоқ». Не айтасың? Кеше командировкадан Әди келген еді, соған айтып ем, «Жазушыға» не істейін? Басу-баспау ықтиярында» деді де қойды. Енді үлкендердің біреуінің атына хат жолдамасаң, менің шамам келмейтін болды.

Хал-жайыңды түсінем. Түрмысыңның ауырлығын білем. Жаным ашиды. Сондықтан осы хатты да өте қиналып жазып отырмын.

Жолдастық сәлеммен, Сәбит.
13.02.70 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Н. ФАЗЫЛОВҚА

Құрметті Насыр інім!

Сау-саламат жүрсің бе? Үй іштерің аман ба?

Біздің үйде де аманшылық.

Сырттан «Өзбекстан «Балуан Шолақ» және біраз әңгімелерді өзбек тілінде басуға даярлап жатыр» деген хабар естіледі. Біздің сенімен байланысты бір қазақ маған «Насыр сіздің фотопортретіңізді сұрайды» деді. Соны жіберудің сәті енді ғана түсіп отыр. Мен саған бір емес бірнеше фотоны жіберуді мақұл көрдім:

1. 1925 жылы түскен фото, екінші 1934 жылы түскен фото (бұл екеуі де жігіт кезімде түскен фотолар болғандықтан және өзіме өзім әдемі сияқтанғандығымнан,.. өзбек қарындастарым қызығар ма екен деп), үшінші 1960 жылы түскен фото, төртінші, жуық арада ғана барлық түймелерімді тағып түскен ресми сияқты фото. Өз ойымда: кітаптың ішіне осыларды шашырата қосып жіберсе теріс болмас еді. Бесінші фото Ғафур Ғұламның қорасының ішінде, сарттар сыйлаған ала шапанды киіп тұрып, мархұмның жиырма шақты немересінің біреуін (ұл. Ұмытпасам, – Шәйхызада мен Ғафурға ортақ немере болу керек. Баланың атын ұмытып қаппын. Бұл фотоны «Қазан сапары» аталатын Ғафур туралы естелікке қоспақпын. Ол очеркті Ғафурдың қайтыс болған күніне арнап жібермекпін. Сен маған дәл сол күнді және әлгі немере баланың аты-жөнін тез хабарла) құшақтап түскен фото.

Жақын арада, күзгі сентябрьде, Сіздерде тағы да қазақ әдебиетінің онкүндігі болады, «Балуан Шолақ» соған дейін шығады деп естідім. Оны мүмкіндіктеріңіз білер. Өзім алдағы марттың аяғында немесе

апрельдің басында сіздің жақты шолып қайтам ба деген ойдамын. Аттанар болсам, кезінде хабарлармын.

Туысқандық сәлеммен, аға — Сәбит Мұқанов.
С.М. 23-II-1970 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — С. БҮКІРОВКЕ

Хұрметті Сүтемген!

«Сізде уақыт жоғын білем» деп соңғы хатта өзің айтқандай, «Жезқазған» мәселесіне араласқаннан кейін сол әңгімені түбіне жеткізуді өзіме борыш көрдім. Бұл жолы саған өзімнің кейбір ұсыныстарымды ғана конкретті түрде хабарламақпын:

1. Маған екі рет жіберген материалдарыңның бәрін қарап шықтым. Бұлар тек, «материал» ғана. Бұларды бір-біріне құрастырып тұтас шығарма жасау ниетінен қайту керек. Ондай шығарма жаңадан жазылуға тиісті.

2. Соңғы хатыңа сен болашақ кітаптың планын қосып жіберген екенсің. Меніңше, сол план дұрыс. Соның алдына Жезқазған төңірегінің жерін, елін, тарихын, өндірістердің туу себебін көрсететін бір үлкен тарау қосу қажет сияқты. Соған «Қарсақпай» және «Байқоңыр» тарихын қосу қажет.

Бұндай шығарманы тек өзің ғана жазуға тиістісің. Содан кейін «Қазақстан» баспасына жіберсең, рецензиясына араласуға болады. Менің одан басқа көмек көрсетуге мүмкіндігім жоқ.

Ал, енді, «сөзден іске» дегендей қалам ұстап қағазға отыру керек. Баспасөз комитетінің саған қайтарған жауабы дұрыс: қолжазбаң қолдарына түспей, комитет бұл шығарманы баспа планына қоса алмайды. Баспа да нақты жауап қайтара алмайды.

Маған жіберген материалдарыңды «хажет» болып қалар деген оймен, өзіңе қайтарып отырмын.

Сәлеммен, Сәбит Мұқанов.
20.III.70.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – ГУЛЯМОВЫМ

Дорогие и родные Гулямовы!

Ваше письмо и приложение к нему — произведения любимого Гафура получил. Большое спасибо.

Хочу немного огорчить вас: сведущие люди говорят, что комитет по Ленинским премиям бесповоротно решил, что в дальнейшем произведения покойных авторов не премировать, поэтому выступить в печати о выдвижении кандидатуры Гафура на 1970 год, уже поздно.

Но, ваши материалы, присланные ко мне оказались весьма кстати: я собираюсь написать воспоминание о Гафуре. Материалы ваши вооружают меня в этом деле куда больше, чем я располагал до сих пор. У меня к вам еще одна просьба: в воспоминании совсем мне хотелось бы показать всю семью Гафура: жену, детей, внучат, поэтому хотелось бы дать о них краткие сведения, включить их общее фото, если таковое имеется. Гафур любил говорить, что у него 22 внуков и внучат. Кто они и от каких детей? Прошу прислать ко мне их список, с указанием возраста и занятий.

Воспоминание думаю закончить к очередному дню кончины Гафура. Оно, очевидно, будет напечатано на казахском, узбекском и русском языках. Одну копию пришлю к вам на память.

С чувством брата и отца — С.М. Сабит Муканов.
23 марта 1970 г.
г.Алматы.

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – А. НҰРТАЗИНГЕ

Құрметті Ахметжан!

20 мартта жазған хатыңды алдым. Тойға үн қосқаныңа рахмет. Уақытында хабар аларсың, дәм жазса қатынасарсың.

«Төрелердің» «Аққан жұлдызға» наразы болып жүргенін білем. Олардың ең үлкен өкпесі: — Айғаным жайлы. Оның жаман қылықты адам екенін менен қырық-елу жыл бұрын «Уәлі анау, қар қатынмен басы қатқан» деп Мағжан жазған. Содан бері неге туламаған? Мен халық ауызында жүрген өсек-аяңдарды жаздым. Ол үшін «Төрелер» ешкімнің де құлағын кесе алмайды, маған да, шығармаға да бөгет бола алмайды. Ол жайлы айтқан кісіге солай дей саларсыз.

Басқа әңгіме жоқ.

Амандық-саулық тілеп, — Сәбит Мұқанов.
31.03.1970 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Ә. ШМАНОВҚА

Құрметті Әнуар Шманов жолдас!

Мен «Ленин туы» газетін оқып тұрам. Соның Ленин күніне арналған санында сенің мақалаң басылған екен. Ішінде Қызылжардан шыққан біраз адамды атапсың да, мені де қосыпсың. Көп рахмет!

Сол облыстың бұрынғы және қазіргі даңқты кісілерін көтермелеуде сенің еңбегің көп. «Жақсы жүрген жеріне кент салады» деген осы. Бұл мақтау емес, шындық.

Мен де үй ішіммен аман-сау жүріп жатырмын. Жетпіс жастың мерекесін майдың 29-на қалдырғанын газеттен көрген боларсың. Өзіме тиімдісі шығармалар жинағымның төрт жылда 16 томдығы басылатын болды.

Ана жылы 60 жасты өткізгенде, Алматыда да, сіздің облыста да біраз шу жасағамыз. Биыл өйтуді мақұл көрмедім. Дегенмен, июньнің бас кезінде аздаған жазушыларды ертіп барармын да. Басқа республикалардан келетін қонақтар бар, оларды ертіп апаруға туған ауылымның сиқы нашар. Осы жайда «Майбалық» совхозының директоры Акименко жолдас маған хат жазған екен. Мен ол хатты Ашимов жолдасқа көрсетіп, ол Хусайнов жолдасқа, осы мәселені тексеріп, ауыл тұрмысын түзетуге қаулы алуды өтінді. Мен сіздің облысқа барғанда, қолға алар ісімнің бірі осы болады.

Сыпайылықты қойып айтқанда, ол ауыл қазақ халқының қазірде де, келешекте де көргісі келетін мекеннің бірі болатыны ақиқат қой. Сол ауылды мәдениетті, көрнекті халға жеткізу салақсып жүргені болмаса, облыстың қолынан келеді.

Сенен өтініш: осы жайда Хұсайыновпен жолығып, Акименконың хатымен танысып, қандай шаралар қолдануға ақыл беруіңді өтінем! Өзге сөздерді көріскенде кеңесерміз.

Жолдастық сәлеммен Сәбит Мұқанов.
28/04-1970 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Е. ОСПАНОВҚА

Құрметті Егемберді інім!

Жақын жолдастардың бірі маған сіздің қадырлы әкеңіз – Оспанның опат болғанын хабарлаған екен. Кезінде көңіл айтуға, июньнің басынан кешегі күнге дейін жолаушылап, хат жатып қапты. «Ештен де кеш жақсы» дегендей, сол көңілімді тағы да хабарлағалы отырмын: мархұмның алды – өзіне, арты – сіздерге жарық болсын!

Ағалық көңілден – С.Мұқанов.
6-VIII-1970-ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Қ. САҒЫНДЫҚОВҚА

Құрметті Құрманбек Сағындықов!

Демалыста жүрген кісіні азаптап мына мақаланы жаздырдың. Екі-үш айдан бері қалам ұстамағандықтан жазуды ұмытып қалыппын.

Мына мақаланы зорыға жаздап әрең бітірдім. Машинкаға диктовать еткеннен кейін қарап шығуға мойным жар бермеді. Мына жіберілген экземплярды не өзің қарап, не ұқыпты біреуге қаратып, қаталығы болса түзетіңдер. Өйтпесеңдер обалым сендерге.

Алматыға мен июльдің отызында поезбен шығамын. Өзімде қалған данасын байқап барарым. Елеулі түзетуім болса, бара сала хабарлармын.

Амандықпен көрісейік. Жолдастарға сәлем.

23-08-1970 жыл.
Көкшетау.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

М. АҚЫНЖАНОВ – С. МҰҚАНОВҚА

Құрметті Сәбе, Маке!

Қазақ ССР-ның 50 жылдық мерекесіне тарту ретінде «Происхождение и формирование казахского народа» тақырыбына доқтырлық диссертация жазып бітірдім. Бұл соның қысқаша желісі, жаңаша ахбар беруге (қонақтардың алдында) септігі тиер деп сізге тартуға жібердім.

Құрметпен, Мұсатай.
Қолтаңба
24.VIII.1970 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Б. ҚҰНДАҚБАЕВҚА

Қадірлі Балабек аға!

Осы жылы, 9 мартта жолдаған хатыңызды оқып, біраз толғанып қалдым. Ең алдымен «шырағым» деп жазғаныңыз ұнады. Мен де

қазір 70-тен асып бара жатқан шалмын ғой, маған да қазір «шырағым» деуші табылғаны, әрине, менің сүйсінерлік ісім.

Сіз бен мен 1918 жылдың аяғында Омбыдағы екі жылдық қазақша мұғалімдер курсында бірге оқыдық. Сіз ол кезде жас жағынан ғана емес, білім жағынан да менен әлдеқайда сақа едіңіз. Сізді білмеймін, мен өзім ол кезде саясаттан шала сауатты болатынмын.

Қыстай ауыр халде оқыдық та, көктемге таяу халі біте бастаған Колчак курсты таратты. Содан кейін, 1920 жылдың жазында Совет өкіметі Қызылжарда ашқан екі айлық мұғалімдер курсына келсем, көп курсанттар арасында сіз де бар екенсіз. Курста да тап тартысы жүре бастады: Алашордашылдарды Мағжан Жұмабаев, тағы сондайлар басқарды, ал, советшілдерді сіз басқардыңыз, сізге ергендердің ішінде мен де болдым. Ақыры біз жеңіп, өлеңдерінде советке қарсылық исі аңқыған Мағжан оқу оқытушылықтан қуылды. Сол кезде біз коммунистік партия қатарына ендік. Онан әрі партиялық, советтік істерге араласып кеттік.

Содан кейін Орынбор рабфагында (22-24 жылдары) тағы да бірге оқыдық. Бұл жылдары да Сіз адал коммунистердің бірі едіңіз. Студенттер арасында партия жолында дейтіндерді Нұрмақ Байсалықов бастайтын еді. Табиғатында чекист болып туған бұл адам өмірдің барлық көрінісіне осы тұрғыдан қарайтын (ол «сорлы» да 37 жылдың құрбаны болып кетті. Коммунизм идеясына мейлінше адал адам еді. Талай сондай адамдар кетті-ау, арамыздан, сол бір қателік белең алған кезде...)

Рабфак кезінде сізден гөрі мен белсендірек болған сияқтымын. Қаламым төселе бастаған бұл тұста мен тап жауы дегендерді өзге әріптестерден қаттырақ түйреген сияқтымын. (Соның тақсіретін кейінгі кездерде маған тартқызуға тырысатындар советтік құрылыс болғандықтан, бармақтарын босқа шайнап жүр. Шет жағасын өзіңіз де сезесіз).

18-жылдан арамызда басталған достық, меніңше әзірге айныған жоқ. (Енді, шал болғанда айнып не бүлдірер дейсіз!)

Сіз өзіңіз қызық адамсыз. Бір жылы (отызыншы жылдардың орта тұсы болу керек) бірнеше жазушымен Қарағандыға барсақ, сіз шахта инженері болып жүр екенсіз (тегі Свердлов қаласындағы политехника институтын бітірген сияқтысыз да). Сонда үйіңізге қонаққа шақырып, қонақасыға жалғыз бұзауыңызды сойып бергеніңіз де есімде.

Бертінірек (соғыстан кейін ғой деймін), сіз ұсақ әріппен толтырылған бірнеше қалың тетрадтық қолжазбаңызды көтеріп келдіңіз, мен ол

кезде жазушылар одағының председателі едім. Жұмыстан қолым тимейтін болғандықтан танысуды және жәрдемдесуді Ғабиден Мұстафинге тапсырдым. Ол жолдас сізге «өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар, кісінікі дегенде бітер-бітпес ісім бар»-дың кебін киғізіп, елеулі жәрдем бере алмады ғой деймін.

Енді, соңғы хатыңызға қарасам, сіз ол еңбегіңізді жалғастыра берген екенсіз. Көлемі қалыңдаған екен, «енді не істейміз?» дегенге жауап беру қиын.

Сіздікі мемуар сияқты еңбек. Көрген білгеніңіз көп екені рас. Бірақ өзге жанр сияқты, бұл жанр да шеберлікті тілейді. Өзіңіз атаған жүз томдық қолжазбаны, әрқайсысының өз жұмысы бар ешкім де қарап бере алмайды; бұған, тек, Ғылым академиясының әдебиет институтының ғана әлі келеді. Меніңше соған ұсыну жөн. Ол да аз уақытта емес, ұзақ уақытта қарап үлгерер. Мен көз-құлақ болармын.

Сізге және еңбегіңізге жаным аши отыра, менің бұдан басқа берер кеңесім жоқ.

Ара-тұра Алматыны көріп қайтатын әдетіңіз болушы еді. Сексен жас аяғыңызды ауырлатты ма, немене, көптен көрінбейтін болдыңыз.

Оқтан-тектен амандық білдіріп тұрыңыз.

Достық, жолдастық сәлеммен (С. М.)
09.03.1971 жыл.
Алматы, Төлебаев көшесі, 125/129 үй, 3 пәтер.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Жас ұлғайған соң хат жазысу да сиреді. Көптен бері сенен хат алған жоқпын, өзім де жазбаған сияқтымын. Соңғы бірер жылда көркем шығарма жазуға жалқауланып бара жатқан жайым бар. Одан бұрын күні-түні бұрқырата жазып, аз уақытта көлемді шығарма бітіріп тастау, қазір көзден бір-бір ұшқан тәрізді. Менің алдағы бірінші кезекте тұрған шығармам, «Аққан жұлдыздың» III кітабы /II кітабын

жібергем, алған боларсың/. III кітаптың тақырыбына кіретін «Қашқар қызы» деген атпен пьесаның долбарын жасадым. Сәті түссе, көктемге дейін бітірмекпін. Жағдай жаман емес, тек Марат қана кейде шаршатып қояды. Іштен шыққан бала болған соң амал нешік!... Жазатын тақырып көп. Бәрі де айқын. Бірақ, соларды қағазға түсірерде кежегең кейін тарта береді. Енді, ептеп болмаса, өктем жазу қиын болатын. Биылғы жылдан бастап, бес жыл ішінде менің 16 томдық шығармам басылатынын көрген боларсың. Оны саған және мектепте жазды-рып, подпискасын жіберемін. Одан кейін шыққанын шыққанынша алып тұрарсыңдар. Осы кітапты шығару төңірегінде толып жатқан кедергілер кездесті. Өзіңе мәлім, мен өзімді большевикке санап, партия уставына сүйеніп, үлкен-кіші демей, әркімді сынай беретін едім ғой. Сол сынның көбі кейінгі жылдарда алдымнан шығып, кек қайтаруға тырысатындар да аз кездесіп жүрген жоқ. Тек, советтік құрылыс арқасында ғана күнелтіп жүрмін. Әйтпесе тірідей талап жейтін түрлері бар. Партия жолы деп айдай беріппіз. Ақыры мұндай боларын кім білген... Мен жаман жасаған жоқпын ғой, Шәкен, мүмкіндігім барда, қолдан келер жәрдемді /әсіресе, еңбекші адамдарға/ аяған жоқпын. Әлі де сол ниеттен тайған жоқпын. Қанша жасауды келешек, тағдыр көрсетер. Сен де жаман жасаған жоқсың. Жалғыз балаңнан ерте айрылып, сорыңның қайнағаны болмаса, тұрмыстан жүдеген кезің жоқ. Шама-шарқыңа қарай отырған ауылыңның барлық бейнетін де, рахатын да бірге көріп келесің. Солардың атынан саған сансыз рахмет. Кейде /қол тисе/ сенің өміріңді хат түрінде жазып, баспаға жариялассам ба деген де ойым бар. Әдемі және қызғылықты өмір, істерің жемісті. Күләш ауылға барыпты. Ол балаға мұнда өзі қалаған оқу табылмады, қаламағанын да өзі оқығысы келмеді. Оқимын десе әлі жас қой, орналастыру жағын алда қарастырармыз. Ермектің де жасы жетіп келеді. Оны қалай оқытуды ақылдасармыз амандық болса, алдағы жазда, туған жерге барып, топырағына аунап қайтармын. Үй ішіне, ағайын туғанға сәлем.

Бауырың С.М. /Сәбит/
14/III–1971 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – МУЗЕЮ ИМ. Ф.М.ДОСТОЕВСКОГО

Работникам Семипалатинского музея имени Ф.М. Достоевского

Дорогие друзья!

Разрешите поздравить Вас с открытием музея имени великого Ф.М.Достоевского и началом вашей работы в нем, пожелать всем вам крепкого здоровья, счастья в вашей личной и общественной работе, успехов в труде.

Я являюсь одним из первых писателей-казахов, пристально изучающих связи Ф.М.Достоевского с Ч.Ч.Валихановым. Мною впервые обнаружены ряд их переписок, переведены на казахский язык, опубликованы в печати.

В 1944 году, в Алма-Ате, казахстанское издательство «Мектеп», выпустило мою книгу «Жарқын жұлдыздар» — «Лучезарные звезды» о жизни и деятельности Ч.Валиханова, в которой я подробно пишу о связях Валиханова с Достоевским. Эта книга получила премию имени Валиханова первой степени Академии наук Казахской ССР.

За последние годы я работаю над романом-трилогией «Промельknувший метеор» о Валиханове. Первая книга (на казахском языке) вышла в 1967 году, в которой я показываю начале знакомства Валиханова и Достоевского во время нахождении последнего в Омском остроге. Эта книга переведена на русский язык Алексеем Брагиным и в уплотненном виде напечатано в журнале «Простор» за 1969 год (ноябрь, декабрь).

Вторая книга (на казахском) вышла в 1970 году, которую я посылаю в ваш музей, в дар. В ней, особенно во 2-ой главе, много пишется о дружеских взаимоотношениях этих больших людей.

Третья книга пишется. И в ней будет отведено не мало страниц дружбе моих любимых героев.

Хоть роман запланирован как трилогия, судя потому как размещаются материалы, наверняка будет и четвертая книга.

Сколько бы не было книг, через все красной нитью проходит великая, неизменная, вечная дружба двух великих сыновей казахского и русского народов еще сто лет тому назад.

Ведь, сам Федор Михайлович, в письме к родному брату Михаилу писал, что самым любимым из всех друзей для него является Валиханов. И недаром, в дом-квартиру Достоевского на Б.Бождомке 2 (в Москве) Валиханов был вхож, как в свой дом. Все это дало основание издательству «Маркс», дореволюционное собрание сочинении Ф.М.Достоевского начать портретами этих двух друзей.

Я намерен принять участие в Семипалатинске на торжестве 150-летия со дня рождения Михаила Федоровича. Тогда кое-что расскажу еще. В целом, прошу меня включить в список тех, которые должны помогать музею постоянно в деле его процветания.

С дружеским приветом С.Муканов.
12 апреля, 1971г.
г.Алма-Ата, 91, ул.М.Тулебаева 125/129 кв.3, тел. 2-42-15.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

М. ЖАНСАЕВА – С. МҰҚАНОВҚА

Академик, жазушы, көптеген жылдар
халық сайлауымен депутат болып жүрген
Сәбит Мұқановқа

Майра Жансаевадан.
Алматы, 18 Линия, 251 – үй.

Өтініш – хат

Сіздің қаламыңыздан туған шығармалардың бәрін дерлік машинкаға көшіріп өмірімді өткізген адаммын. Уақытпен де, денсаулықпен де есептеспей, сіз «асығыс!» деген уақыттарда, /ылғи асығыс болатын/ сөткесіне 12 сағат жұмыс істеуші ем. Халық сүйіп оқитын сіздің сол шығармаларыңызға сіңірген менің еңбегім еш болады деп ешуақытта ойлаған емеспін. Еш болған емей немене, пенсияға шығарда ешбір себі тимеді ғой.

Егерде «Сыған әңгімелерін» аударған еңбегім болмағанда, тіпті пенсия ала алмай да қалады екем. Ол еңбегіме есептеген пенсия 50

сомнан аспады. Үй сыпырушылар да 50-60 сом пенсия алады, / олар күніне 2-ақ сағат үй сыпырады, ал, мен 12 сағат шым-шытырық жазуларға үңілдім/. Көз майымды тауысып, 12 сағат еңбек еткен мен де 50 сом алам. Төрелігін өзіңіз айтыңыз — дұрыс па осы?

Аударма демекші, менің туысқан республикалардың тілінен қазақ тіліне аударған еңбектерім де бар ғой. Сіз әдебиетке жаны ашитын жазушы ретінде, менің ол еңбегімді де ескерсеңіз, мен сізге көп рахмет айтар едім. Қазақ әдебиетіне, туысқан республикалардан әңгімелер, повестер аударып, аз да болса үлес қостым деп ойлаймын.

«Міне, бұл кісінің осындай еңбектері бар еді, және менің шығармаларыма да көп еңбегі сіңген еді» деген бір ауыз сөз айтсаңыз, менің пенсиямның көбеюіне себеп болар еді.

/Жансаева М.Д./
12-IV-1971 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Қ. МҰРЖИКОВҚА

Құрметті Қабден!

Шүйінші! Алтынсары КазГУ-ге қабылданды. Үш заңғып бала да алынды. Бәрі де экзаменді тәуір тапсырды, әсіресе — Алтынсары. Әрине, жүріс-тұрыс та болмай қойған жоқ. Арстан көбірек жүрді. Ахыры хаирлы болды. Дені сау балалар жұмысқа жіберілетін. Оқу октябрьде басталады деседі. Оған дейін Алтынсары елге барып қайтпақ. Қашан аттанарын білмедім. Өзіміз амандықтамыз. «Алты ай баққан арығым» дегендей, Алтынсарының жоғарғы оқуға түсуіне қуандық.

Үй-ішінен сәлем.

Сәбит.
31-август, 1971 жыл,
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – В. КИРПОТИНУ

Дорогой Валерий Яковлевич!

Вашу книгу «Достоевский в шестидесятые годы» получил. Большое спасибо за этот весьма ценный подарок! Начал читать. Прочту и весьма возможно, напишу, если позволит здоровье (оно у меня немного шатается), свое впечатление.

Юбилей Ф.М.Достоевского в Семипалатинске начнется с 5-го октября. Вы твердо стоите в списке приглашенных гостей. Пригласит областное руководство. Так что, Вам нужно будет готовиться в дорогу. Кажется, имеется «Ил-18» через Омск в Семипалатинск. В Москве справитесь. На юбилее, наверняка, буду и я. Встретимся там. Вам стоило бы завернуть и в Алма-Ату, быть гостем Мукановых, увидеть наш хороший город. Говорят, что вечера Достоевского здесь не будет.

Очень радостно, что Вы ко мне обращаетесь на «ты», а я к Вам не могу. Казахи сильно уважают старших и никак не могут позволить себе произнести так. Кроме того, когда я был аспирантом в ИКП, Вы были довольно зрелым ученым и я Вас считал за учителя.

Дай бог Вам здоровья и счастья!

Ваш Сабит Муканов.

р.s. «Школа жизни» (трилогия) – еще не вышла в свет. Как только выйдет – пришлю Вам.

С.М.
21 сентября, 1971 года.
г. Алматы

ЦГА РК, ф.1634.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ЖАНСАЕВАҒА

Құрметті Майра!

Саумысыз? Үй іші, бала-шағаңыз аман ба? Сейсеке саламат па? Бізде аманшылық. Жаздай онда-мұнда шауып, кәзір тоқырадым.

«Аққан жұлдыздың» III-кітәбін доғара тұрып «Қазақ қауымы» аталатын этнографиялық очерк жазып жатырмын. Дендеп тастадым. Көлемі 15-20 баспа табақ болар деймін. Әрине, араб әрпімен жазам. Оны білетін машинка тапқан жоқпын. Осы шығарманы басып беруге сізге тағы жалбарынсам ба деген ойдамын. Қалай қарайсыз? Асықпай, уақытыңыз, шабытыңыз келгенде басып отырсаңыз, онша қиналмас та едіңіз деп ойлаймын.

Барып мәзалаудан хатпен хабарласуды мақұл көрдім. Ниетіңіз шапса не өзіңіз, не Сейсеке телефон соға саларсыздар. Ол 2-42-15 екенін жаңылмаған боларсыз.

Сәлеммен — Сәбит.
21-октябрь, 1971.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — М. ЖАНСАЕВАҒА

Майра-еке!

«Азапты» жұмысты баса бастауыңызды өтінем.

«Азапты» дейтінім — сізден басқа адам айыра алмайтын, шимайы көп. Сізге сенем. Адаспай, абайлап басарсыз. Келесі партияны өзім апарып берермін. Аздап қаражат та берермін.

Бұл еңбекті «рекорд» ретінде, егер ризалассаңыз, бетіне 50 тыйыннан төлермін.

Бір-ақ лента таптым, тағы іздестірермін. Әнеугідей қағазды да.

Сәлеммен — Сәбит.
24-11-71-ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ЖАНСАЕВАҒА

Майра!

Тағы біраз шимай беттерін (11-14) жібердім. Аванс ретінде 25 сом ақша қостым. Абайлап, асықпай отырмаса басылуы да қиын болар. Сіздің оларды игеруіңізге сенем.

Сәлеммен – Сәбит.
29.11.71 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. МҰСТАФИНГЕ

ШӘКЕН!

Сонғы қуанышты хатыңды алдым. Ермектің операциясыз жазылатыны өте жақсы болған. Енді, қашан айығып болғанша бақылау керек. Оқуды бір жылға доғарса да болады.Оны көрсеңдер.

Бірер күн болды, телеграмма алдым – Сауытттың Әшқары қайтыс болған. Менімен бірге туған қыздардан қалған ұл осы еді, өзін жақсы көруші едім, біраз уайымдап қалдым. Жасы 73-те болатын. Ұл баланы ол кешігіп көрген. Еркін аталатын жалғыз ұлы ер жетіп, келіншек әперген. Бірер немересі де бар. Баласы ақылды, тәртіпті. Тұрмысы да жақсы болатын. Арманы жоқ адам сияқты болып өтті. Мен жаназасына бара алмадым. Самолетке дәрігер рұқсат етпеді, поезбен кешігетін болдым. Сондықтан ығын-шығынына ұстар деп азын-аулақ қаражат жібердім.

Саған да, Кпитандағы книжкаңа 500 сом аудардым. Ойым одан артықта еді. Әшкардың жабдығы қосарланды. Әзірге осыны қанағат қыла тұр. Тіршілік, саулық болса, тағы да қарап жатпаспыз.

Қызылжардың шақырар-шақырмасы әлі белгісіз.

Ағалық көңілден Сәбит.
23/I-1972 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. МҰСТАФИНГЕ

Шәкен!

Сенің 7-январьда жазған хатың менің қолыма 10-февральда тиді. Мен бұл кезде емделу үйінде жатыр едім, оған 15-январьда, суықтан өкпем қабынған сырхатпен түскем. Кәрі кісіге ол ауыр екен, өліп қала жаздап, әрең тоқалдым, кәзір тәуірленіп келем. Кризис кетті. Мені осы айдың аяғында үйге босататын түрі бар.

Саған іле жауап қайтарған себебім: тіршілігіңе байланысты бірталай мәселелерің бар екен. Солар жайындағы ойымды білдіру хажет болды.

Ең алдымен, бие сатып алуға берем деген бір жұдырықты тауып беруге тырысам және табам да. Оны іздестіру керек, себебі, мен ақша жинамайтын кісімін ғой. Өткен жылдары үйімде болған науқандарда барымды тауысып, қалтам олқыланып қалған. Сонда сенгенім «16 томдықтың» гонорары болған. Бірақ, түптей кеп ол жарытпайтын болды. Баспасөз басында жүрген менің дұшпандарым ретін тапты да, гонорарға, күн көріске әрең жететін ақша беретін болды және бір жылда емес, 6 жылда. Оған амал қанша... Күштінің ... диірмен тартады. «Тап жауы» деп күрескендер, қаруларын қайтарар әдіс тапты. Оларға қарсы қимылдар күш жоқ.

Менде алты отау бар ғой. Солардың бәрі де күн көріс жағынан, маған салмақ салады, бермей отыра алмайсың. Қала адамдары жақсы киінгісі, азықтанғысы, тұрғысы келеді.

Бұларды саған қашыртқы салайын деп жазып отырған жоқпын, расын айтып отырмын.

Жатып күйсеймін деген ескі шығармалар жайы жоғарыдағыдай. Жаңадан жазуға күш келетін емес. Өткен күзден тарихтық бір тақырыпқа кітап жаза бастап ем, сол күшіне тиіп, ауруыма себептің бірі болды. Енді соны бітіре алмаймын ба деген хаупім бар. Бітіруге тырысып көрем, сәті біледі. Тыңнан басқа шығарма жазуға күш таба алам ба, жоқ па, оны да сәтіне қарай көрем.

Қысқасы, табысым өзімнің және бала-шағамның күн көрісіне жетер-жетпесі мәлімсіз, сондықтан бір жұдырықты тауып жібере алсам, одан кейін мыңдап емес, жүздеп қана ауысатын түрім бар, онда да газет-журнал қаламақысынан.

Сені қалаға көшірем бе деген ойым болғанмен, ол қиынға соғады ғой деймін. Сенің семьяңды қалада асырау үшін, айына кем дегенде екі-үш жүз сом керек. Оны сен қайдан табасың, менің сиқымды айттым.

Ауылда тұрсаң, «амалдап қарағайды талға жалғап» дегендей бірді-бірге қатыстырып, арзанға күн көресің. Қалада ол жоқ. Оған қалта керек және қалың қалта керек. Үйренген ауыл. «Жаман» дегеніңмен бірге өскен ағайын. Өзің сыйласаң сыйламағаны жоқ. Көп жыл бойына тәтті-дәмдісін аузына тосып бақты. Одан артық қайтсін? Әрқайсының өз семьясы бар. Ең аяғы отын-суыңды әзірлесе де, қонағыңды күтіссе де, күні бүгінге дейін себі тиіп келеді. Кейбірімен кеңесіп шықсаң да, көңіл көтересің. Қалада ондай адам табылмайды.

Сен оқу жолымен де адам болып кететін едің, бахытсыздығыңа қарай, 26-жыл жалғыз ағаң — Ғаббас өлді де, кәрі шешең, жас қарындасың қалған соң, олардың шаруашылығы нашар болған соң, оқуды амалсыз тастадың. Содан бері менің саған қараспаған кезім жоқ. Солардың кейін ұқсаттың, кейін ұқсатпадың. Бірақ аумағыңа белгілі «Шәкен» болдың, күн көрісің ешкімнен кем болған жоқ. Мол тұрдың.

Ахырда жалғыз балаң өлді, оның шиеттей балалары қолыңда қалды. Өзің қартайдың. Ендігі күн көрісің ауыр екені рас.

Ойлап қарасам, сонда да саған қаладан ауылда тұрғаның жеңілірек болатын сияқты.

Балаларды оқыту жайы: алдағы жазда Райханды Қызылжар техникуміне орналастырармыз. Ермектің онжылдықты Түлкіойнақта бітіргені дұрыс болар, алысқа жіберсең, әрі қоңқылдарсың, әрі күш керек болар, маған жіберуге, біздің үй толған бала (Арыстанның кішісі — Сәкен, Баяннның ұлы, Жаннаның қызы), жеңгең бәрін баға алмас, интернатқа беру обал — жасырақ. Сондықтан, бірер жыл өз маңыңда болғаны жөн. Тірі болсақ, одан арғысын көре жатармыз. Галяны келер күз Қызылжардың школа-интернатына орналастырсақ қайтер еді?

Ағаш үйді қайтеріңді өзің біл. Жылына бірер күнге барып қайтатын маған ол үйдің керегі жоқ. Енді жыл сайын баруым да неғайбыл. Аяқ ауырлады... Саған кеңірек болса деп жүретін ем, ауырсынсаң құтыласың да.

Өткен кездегі бір хатымда «мен қазір өз тіршілігімді емес, сенікін көбірек тілеймін» деген едім, әлі де айтарым, қолыңдағы сары-үрпек

балалардың адам болып кетуі тек саған ғана байланысты. Қолың құр емес. Ертең олар өсіп, сені күтпеуіне кім кепіл.

Сен мол тұрып, елді билеп-төстеп үйренген адамсың, енді ол күндерді көксеудің хажеті жоқ. Енді қалған өміріңде ашықпасаң, одан артықтың керегі аз. Жақсы-жаман болсын, үйреніскен ағайын арасында тіршілік жасағаның жөн. Мен, әрине, көзім барда қараспай тұра алман; бірақ, бұрынғыдай өктем емес, епті. Өктеуге ниетім болғанмен күшім жетпес.

Ойымды ашып айтқанға өкпелемессің. Бәрі сенің қамың. Хат жазысып тұрайық. Алдағы жазда баруға тырысам. Енді жүз көрісудің өзі қымбатқа түсетін болды ғой...

Дәкішке, балаларға, ауыл-ағайынға сәлем.
Ағалық көңілден — Сәбит.
13.02.72 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ — П. РОКАЧЕВУ

Уважаемый Петр Яковлевич!

Ваше письмо от 9.03.1972 года и первую книгу «Школы жизни» получил. Спасибо за них.

Охотно и с благодарностью делаю автограф на книге и тут же возвращаю ее к Вам.

Дон дорог нам, казахам не только потому, что из него выходили великие люди, как мой личный и долголетний друг — Михаил Шолохов и другие, да, еще потому, что со времени половцев, которые вышли в казахскую народность, Дон и Казахстан, связаны кровью. Много общего в жизни казаков и казахов. Эти названия означают одно и тоже. Вольность наших характеров, откровенность, честность, решительность, храбрость у наших народов одинаковы.

У Донского казачества до сих пор бытуют много кыпчакских (казахских) слов. Например, название Вашего города «Аксай». Это из

наших двух слов: «Ак» — белый и «Сай» — ущелье или низменность.

Много таких общих слов у нас.

В Советское время мы связались еще теснее.

Спасибо за теплые слова о «Школе жизни».

Ваши слова, что собираете народный фольклор, радуют меня. Я тоже немного «фольклорист».

В данное время я работаю над объемистый книгой «Казахское общество». Это будет историко-этнографический очерк. Книга должна выходить на казахском языке в 1973 году. Дальше обещают русский перевод. Если осуществится это, где-то в 75-76 годах, пришлю экземпляр (если не забуду, требуется напомнить).

В связи с моим семидесятилетием, руководство нашей республики решило выпустить «Сочинения С.Муканова в 16-ти томах» на казахском языке, в течение пяти лет. Есть надежда, что когда будет 80-летие это издание повторится на русском языке. Будем следить.

До свидания, дорогой тов. Рокачев-Вишенский.

Ваш Сабит Муканов.
16.03.1972 г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МУКАНОВ — А. КАЛАЧЕВОЙ

Руководителю лит. кружка школы-интерната
Белозерского района, Херсонской области
села Чернобалька
тов. Калачевой А.Г.

Уважаемая Аза Гавриловна!

На ваше письмо от 24.01.1972г. отвечаю с некоторым опозданием.

Посылаю в дар библиотеки Вашей школы свою автобиографическую трилогию «Школа жизни», которая также издана на украинском

языке под названием «Школа життя» (I и II книги изданы в 1960г., третья — в 1970г.), может быть достанете их.

Заранее буду благодарен, если Ваш лит. кружок напишет мне свое мнение.

С уважением Сабит Муканов.
23 марта, 1972 года.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Біздің үйде бүгін зор қуаныш: Маратың «Ортажүз рулары» деген тақырыпта диссертация қорғады. Ученый совет бірауыздан қабылдады. Ол інің соңғы жарты жылда өте тәртіпті жүрген. Өзің білетін бір ғана кемшілігі болмаса «ол менен туған балалардың ішіндегі ең ақылдысы»,ең оқымыстысы еді ғой. Біраз ренжітіп жүріп, ақырда қуантты. Сол қуанышты саған да хабарлауды мақұл көрдім. «Тентектен түзелген жақсы болады» дегендей, алда да қуанышқа бөлер деп сенеміз.

Ағаң Сәбит.
12/IV. 1972 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

Б. ЕЛЖАСҰЛЫ – С. МҰҚАНОВҚА

Құрметті Сәбе, үй-іші тегіс аман ба, жеңгейдің, балалардың дендері сау ма.

Мен Сізге 1956 жылы жолыққан болатынмын, әкейдің шығармаларын бастыру жайында әңгімелестім: Сіз шығармаларын

қайдан, қалай жинау керектігін, «кітабын шығаратын мезгіл болды» деп біраз ақыл-кеңес айтқан болатынсыз. Содан Хажымұрат екеуіміз әржерлерден (үйде бірде-бір шығармалары қалмапты) жинап, машинкаға бастырып, 1959ж. баспаға өткіздік.

Міне содан бері «әне-міне» деп Елжастың шығармалары жарық көрмей келеді. Қазахстанның 50-жылдығына қарсы үміттеніп едік, енді Одақтас Еліміздің 50-жылдығына қарсы баспаға берілсе жарар еді деген үміттеміз. Сәбе, Сізден Елжастың шығармалары кітап болып шығуына көмек жасауыңызды өтінемін.

«Қазақ әдебиеті» газетінің бетінен «Елжас ескерусіз қалмасын», «өзі жоқтың көзі жоқ болып жүрмесін» деген сөздерді кезінде көргенде бірде үміттенсем, бірде ренжідім. Кітаптың шығуына тілектес, зор ықпалы бар, көз көрген, Елжастың жақсы дос-жолдастарының бірі деп Сізге үміт артып отырмын.

Өз жайымыздан бірер сөз: есен-сау жүріп жатырмыз, өзім Еңбекшілер ауданында аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары болып қызмет атқарып жүрмін, келініңіз облыстық балалар (ревматологический) санаториясының бас дәрігері, ана бір жылы өзіңіз көрген Казгородок деген селода тұрамыз, бала-шағамыз. Шешем Көкшетауда тұрады.

II

Аудан шаруашылығы жаман емес, егін соңғы жылдары жақсы шығып жүр, биыл да жақсы болар, бірақ күн қоңыр салқындау болып тұр.

Папамның өз кезіндегі шыққан шығармаларын қолыма түсіре алмай жүрмін, ешкімде жоқ. Бұл турасында қандай ақыл-кеңес айтасыз. Кітаптың баспаға берілген уақытта, оның қандай түрде, мазмұны жайында пікіріңізді білген жақсы болар еді. Өлеңдер мен мақалаларын жинаққа енгізген жөн бе?

Уақытыңызды алдым білем, осымен аяқтаймын. Көріскенше саусәләмәт болуларыңызға тілектеспін.

Болат Елжасұлы.
1.VIII. 1972.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Б. МАХМҰДОВҚА

Құрметті Баязит!

Сенің екі хатыңды да алдым. Кешігіп жауап беріп отырған себебім генерал В. И. Лоронның кім екенін іздестіріп байқадым. Әзірге ізі табылған жоқ. Әлі де іздеудемін. Бұл, тегі Қазақстан тарихына қажет адамның біреуі болуға мүмкін. Онымен шұғылдануың дұрыс болған.

Бізде – аманшылық. Жаздай Алматы маңындағы дачада дем алудамын. Әнеукүні аз уақытқа Торғайға барып қайттым. Ол сапар туралы «Социалистік Қазақстанда» басылған «Торғай тынысы» деген очеркті оқыған боларсың. Ертең Қарағандыда ашылатын қазақтың екінші университетіне ұшқалы отырмын. Саулығым да онша күшті емес. Біраз қартайдым да. Бірақ, мынау біздің мәдениеттік өмірде үлкен оқиға болғандықтан, баруды қажет көрдім. Амандық болса тез қайтам. 5 сентябрьде Алматы қаласында өзбек әдебиетінің онкүндігі ашылады соған үлгеруім керек.

Ғабит аман. Қатынасымыз аз. Жайдан-жай жүріп қоңырайып қалады. Неге екені белгісіз.

Ол тегі ел жаққа бармайды ғой деймін. Бірде «Неге?» деп сұрағанымда, «кімге барамын, қоқандарға ма?» деді. Ауылда көргің келетін кісі де аз екені рас. Барса, ергім келіп еді, енді амал жоқ.

Ғабең, тегі, биыл көңілсіздеу сияқты. Үнемі жоғарғы жаққа сүйенетін ол, биыл кеудесіне «жұлдыз» қадау дәмесінде еді, ол ниеті іске аспаған соң кей бастыққа өкпелеп жүр ғой деймін.

Ең жақсысы, тоқал тұсында қатты жүдеген ол, босағасын Ғазиза аттаған соң, біраз тыйшықты. Лайымда, осылай болғай!

Оны менің үнемі өрге сүйрегенім, оның мені кейде көрге сүйрегені өзіңе мәлім. Мен осы ниетімде қалашақпын. Оны өзі біледі.

Бұрқаттың елге барып Дудуға, «ас» бергені ұнамаған екен. Шайын ағайдың арты бұлай болуы аса өкінішті. Дегенмен, тағдыр солай болған соң амал қанша! Қаридың арты туралы да қатты қайғыдамын.

Сау бол. Бала-шаға, дос-жарандарға сәлем.

Туысқандық көңілден – Сәбит.
30.08-1972 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Б. МАХМҰДОВҚА

Құрметті Баязит!

Әнеугі хаттарыңа жауап:

Сен іздестірген генерал-лейтенант Де Сен Лорон табылды. Ол XIX ғасырдың алғашқы жартысында, Омбыдағы қазақ даласының басқармасында начальник болған адам екен, Шоқан Уәлихановтың қырағы көзі оны да шалмай қоймаған. Бұл жайда оның (Шоқанның) шығармалар жинағының (1964 жылы бұл Алматыда басылған) 132-нші және 559-нші беттерін қарасаң табасың. Бұлардағы мәлімет қысқа боғанмен татымды. Лорон жайында Омбы және Москва (немесе Петербург) архивтерінде материал көп болуға тиісті. Қажет көрген кісілер оларды да ақтарар. Жалпы алғанда, Лорон оншалық қоғам қайраткері емес, сол кездегі Сібір қазақтарының арасында Сперанскийдің ережелерін іске асырушы ғана болар деп шамалаймын, қажет болса, ар жағын қуыстыра жатарсыңдар. Маған қажеті аз сияқты.

Ағалық көңілден Сәбит Мұқанов.
5 сентябрь, 1972 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Е. АЙМАҒАМБЕТОВКЕ

Құрметті Есмағамбет!

Телефонмен сөйлескеннен кейін, сенің жинағың туралы «Жазушы»-мен сөйлестім. Олар жинағыңды Садықбек Адамбековке берген екен. Садықбекпен де сөйлестім, жинақ туралы жалпы пікірі жақсы екен. «Бірақ, – дейді ол, – әңгімелердің кейбіріне елеулі түзету кіргізу қажет. Оны автордың өзі жасауы жөн». Садықбектің ойынша, қашан түзеліп болғанша, жинақ редакциялық советтің талқылауына түспеу керек.

Түзетулер кіргізу үшін, Садықбек сені осы Алматыға шақыруды қажет көріпті. Қашан шақыруды өздері саған хабарлайды. Менімше келгенің, түзетулерін кіргізуің дұрыс қой деп ойлаймын.

Телефонмен сөйлескенде бір өтініш айтқан едім. Оны орындау міндетті емес. Жайыңа қарарсың.

Сәлеммен: (Сәбит Мұқанов).
04.10.1972 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – ХАФИЗАҒА

Құрметті Хафиза қарындас!

25-октябрьде жазған хатыңызды ала сала жауап қайтарып отырмын. Осындай хат Саумал-көлдегі (Володаровка) пионерлер үйінен де келді.

Саумал-көлде Шоқан Уәлиханов атына ашылған өлкетану музейі құтты болсын. Әсіресе – Шоқан туып-өскен үйде. Ол үйдің почта конторы болып тұрған кезінде көтерілген мәселе еді бұл. Аудан да, облыс та негізіне ризаласқанмен, қатынастың (связь) жаңа үйі бітуге қарататын. Енді бұл үйдің бітіп, почта соған көшіп, мына үйдің босауы, музейге айналуы тамаша болған. Бұл патша үкіметі 1834 жылдан бастап «хан» деп таныған Айғанымға салдырған да, одан кейін баласы, Көкшетау ауданының аға сұлтаны Шыңғыс, одан кейін 1922 жылға дейін, Шыңғыстың кіші ұлы – Қоқыш тұрған ғой. Шоқан ол үйге талай келіп азды-көпті тұрып жүрген. Менің үйді бірінші рет 1913 жылы, екінші рет 1921 жылы көруім «Өмір мектебінде» сипатталған. Қоқыш өлгеннен кейін, балалары Саумал-көл (орысша аты – Кривозерное) селосындағы әлдекімге сатып, ақыры почта үйі болып кеткен. Сол үйдің ақырда келіп, Шоқанның аруағына бұйыруы қуанышты іс...

Музейдің көркеюіне, мен, әрине, қолдан келген жәрдемімді көрсетем. Тапсырмаларыңызды орындауға тырысам. Алдымызда екі-үш күндік Октябрь мейрамы келіп қалғандықтан, әзірге тиісті адамдармен сөйлесіп үлгерген жоқпын.

Үлгергенім — Қазақстан Ғылым академиясының вице-президенті, сол Академияның Уәлиханов атындағы тарих институтының директоры — Ақай Нүсіпбекұлы Нүсіпбековпен телефон арқылы байланысу. Ол да қуанып, елпілдеп қалды. Айтқаны, — «Музей Академия атына хат жазып, біріншіден Шоқанның орыс тілінде жарияланып болған бес томдық шығармалар жинағын сұрату; екіншіден, институт қарамағындағы материалдардың (қолжазбалар, фотолар, тағы басқалар) фото көшірмесін сұрату. Бұндайлардан сіздің музейдің кішкене үйін лық толтыратын экспонаттар табылады және бәрі Шоқанға байланысты.

Кешке Шота (Уәлихановпен) сөйлесіп, нелерін жібере алатындығын келісем, онда да бірталай материал бар.

Мен өз қапшықтарымды да қағып, керек-ау дегендерін жіберуге тырысармын.

Көкшетау қаласында Шоқанның ескерткіші ашылған кездегі фотолар, сол қаланың, әсіресе Көкшетау газеттерінің архивында көп болу керек. Әдейі барып, соларды іздестірген жөн.

Қаражат мәселесі — Мәдениет министрлігінде болса, мейрам өте салысымен министрге жолығам.

Өзіңіздей музей қызметкері болуыңыз өте жақсы. Таткеннің аудан басшысы болып барғаны да тәуір.

Бұл музейдің ойдағыдай құрылуына күдігім жоқ.

Жұмыстарыңыз жемісті болсын!

Хафиза, хатыңызды оқып шыққанда, бір нәрсе көңіліме келді. Әшкардың қайтыс болғанын естіген шығарсыз. Ол сіздерге де, маған да жақын адам. Тәтке екеуіңіз бұл жайда бірер ауыз көңіл айтпағандарыңыз қалай?!.

Үй іші тегіс аман. Бәрі де Октябрь мейрамымен құттықтап, саулық, бақыт тілейді.

Тағы да хабарласармыз.

Сәлеммен, ағалық көңілден Сәбит Мұқанов.
Алматы,
5/XI-72 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Б. ҚҰНДАҚБАЕВҚА

Құрметті Балабек аға!
(Құндақбаев – Қарағандыда тұратын қарт коммунист, дербес пенсионер)

Хатыңызды алдым. Оқыдым да біраз толғандым.

«Бұрынғының арты едік, ендігінің қарты болдық» деп біреу айтқандай, мен де жетпістің екеуін тауысып, жақын арада үшеуіне аяқ басқалы отырмын.

Ол да жасынан көңілін қартаң ұстауға тырысқан, мен сияқты адамға аз жас емес екен. «Жасымыз өткен сайын көңіліміз жас» деп Ақмолда ақын сипаттаған «Жел көңіл» адам емес екенімді білесіз, мен «Ошақтың үш бұтынан тілеп дағды алған кісімін». «Жел қабаз» болғандар да оңып жүрген жоқ, ақырда ардан, ұяттан айрылып, жұртқа күлкі болып жүр.

«Тауфықты өстім» деген мен, табиғат адамды да өз заңына бағындырады екен. Кешегі жиырма, отыз, қырық, хатта – елудегі күш-қуат қазір жоқ. Ол кездерде мен қағаз қызметін он-он бес сағаттан атқаратын ем, сонда кей кезде шаршай қалсаң, үйқыңды мықтап бір қандырып, бабыңа келіп алсаң, тағы да құр аттай бұрынғы күйіңе түсетін ең. Тағы да болдырғанша, талай жұмыстарды атқарып тастайтын ең.

Енді ондай хал жоқ. Әбден баптанған күндеріңде ғана екі-үш сағаттай еңбек атқарып, одан кейін қарақұсың ауырта бастайды. Менің жасымдағы адамға болдыру (уставание) керек жоқ дейді дәрігерлер, оның арты зорығуға (переутомление) соғады дейді. Көшпелі ауылда туып-өскен біз жақсы білеміз: болдырған ат бір қыс тебінге жіберсең түзеліп кетеді; зорыққан ат ешуақытта түзелмейді. «Адам жылқы мінезді» деген осыдан шыққан.

Былай да жас күнімнен қоғамдық жүгім ауыр болған кісімін. Оның үстіне сіз бен мен бастан кешірген жылдардың істері тіпті ауыр болды ғой.

Мен Коммунист партиясының қатарына 1920 жылы кірдім. Шала сауатты, тәжірибесіз жап-жас мені, партия советтік, социалистік құрылыстардың ауыр істеріне жегіп жіберді, сол жүктерді сүйреуден соңғы жылдарға дейін шаршаған да жоқпын.

Шаршауым, ұйымдастыру жұмыстарынан жеңілденгеннен кейінгі жылдарда. Оның себебі, мен атқарысқан толып жатқан істердің өзегі — «тап тартысы» деген болды ғой. Сол тартыстың, мен маңдай алдында, қызу ішінде болып келген кісімін. Тартыста «бай мен кулак» дегендердің, олардың арқа тіреуі — «Алашордашылдар»-дың «тұщы етіне ащы таяқ» соғысқан шақтарымыз аз болған жоқ. Солардың бала-шағалары, аға-інілері, нағашы-жиендері... дегендей, өскен ұлт-отаны тапшылдық кегінен әлі де арылмай, реті келгенде жаныңды ауырта соғып кететін болып жүр. Осы «таяқ» соңғы кездерде маған да кейде ауыр да тиіп қалады. «Тапсыз» аталатын қазіргі қоғамда, ондай таяқтарға байбалам салуға да қиын. Сондықтан «бас сынса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деп «бәрібір, лениндік идея іске асып жатыр» деп жүре бересің. Кейде бел-омыртқаңды қайыстыратын ауыртпалықтар болады-ау!.. Амалсыз шыдайсың...

Сіз де, қадірлі Балабек аға, ауыртпалықтарды көп көтерген адамсыз. Солардың тақсіретін қазіргі күндері тартасыз ба, жоқ па, маған мәлімсіз. Мәлімі — сіз Лениндік партияға барынша берілген адамсыз. Сондықтан мен сізді шексіз жақсы көрем!..

Адамға «аға» дейтін, «қарағым» дейтін кісі бары да үлкен таяныш екен. Сондықтан, хатыңызда «қарағым Сәбит» деуіңіз, ағалық айтқаныңыз, мені біраз жасартып тастады. Оныңызға сансыз рахмет.

Қарағандыдағы университет ашылуға барғанда, хабарласуға толып жатқан күйбең қолды да, ауызды да босатпады. Ол өкпеңізді көтерем.

Хаттағы «алжыдым білем» дегеніңізге қосылмаймын. Сіз ондай халге келе қоятын адам емессіз. Қолжазбаларыңыз туралы кейбіреуді мазалауыңыз, алжудан емес, авторлық талаптан. Ол ісіңіздің әлі жүзеге аспай келе жатқаны рас. Оған менің де себім тие қоймады. Бұл менің кейбір басқарушылардың алдында беделім «төмендеуден» еді. «Күштінің көті диірмен тартты».

Бірақ сіз бұған назаланбаңыз. Еңбегі өзінен кейін жарияланғандар тарихта аз емес. Сіз қолжазбаңызды «Партия тарихы институты» немесе архив сияқты бір сенімді ұйымға тапсырыңыз, сонда ол шірімейді де, жоғалмайды да.

Өз жайларым туралы аз сөз: саулығым жаман емес. Азын-аулақ ымшық-шымшықты елеуге уақыт жоқ. Әзірге жазу-сызудан қалған жоқпын. Шамама қарай гүрсілдетіп жатам. Соңғы атқарып жүрген ісім — «Қазақ қауымы» аталатын тарихи-этнографиялық очерк. Екі

кітап болмақ. Біріншісі — алдағы 73 жылда шықпақ. Шыққан соң жіберем. Соңғысы — 75 жылға жоспарланды. Жалпы тіршілік жақсы. Халыққа, лениниэмге адал қызмет атқару жолынан тайған да жоқпын, таймақ та емеспін.

Бұл хат сіз сияқты сенетін жолдасқа, ішке жиналған кейбір шерді тарқату жабдығы.

Асыл аға!..

Берік саулық тілеп, жасай тұруыңызға әрдайым ниеттес іниңіз —

Сәбит Мұқанов.
«11» XI.1972 ж.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – С. НИЯЗБЕКОВУ

ПРЕДСЕДАТЕЛЮ ЦЕНТРАЛЬНОГО СОВЕТА ОБЩЕСТВА ОХРАНЫ ПАМЯТНИКОВ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСКОЙ ССР

Товарищу Ниязбекову Сабиру Биляловичу.

Село Казгородок Володарского района Кокчетавской области занимает выдающееся место в истории и культуры нашего народа. Здесь, у подножия горы Сырымбет полтора века тому назад родился и провел свои детские годы казахский ученый просветитель Ч.Ч.Валиханов, который своим самоотверженным трудом, великим научным подвигом вписал не одну яркую страницу в историю своего народа. Здесь были заложены первые основы дружбы и братства с лучшими сынами великого русского народа в лице писателя Ф.М.Достоевского, поэта А.Н.Майкова, ученых Н.М.Ядринцева, Г.Н.Потанина, Н.Н.Бекетова и других. Эти места были одним из центров развития русско-казахских отношений, а также родиной знаменитых композиторов, акынов, певцов и мастеров народно-прикладного искусства Ханкоджи, Абулмакыжана, Акан-серэ, Биржана и др. Не последнее место занимает и то, что бабкой Ч.Ч.Валиханова Айганым

и отцом его Чингисом Валихановым были приняты первые меры в просвещении казахской молодежи, развитии оседлости и хлебопашества, а также были осуществлены постоянные контакты с русским народом во всех сферах хозяйственной и культурной деятельности. В этих, ставших достоянием истории событиях и отношениях, как в капле воды отражены история народов, соединивших свои судьбы на вечные времена.

Нам думается, что настало время организации музея-заповедника на родине Ч.Ч.Валиханова. Имеется большая документальная основа полного восстановления усадьбы Айганым у Сырымбета, состоящей из пяти деревянных построек, некоторые из которых до настоящего времени сохранены в селах Володаровка, Казгородок и Чок-карагай. В воспоминаниях Н.М.Ядринцева, Г.Н.Потанина, А.К.Гейнса и др. даны подробные описания внутреннего убранства усадьбы, в архиве Ч.Ч.Валиханова имеются чертежи: фасады, планы и перспектива этих строений. (Ч.Ч.Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Том III, стр. 249-710. Том V, стр.35, 40, 42, 43). Большой материал имеется по организации экспозиции музея-заповедника. Прежде всего — это огромное научное наследие Ч.Ч.Валиханова, оставленное им в виде рукописей, отдельных изданий и т.д., его эпистолярное наследие, показывающее обширные связи Ч.Ч.Валиханова со многими деятелями русской науки и культуры.

В Государственном музее этнографии имеется более 350 предметов, сданных Ч.Ч.Валихановым. (Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. стр. 82). В музеях Ленинграда, Омска, Алма-Аты хранятся геологические, нумизматические, рукописные коллекции, собранные Ч.Ч.Валихановым во время его путешествий по Казахстану, Средней Азии и Кашгарии. Говоря словами великого русского ученого П.П.Семенов-Тянь-Шанского, для собирания этих материалов Валиханов не щадил ни трудов, ни пожертвований, тщательно записывал предания, легенды и поэмы своего народа, изучал среднеазиатские наречия, дорогою ценою скупал древности, с опасностью для жизни проникал в буддийские монастыри и доставал там редкие рукописи». Большие сборы сделаны отцом Ч.Ч.Валиханова по казахскому фольклору, прикладному искусству, которые были продемонстрированы на третьем международном конгрессе ориенталистов в Петербурге. Список этих предметов хранится в архиве ориенталиста П.И.Лерха.

Словом, мы считаем, несмотря на определенные материальные издержки, ради воспитания в молодом поколении чувства патриотизма и огромной любви к Родине, необходимо организовать этот музей-заповедник. В нем необходимо собрать все, что имеет отношение к биографии Ч.Ч.Валиханова: его рукописи, автографы, опубликованные труды и книги о нем. Кроме того, необходимо собрать этнографические материалы, отражающие быт, культуру и хозяйство казахов второй половины XYIII и XIX веков и русско-казахские отношения того же периода.

Мы надеемся, что общество охраны памятников культуры Казахской ССР, призванное охранять исторические памятники, сможет поддержать идею создания музея-заповедника.

Культурное наследие прошлого является для нас не только неисчерпаемым источником углубления наших знаний в области истории, но и вызывает, как говорил Л.И.Брежнев на XXIY съезде КПСС «у советских людей чувства гордости за свою Родину, за свой народ, за его великие свершения, чувства уважения к достойным страницам прошлого нашей страны».

Члены Центрального совета Общества охраны памятников истории и культуры:

Писатель, академик АН КазССР С. Муканов.
академик АН КазССР А. Маргулан.
22 ноября, 1972 г.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

* * *

М. ҒАБДУЛЛИН – С. МҰҚАНОВҚА

Қымбатты Сәке, Мәке! Сіздерді келе жатқан Жаңа Жылмен құттықтаймыз Жаңа Жыл Сіздер үшін мықты денсаулықтың, тыңдықтың, қуаныш пен шаттықтың, жемісті еңбектің жылы болуын тілейміз!

Сіздерді құрметтеуші – Нәзира, Мәлік.

27.12.1972.

Конверттің сыртындағы жазу:
«1-1-1973 жылы қайтыс болды. Өте аянышты! С.М.»

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ӘУЕЛБЕКОВКЕ

Құрметті Мәлгаждар!

Біз – Мәриям екеуміз ноябрьдің аяғында Москва жаққа жолаушылап кеткеміз, содан Алматыға декабрьдің аяғында оралсақ, сенен хат және шежірелер жатып қапты. Ол сәлемдемелеріңіз үшін сансыз рахмет.

Саған тез жауап қайтаруға, кенеттен Мәлік Ғабдуллин қайтыс болды да, соған қатты қайғырып, ауыра жаздап қалдым. Ол біздің үйде бала шағынан біздің балалармен бірге ойнап өскен, қол-баламыз сияқты еді. Майданға біздің үйден аттанып, Совет Одағының Батыры болғаннан кейін, елге амандыққа келгенде біздің үйге түскен. Содан жалғасқан достығымыз, жыл сайын беки түскен еді. Сонымен қатар, ол Ұлы Отан соғысы күндері қазақтан бірінші болып батыр атағын алған еді ғой, бүкіл Совет Одағында алғашқы батырлардың бірі де. Майданнан қайта ғылым жұмысымен шұғылданып кетті де, әдебиет тарихынан көп кітап жариялады. Ғылымның докторы, педагогика пәнінің академигі.

Сондай қымбат адам кенеттен өлуіне (жүрегінде зақым болған, оны өзі де, дәрігерлер де сезбеген) бүкіл ел болып қатты қайғырды. Әсіресе – мен. Осы қайғыдан енді ғана есімді жиып, саған хат жазуға отырдым.

Әбудің шежіресі тәуір екен. Ол байсалды білімнің иесі еді ғой. 1928 жылы ірі байлардың тобында бекерге конфескеленді. «Зады Шопан тұқымы» демесе, оның атасы – Сәлік орта дәулетті болған. Әкесі – Жүсіп кедей. Ағасы Біләл тіпті тақыр кедей. 1919-жылы Абылай хажымен үйінде бірер күн болғанымда (Абылай сол үйдің күйеуі де) бізге Біләл қонақасы тауып бере алмай, сыбағаны қасындағы Жағыпар молдадан сұрап алғанын көргенім бар.

Әбудің өзі бала шағынан талпынып, Троицк қаласындағы татардың «Медіресе-Расулия» аталатын мектебін бітіріп, орта білім алған. Революция жылдары «Алашорданың» Қызылжардағы үйездік оқу бөлімін басқарған. Совет келе, «Қызыләскер» болысының ревком председателі болып бірнеше жыл қызмет атқарды. Алғашқы әйелі – немере қарындасы да. Ол өлген соң Шоғырмақтың қызын алып

қашып, содан ел іші бүлінді де, ақыры Әбуді «ірі байлар» тізіміне қосып, жер аударумен тынды.

Менімен көңілі жақын болушы еді. Тап тартысының қызу ішінде жүрген шағымда, мен Әбуді «Күрес күндері» деген пьесеге жағымсыз кейіпкер ретінде қосып, соған өкпеледі де, маған жоламай кетті. Шымкентке бір барғанымда, сонда тұрып, көрінбей қалды. Бірақ, іштей сыйлайтын едім. Жинаған шежіресін көргенде, бірталай ойға түстім...

«Қазақ қауымы» деген кітап жазып жүргенімді бұрын хабарлағам. Ол «Қазақтың қоғамдық өмірі» және «Қазақтың жеке өмірі» аталатын екі кітап болмақ. Бірінші кітабын аяқтап, баспа орнына тапсырдым, қарап жатыр, пікірлері жаман емес сияқты. Екінші кітаптың да материалдары даяр. Бірақ оны біраз кешеулеп жазам. Тез арада аяқтауға тырысып жүрген шығармам — «Аққан жұлдыз» үшінші кітабы. Шоқан тақырыбы сонымен аяқталмақ.

Кешегі отыздың, қырықтың, кәтте елудің ішінде, мен ұзақ отырып, көп нәрсе жазатын кісі едім ғой. Ол қайрат кәзір жоқ. Бұрын бап тілемейтін Сәбит, енді бап тілейді: ұйқысы қанбай, күтімі жетпей жаза алмайды. «Тәңірі» маған бабымды табатын адал жар беріп, күтім жағым жақсы. Сонда да кәзір, күніне 2-3 сағаттан артық отырсам, қарақұсым аши бастайды. Нервам да мықты емес. Қайдан мықты болады: шала-сауатты он тоғыз жасымнан Ленин жолына түсіп, тап күресінің қайнаған қалың ішінде жүрдім. Содан қажып қалыппын. Және «тап күресі бітті» дегенмен, жойылған таптардың кегін қуатын жанашырлары біткен жоқ. Олардың кейбіреулері үлкен қызметте. Солар ретін тауып шымшылап жүреді, бірақ найза сұға алмайды. Қанша айтқанмен, совет өкіметі ғой. Бұл жағынан қажи қоятын қалпым жоқ. Ал, жас дегенге амал жоқ екен. Табиғат қой, ол!.. Өз заңын орындай береді.

Сен де жас жағынан оңып тұрмаған боларсың. (Менімен құрдассың ғой). Тартқан азабың да аз емес. Оның үстіне Бәйнидің сырхат болуы қосылған. Келінің кетіп, немереңнен айрылуың да недәуір жүк. Бірақ осыларды көтеруге тырыс.

Әшкар саған да, маған да туыс еді. Оның да қайырын тіле. Орны құр емес. Баласы — Еркін тәуір болатын сияқты. Мен де бұл қазаға біраз жүдеңкіреп қалдым.

Сен маған «хатты аз жазасың» дейсің. Көп жазатын уақыт бар ма менде? Ара-тұраға да риза бол. Сенің уақытың менен көбірек, амандығыңды білдіріп тұр.

«Алыстағы орыннан, жақындағы көңіл» деген бар. Бір-бірімізді шын көңілден ұнатысатын жандармыз. 1922 жылы сені милиция мектебіне түсірген мен болатынмын. Содан сен заң жолымен кеттің, мен — әдебиет жолымен кеттім. Сен пенсияға іліктің, менің шыққым келмейді, тамағымды әлі де жазумен асырағым келеді.

Хош, сау бол достым!

Амандықпен көрісейік.

Үй-ішіңе, ағайын-туғанға, балаларға сәлем.

Қызылжардың орыс театрынан «Сәкен» спектаклін көрдің бе? Көрсең қалай екен?

Жолдастық көңілден — Сәбит.
10 январь,1973 жыл.
Алматы.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ш. ЖАМЛИХАҒА

Құрметті Ш. Жамлиха жолдас!

Сіздің маған жолдаған хатыңыз, мен ескі жылдың аяғына дейін үйде болмағандықтан жатыңқырап қалған екен. Сондықтан жауапты кешірек қайтаруыма ренжімеуіңізді өтінем!

«Ботагөзді» туысқан моңғол халқының тіліне аударғаныңыз үшін сансыз рахмет!

Аудармаңыз өткен 1972 жылы Улан-Баторда кітап болып басылған екен. Жақын арада, редакторы Г.Ахмет жолдас бір данасын маған жеткізіп берді, жақсы қағазға әдемі болып басылған. Оған да рахмет.

1970 жылы біз — бір топ совет адамдары Баян-Өлгейде болдық қой. Көп құрмет және көп жаңалықтар көрдік. Достас елдің өркендеуіне қатты қуандық. Жолғасулардан кейін, бригадіріміз Хахалов (Бурят Жоғарғы Советінде Президиум председателі) екеумізді, жолдас Цеденбал Улан-Баторға қонаққа шақырды. Онда да көп құрмет көріп, көп қызықтармен таныстық. Онда да жолғасулар болды. Сонда менің ерекше сүйсінген бір нәрсем, Моңғол Халық Республикасының жасаң жылдарында, біздің Тұрар Рысқұлов жолдас Совет Одағынан өкіл

болып барып, бірталай игілікті жәрдем көрсеткен екен. Монғолияның I партиялық съезі шекарадағы Кяхта қаласында өтіпті. Соған Тұрар да қатынасыпты.

Моңғолдар бізге жаңалықтарының бірталайын көрсетті. Оның бәрі ғасырлар бойы мәдениеттің төменгі сатысында келген моңғол халқының, революциядан бергі аз жылда, титандық дәрежеде өсуіне кепіл.

Жалпы моңғол тарихынан менің аздаған хабарым бар, әсіресе, Шыңғыс империясынан, меніңше Шыңғыс тарихтағы ең ірі тұлғаның бірі. Бірақ, ол да тарихи жағдайлардың пендесі болып, билеген аумағын өркендеудің биігіне көтере алмаған. Ондай биікке моңғол халқы да Октябрь революциясының жетегімен көтерілді. Кәзір Моңғолия да социалистік мәдениетті елдің бірі.

Сондай елге «Ботагөзді» таныстырғандығыңыз үшін, қайталап айтқанда, сізге тағы да сансыз рахмет!

Сізге бір сұрау: «Жамлиха» сіздің атыңыз ба? Фамилияңыз ба? Хатыңыздан да, кітаптан да оны ажыратуға болмайды.

Өз жайымда бірер сөз: Менің 70 жасқа толуыма байланысты, Қазақстан өкіметі 16 томдық шығармалар жинағымды жариялауға қаулы алған. Кітап подпискамен тарайды. Монғолияда ондай подписка болды ма? Жоқ па? Болса, — сіз жазыла алдыңыз ба? Жоқ па? — маған мәлімсіз. Бұл 16 томға менің әр жанрда жазған шығармаларымның көбі кіреді. Подписканы үкіметіңіз арқылы аштыруға болады ғой деймін, өйткені сізден басқа да, Монғолиядағы қазақтардан жазылғысы келетіндер табылады ғой.

Аздап тарихшымын да ғой. Соңғы жылдарда «Қазақ қауымы» деген атпен тарихи-этнографиялық еңбек жазып жүрмін. Еңбек: «Қазақтың қоғамдық өмірі», «Қазақтың жеке өмірі» деген екі кітаптан құралады, бірінші кітап жазылып боп, баспа орнына берілді, аманшылық болса, екінші кітап та алдағы бірер жылда аяқталмақ. Құлақ түріп жүрерсіз де, жарияланған кезде қамтып қалуға тырысарсыз. Хабарлассаңыз өзім де бір данасын жіберермін.

«Аққан жұлдыз» романының (Шоқан Уәлиханов туралы) қазақша екі кітабы жарияланған, орысша аудармасы жасалуда. Соңғы үшінші кітабын жасау үстіндемін.

Сізге саулық, бақыт тілеп,
туысқандық көңілден — Сәбит Мұқанов.
15/I-1973 жыл.
Адрес: 480091, Алма-Ата,91, ул. Тулебаева, 125/129, кв.3.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – Ә. ШМАНОВҚА

Құрметті Әнуар Шманов жолдас!

Бұл хат – Игібай Әлібаев туралы.

Ол биыл, 1973 жылы июнь айында 70 жасқа толады ғой. Соны тойлап өткізу ниетінде.

Солтүстік Қазақстан Ахметжан Нұртазиннің, Сейтен Сауытбековтың, Ғалым Малдыбаевтың юбилейлерін өте жақсы өткізді ғой.

Игібайдың сол облысқа және бүкіл қазақ мәдениетіне атқарған қызметі солардың бәрінен артық. Ол Қызылжарда, Алматыда, Москвада өткізілген әдебиет және концерт кештерінің талайында, бұл жүйедегі өнерпаздармен жарысқа түсіп, сан рет жүлде алды. Оның орындауында көп әндер пластинкаға жазылды. Өзінің азаматтығы да, коммунистігі де мейлінше таза, ол шын мағынасындағы халықтық адам. Ендеше бұл юбилейді жақсылап өткізу керек.

Республикалық тиісті мекемелермен сөйлесіп көріп ем, олар «мәселені облыс көтергені жөн» деседі.

Меніңше көтеретін мәселелер төмендегідей болу керек:

1) Өнерге атағы, еңбегі сіңген қайраткер атағы берілсе,

2) Халық ақыны деген атақ берілсе,

3) Наградаға ұсынылса (мүмкіндігі болса одақтық «Знак почетаға», әйтпегенде, Қазақстан Жоғарғы Советінің грамотасына), юбилей егіс науқаны бітіп, пішен науқаны басталар екі аралықта (июнь ортасында) өтсін.

Игібай Солтүстік Қазақстанның Ленин, Сергеев, Жамбыл, Преснов аудандарына ортақ өнерпаз. Сондықтан тойдың салмағын осы үш аудан тең көтерсе, олармен күні бұрын сөйлесілсе.

Тойда бәйге, балуан, концерт, тағы басқа халық ойындары болса, олар Игібайдың туған ауылы Айтуарда өтсе, өзі қазір Сергеев ауданында тұратын көрінеді, қонақтарын үйіне шақырғысы келсе ықтияры.

Аудандардан, облыстан сыйлықтар әзірлету керек. Облыстық газеттер бет арнау керек. Радио, телевизорлар да қатынасу керек.

Мен өзім газетке үлкен мақала жазам, сіздерге де жіберем, Алматыда да бастырам.

Саулығым көтерсе (көтерер деп сенем) бәйбішеммен тойға өзім де барам.

Осы жайды тиісті адамдармен ақылдасып, нәтижесін маған хабарлай салуыңды өтінем.

Жолдастық сәлеммен, Сәбит Мұқанов.

13.01.1973 жыл.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ЖАНСАЕВАҒА

Құрметті Майра!

Запискаңызды алдым. Бірігіп еңбек атқаруға («Аққан жұлдызды» жазуға) ризаласуыңызға сансыз рахмет. Бұны да «Мәлдір махаббат» сияқты басармыз. Жұмасына 3 күннен және күніне 2-3 сағаттан. Менің машинкаммен. Соған даярланып жатырмын. Менде қағаз бар. Жақсы. Екі дана ғып басармыз. Копировкам жоқ. Сізде болмаса сатып алармыз. Болса пайдаланармыз.

Менің сәтім сәрсенбі болатын еді ғой. Алдағы сәрсенбі 17-январь екен. Сол күні машинаны жіберермін.

Сағат оннан бастармыз.

Сәлеммен – Сәбит.

13-I-1973.
Алматы.

СМҒМӘММК. Алғаш жариялануы

* * *

С. МҰҚАНОВ – М. ЖАНСАЕВАҒА

Құрметті Майра-еке!

Поштамен хат жолдаған едім, алған боларсыз. Сонда айтқандай, бүгін сәрсенбінің сәтіне бесмелда деп жұмысты (диктовканы) бастасақ.

Копировка, лента, қағаз бар. Ана жылы «Мөлдір махаббатты» менің кішкене машинкаммен жазып ек қой. Әлі де сөйтерміз. Машинканы көрерсіз. Балалар аздап ұстағанмен жөні бүтін сияқты.

Менің машинам сізді әкеліп, апарып тұрар.

Сәлеммен — Сәбит.

P.S. Біздің үйде әзірге грипп жоқ.

17-I-1973-ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — М. ЖАНСАЕВАҒА

Майра-еке!

Сізден ажырасқаннан бері, бір талай бетті қолмен жаздым. Өйту қолайлырақ сияқты.

Диктовканы көп түзететін түрім бар. Баяғы күш жоқ екен. Осылай жаза тұруды ұйғардым. Сіздің үш күнгі 18 сомыңызды жібердім. Жазуды біраз дендеген соң хабарласармын.

Кешіріңіз!

Сәлеммен — Сәбит.
29-I-1973 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ — Ш. МҰСТАФИНГЕ

Сүйікті Шәкен!

Соңғы 28 февральда жазған хатың мені біраз ойландырып, жүдетіп тастады. Әсіресе соңғы «мүмкін ендігі келгенде менсіз келерсің» деген сөзің; аса бір ауыр сырқаттанған кісі болмаса,

өмірден күдер үзбейді ғой, шырағым. Қай күні өлерін ешкім де білмейді. Қашан кеудеден жан шыққанша, - үміт дүниесі. Сондықтан қазақ «Түстік өмірің болса, кештік мал жый» деп, тіршілік қамын жасай беретін.

Сен мысалы, өткен өміріңде жаман жасаған жоқсың. «Не жейін», «не киейін» деген сұрау ешуақыт сенің басыңа кірген емес. Әлі де ондай халге жеткен жоқсың. Жұмыстарың, мұқтажың көп болғаны рас. Өйтпесе өмір бола ма? Жалпы алғанда, бір жігіт сендей-ақ тұрады. Сондықтан торыға қалатын халде емессің. Бала-шағаңның әрі жасырақ, әрі барырақ екені рас. Олар да әзірге тарыққан жоқ. Және «тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемейді» дегендей, олардың несібесі өзімен. Хамза мен Ғаббас бірдей өліп, бір семьядан жапжас саған қарап қалғанда да Мұстапаның үйі түтін түтетіп отырған. Мұраттың балалары да солай жетіліп кетеді. Өйту үшін сенің тірі бола тұруың қажет. Бұл жайда бұрынғы хаттарымда да жазғам. Менің зор тілегімнің бірі, - сенің тіршілігің. Ұсақ балалар ер жетіп, ертең солардың асырауына қызығы болмасыңды қайдан білесің? Сондықтан таусыла сөйлеудің қажеті жоқ.

Маған келгенде, менің семьяңа да, саған да қолдан келген көмекті аяған кезім жоқ. Енді қартайған, іскерлігім азайған, саулығым кеміген жайымды жазсам, оған ренжіген қалпыңды байқатыпсың. Несіне ренжисің? Бұл табиғат заңы. Дегенмен, бұрынғыдай көлкөсір қараспағанмен, «жең ұшымды беруді тоқтатпаспын» дегенді де жазғам. Сол сөзім әлі де сөз.

Туған ауылдың үйлері азайып, тұрмысы, шаруасы өркендей алмай келе жатуына екеуіміз де қынжыламыз. Ол да заңды. Бірақ, түзесіп жіберуге сен де, мен де қартайдық. Басқарушы орындардың кейбіріне айтқан боламыз. Одан іс шықпаса амал қанша! Әлі де айтып тырбанып көрерміз. Күшті бөлім жасалса — жасалар, жасалмаса, - «Түлкіойнаққа» қосыла кетерсіңдер, оны да уақытында көрерсіңдер. Оған да қайғыра қалудың қажеті жоқ.

Сен кейде, маған сол ауылға сені мен тұсап қойғандай ғып жазасың. «Сәбит ауылы» дегенге алданғаның рас та. Бірақ, оған тоқырауыңа, одан басқа себептер де аз емес қой. Енді отырғың келер-келмесін өзің шеш. Меніңше, қартайған шақтардан ажыраудың қажеті жоқ. Өлгенде де көмілетін жер керек қой.

Ермек пен Райханның Қызылжарда оқуына жағдай жасалғанда, сәті түспей қалды. Әлі де ол ниеттен қайтпаған жөн. Алдағы күзде оларды солай орналастыру керек. Болмаса, Ермекті Алматыда

оқытайық. Оған тағы қоңқылдаймын дейсің. Өзіңе тиімдісін істе. Өзің қалай ұйғарсаң мен оған көмектесуге әзірмін.

Қысқасы, сен сары уайымға түсуді қой. Қалған азғана өміріңді жігермен өткізуге тырыс.

Бізде аманшылық. Марат інің бауырынан ауырып больницада емделіп жатыр. Ол кандидаттық дипломын алған. Жұтатын дертінен арыла алмай жүр. Өліп қалама деген хаупім бар. Тентектігіне қарамай, ең жақсы көретін және еркек туған балам еді, қабырғам қайысады. Жазылса деген тілек үстінде отырған жайым бар.

Өзгелері аман өсіп жатыр. Бүгін 14 март күні тауға демалысқа кеткелі жатыр едім, кенет жүрегім қысып, дәрігер жібермей қойды. Кешікпей кетермін. Мен де ойланғыш, қайғырғыш болып кеттім. «Мың күнгі ұшпақтан бір күнгі тіршілік», енді өндірерім аз болғанмен, тірі бола тұрғым келеді. Оны тағдыр білер. Қашан көзім жұмылғанша сені жақсы көруден, хал кеткенше жәрдемдесуден тынбаспын.

Хош бол, айналайын, жүдей көрме! Әлі де қатар жасап өмір қызығын бір көруге тілектеспін.

Сәбит.
14/III – 1973 жыл.

Р. С. Мектеп жайынан кейін хабарласармыз, қазір жазар халім жоқ, толқып кеттім. С.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МҰҚАНОВ – С., М. ЖАНСАЕВТАРҒА

Құрметті Сейсеке, Майра достар!

Сіздерден ұят болды. «Ауру болып бақсыға ісің түспесін» дегендей, санаторийға келе дәрігерлер «анауың, мынауың бар екен, соларды емдейміз» деп жатқызып қойды.

Қалаға түсірмейді. Мұнда өкімет телефоны жоқ. Сондықтан жіпсіз байланып отырмын. Маған тапсырған жұмыстарың тығыз

екенін білем. Бірақ қалаға қайтпай (8-апрельде) Моторикаға сөйлесуге мүмкіндігім жоқ.

Кешірек болғанмен, сонда сөйлесем. Босатса, ар жағы да кеш болмас. Емделіп жатырмын. Тәуірленіп келем.

Сәлеммен — Сәбит.
24-III-73 ж.

СМҒМӘММК. Қолжазба қоры.

* * *

С. МУКАНОВ – И.А. УТКОВОЙ

Милая Ирина Александровна!

Ваше письмо от 21.03.1973 года получил. Большое спасибо Вам за восторженный отзыв на мою трилогию «Школа жизни».

Вы сожалеете о том, что она на русском языке появилась с некоторым опозданием. Это потому, что я пишу на казахском языке. Много времени уходят, пока переведут на русский язык, редактируют, издают и т.д. Но говорят же «Лучше поздно, чем никогда». Могу уверять Вас, что перевод абсолютно соответствует оригиналу.

О других моих произведениях на русском языке: их много, например: «Ботагоз», «Светлая любовь», «Балуан Шолак», «Сыр Дарья» и т.д. Я охотно прислал бы Вам одного из них или нескольких, но к сожалению, под рукой не оказалось лишнего экземпляра. Их не нашлось и в магазинах!

Про Чокана Валиханова: и о нем я писал много: очерки, статьи, монографии, пьес (в одном варианте под названием «Нить Ариадны» в переводе Виктора Шкловского, в другом «Чокан Валиханов» в переводе Бориса Лавренева, оба варианта изданы в журналах). И за последние десять лет я работаю над трилогией под названием «Промелькнувший метеор» о нем же. Первые две книги на казахском языке публиковались давно, над третьим работаю. На русский язык пока переведена первая книга, которая скоро увидит свет. Рядом со мной сидит ее переводчик — Алексей Иванович Брагин (он переводчик еще многих моих вещей и прочитав Ваше письмо тоже

выражает Вам большую благодарность). Мы вышлем Вам эту книгу, как только она выйдет.

Нам понравилось, что Ваша мать уроженка Алма-Аты, это значит, что и в Вашей крови есть элементы нашей природы. Потому и Вы в восторге о том произведении, которое описывает жизнь на этом куске земли.

Есбатыровы живут в Алма-Ате. Живут хорошо. Казахское имя Вашей знакомки — Галия.

Почему Вы в письме ничего не писали о Вашей личности?

Благодарный Вам Сабит Муканов.

3 апреля, 1973 года.

ЛММКСМГМ. Фонд рукописей.

С. МҰҚАНОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1900, 26 сәуір — бұрынғы Ақмола губерниясы, Перопавл уезінің Таузар болысында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Сәбит ауылында) дүниеге келген.

1906 — әкесі Мұқан қайтыс болды.

1907 — анасы Балсары қайтыс болды.

1913 — ауыл молдасынан сауатын ашады.

1918 — Омбыда Мұғалімдер даярлайтын курста оқыды.

1919 — ауыл мұғалімі.

1920-21—Петропавлда тұтынушылар одағының нұсқаушысы және пед.курс тыңдаушысы.

1921-22—Көкшетау болысы Төтенше комиссиясының мүшесі.

1922-23 — Петропавл РКП(б) губерниялық комитетінің нұсқаушысы.

1922-26 — Орынбордағы жұмысшы факультетінің студенті.

1923-25 — «Еңбекші қазақ» газетінің қызметкері.

1923-25 — Қазақстан Орталық Атқару комитетінің мүшесі.

1926 — Петропавлда «Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы.

1927 — Қазақтың пролетариат-қара шаруа жазушылары ассоциациясының (КазАПП) жауапты хатшысы және «Еңбекші қазақ» газеті партия бөлімінің меңгерушісі.

1927 — «Өлеңдер жинағы», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» және «Октябрь өткелдері» поэмаларының кітап болып жариялануы.

1927 — «Ақындар шашуы» жинағын құрастырушы.

1927—1928 — Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы.

1928 — «Жаңа әдебиет» журналын ұйымдастырушы.

1928 — «Сұлушаш» романы кітап болып шықты.

1928-29 — Ленинград университетінің студенті.

1929-30 — Петропавлда «Кеңес ауылы» газетінің жауапты редак-торы.

1930 — «Әдебиет майданы» журналының редакторы.

1930-31 — Мәскеу. Академик Марр атындағы Тіл білімі институтының аспиранты.

1931-36 — Мәскеу. Қызыл профессорлар институтында оқыды.

1931 — «Адасқандар» романы жарыққа шықты.

1932 — «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты зерттеуі жарияланды.

1934-54 — КСРО Жазушылар одағының басқарма мүшесі.

1935 — Мәскеуде «Сын бая» романы шықты.

1936 — Мәскеуде өткен онкүндіктің ресми мүшесі.

1936-37 — Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы.

1937, қазан — партия қатарынан шығарылып, қызметінен босауы.

1938-39 — ҚазПИ-де, Семей оқытушылар институтында оқытушы.

1938 —«Жұмбақ жалау» (кейін «Ботагөз») романы шықты.
1941 — «Менің мектебім» романының 1-кітабы шықты.
1942—«Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер» шықты.
1943-51 — Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы.
1947-59 — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі.
1947-54 — Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.
1948 — «Сырдария», «Ботагөз» романдарының шығуы.
1950 — «Менің мектебімнің» жариялануы.
1950 — «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды (екінші рет — 1957).
1951—1973 — еркін шығармашылықпен айналысуы.
1953 — «Өмір мектебінің» 2-кітабының шығуы.
1953-58 — Таңдамалы 6 томдығының 1, 2-томдарының жариялануы.
1953 — «Жаңа өмір» баспасынан «Ботакөздің» араб әрпімен шығуы.
1954 — Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академик).
1956 — «Шоқан Уәлиханов» пьесасы сахналанды (1956 — Алматы, 1987 — Мәскеу).
1957 — «Шоқан Уәлиханов» фильмі қойылды.
1959 — «Алыптың адымдары» кітабы шықты.
1959, 1960, 1961 — «Мөлдір махаббат» романы қайталанып шықты.
1960 — «Ленин» орденімен марапатталды (екінші рет -1970).
1960 — «Өсу жолдарымыз» жинағы жарық көрді.
1960 — Азия құрылығындағы елдерге кememен круиздік саяхат.
1961 — Канада, Италия, Батыс Европа елдеріне «Михаил Калинин» кемесімен круиздік саяхат.
1962 —АҚШ-та (Чикаго) шығатын «Кто есть кто» энциклопедиясына есімі енгізілді.
1964 — «Есею жылдары» — «Өмір мектебінің» 3-кітабы шықты.
1964 — «Жарқын жұлдыздар» монографиясы жарияланды.
1964 — «Алтын аймақ» атты әңгімелер жинағы шықты.
1966 — Қазақ КСР ҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығын алды.
1967 — «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.
1967 — Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.
1967 — «Аққан жұлдыз» романының 1-кітабы шықты.
1970 — «Аққан жұлдыз» романының 2-кітабы жарияланды.
1970 — «Петропавл қаласының құрметті азаматы» құрметті атағы берілді.
1972—1980 — Таңдамалы шығармаларының 16 томдығы шықты.
1973, 18 сәуір — Алматыдағы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ауруханасында жазушы дүниеден озды.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВА С. МУКАНОВА

1900, 26 апреля — родился в бывшей Акмолинской губерний, Таузарской волости, Петропавловского уезда (ныне Северо-Казахстанская область, Жамбылский район, аул Сабит).

1906 — умер отец Мукан.

1907 — ушла из жизни мать Балсары.

1913 — учился у аульного муллы.

1918 — учился в подготовительных курсах учителей в Омске.

1919 — сельский учитель.

1920-21— инструктор Казпотребсоюза и слушатель педагогических курсов в Петропавловске.

1921-22— член Чрезвычайной комиссии Кокчетавской волости.

1922-23 — инструктор губкома РКП(б) в Петропавловске.

1922-26 — студент рабочего факультета в Оренбурге.

1923-25 — сотрудник газеты «Еңбекші қазақ».

1923-25 — член Центрального испольнительного комитета Казахстана.

1926 — ответственный секретарь газеты «Бостандық туы» в Петропавловске.

1927— ответственный секретарь Казахской ассоциации пролетарских писателей и заведующий отделом газеты «Еңбекші қазақ» .

1927 — изданы «Өлеңдер жинағы», «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» и «Октябрь өткелдері».

1927 — составитель сборника «Ақындар шашуы».

1927—1928 — главный редактор государственного издательства «Қазақстан».

1928 — организатор журнала «Жаңа әдебиет».

1928 — вышел в свет роман «Сұлушаш».

1928-29 — студент Ленинградского университета.

1929-30 — ответственный секретарь газеты «Кеңес ауылы» в Петропавловске.

1930 — редактор журнала «Әдебиет майданы».

1930-31 — Москва. Аспирант Института языкознания им. академика Марра.

1931-36 — Москва. Учился в институте Красной профессуры.

1931 — вышел в свет роман «Адасқандар».

1932 — издано исследование «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті».

1934-54 — Член Правления Союза писателей СССР.

1935 — в Москве вышел в свет роман «Сын бая».

1936 — официальный член декады Казахстана в Москве.

1936-37 — Председатель Правления Союза писателей Казахстана.

1937, октябрь — исключен изряда партии, освобожден от работы.
1938-39 — преподаватель Казахского педагогического института, Семипалатинского педагогического института.
1938 — вышел в свет роман «Жұмбақ жалау».
1941 — вышла с свет 1-книга романа «Менің мектебім».
1942— издана книга «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеті тарихынан очерктер».
1943-51 — Председатель Правления Союза писателей Казахстана.
1947-59 — Член Центрального комитета Компартии Казахстана.
1947-54 — Депутат Верховного Совета Казахстана.
1948 — изданы романы «Сырдария» и«Ботагөз».
1950 — опубликована книга «Менің мектебім».
1950 — награжден орденом «Еңбек Қызыл Ту» (второй раз — 1957).
1951—1973 — свободная творческая деятельность.
1953 — вышла в свет 2-книга «Өмір мектебі».
1953-58 — вышли в свет 1-2 томы 6-томного собрания сочинений.
1953 — вышел роман «Ботакөз» напечатанная арабским шрифтом.
1954 — Действительный член АН КазССР (академик).
1956 — постановка пьесы «Шоқан Уәлиханов» (1956 — Алматы, 1987 — Москва).
1957 — экранизация фильма «Шоқан Уәлиханов».
1959 — вышла в свет книга «Алыптың адымдары».
1959, 1960, 1961 — переиздан роман «Мөлдір махаббат».
1960 — награжден орденом «Ленина» (второй раз -1970).
1960 — вышла в свет книга «Өсу жолдарымыз».
1960 — путешествие по Азии.
1961 — круиз на корабле «Михаил Калинин» в Канаду, Италию, по странам Западной Европы.
1962 — имя писателя включено в энциклопедию «Кто есть кто». США (Чикаго).
1964 — увидела свет «Есею жылдары» — 3-книга «Өмір мектебі».
1964 — опубликована монография «Жарқын жұлдыздар».
1964 — вышел в свет сборник рассказов «Алтын аймақ».
1966 — Лауреат премии им. Ч.Валиханова АН КазССР.
1967 — награжден орденом «Құрмет белгісі».
1967 — Лауреат Государственной премии им. Абая.
1967 — выходит в свет 1-книга «Аққан жұлдыз».
1970 — выходит в свет 2-книга «Аққан жұлдыз».
1970 — удостоен звания «Почетный гражданин г. Петропавловска».
1972—1980 — издано 16-томное собрание сочинений писателя.
1973, 18 сәуір — писатель ушел из жизни в больнице Совмина КазССР в Алматы.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ
СПИСОК СОКРАЩЕННЫХ СЛОВ

СМҒМӘММК – С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешені

ЛММКСМГМ – Литературно-мемориальный музейный комплекс С.Муканова и Г.Мусрепова.

ҚР ОММ – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты

ЦГА РК – Центральный Государственный архив Республики Казахстан

б – бет

г – город

д – дело

л – лист

қ – қор

с - страница

ф – фонд

і – іс

ЖА – жеке архив

ЛА – личный архив

«Е.Қ.» – «Еңбекші қазақ»

«Б.Т.» - «Бостандық туы»

КИХЛ – Казахское издательство художественной литературы

МАЗМҰНЫ

Ә.Қайырбеков. Хаттар. Жалдар. Тағдырлар (Алғы сөз орнына) . 5
А.Кайырбеков. Письма. Годы. Судьбы (Вместо предисловме) . . 11

1924-1938

С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 13.06.1924. 17
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 05.03.1927.. 19
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 23.10.1927. 22
С.Мұқанов – І.Жансүгіровке. 14.02.1928. 24
Ғ.Мүсірепов – С.Мұқановқа. 18.04.1928. 25
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 13.05.1928. 28
С.Мұқанов – Қаз. пролет. қара шаруа жазушылар
ұйымына. 05.04.1929 ж. 28
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 24.09.1928. 31
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 17.10.1928. 31
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 13.03.1930. 32
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа.12.04.1930. 34
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 26.05.1930. 34
Ш.Құдайбердіұлы – С.Мұқановқа. 03.02.1931. 35
С.Мұқанов – М.Әуезовке. 21.02.1933. 37
С.Мұқанов – І.Жансүгіровке. 19.04.1933. 42
С.Муканов – М.Жумабаеву. 02.11.1934 42
С.Муканов – К.В.Рындину. 20.08.1935. 44
М.Жұмабаев – С.Мұқановқа. 20.02.1937. 47
С.Муканов – Жаманкулову. 21.04.1937. 48
С.Мұқанов – Хайроллаға. 01.10.1938. 49

1939 – 1949

С.Муканов – Н.Скворцову. 14.02.1940. 50
С.Мұқанов – Қазақ жауынгерлеріне. 19.02.1940. 53
С.Муканов – Жительям г.Петропавлска. 07.03.1940. 53
С.Муканов – И.Сталину. 13.09.1940. 57
С.Муканов – А. и М.Мукановым. 14.05.1941. 59
С.Муканов – М.Ауэзову. 29.05.1941. 59
С.Муканов – А.Н. и Л.И Толстым. 11.10.1942. 69
С.Муканов – А.Толстому. 23.12.1942. 70
С.Муканов – Ү.Балқашевқа. 24.04.1943. 71
С.Мұқанов – Н.Баймұратовқа. 29.04.1943. 73

С.Мұқанов – Ғ.Мүсіреповке. 17.07.1943. 74
С.Муканов – А.Толстому. 25.02.1944. 75
С.Мұқанов – В.Борисовичке. 8.07.1944. 76
С.Мұқанов – Ү.Балқашевқа. 15.09.1944. 76
С.Муканов – П.Поспелову. 1944. 77
С.Муканов – В.П.Потемкину. март, 1944. 78
С.Муканов – Г.Боркову. 07.02.1946 91
С.Муканов – В дирекцию театра оперы и балета. 14.03.1946. . .95
С.Муканов – В Вер. Совет КазССР. 01.07.1946. 96
С.Муканов – М.Абдыкалыкову. 18.12.1946. 98
С.Мұқанов – Д.Нұрпейісоваға. 7.03.1947. 99
С.Муканов – А.А.Фадееву. 04.06.1947. 100
С.Муканов – Кирьянову. 04.06.1947. 101
С.Муканов – Ж.Шаяхметову. 23.07.1947. 103
С.Муканов – К.Симонову. 12.08.1947. 106
С.Муканов – Ж.Шаяхметову. 6.09.1947. 107
С.Муканов – Х.Айбасову. 15.09.1947. 108
С.Муканов – Ю. Домбровскому. 29.10.1947. 109
С.Муканов – Ж.Шаяхметову. 16.12.1947. 111
С.Мұқанов – М.Жансаевага. 5.05.1948. 112
С.Муканов – А.Сембаеву. 11.09.1948. 112
С.Мұқанов – К.Оразалинге. 29.09.1948. 113
С.Мұқанов – Ы.Уалихановқа. 30.10.1948. 115
С.Муканов – И.Сталину.23.12.1948. 116
С.Мұқанов – С.Бисембаевқа. 28.03.1949. 119

1950-1960

С.Муканов – С.Карповичу. 1950. 121
С.Мұқанов – І.Омаровқа. 08.02.1950. 122
Ғ.Жұмабаев – С.Мұқановқа. 21.05.1950 124
С.Муканов – А.Фадееву. 13.09.1950. 125
С.Муканов – Л.Соболеву. 8.01.1951. 126
С.Муканов – А.Первенцеву. 11.06.1951. 128
С.Мұқанов – Ә.Нұрпейісовке. 21.04.1952.. 129
С.Мұқанов – Н.Фазыловқа. 5.05.1952.. 129
С.Мұқанов – Н.Фазыловқа. 11.07.1952. 130
С.Мұқанов – Ғ.Башировқа. 16.07.1952. 131
А.Хижняк – С.Муканову. 08.12.1952. 133
Мұқанов – «Советтік Қырғызстанға» 05.06.1953. 134
С.Мұқанов – М.Жанғазиевке. 22.06.1953. 134

С.Муканов — И.Шухову. 01.07.1953. 135
С.Муканов — В Казгослитиздат. 02.07.1953. 136
С.Муканов — С.Смирнову. 03.07.1953. 137
С.Муканов — Г.Николаевичу. 03.07.1953. 138
С.Муканов — С.Смирнову. 11.07.1953. 138
С.Мұқанов — Ж.Шаяхметовке 18.07.1953. 139
С.Муканов — Б.А.Лавреневу 19.11.1953. 142
С.Муканов — М.Трофимовне 19.11.1953. 145
С.Муканов — А.Козловой. 22.11.1953. 146
С.Муканов — Б.Рюрикову. 09.12.1953. 148
С.Муканов — М. Бажану. 09.12.1953. 149
С.Муканов — Анохину. 12.12.1953. 150
С.Муканов — Б.Рюрикову. 15.12.1953. 151
С.Мұқанов — Ә.Нұршайықовқа. 16.12.1953. 152
С.Мұқанов — Ф.Кәрібжановқа. 15.06.1954. 154
С.Муканов — Ф.Хохлову. 4.02.1955. 155
С.Муканов — М.Храпченко. 4.02.1955. 156
С.Муканов — С.Потемкину. 11.03.1955. 157
С.Муканов — Д.А.Кунаеву. 18.04.1955. 158
С.Муканов — М.Храпченко. 25.04.1955. 159
С.Муканов — В Казгослитиздат. 19.05.1955. 160
С.Муканов — М.Ритман-Фетисову. 26.07.1955. 161
С.Муканов — Н.Леготину. 5.08.1955. 162
С.Мұқанов — Б.Ізтөлинге. 14.10.1955. 162
С.Муканов — Исак Джусто. 15.10.1955. 165
С.Муканов — В президиум СП СССР. 12.11.1955. 166
Қ. Мұхамедханов — С. Мұқановқа. 12.11.1955. 167
С.Муканов — А.Венцлова. 23.12.1955. 168
С.Муканов — М.Шолохову. 23.02.1956. 169
С.Мұқанов — Т.Дүйсенбаевқа. 26.02.1956. 170
С.Муканов — Ходыреву. 26.02.1956. 171
С.Мұқанов — Ғ.Малдыбаевқа. 5.04.1956. 172
С.Мұқанов — С.Қирабаевқа. 18.08.1956. 172
С.Муканов — И.Шимкусу. 24.08.1956. 174
С.Муканов — Ходыреву. 14.09.1956. 177
С.Муканов — Каримовой. 15.11.1956. 178
І.Омаров — С.Мұқановқа. 23.11.1956. 178
С.Муканов — Владимировичу. 29.11.1956. 179
С.Мұқанов — Ғ.Малдыбаевқа. 28.12.1956. 180
С.Муканов — А.Зуеву. 1956. 181
С.Мұқанов — Ғ.Қабышевке. 1956. 182

С.Муканов – Д.Ляшкевичу. 18.02.1957. 182
С.Муканов – В ЦК КП Казахстана. 19.02.1957. 183
С.Муканов – С.Потемкину. 26.02.1957. 184
С.Муканов – Перову. 15.03.1957. 185
С.Муканов – Сошниковой. 19.04.1957. 186
С.Муканов – Георгию Ивановичу. 29.04.1957. 187
С.Муканов – Н.С.Хрущеву. 24.05.1957. 188
С.Муканов – Н.Жанторину. 08.06.1957. 190
С.Мұқанов – Т.Нұртазинге. 24.07.1957. 191
С.Мұқанов – І.Омаровқа. 20.09.1957. 192
С.Мұқанов – І.Омаровқа. 20.09.1957. 192
С.Муканов – В КазПИ. 25.11.1957. 193
С.Муканов – Т.Гунивердене. 25.01.1958. 194
С.Мұқанов – Т.Кәкішевке. 16.07.1958. 196
С.Муканов – М.Бажан. 1958. 196
С.Муканов – Н.Кандалину. 19.03.1959. 197
С.Мұқанов – Жармұхамметовке. 04.04.1959. 198
С.Муканов – Н.Тихонову. 06.04.1959. 198
С.Муканов – Ю.Палецкису. 29.06.1959. 199
С.Мұқанов – Төкенге. 23.03.1960 201
С.Мұқанов – З.Шашкинге. 06.04.1960. 202
С.Муканов – Друзьям. 19.05.1960. 202
Х.Махмуд – С.Муканову. 05.07.1960. 204
С.Мұқанов – Талғатқа. 27.10.1960. 204
С.Мұқанов – А.Нұртазинге.15.12.1960. 205

1961-1973

С.Мұқанов – Ә.Нұршайықовқа. 02.01.1961. 211
С.Мұқанов – Қ.Фахритдиновқа. 12.01.1961. 211
С.Мұқанов – Т.Увашевқа. 17.01.1961. 212
С.Мұқанов – Д.Жазитоваға. 17.01.1961. 213
С.Мұқанов – Д.Жазитоваға. 05.02.1961. 213
С.Мұқанов – Жәнібекке. 11.04.1961. 214
С.Муканов – В.В.Фармеру. 10.09.1961. 215
С.Муканов – В.Семенову. 13.10.1961. 219
С.Муканов – Е.Флейсу. 1961. 219
С.Мұқанов – Д.А.Қонаевқа. 12.01.1962. 220
С.Мұқанов – А.Нұртазинге. 12.02.1962. 221
С.Муканов – А.Бекону. 1.03.1962. 222
С.Мұқанов – Х.Бекішевке. 16.03.1962. 223

С.Мұқанов – Д.Шәйіновке. 18.04.1962. 224
С.Мұқанов – Е.Шыныбаевқа. 18.04.1962. 225
С.Муканов – Л.Черепанову. 08.05.1962.. 226
С.Мұқанов – Шұғайыпқа. 09.05.1962. 227
С.Мұқанов – И.Әлібаевқа. 09.05.1962.. 228
С.Мұқанов – Ғ.Малдыбаеқа. 21.05.1962. 229
С.Мұқанов – Ғ.Малдыбаевқа. 230
С.Мұқанов – Ә.Тастеміровке. 23.05.1962.. 230
С.Муканов – Ф. Саукуп. 29.05.1962. 232
С.Мұқанов – Д.Шәйіновке. 29.05.1962. 233
С.Мұқанов – Д.Шәйіновке. 15.06.1962. 233
С.Мұқанов – Н.Тілегеновке. 15.06.1962.. 234
С.Мұқанов – Т.Әлімқұловқа. 19.06.1962. 235
С.Мұқанов – Ш.Мұстафинге. 26.06.1962. 236
С.Мұқанов – Ш.Мұстафинге. 237
С.Мұқанов – Т.Әлімқұловқа. 31.07.1962. 238
С.Муканов – В.Потапову. 21.09.1962. 239
С.Мұқанов – Алатайға. 21.09.1962. 239
С.Мұқанов – Байнұралыға. 16.10.1962.. 240
С.Муканов – К.Платоновой. 09.11.1962.. 241
С.Муканов – В.Важдееву. 1963. 241
С.Мұқанов – Қазақстан Жазушылар Одағына. 14.01.1963. 242
С.Муканов – Трущенко. 12.03.1963. 243
С.Мұқанов – Кейқуатқа. 22.03.1963. 243
Ф.Кастро – С.Мұқановқа. 05.04.1963. 244
С.Мұқанов – Т.Әлімқұловқа. 3.05.1963. 245
С.Мұқанов – Н.Фазыловқа. 28.05.1963.. 246
С.Мұқанов – С.Құдашқа. 01.06.1963. 247
С.Мұқанов – Ғ.Малдыбаевқа. 01.06.1963.. 248
С.Мұқанов – Ә.Нұршайықовқа. 07.09.1963. 249
Ж.Молдағалиев – С.Мұқановқа. 20.09.1963.. 250
С.Мұқанов – Б.Аманшинге. 23.10.1963. 251
С.Мұқанов – Исләмға. 30.11.1963.. 251
С.Мұқанов – Б.Аманшинге. 23.12.1963. 252
С.Мұқанов – Ғ.Малдыбаевқа. 29.12.1963. 253
С.Мұқанов – Ғ.Малдыбаевқа. 17.01.1964. 254
М.Сейтімов – С.Мұқановқа. 09.04.1964. 254
С.Мұқанов – С.Сейфуллин ат. мектепке. 15.04.64. 255
С.Муканов – Э.Синклеру, май, 1964.. 256
С.Мұқанов – А.Тоқмағамбетовке. 14.05.1964. 257
С.Мұқанов – Е.Никитиной. 18.09.1964. 258

С.Мұқанов — Б.Аманшинге. 22.01.1965. 258
С.Мұқанов — Ғ.Малдыбаев. 22.01.1965. 259
С.Мұқанов — С.Құдашқа. 22.01.1965. 261
С.Мұқанов — М.Шолохову. 16.03.1965. 262
С.Мұқанов — И.Әлібаевқа. 9.04.1965. 263
С.Мұқанов — С.Құдашқа. 30.04.1965. 264
С.Муканов — Г.Сбитневу. 28.06.1965. 266
С.Мұқанов — С.Құдашқа 28.06.1965. 267
С.Муканов — В.Савельеву. 02.08.1965. 267
С.Мұқанов — С.Құдашқа. 06.11.1965. 268
С.Муканов — П.Дорошко. 29.11.1965. 269
С.Муканов — М.Перхиной. 29.11.1965. 270
С.Мұқанов — И.Әлібаевқа. 29.11.1965. 270
С.Мұқанов — Қ.Қощығұловқа 10.01.1966. 271
В.Козлов — С.Муканову. 22.01.1966. 272
С.Муканов — З.Фурцевой. 26.01.1966. 273
С.Муканов — В.Козлову. 03.02.1966. 274
А.Прямков — С.Муканову. 10.02.1966. 274
С.Мұқанов — Т.Байғабыловқа. 12.03.1966. 275
С.Мұқанов — Х.Ғұламға. 15.06.1966. 275
Ж.Бектұров — С.Мұқановқа. 24.06.1966. 277
С.Муканов — З.Нуриеву. 13.07.1966. 277
С.Мұқанов — С.Құдашқа. 01.08.1966. 279
С.Муканов — Г.Серебряковой. 01.08.1966. 280
С.Муканов — Ғ.Мұсабаевқа. 1967. 281
С.Мұқанов — Хайроллаға. 03.01.1967. 282
С.Мұқанов — Ш.Мұстафинге. 17.02.1967. 283
С.Мұқанов — Н.Дәулетоваға. 23.02.1967. 284
С.Мұқанов — Е.Оспановқа. 27.03.1967. 285
С.Мұқанов — Е.Оспановқа. 27.04.1967. 285
С.Мұқанов — К.Жанғабыловқа. 27.04.1967. 286
С.Мұқанов — Ш.Мұстафинге. 03.05.1967. 287
С.Мұқанов — А.Нұртазинге. 09.05.1967. 288
С.Муканов — В.Марину. 29.07.1967. 289
С.Мұқанов — Ж.Бектұровқа 12.12.1967. 290
С.Мұқанов — Ғ.Малдыбаевқа. 12.12.1967. 290
С.Мұқанов — Ш.Мұстафинге. 20.12.1967. 291
С.Муканов — К.Бурмистровой. 08.01.1968. 294
С.Мұқанов — М.Құрманалинге. 05.02.1968. 295
С.Мұқанов — Ж.Бектұровқа. 05.02.1968. 296
С.Мұқанов — Ғ.Малдыбаевқа. 08.02.1968. 297

С.Муканов – А.Камарову. 17.02.1968. 298
С.Мұқанов – А.Нұртазинге. 19.02.1968. 299
С.Бөлтіріков – С.Мұқановқа. 03.04.1968. 300
С.Мұқанов – А.Исинге. 08.04.1968. 300
С.Мұқанов – Ә.Шмановқа. 30.04.1968. 301
С.Мұқанов – Шәкенге. 30.04.1968. 302
С.Мұқанов – Ғ.Мүсіреповке. 07.05.1968. 307
С.Мұқанов – Х.Ержановқа. 07.05.1968. 307
С.Муканов – А.Хахалову. 21.05.1968. 308
С.Мұқанов – Қ.Қожамияровқа. 21.05.1968. 309
С.Муканов – А.Пильевскому. 22.05.1968. 310
С.Муканов – К.Бурмистровой. 24.05.1968. 311
С.Мұқанов – А.Нұртазинге. 29.05.1968. 313
С.Муканов – Детям. 06.06.1968. 314
С.Мұқанов – Қ.Жұмалиевке. 07.06.1968. 315
С.Мұқанов – К.Яшинге. 10.06.1968. 316
С.Муканов – Д.А.Кунаеву. 10.06.1968. 316
С.Мұқанов – Ибрагимге. 1.07.1968. 318
С.Муканов – Ф.Моргуну. 15.08.1968. 319
С.Муканов – М.Жигжитовке. 01.09.1968. 320
С.Мұқанов – Өміржанға. 03.09.1968. 321
С.Мұқанов – А.Нұртазинге. 03.09.1968. 321
С.Мұқанов – Ә.Қоңыратбаевқа. 17.09.1968. 322
С.Мұқанов – Р.Қорабаевқа. 16.10.1968. 324
С.Мұқанов – А.Тоқмағамбетовке. 17.10.1968. 325
Р.Қорабаев – С.Мұқановқа. 29.10.1968. 326
С.Муканов – В.Архангельскому. 22.12.1968. 326
А.Тоқомбаев – С.Мұқановқа. 29.03.1969. 327
С.Мұқанов – Әуелбекке. 31.03.1969. 327
С.Мұқанов – Т.Дыбысовқа. 31.03.1969. 328
С.Мұқанов – Ғаббасқа. 31.03.1969. 329
С.Мұқанов – Ғ.Малдыбаевқа. 29.04.1969. 330
С.Муканов – В.М.Леусу. 29.04.1969. 331
С.Мұқанов – І.Омаровқа. 30.04.1969. 332
В.Белова – С.Муканову. 02.09.1969. 332
С.Мұқанов – В.Беловой. 16.09.1969. 333
О.Ющенко – С.Муканову. 30.10.1969. 333
С.Мұқанов – Ә.Нұршайықовқа. 05.11.1969. 334
С.Мұқанов – С.Бүкіровке. 21.01.1970. 335
С.Мұқанов – С.Бүкіровке. 13.02.1970. 336
С.Мұқанов – Ғ.Малдыбаевқа. 13.02.1970. 337
С.Мұқанов – Н.Фазыловқа. 23.02.1970. 338

С.Мұқанов – С.Бүкіровке. 20.03.1970. 339
С.Мұқанов – Гулямовым. 23.03.1970. 340
С.Мұқанов – А.Нұртазинге. 31.03.1970. 340
С.Мұқанов – Ә.Шмановқа. 28.04.1970. 341
С.Мұқанов – Е.Оспановқа. 06.08.1970. 342
С.Мұқанов – Қ.Сағындықовқа. 23.08.1970. 342
М.Ақынжанов – С. Мұқановқа. 24.08.1970. 343
С.Мұқанов – Б.Құндақбаевқа. 09.03.1971. 343
С.Мұқанов – Ш.Мұстафинге. 14.03.1971. 345
С.Муканов – музею им. Ф.М.Достоевского. 12.04.1971. 347
М.Жансаева – С.Мұқановқа. 12.04.1971. 348
С.Мұқанов – Қ.Муржиковқа. 31.08.1971. 349
С.Муканов – В.Кирпотину. 21.09.1971. 350
С.Мұқанов – М.Жансаеваға. 21.10.1971. 350
С.Мұқанов – М.Жансаеваға. 24.11.1971. 351
С.Мұқанов – М.Жансаеваға. 29.11.1971. 352
С.Мұқанов – Ш.Мұстафинге. 23.01.1972 352
С.Мұқанов – Ш.Мұстафинге. 13.02.1972. 353
С.Муканов – П.Рокачеву. 16.03.1972. 355
С.Муканов – А.Калачевой. 23.03.1972. 356
С.Мұқанов – Ш.Мұстафинге. 12.04.1972. 357
Б.Елжасұлы – С.Мұқановқа. 01.08.1972. 357
С.Мұқанов – Б.Махмұдовқа. 30.08.1972. 359
С.Мұқанов – Б.Махмұдовқа. 05.09.1972. 360
С.Мұқанов – Е.Айтмағамбетовке. 04.10.1972. 360
С.Мұқанов – Хафизаға. 05.11.1972. 361
С.Мұқанов – Б.Құндақбаевқа. 11.11.1972. 363
С.Муканов – С.Ниязбекову. 22.11.1972. 365
М.Ғабдуллин – С.Мұқановқа. 27.12.1972. 367
С.Мұқанов – М.Әуелбековке. 10. 01.1973. 368
С.Мұқанов – Ш.Жамлихаға. 15.01.1973. 370
С.Мұқанов – Ә.Шмановқа. 13.01.1973. 372
С.Мұқанов – М.Жансаеваға. 13.01.1973. 373
С.Мұқанов – М.Жансаеваға. 17.01.1973. 373
С.Мұқанов – М.Жансаеваға. 29.01.1973. 374
С.Мұқанов – Ш.Мұстафинге. 14.03.1973 374
С.Мұқанов – С., М. Жансаевтарға. 24.03.1973. 376
С.Муканов – И.Утковой. 03.04.1973 377
С. Мұқановтың өмірі мен шығармашылығының негізгі кезеңдері. . . . 379
Основные даты жизни и творчества С. Муканова 381
Қысқартылған сөздер тізімі 383
Список сокращенных слов 383

С.Мұқановтың әдеби-мемориалдық музей-үйіне – 40 жыл
Литературно-мемориальному дом-музею С.Муканова – 40 лет

Бұл кітап «Ақниет» корпоративтік қорының қолдауымен шығарылды
Эта книга выпускается с поддержкой корпоративного фонда «Ақниет»

МҰҚАНОВТЫҢ ХАТХАНАСЫ – ПИСЬМОТЕКА МУКАНОВА

Кітапты құрастырған, алғы сөзін жазған әрі жауапты редакторы
Әділғазы Қайырбеков

Кітапты дайындауға қатысқандар/при подготовке книги участвовали:
Назгүл Алтаева, Рашида Отарова, Гүлнәр Құдабаева
Компьютерде беттеген *Елена Огурцова*

Басуға 10.05.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік.
Көлемі 24,25 баспа табақ. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 3419.

Қазақстан Республикасы "Полиграфкомбинат" ЖШС-і.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй.